



ISSN 2518-7236 (Print)  
ISSN 2663-5100 (Online)

# **BULLETIN**

## **OF THE KARAGANDA UNIVERSITY**

**HISTORY.  
PHILOSOPHY**  
Series

**№ 2(110)/2023**

ISSN 2518-7236 (Print)

ISSN 2663-5100 (Online)

Индексі 74621

Индекс 74621

ҚАРАҒАНДЫ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ

**ВЕСТНИК**

КАРАГАНДИНСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА

**BULLETIN**

OF THE KARAGANDA  
UNIVERSITY

ТАРИХ. ФИЛОСОФИЯ сериясы

Серия ИСТОРИЯ. ФИЛОСОФИЯ

HISTORY. PHILOSOPHY Series

**№ 2(110)/2023**

Сәуір–мамыр–маусым

30 маусым 2023 ж.

Апрель–май–июнь

30 июня 2023 г.

April–May–June

June 30<sup>th</sup>, 2023

1996 жылдан бастап шығады

Издается с 1996 года

Founded in 1996

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Қарағанды, 2023

Караганда, 2023

Karaganda, 2023

*Бас редакторы*  
тарих ғыл. д-ры **З.Г. Сактаганова**

*Жауапты хатшы*  
PhD д-ры **С.Б. Стамбулов**

*Редакция алқасы*

**Пол Верт,** PhD д-ры, Невада штаты университеті, Лас-Вегас (АҚШ);  
**Томасо Тревисани,** PhD д-ры, Неаполь ориенталистика университеті (Италия);  
**Хоуман Садри,** Ақпарат пен саясатты талдау орталығының директоры, Тайтусвилл, Флорида (АҚШ);  
**С.В. Любичанковский,** тарих ғыл. д-ры, Омбы мемлекеттік педагогикалық институты (Ресей);  
**Даниэль Анорве,** Саяси және мемлекеттік зерттеулер кафедрасының профессоры, Гуанахуато университеті (Мексика);  
**Д.А. Аманжолова,** тарих ғыл. д-ры, РФА Ресей тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, Мәскеу (Ресей);  
**Н.Н. Аблажей,** тарих ғыл. д-ры, Новосибирск мемлекеттік университеті (Ресей);  
**Ж.С. Сыздыкова,** тарих ғыл. д-ры, М.В. Ломоносов атындағы ММУ ААЕИ, Мәскеу (Ресей);  
**Б.И. Карипбаев,** филос. ғыл. д-ры, акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**Э.Р. Усманова,** акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Сарыарқа археологиялық институтының ғылыми қызметкері (Қазақстан);  
**В.Г. Ломан,** тарих ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Сарыарқа археологиялық институтының директоры (Қазақстан);  
**В.В. Варфоломеев,** тарих ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**А.К. Камалов,** тарих ғыл. д-ры, «Тұран» университеті, Алматы (Қазақстан);  
**И.А. Қуқушкин,** тарих ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**А.Р. Масалимова,** филос. ғыл. д-ры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (Қазақстан);  
**А.К. Жолдубаева,** филос. ғыл. д-ры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (Қазақстан);  
**В.И. Разумов,** филос. ғыл. д-ры, Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті (Ресей);  
**Г.Т. Телебаев,** филос. ғыл. д-ры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (Қазақстан);  
**Д.К. Кусбеков,** филос. ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**Д.Г. Шорманбаева,** PhD д-ры, Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті (Қазақстан)

*Редакцияның мекенжайы:* 100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28

Тел.: (7212) 77-04-38 (ішкі 1026); факс: (7212) 35-63-98.

E-mail: [vestnikku@gmail.com](mailto:vestnikku@gmail.com). Сайт: [history-philosophy-vestnik.ksu.kz](http://history-philosophy-vestnik.ksu.kz)

*Атқарушы редактор*  
PhD д-ры **Г.Б. Саржанова**

*Редакторлары*  
Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, И.Н. Муртазина

*Компьютерде беттеген*

М.С. Бабатаева

**Қарағанды университетінің хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы.**

**ISSN 2518-7236 (Print). ISSN 2663-5100 (Online).**

Меншік иесі: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 30.09.2020 ж. № KZ70VPY00027384 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Басуға 29.06.2023 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8. Қағазы офсеттік. Көлемі 50,5 т. Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 55.

«Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасының баспаханасында басылып шықты.

100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, тел.: 8(7212) 35-63-16. E-mail: [izd\\_kargu@mail.ru](mailto:izd_kargu@mail.ru)

© Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2023

*Главный редактор*  
д-р ист. наук **З.Г. Сактаганова**

*Ответственный секретарь*  
д-р PhD **С.Б. Стамбулов**

*Редакционная коллегия*

- Пол Верт,** д-р PhD, Университет штата Невада, Лас-Вегас (США);  
**Томасо Тревисани,** д-р PhD, Неапольский университет ориенталистики (Италия);  
**Хоуман Садри,** директор, Центр анализа информации и политики, Тайтусвилл, Флорида (США);  
**С.В. Любичанковский,** д-р ист. наук, Омский государственный педагогический институт (Россия);  
**Даниэль Анорве,** профессор кафедры политических и государственных исследований, Университет Гуанахуато (Мексика);
- Д.А. Аманжолова,** д-р ист. наук в.н.с., Институт российской истории РАН, Москва (Россия);  
**Н.Н. Аблажей,** д-р ист. наук, Новосибирский государственный университет (Россия);  
**Ж.С. Сыздыкова,** д-р ист. наук, ИСАА МГУ им. М.В. Ломоносова, Москва (Россия);  
**Б.И. Карипбаев,** д-р филос. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**Э.Р. Усманова,** н. с., Сарыаркинский археологический институт; Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
- В.Г. Ломан,** канд. ист. наук, директор, Сарыаркинский археологический институт; Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);
- В.В. Варфоломеев,** канд. ист. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**А.К. Камалов,** д-р ист. наук, Университет «Туран», Алматы (Казахстан);  
**И.А. Кукушкин,** канд. ист. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**А.Р. Масалимова,** д-р филос. наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (Казахстан);
- А.К. Жолдубаева,** д-р филос. наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (Казахстан);
- В.И. Разумов,** д-р филос. наук, Омский государственный университет им. Ф.М. Достоевского (Россия);  
**Г.Т. Телебаев,** д-р филос. наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (Казахстан);  
**Д.К. Кусбеков,** канд. филос. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**Д.Г. Шорманбаева,** д-р PhD, Карагандинский технический университет им. А. Сагинова (Казахстан)

*Адрес редакции:* 100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28

Тел.: (7212) 77-04-38 (внутр. 1026); факс: (7212) 35-63-98.

E-mail: [vestnikku@gmail.com](mailto:vestnikku@gmail.com). Сайт: [history-philosophy-vestnik.ksu.kz](http://history-philosophy-vestnik.ksu.kz)

*Исполнительный редактор*  
д-р PhD **Г.Б. Саржанова**

*Редакторы*

Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, И.Н. Муртазина

*Компьютерная верстка*

М.С. Бабатаева

**Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия».**

**ISSN 2518-7236 (Print). ISSN 2663-5100 (Online).**

Собственник: НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова».

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на переучет № KZ70VPY00027384 от 30.09.2020 г.

Подписано в печать 29.06.2023 г. Формат 60×84 1/8. Бумага офсетная. Объем 50,5 п.л. Тираж 200 экз.  
Цена договорная. Заказ № 55.

Отпечатано в типографии издательства НАО «Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова».  
100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: 8(7212) 35-63-16. E-mail: [izd\\_kargu@mail.ru](mailto:izd_kargu@mail.ru)

© Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова, 2023

*Chief Editor*

Doctor of Historical sciences **Z.G. Saktaganova**

*Responsible secretary*

PhD **S.B. Stambulov**

*Editorial board*

- Paul Werth**, PhD, University of Nevada, Las Vegas (USA);  
**Tommaso Trevisani**, PhD, University of Naples "L'Orientale" (Italy);  
**Houman Sadri**, IPAC Director, Information and Policy Analysis Center, Titusville (USA);  
**S.V. Lubichankovsky**, Doctor of historical sciences, Omsk State Pedagogical University (Russia);  
**Daniel Añorve**, Professor, Department of Political and Government Studies, Universidad de Guanajuato (Mexico);  
**D.A. Amanzholova**, Doctor of historical sciences, Russian Academy of Sciences, Moscow (Russia);  
**N.N. Ablazhey**, Doctor of historical sciences, Novosibirsk State University, (Russia);  
**Zh.S. Syzdykova**, Doctor of historical sciences, Institute of Asian and African Studies, Lomonosov Moscow State University, Moscow (Russia);  
**B.I. Karipbaev**, Doctor of philosophical sciences, Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**E.R. Usmanova**, Researcher of Saryarkin Archaeological Institute, Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**V.G. Loman**, Candidate of historical sciences, Director of Saryarkin Archaeological Institute, Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**V.V. Varfolomeev**, Candidate of historical sciences, Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**A.K. Kamalov**, Doctor of historical sciences, Turan University, Almaty (Kazakhstan);  
**I.A. Kukushkin**, Candidate of historical sciences, Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**A.R. Masalimova**, Doctor of philosophical sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty (Kazakhstan);  
**A.K. Zholdubayeva**, Doctor of philosophical sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty (Kazakhstan);  
**V.I. Razumov**, Doctor of philosophical sciences, Omsk State University named after F.M. Dostoevsky (Russia);  
**G.T. Telebaev**, Doctor of philosophical sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty (Kazakhstan);  
**D.K. Kusbekov**, Candidate of philosophical sciences, Karaganda University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**D.G. Shormanbaeva**, PhD, Karaganda Technical University (Kazakhstan)

*Postal address:* 28, University Str., 100024, Karaganda, Kazakhstan

Tel.: (7212) 77-04-38 (add. 1026); fax: (7212) 35-63-98.

E-mail: vestnikku@gmail.com. Сайт: history-philosophy-vestnik.ksu.kz

*Executive Editor*

PhD **G.B. Sarzhanova**

*Editors*

Zh.T. Nurmukhanova, S.S. Balkeyeva, I.N. Murtazina

*Computer layout*

M.S. Babatayeva

**Bulletin of the Karaganda University. «History. Philosophy» series.**

**ISSN 2518-7236 (Print). ISSN 2663-5100 (Online).**

Proprietary: NLC «Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.  
Rediscount certificate No. KZ70VPY00027384 dated 30.09.2020.

Signed in print 29.06.2023. Format 60×84 1/8. Offset paper. Volume 50,5 p.sh. Circulation 200 copies.  
Price upon request. Order № 55.

Printed in the Publishing house of NLC «Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov».  
28, University Str., Karaganda, 100024, Kazakhstan. Tel. (7212) 35-63-16. E-mail: izd\_kargu@mail.ru

© Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov, 2023

# МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENT

## ТАРИХ ИСТОРИЯ HISTORY

<i>Абдрахманова К.Ж., Бодеев К.Т., Аралбай С.М., Ахатова А.А.</i> Жезқазған мыс алыбын игеру тарихындағы Ө.Ә. Бөкейхановтың қызметі.....	7
<i>Адамбек Б.К.</i> Кеңес мемлекетіндегі «Қызыл террор».....	14
<i>Adibayeva A.M., Saari D.B., Aki M.</i> Security issues in the region of Central Asia: challenges and prospects.....	21
<i>Akhmetova D.M., Adilbayeva A.S., Karimov M.K.</i> Women's work in the construction of the “Eastern Ring” road, built on the eve of the Second World War.....	29
<i>Анисимова И.Ю., Рамазанова Ф.С.</i> Образовательный и воспитательный потенциал истории повседневности как компонента исторического образования.....	38
<i>Аубакирова Қ.А., Кәрімхан З.Т.</i> Алаш идеясы және империализм.....	51
<i>Байшуақова А.Д., Сугирбаева Г.Д.</i> XVII-XIX ғасырлардағы қазақ хандарының хаттары және дипломатиялық хат алмасулардағы шағатай тілінің рөлі.....	61
<i>Бутеев Б.О.</i> Стихотворение Шакарима Кудайбердыұлы «“Қазақ” құтты болсын!»: историческая роль и значение.....	71
<i>Быков А.Ю.</i> Решение властями Российской империи «мусульманского вопроса» у казахов.....	79
<i>Елкей Н.Н., Садықов Т.С.</i> Алаш қозғалысының қайраткері Хайретдин Болғанбаев: тарихтағы жеке тұлғаның рөлі.....	111
<i>Жағыпар Ә.Б.</i> Тұлғалар тағылымы және Бүркіт Ысқақұлы.....	119
<i>Pyassova, G.S., Sadykov T.S., Zherebtsov I.L.</i> Ethno-demographic development of Northern Kazakhstan from 1999 to 2022: history, issues and prospects.....	132
<i>Капышев А.К., Тулеуова Б.Т., Нурланова С.Е., Прохоров И.Р., Свиначук А.И.</i> Этнодемографические трансформации начала 1940-х годов в Акмолинской области (по архивным документам).....	140
<i>Кунтуов Н.Ж., Абил Е.К.</i> История и перспективы реализации национальных проектов в сфере экономики.....	152
<i>Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С.</i> XX ғасырдың II жартысындағы Шығыс Қазақстан облысының этникалық құрамының динамикасы.....	168
<i>Меңдіқұлова Г.М., Тумабаев Т.С., Қобландин Қ.И.</i> «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» (2018-2020 жж.) мемлекеттік гранты бойынша жаңа табыстар.....	176
<i>Mussayeva E.A., Aubakirova Z.S., Goncharov Y.M., Kenzhegali Zh.M.</i> Historical analysis of the educational process of Kazakhstan within the European space.....	190
<i>Мухаммадеева И.А., Ельжанова Е.Т., Мухаммадеева Р.М.</i> История поселка Борового в ракурсе модели Батлера.....	198
<i>Набиев С.Т., Садықов Т.С., Хасенова Ж.О.</i> Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары: тарих және тағылым (XX ғ. 20-30 жж.).....	207
<i>Сактаганова З.Г., Абдукаримова Ж.К.</i> Трудовые воспитательные колонии как мера борьбы с детской беспризорностью и безнадзорностью в 1943–1945 гг. (на примере Шокайской трудовой воспитательной колонии).....	219
<i>Smagulov N.B., Amrina M.S., Tasagil A.</i> The personality of Tonyukuk and the geopolitical position of the Second East Turkish Khaganate.....	231
<i>Tashkaraeva A.M., Kumekov B.E., Aliakbarova A.P.</i> The spiritual heritage of the Turkic peoples according to the data of Shadzhari-tarakim.....	240
<i>Турханова А.Ж., Исаева А.У., Базарбай А.К.</i> История и политика трансформации экономических санкций в современных международных отношениях: от механизма принуждения к инструменту глобального управления (на примере санкционной политики США в отношении Китая).....	249

---

**ФИЛОСОФИЯ  
PHILOSOPHY**

<i>Abikenov Zh.O.</i> Cultural analysis of the relationship between tradition and innovation .....	255
<i>Аралбай С.М., Ази Е.А., Дағарова Ж.Ө., Абдрахманова К.Ж., Ахатова А.А.</i> Көшпенді қазақ дәстүріндегі әйел болмысы – ұлттық кодымыздың негізі ретінде .....	265
<i>Ахметов С.С., Джаамбаева Б.А.</i> Объективное знание и открытое общество К. Поппера в современном информационном поле .....	273
<i>Альжанова Г.Б., Қарипбаев Б.И., Разумов В.И., Озкан А.Р.</i> Роль и значение коммуникации в философии Чарльза Пирса .....	284
<i>Arinova O.T., Bumagina E.L.</i> From Sigmund Freud's "dissatisfaction (discontent) with culture" to a reassessment of values in the 21st century .....	293
<i>Beissenova A.A.</i> Educational values within worldview of Kazakhstani youth: socio-philosophical aspect .....	301
<i>Issabek K.Z.</i> MacIntyre's Virtue Ethics: Philosophical Interpretation .....	308
<i>Қасбаева Г.С., Бюлент Шенай, Кемербай Р.А.</i> Мәдениеттегі менеджмент және халықаралық мәдени кеңістікке интеграциялану .....	316
<i>Қарипбаев Б.И.</i> Знание, наука, университет в координатах информационной агрессии (опыт социально-философского дискурса) .....	326
<i>Қарипбаев Б.И.</i> Судьба науки и образования в эпоху глобализации (социально-философский аспект проблемы) .....	335
<i>Манасова М.М., Клишина М.В., Сейфуллина Г.Р.</i> Трансформация системы ценностных предпочтений в условиях городской среды (мегаполиса) .....	343
<i>Муқанова А.К., Қарипбаев Б.И., Толеуова М.О.</i> Религиозная идентичность в парадигме современной культуры. ....	352
<i>Раисов А.М., Жусупова Б. Ж.</i> Трансформация мышления в контексте преодоления метафизики в философии Мартина Хайдеггера .....	359
<i>Salymatova N.R., Bolyssova K.M.</i> The ideological essence of the concept of "Zar zaman" .....	367
<i>Tasbolatuly A., Hejazi S., Ismagambetova Z.N.</i> Symbolic Concepts of Culture and the Problem of Language of Cinema .....	375
<i>Шалдарбекова А.Б., Тұмаишбай Т.Е., Кемербай Р.А.</i> Мағжан Жұмабаев шығармашылығының философиялық аспектілері .....	382
<i>Хафиз F., Аубакирова С.С., Исақова З.С.</i> Ақпарат алаңындағы діни сананың ахуалы (интернет мысалында) .....	392
<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР — СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ — INFORMATION ABOUT AUTHORS</b> .....	401

К.Ж. Абдрахманова<sup>1\*</sup>, К.Т. Бодеев<sup>2</sup>, С.М. Аралбай<sup>1</sup>, А.А. Ахатова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> «Қарағанды Медицина университеті» КЕАҚ, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>2</sup> «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қарағанды, Қазақстан  
(e-mail: kamkgmu@mail.ru , bodeev-78@mail.ru , saken\_aralbai@mail.ru , aigul-479@mail.ru )

### **Жезқазған мыс алыбын игеру тарихындағы Ө.Ә. Бөкейхановтың қызметі**

Мақала белгілі тұлға, ғалым, геолог — Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановқа (1910-1957) арналған. Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов — ұлт көсемі, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, Ресей Мемлекеттік думасының депутаты, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы, журналист, төре Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның ұлы. Оның қызметі және тағдыры туралы, әсіресе туыстары репрессияға ұшырағаннан кейін мәліметтер өте аз табылған. Авторлар сирек кездесетін құжаттарды мұрағаттардан тауып, жариялауға дайындаған. Сонымен қатар ұсынылған жұмыстың басты кейіпкерін сипаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдар да талданған.

*Кілт сөздер:* Алаш, Әлихан Бөкейхан, Қазақстан, бұқаралық ақпарат құралдары, Жезқазған, Қаныш Сәтбаев, Қарсақпай, Ұлытау, геология, мыс кендері, Мәскеу, Үлкен Жезқазған, Орталық Қазақстан.

#### *Kipicne*

Зерттеліп отырған тақырып тарих ғылымындағы ақтандақ беттер тобына жатады. Тақырып мүлдем зерттелмеген десек те болады. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «халық жауы» болып, қуғын-сүргін құрбаны болғандықтан тұлғаның туғандары да солақай саясаттың құрбаны болды. Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың еңбектері тарих беттерінен сызылып, көлеңкеде еленбей қалған. Осы мақаланы жазуға арқау болған Қазақстанда сақталған жалғыз ғылыми мақаласы. Ғалымның 1934 жылы КСРО Ғылым академиясының ғылыми сессиясында жасаған «Жезқазғанның құрылымдық және кенді аудандары» атты баяндамасы 1935 жылы Мәскеуден шыққан «Большой Джезказган» атты материалдар жинағында жарық көрді. Осы құнды жәдігеріміз бүгінде Ұлытау облысы Жезді ауданындағы музейдің сирек қор фондысында сақталған. Белгілі ғалым, геолог Өкітай (Сергей) Бөкейхановтың туысы Сырым Райымжанұлы Бөкейхановтың 2004 жылы Алматыда жарық көрген «Өткен күнде белгі бар» атты естелік кітабында автор қысқаша автобиографиясын жазды. Тағы да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдарда Өкітай (Сергей) Бөкейханов туралы заманындағы ғалым-геологтардың естеліктері кездеседі. Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың өмір жолы, тағдыры, Қазақстанға сіңірген ерен еңбегі зерттеуді қажет ететін ақтандақ тақырып. Ғалымның елге сіңірген адал еңбегін, ғылыми мақалаларын зерттеу Қазақстан тарихы ғылымындағы өзекті мәселе екені сөзсіз. Мақаланың басты мақсаты — тұлғаның өмір жолын, еңбегін бүгінгі ұрпаққа таныстыру, геология ғылымындағы лайықты бағасын беру. Үлкен Жезқазған мыс алыбын зерттеу барысындағы тұлғаның еңбегімен таныстыру. Зерттеу тақырыбы ғалымның Орталық Қазақстанның кенді аудандарын барлау

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kamkgmu@mail.ru



барысында қолданған ерекше әдістерін, кәсіби біліктілігін көрсету, бүгінгі геология ғылымын зерттеушілерге насихаттау.

### *Зерттеу әдістері*

Қазақ зиялысы Ә. Бөкейхановтың ұрпағы, геолог-ғалым Ә. Бөкейхановтың өмірі мен Жезқазған мыс алқабын игерудегі қызметін зерттеу барысында историзм және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Жүйелілік әдісі, сипаттау, талдау, салыстырмалы-тарихи әдістер Ә. Бөкейхановтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерін зерттеу барысында қолданылды.

### *Мәселені талқылау*

XX ғасырдың 20-ншы жылдары Жезқазғанның мыс кенінде, Қарсақпайдың темір рудасында, Байқоңыр-Қияқты көмір кендерінде жүргізілген алғашқы тұрақты геологиялық барлау жұмыстары Ұлытау-Жезқазған аймағында ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша қазба байлықтардың өндірістік қорын жоспарлы түрде зерттеудің және ашудың бастамасы болды. Нәтижесінде республикада алып минералды-шикізат базасы құрылды, Жезқазған өңірі қысқа уақыт ішінде үлкен мыс алыбына айналды.

Қ.И. Сәтбаевтың ұйымдастырушылық қабілеті осы жерде ерекше байқалғаны рас. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың басқаруымен филиал қысқа мерзімде Қазақстандағы ғылымның нағыз орталығына айналды. Иә, ғалым осы игі істердің ұйытқысы және ұйымдастырушысы болды. Қаныш Сәтбаевпен бірге Жезқазған мыс кендерін ашуда ерен еңбек еткен ғалым, геологтардың бірі, бірегейі Өкітай (орыстардың арасында өскендіктен Сергей деп аталып кеткен) Әлиханұлы Бөкейханов болатын (1910-1957 жж.).

Жезқазған мыс кенді ауданы Орталық Қазақстан өңірінде орналасқан, сұр ізбесті құмдақ пен қызыл-сұр құмды-сазды қабаттар, әрі пермо-гас көмірлі конгломерттен тұратын аймақ екенін 1934 жылы белгілі ғалым Қ.И. Сәтбаев «Үлкен Жезқазғанды игеру үшін» деген мақаласында жазған. «Үлкен Жезқазған мыс алыбы» атты мақаласында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Бетпақдаланың шөлінде қазір де Одақта бірінші орын алып отырған Жезқазған мыс кені барын, ерте уақытта Жезқазғаннан 1 млн тонна мыс алынғанын, 1847 жылға дейін мәлім болмаған Жезқазғанды Ушаков дейтін көпес басқа капиталистерге алып-сатарлық жолмен сату үшін маңындағы қазақ елінен сатып алынғанын айта келіп, 1904 ж. Жезқазғанды ағылшын капиталистері Ушаков тұқымдарынан 260 мың сомға сатып алып, зерттеу жұмысын жүргізгенін, Жезқазған кенінен жылына 5 мың т мыс шығармақ болып құрылысы басталған Қарсақпай зауытын Қазан революциясының басталуына орай аяқтай алмай кеткенін жазған. Яғни Жезқазған алыбында 3 млн 500 мың т мыстың бар екені анықталды дей келе, бүкіл Оралдағы зерттелген мыстың шамасы 2 млн 500 мың тоннадай болса, Жезқазған алыбының қоры бүкіл Оралдан 1 млн тоннаға асқанын, алдағы уақыттағы зерттеу жұмыстары Жезқазған байлығын бұдан да өсіріп отырмақшы екенін тағы да көрсетеді. «Ұлы Жезқазғандай ірі зауыт әлемде жоқ екенін, Американың ең үлкен мыс зауыттары жылына 125 мың т мыс берсе, қазіргі салынып жатқан Балқаш мыс зауыты жылына 100 мың т мыс береді, ал Ұлы Жезқазған комбинаты Балқаштан өндіріс жағынан 2 есе артық береді» [1; 59-61].

Ғалым «Үлкен Жезқазғанның болашағы» атты мақаласында еліміздегі мыс кені шығатын аудандардың ең үлкені, ең кенге бай жері Жезқазған, мұндағы 3510 мың т мыс қорының 1330 мың тоннасы жоғары сапалы мыс екенін, мұндай сападағы мыс бүкіл Кеңестер Одағындағы мыс өндірістерінде әлі де айқындалмағаны, Жезқазғанның мыс қоры бүкіл жер жүзіндегі мыс қорының 3,2%-ы, ал Кеңес Одағындағы мыс қорының 20,5%-ы екені, мыс кенінің зерттелуі арзанға түсумен қатар, тереңдігі небары 200 м жерден табылатынын айтады. Жезқазған комбинатынан шығатын өнім Американың солтүстік штатынан шығатын өнімнің 55%-ындай болатыны және шет елдердегі мыс қорытатын зауыттардың қайсынан болса да Жезқазған мыс қорыту комбинаты асып түсетіні, Үлкен Жезқазғанда жылына 14 600 т мыс кенін шығаратын кеніш, күніне 45 мың т кен қорытатын байыту фабрикасы және 6 пеші бар, жыл сайын 1120 т мыс қорытатын металлургия зауыты салынатыны жайлы сөз қозғайды. Жезқазғанды өкіметтің бекіткен мерзімінде бітіруге бүкіл Қазақстан болып кірісу керектігін айтып, Жезқазғанның байтақ даласындағы кенді зерттеуде көп еңбек сіңірген азаматтарды көрсетеді. Өкінішке орай, Жезқазғанның кен орындарын зерттеуде үлкен еңбек сіңірген саусақпен санарлық геологтардың бірі Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың есімі жазылмайды. «Бөкейхановты Қарсақпайға баруға біржола көндірген сияқтымын...» депті Қ.И. Сәтбаев 1929 жылы 25 желтоқсанда Мәскеуден жұбайы Т.А. Кошкинаға жолдаған хатында. Бұл Сәтбаевтың Жезқазғанда кен барлауды

дербес жүргізуге қам жасап, жер-жерден инженер-техниктер, бұрғылау мамандарын іздеген қысылта-яң кез еді. Өкітай (Сергей) Бөкейханов 1930 жылдың басында Ұлытауға келіп, Қарсақпай комбинатының геология бөлімінде аудандық геолог болып жұмысқа кіріседі. «Байырғы жезқазғандықтар оны Ақтай деп атаған. Жас геолог өз міндетін тиянақты атқарған. КСРО Ғылым Академиясында Үлкен Жезқазған мәселесін жан-жақты талқылаған, 1934 жылдың қараша айындағы төтенше ғылыми сессияда мінбеге көтеріліп, баяндама жасаған» (1935 жылы Мәскеуде жарық көрген «Большой Джезказған» жинағында жарияланған) [2; 111].

«Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов бірнеше жыл Қаныш Сәтбаевпен бірге оның кешенді геологиялық-барлау тобында еңбек етіп, Үлкен Жезқазғанды ашуға белсене қатысқан. Кейіннен Оңтүстік Оралда, Хакасияда геологиялық экспедицияларды басқарған. Түсті металдарды барлау мәселелері жайында тау-кен өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкілодақтық мәжілісінде әзірлеген баяндамасы қазіргі күнге дейін өте құнды саналады. Алайда сол кездегі солақай саясаттың салдарынан «халық жауының баласы» ретінде өзіне тиесілі марапаттарды алуға құқығы болмайтын» [3; 197].

Жезқазғанның кен байлығын зерттеуде үлкен еңбек сіңірген Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов тарихтан лайықты бағасын алуға тиісті. Орталық Қазақстанның елінің кең даласындағы Жезқазған маңына Совет үкіметі тұсында геологиялық зерттеу жүргізіп, нәтижесінде жер қойнауындағы байлығының саны және неше алуандығы жағынан Советтер Одағындағы ең алдыңғы қатарлы ауданның бірі екенін дәлелдеген, мұндағы дүниежүзіндегі ең ірі мыс кенінің бірі Жезқазғанның атын шығарған ірі тұлға деп білеміз.

Ол ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы, Ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның баласы. «Ол жылдары Әлихан Бөкейхан өкімет сескенетін саяси серке болып қалыптасты. Самарада Жер банкінде жұмыс істеп жүргенде 1910 жылы Әлихан Бөкейханның отбасында мұрагер дүниеге келді. Ол бертін келе орыс тілділердің ортасында болып, тағы бір есімге ие болып, Өкітай (Сергей) атанды [4; 62].

1929 жылы Мәскеудегі Кен академиясын геолог мамандығымен бітіріп, еңбек жолын Қарсақпай, Жезқазған өңірін зерттеуден бастаған ірі ғалым. 1929 жылы «Атбасцветмет» тресінде геологиялық барлау бөлімшесі ашылып, сол жылдың соңында Жезқазғанда тұрақты барлау жұмыстары жүргізілді. Геологиялық комитет қызметкерлері мен білімдар жас инженерлердің арасында үлкен тартыс болғаны тарихтан белгілі. Олар Жезқазғанды ұсақ қана кен орны бар, онда көп қор жоқ деп тұжырымдаса, Қ.И. Сәтбаев, С.Ә. Бөкейхановтар Жезқазғанда үлкен қор жатыр деп жазды. Яғни ғылыми айтыстартың мәселесі Жезқазғанды индустрияландыру жоспарына кіргізбей, үлкен мыс комбинатының құрылысына жол бермеу болатын. Осындай кедергілерге қарамастан Жезқазған 1931 жылдың аяғында мыс қоры жағынан Одақ бойынша 1-ші орынға шықты. 1934 жылғы деректер бойынша Американың мыс провинцияларын басып озды. «Қ.И. Сәтбаевтың қарсыластары 1938 жылдың аяғына дейін құрылыс жұмыстарына кедергі жасаумен болды. 1938 жылдың 10 ақпанында жаңа Жезқазған комбинатының құрылысын бастау туралы №50 тарихи бұйрық келді» [1; 244-245].

Бұл жерде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен бірге Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың да еңбегі зор. Әкесі «халық жауы» деп репрессияға ұшырағандықтан, ол уақытта Бөкейхановтың фамилиясы жүйеден қысым көріп, ылғи да көлеңкеде атаусыз қалып отырды. Еңбегі бағаланбады, аты аталмады. Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың Қазақстанның жер асты, жер үсті пайдалы кен қазбалары, түрлі-түсті металдар туралы бірнеше ғылыми мақаласы белгілі. Мақалалары геология ғылымында үлкен қызығушылық туғызып, осы күнге дейін маңызын жойған жоқ. Өмірінің кейінгі жылдары жайында дерек өте аз, өйткені ол кездері мемлекеттік тапсырмамен жабық және құпия болып келген уран рудниктерін ашып, сол жерде басқару жұмыстарын ұйымдастырған. «Соңғы жұмысы — Хакасия автономиялық облысының Сор қаласындағы геологиялық барлау экспедициясының бас инженері қызметін атқарды. Мыс және уран кендерінің сипаты жөнінде бірнеше ғылыми еңбектер жариялаған» [1; 165].

КСРО Ғылым Академиясының Үлкен Жезқазған мәселесін жан-жақты талқылаған 1934 жылғы қараша айындағы төтенше ғылыми сессиясында Қаныш Сәтбаевпен бірге мінбеге көтеріліп «Жезқазғанның кен аймағы және структурасы» деген тақырыпта баяндама жасау құрметіне Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов та ие болды.

Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа 25 км қашықтықта орналасқан Жезқазған мыс кен орындары туралы Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың ең көлемді зерттеу жұмысы «Жезқазғанның құрылымдық және кенді аудандары» деп аталады. Мақалада Орталық Қазақстанның Жезқаз-

ған-Ұлытау аудандарының табиғи ресурстарын игеру және жан-жақты зерттеу мәселелеріне арналған материалдар жинақталған.

Кен орнында энеолит заманында (б.з.б. 6000-5000) сақтар кен өндіріп, мыс пен қоланы балқытқан. «1927 жылы геолог Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған ауданындағы мыс кендері» мақаласында «Жезқазған кендерін орыстардың бірінші рет ашық түрде 1837-38 жылдардағы Кенесары жорығының кезінде көруі ықтимал» екендігін тарихи жағынан да анықтай түскен», – деп жазады [1; 244].

Қазіргі заманғы алғашқы мыс кәсіпшілігін 1847 жылы Н.А. Ушаков ашқан. 1904 ж. кен орны ағылшындардың «Атбасар мыс кентасы» қоғамына концессияға берілді.

Сонымен қатар жас ғалым Сәтбаев мақаласындағы ағылшын кен барлаушысы С.Х. Боллдың өз қолымен жазып кеткен кітапшасындағы деректерді келтіре отырып «ағылшындар 1915 жылға дейін Жезқазғанда 234 ұңғыма жүргізген, 19 жерден шахта қазған бұрғы мен шахталар арқылы Жезқазған кен орындарының жалпы шамасы мен жобалы реттері қазірде аз да болсын ашылып, анықталып отыр», – деп жазды [1; 244].

Жете барлау жұмыстары 1926 жылдан басталған. Ең алғашқы отандық мыс 1928 жылы Қарсақпай комбинатында балқытылды. Сол кездегі мықты геологтар Қ.И. Сәтбаев, С.Ә. Бөкейхановтардың 1929 жылы қолға алуымен басталған геологиялық барлау жұмыстарын 1931 жылдан Жезқазған экспедициясы үздіксіз жүргізіп келеді. «Жезқазған мыс кендерінің геологиялық құрылысы тас көмір, пермь және кайнозой шөгінділерінен құралған. Тас көмір жүйесінің орта және жоғары бөлімдерін камтитын кен қабаттары Тасқұдық, Жезқазған свиталарына жіктеледі. Қалыңдығы 250-300 м. Тасқұдық свитасы 3 кенді горизонт құрайтын қызыл және сұр түсті 16 қабаттан тұрады. Қалыңдығы 350-400 м. Жезқазған свитасы 7 кенді горизонт түзетін қызыл және сұр түсті 36 қабаттан тұрады. Бұл қабаттар литологиялық құрамы бойынша қызыл және сұр түсі аргиллит, алевролит құмтастан және аз мөлшерде жұмыртас, жентектас, әктас қабаттарынан тұрады. Кен сұр түсті құмтас қабаттарында шоғырланған. Тектоникалық құрылымына шығыс жағын шектейтін меридиан бағыттағы Шыңғыс-Ұлытау оңтүстігінен Теректі терең жарылымдары кіреді. Жезқазған синклиналі аумағында орналасқан кенді алаң Спасск мұльдасы, Ақши күнбесі, Златоуст мұльдасы, Кресто күмбесі, Анненск мұльдасы және Анненск күмбесі атты бірінен бірі флексуралармен бөлінген құрылымдардан тұрады» [5; 260].

С.Ә. Бөкейхановтың ғылыми еңбегі «Жезқазғанның құрылымдық және кенді аудандары» деп аталады. Онда Жезқазғандағы барлау тарихы баяндалған, оның зор мүмкіндігі атап өтілген, сол істі жүзеге асыратын мәселелерді көрсеткен. Геологиялық-тектоникалық ерекшелігіне негіздей отырып Жезқазғанның барлық мыс-кенді ауданын құрылымды ауданға бөліп зерттейді. Олар:

1. Орталық кенді аудан.
2. Спасск опырмалы ойысының батыс қанаты (Петропавл опырығының аймағы).
3. Спасск опырмалы ойысының шығыс қанаты (Спасск тектоникалық опырылу аймағы).
4. Кеңгір антиклиналының Оңтүстік және Оңтүстік-батыс қанаты.
5. Кеңгір антиклиналының Солтүстік-батыс қанаты.

Жезқазғанның барлық 13 кенді аудандары осы жоғарыда аталған 5 құрылымдық аудандарына кіреді», - деп жазады [5; 259].

Осылардың ішіндегі ең ірісі аумағы және қоры бойынша Орталық кенді аудан. Орталық кенді ауданға батыстан Петропавл опырығы қосылады. Бұл ауданның өндірістік-барлау қорлары 1544,4 мың тонна мысты құрайды. Категория бойынша барлық Жезқазғанның жалпы қорының 89% құрайды екен. Жезқазғандағы кен минералды кварц дала шпаты мол сұр құмтастың тоғыз қабатқа дейін қатталып теңбілденген шұбар түрде кездесіп, жарықшақтарды толтырған құмтастардың құрамында кейде жер қыртысының тереңдегі қалпында ұшырасатыны жайында айта келіп, соған орай, мынандай тұжырым жасайды: «Кенді құмтастар Жезқазғанда берік және тұтқыр түрде кездеседі, жерастының қазындылары ешқашанда опырылмайды, яғни ұңғуды тіреусіз жүргізуге болады, тіреу ағаштары мүлдем қажет емес, кеніш ішінде су болмаса, секундына литрдің небары оннан бір бөлшегін құрайды; кен қабаттарының қалыңдығы 20-30 м біртекті кендер қалпында кездеседі, демек кенді шығарғанда өндірудің тиімді әдісін пайдалануға мүмкіндік береді, кеніштің кейбір кен шоғырдары бірінің үстіне бірі дестеленіп жатады, бұл жағдайда кейде қабаттасқан, бір ғана шахта оқпанынан қазуға мүмкіндік береді; Жезқазғанда ашық карьерлік жұмыстарды кенінен жүргізуге мүмкіндік бар. Осының барлығы Жезқазған мыс кендерінің ерекшелігін (әлем бойынша 3 орын) және кендерді шығару мен өндіру технологиясы өте тиімді екенін аңғартады», – дейді ғалым [5; 260].

«Орталық кенді ауданға келесі аудандарды кіргізеді: 1) Кресто. 2) Покровский. 3) Петро. 4) Златоуст. 5) Беловский. 6) Тасқұдық. Осылардың ішіндегі ең ірілері Кресто және Златоуст», - деп көрсетеді. Оның ішінде Кресто кен аудан 45%, Златоуст кенді ауданы 25%, яғни барлық Жезқазғанның қорларын құрайды екен [5; 260-265].

Жалпы Жезқазған мыс кендері алты геологиялық-өндірістік аудандарға бөлінген: Ақши-Спасск, Оңтүстік-Батыс Покро, Солтүстік Покро, Златоуст, Кресто және Анненск. Бұл аудандардағы кеннің минералдық құрамы мынадай: борний, халькозин, халькопирит, галенит, бегехтинит, сфалерит, пирит, арсенопирит, альгондит, домейкит. Тереңдігі 10-60 м тотығу белдемінде азурит, малахит, хризолла, куприт, элит және таза мыс түзіледі. Бұл туралы Ө. Бөкейханов мақаласында атап көрсетеді.

Сонымен қатар Кресто ауданын жан-жақты зерттеген. Ауданның ерекшелігін атап көрсетеді. Жезқазғанның барлық кенді аудандарының ішінде «Кресто көбінесе бөлшектенген, төбешікті рельефтерге ие. Құрылымдық және территориялық белгілеріне байланысты Кресто ауданының кенді аумағы 3 участкаға бөлінеді» [1; 244].

Покров ауданы Жезқазғанның басқа кенді аудандарына қарағанда орталыққа қарай оңтүстік бөлігінде Тасқұдық-Покров брахианти клиналында орналасқан. Ауданның рельефі төбешікті. Жекелеген төбелердің салыстырмалы биіктігі 10-15 метрден аспайды [5; 260-290].

Петро ауданы Покров ауданынан батысқа қарай құлайды. Ауданның рельефі төбешікті. Ауданның шығысында Петров төбешігінде орналасқан. Құрылымдық ерекшелігіне байланысты Петро ауданы 2 участкаға бөлінеді: шығыс участок — Петро төбешігі және батыс участок — Петро опырығы. Ғалым ауданның минералды құрамына дейін зерттеп, тиянақты есептеп, дәлелдеген.

Тасқұдық ауданы Покров ауданынан солтүстікке қарай 6 км жерде орналасқан. Рельефіне байланысты кенді аумағы жазықта деп көрсетілген.

«Златоуст ауданы Покров ауданынан 4 км солтүстікке қарай жатыр. Бұл жерде қазір кен өндіріліп жатыр», – деп жазған. Рельефі жағынан төбешікті, биіктігі салыстырмалы түрде метрден аспайды.

Ғалым осы аудандардың әрқайсысын тиянақты зерттеп, құрамын, ерекшелігін, құрылымын қағаз бетіне тәптіштеп түсірген. Жезқазған өңірінің жер қойнауында халық шаруашылығы үшін аса зор маңызды түсті металдар, қара металдар, сирек кездесетін бағалы металдар, жанатын заттар, химия өнеркәсібі үшін минералдық шикізат, кен-руда шикізаты, құрылыс материалдарын тегіс көрсетіп жазады. Жезқазған өңірі мысқа бай. Оның рудасындағы қорғасынның да мөлшерін көрсетеді. Жезқазған рудасының ерекшелігі қатпарланған түрде кездесетінін атап айтқан. Кен орындарының геологиялық құрылымына сипаттама жүргізіп, шикізаттық сапасы мен санын бағалау, оларды зерттеу мен барлау жұмыстарының болашағы мен комплексті бағдарламасында жазған [1; 245].

«Ғалымның тағы бір ерекшелігі зерттеудің әртүрлі ғылыми әдістерін меңгере отырып, Қазақстанның геологиялық зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейге көтере білгендігі» [5, 260-290].

Заманында Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов Одаққа танымал ғалым, бірегей геолог-барлаушы, тұлға ретінде өз ортасында ерекшеленеді. Бұған дәлел оған берілген жоғарғы баға. Қалыптасып тұрған саяси жүйеге қарамастан ғалымдардың Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханды жоғары бағалап, мойындауы. Ол туралы белгілі ғалым, немере інісі болып келетін Сырым Бөкейханов «Мен талай жыл жұмыс істеген политехникалық институттың геологиялық барлау факультетінде Евгений Дмитриевич Шлыгин деген ғалым жұмыс істеді. Ол Қазақстанның аймақтық геологиялық құрылымының теориясы мен моделін алғаш жасағандардың бірі. Геолог, геология ғылымдарының докторы, профессор. Бір жолы мен сөз сөйлеген жиналыстың соңында, аса қадірлі академик маған келіп: «Сіз Өкітай (Сергей) Әлиханұлымен жақындағыңыз бар ма?», – деп сұрады. Мен біздің жақындығымызды әңгімелеп бердім. Е.Д. Шлыгин осыны естігенде жанып кетті, өзінің 1940-50 жылдары Қарсақпай-Жезқазған мысты өңіріндегі экспедицияның құрамына қалай қосылғанын, онда Өкітай (Сергей) Әлиханұлымен танысқанын ерекше әңгімелеп берді. Өкітай (Сергей) Әлиханұлының кемел білімін, кәсіби деңгейінің жоғарылығын, еңбекқорлығын, адами парасаттылығын баса айтты» [6; 125-126].

Академик Е.Д. Шлыгин Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың ғылыми және өндірістік еңбегінің жемісті болғандығын Мәскеуде КСРО Ғылым Академиясының кезекті сессиясында, «Жезқазғанның құрылымдық және кенді аудандары» атты баяндамасы дәлелдеп отыр, ғалымның жасаған баяндамасы осы күнге дейін құндылығын жоғалтпаған ғылыми еңбек екенін айтады. Бүгінде техникалық өндіріс саласындағы ғалымдар баяндаманың құндылығын әлі де атап көрсетеді. Зерттеу жұмысының ерекшелігін, бірегейлігін мойындайды.

Белгілі геолог Василий Иванович Штифанов — Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген геологы, Социалистік Еңбек Ері, Жезқазған кен барлау кеңсесінде геолог (1938-1941 жж.), Қ. Сәтбаев Алматы қала-

сына қызметке ауысқан соң В.И. Штифанов Жезқазған геологиялық барлау кеңсесінің (1941-1957 жж.) және Жезқазған геологиялық барлау экспедициясының (1957-1985 жж.) бастығы болып еңбек еткен [1; 567].

Жезқазған-Ұлытау өңірі жер қойнауын жан-жақты зерттеу жұмысына, осы өңірдегі кен орындарын барлауға көп еңбек сіңірген ғалым И.В. Штифанов Өкітай (Сергей) Әлиханұлының кәсіби біліктілігін өте жоғары бағалаған. «Мен Өкітай (Сергей) Бөкейхановты 1944 жылы Мәскеуде КСРО Түсті металлургия министрлігі өткізген бір беделді кеңесте көріп, баяндамасын тыңдадым. Өкітай (Сергей) Әлиханұлы осында мазмұны терең ойлы, зерттеу жұмысын ұсынып, баяндама жасады. Ол кезде Өкітай (Сергей) Бөкейханов Оңтүстік Оралдағы геологиялық экспедицияны басқаратын [1; 567].

Григорий Никифорович Щерба — ғалым, геолог, профессор. КСР ҒА-ның академигі (1972 ж.) 1937-1948 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның Геологиялық ғылымдар институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Академик Қ.И. Сәтбаевпен 1948 жылы әріптес болып, Орталық Қазақстанның металлогендік болжау карталарын құруға қатысқан. Өкітай (Сергей) Бөкейхановтың кәсіби деңгейін жоғары бағалаған ғалымдардың бірі.

Қ.И. Сәтбаевта Өкітай (Сергей) Әлиханұлының еңбегін, біліктілігін, кемел білімін бағаламауы мүмкін емес. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1929 жылы Үлкен Жезқазған мәселесін жан жақты зерттеу үшін Одақтағы білікті ғалым геологтарды шақырғанда Өкітай (Сергей) Әлиханұлын да назардан тыс қалдырған жоқ. Себебі Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың кәсіби біліктілігін жете бағалады.

Жезқазған мыс кен орнының геологиялық құрылысын, таскөмір жүйесінің орта және жоғары бөлімдерін қамтитын кен қабаттары Тасқұдық, Жезқазған свиталарын алғаш жіктеген ғалымдардың бірі Өкітай (Сергей) Бөкейханов. Қалыңдығы 250-300 м Тасқұдық свитасының 7 кенді горизонт түзетін қызыл және сұр түсті 36 қабаттан тұратындығын, олардың литологиялық құрамын да тектоникалық құрылымын да алғаш зерттеген Өкітай (Сергей) Бөкейханов екені ғылыми ортада белгілі болған. Жезқазған мыс кені алты геологиялық өндірістік учаскіге бөлінгенін, атап айтсақ олар: Ақши-Спасск, Оңтүстік-Батыс Покро, Солтүстік Покро, Златоуст, Кресто және Анненск учаскілерін ғылыми зерттеп, зерделеген де Өкітай (Сергей) Бөкейханов еді.

### *Қорытынды*

Мақалада қарастырылған барлық мақсаттарға сәйкес зерттеу жұмысы аз да болса, ғалымның Орталық Қазақстанның кенді аудандарындағы барлау жұмыстарын, қолдану әдістерін, есептеулерін жарыққа шығару еді. Ғалымның шығу тегі, өскен ортасы, тұлға ретінде қалыптасу тарихымен таныстыру да болды. Аталған тақырып терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақ халқының біртуар перзенті, бірегей тұлғасы, көрнекті ғалым Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов тарихтан лайықты бағасын алу керек. КСРО геология ғылымының дамуына қосқан ерен еңбегі бағалану үшін еңбектері архивтен көтеріліп, зерттеуді қажет етеді. Есіл ер, асылдың сынығы, солақай саясаттың құрбаны болды. Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың есімі Жезқазған мыс кен орындарын зерттеуде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен қатар тұратын уақыт жетті. Тектілік тек жатпайды. Тарихта көлеңкеде қалған тақырыпты, мүмкіндігінше ашуға талпыныс болды. Дегенмен де дереккөздері өте аз. Уақыт өте келе оң нәтиже болатыны сөзсіз, себебі бұл адами парызымыз.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия / Бас редактор Б.Ө. Жақып. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. — 664 б.
- 2 Сәрсекке М. Қазақтың Қанышы. Роман-эссе / М. Сәрсекке. — Алматы, 1999. — 592 б.
- 3 Әлихан Бөкейхан. Энциклопедия / Бас редактор Ж. Тойбаева. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. — 784 б.
- 4 Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық / Құраст. К.А. Ақышев, Т.М. Әлжанов. — Шымкент: «Оңтүстік полиграфия» баспа үйі, 2007. — 1-т.: Қазақстан — менің Отаным. — 384 б.
- 5 Букейханов С.А. Структурные и рудные районы Джезказгана / С.А. Букейханов // В сб.: Большой Джезказган. Сборник материалов по проблеме комплексного изучения и освоения природных ресурсов Джезказгано-Улутавского района Центрального Казахстана / Казахстанская база. Труды вып. 7. — Л.-М.: Издательство Академии наук СССР, 1935. — С. 259-297.
- 6 Бөкейханов С.Р. Өткен күнде белгі бар / С.Р. Бөкейханов. — Алматы: «Wink» баспасы. — 2004. — 184 б.

К.Ж. Абдрахманова, К.Т. Бодеев, С.М. Аралбай, А.А. Ахатова

### Деятельность О.А. Букейханова в истории освоения Жезказганского медного гиганта

Статья посвящена известному ученому, геологу Окитай (Сергею) Алиханулы Букейханову (1910–1957). Окитай Букейханов — общественный и государственный деятель, ученый, депутат Государственной думы России, лидер казахской интеллигенции начала XX века, журналист, сын Алихана Нурмухамедулы Букейхана (из жуза Торе). Подробные сведения о его судьбе отсутствуют, связано это, в первую очередь, с репрессиями в отношении его прямых родственников. Авторами настоящей статьи в архивах были обнаружены редкие документы о жизни и деятельности О. Букейханова, и на их основе подготовлена данная публикация. Кроме того, авторами проанализированы материалы из средств массовой информации, с целью охарактеризовать главного персонажа предложенной работы.

*Ключевые слова:* Алаш, Алихан Букейхан, Казахстан, СМИ, Жезказган, Каныш Сатбаев, Карсакабай, Улытау, геология, медные рудники, Москва, Большой Жезказган, Центральный Казахстан.

K.Zh. Abdrakhmanova, K.T. Bodeyev, S.M. Aralbay, A.A. Akhatova

### The activity of O.A. Bukeikhanov in the history of the development of the Zhezkazgan Copper Smelter

This article is devoted to the famous scientist, geologist Okitay (Sergey) Alikhanuly Bukeikhanov (1910–1957). Okitay (Sergey) Alikhanuly Bukeikhanov was a national leader, well-known public and statesman, scientist, deputy of the State Duma of Russia, leader of the Kazakh intelligentsia of the early twentieth century, journalist, Alikhan Nurmukhameduly Bukeikhanov's son (the zhuz – Tore). There is a very little information about Okitay (Sergey) Alikhanuly Bukeikhanov's fate, especially after his relatives were repressed. The authors found rare documents in the archives and prepared them for publication. The authors of the article also analyzed media materials in order to characterize the biography of their personage.

*Keywords:* “Alash”, Alikhan Bukeikhan, Kazakhstan, mass media, Zhezkazgan, Kanysh Satbaev, Karsakbay, Ulytau, geology, copper mines, Moscow, Big Zhezkazgan, Central Kazakhstan.

#### References

- 1 Zhakyp, B.O. (Ed.). (2011). Qanysh Satbaev. Entsiklopediia [Kanysh Satbayev. Encyclopedia]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 2 Sarseke, M. (1999). Qazaqtyn Qanyshy. Roman-esse [Khanysh of Kazakh. Novel-essay]. Almaty [in Kazakh].
- 3 Toibayeva, Zh. (2018). Alikhan Bokeikhan. Entsiklopediia [Alikhan Bukeikhan. Encyclopedia]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 4 Satpayev, K. (2007). Tandamaly. 1 tomdyq. 1-tom: Qazaqstan — menin Otanym [Favourites. In one volume. Volume 1. Kazakhstan is my Homeland]. Akyshev, K.A., & Alzhanov, T.M. (Ed.). Shymkent: “Ontustik” poligrafiia baspa uii [in Kazakh].
- 5 Bukeikhanov, S.A. (1935). Strukturnye i rudnye raiony Dzhezkazgana [Structural and ore districts of Dzhezkazgan]. *Bolshoi Dzhezkazgan. Sbornik materialov po probleme kompleksnogo izuceniia i osvoeniia prirodnnykh resursov Dzhezkazgano-Ulytavskogo raiona Tsentralnogo Kazakhstana / Kazakhstanskaia baza - Big Dzhezkazgan. Collection of materials on the problem of complex study and development of natural resources of Dzhezkazgan-Ulutavsky district of Central Kazakhstan / Kazakstan base*. Leningrad-Moscow: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 259-297 [in Russian].
- 6 Bokeikhanov S.R. (2004). Otken kunde belgi bar [There is a sign on the last day]. Almaty [in Kazakh].

Б.К. Адамбек\*

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: adambekb@bk.ru)

## Кеңес мемлекетіндегі «Қызыл террор»

Ұсынылып отырған мақалада Кеңес мемлекетінің әр кезеңінде жүргізілген «қызыл террор» саясаты көптеген деректерге сүйеніп кең түрде көрсетілген. Автор Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, елдегі репрессиялық және террорлық саясаттың басталу себептерін, олардың идеологиялық негіздерін және большевиктердің осы саясаттарын мемлекеттік деңгейде жүргізгенін тарихи құжаттар және әртүрлі ресми шешімдер арқылы дәлелдеген. Сонымен бірге, Кеңес мемлекетінің үкіметі ауқымды террорлық саясатты ішкі және сыртқы оппозицияға қарсы жүргізгеннің нәтижесінде миллиондаған адамның құғынға ұшырағанын, жүздеген концлагерьлерге қамалғанын және жазалау арқылы қаза тапқаны қаралып отырған мақалада жан-жақты көрсетілген. Шын мәнінде, өз халқына қарсы террорлық саясатты жүргізу үшін, партия және Кеңес басшылығы мемлекеттік органдарды, әртүрлі жазалау күштерін кең түрде пайдаланғаны, ал олардың жұмыстарын бағынышты ақпарат жүйелері бұл шаралар КСРО-ның жауларына қарсы жүргізілген әділ күрес деп ақтап отырғаны баяндалған. Осыған байланысты, Кеңес мемлекетінде жүргізілген «қызыл террор» саясаты ХХ ғасырдағы ерекше трагедиялық тарихи кезең ретінде дәлелденген.

*Кілт сөздер:* революция, Кеңес, таптық күрес, партия, оппозиция, репрессия, лагерь, террор, саясат, эмиграция.

### *Кіріспе*

Тарихта болған революциялардың көпшілігі революциялық террор арқылы іске асқаны бәрімізге белгілі жағдай. Барлық революцияларда жеңіске жеткен революционерлер террорды мемлекеттік саясатқа айналдырады. 1917 жылы Қазан төңкерісі арқылы билікке келген большевиктер де осы саясатты көлемді түрде жүргізді және сол кезден бастап кеңес қоғамында Ресейде ХІХ ғасырдың 70-нші жылдары басталған террорды ақтап, оған қатысқан революционерлерді ерекше ерлік көрсеткен адамдар ретінде көрсетіліп келді. Ал, қазіргі тарихи кезеңде большевиктердің 1917-1953 жылдары өз халқының миллиондаған өкілдеріне жүргізген зұлым саясаты Кеңес мемлекетінде жүргізілген «Қызыл террор» ретінде қаралып отырғаны заңды құбылыс деп есептеуге болады.

Кеңес мемлекетіндегі «қызыл террор» әлі күнге дейін терең зерттелмеген тақырыптардың бірі, өйткені Кеңес Одағы кезінде сол кездегі билеуші Коммунистік партия большевиктердің террорлық саясатын дәл осындай бағытта жазуға тыйым салды, ал енді ол туралы тарихшылар жазатын болса, оны тек таптық күрес немесе қызылдардың өз жауларына қарсы жүргізген әділ күресі ретінде ғана көрсету керек болды. Тек КСРО-да қайта құру кезеңі басталғанда ғана «қызыл террор» біртіндеп зерттеле бастады.

Жоғарыда аталған себептерге байланысты, Кеңес мемлекетіндегі «қызыл террор» саясатын шетел тарихшылары өздерінің еңбектерінде ашық көрсете бастады, оның ішінде, ағылшын тарихшысы Э. Карр, француз ғалымы Н. Верт және осылармен қатар кеңестік Ресейден эмиграцияға кеткен саяси қайраткерлерді: П. Милуков, А. Керенский, М. Шокай және тағы басқалардың еңбектерін атап кету керек [1].

Тек КСРО-ғы қайта құру кезеңінде және посткеңестік жылдары Кеңес мемлекетіндегі «Қызыл террор», саяси репрессиялар туралы кейбір авторлардың еңбектері жарық көрді. Солардың ішінде ресейлік ғалымдар: С. Мельгунов, В. Булдаков, Л. Шкаренков, О. Будницкий; қазақстандық тарихшылар: Д. Шаймуханов, С. Шаймуханова, Б. Адамбек, И. Қозыбаевтың т.б. еңбектері ерекше орын алады [2].

Кеңес мемлекеті ыдырағаннан кейін, КСРО-ғы саяси репрессиялар тақырыбы, кейбір оқу құралдары мен оқулықтар да белгілі деңгейде жазылды [3].

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: adambekb@bk.ru

Осы аталып өткен тарихи еңбектерге қарап талдау жасағанда байқағанымыз, Кеңес мемлекетіндегі жүргізілген «қызыл террор» тақырыбы әлі терең зерттелмеген тақырып екенін, оны ғылыми тұрғыдан зерттеуде әртүрлі кедергілер болғанын атап кету керек. Сондықтан, бұл маңызды тақырыпты жан-жақты сараптау және ғылыми түрде зерттеу алдағы уақытта кең түрде жүргізіледі деп ойлаймыз. Ал, осы ұсынылып отырған мақала зерттеліп отырған тақырыпты тереңірек көрсетуге бағытталған жұмыстың бірі деп есептеуге болады деуге негіз бар.

### *Зерттеу әдістері*

- 12 Калашникова О.В. История повседневности как предмет междисциплинарного исследования / О.В. Калашникова // Система ценностей современного общества. — 2010. — № 14. — С. 124–128.
- 13 Лелеко В.Д. История повседневности в европейской культуре / В.Д. Лелеко. — СПб.: СПб. гос. ун-т культуры и искусств, 2002. — 320 с.
- 14 Сайт журнала «Qazaqstan tarihy». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29729/>.
- 15 Азова А.М. Применение историко-антропологического подхода в преподавании истории в школе [Электронный ресурс]. / А.М. Азова // Образование и воспитание. — 2020. — № 3. — С. 9–11. — Режим доступа: <https://moluch.ru/th/4/archive/168/5227/>.
- 16 Сайт журнала «Уроки истории». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://urokiistorii.ru/articles/istorija-cherez-povsednevnost-novuj-ru/>.
- 17 Осипенко Н.Н. История повседневности как фактор мотивации обучения истории в 9 классе: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02 / Наталья Николаевна Осипенко — СПб., 2007. — 189 с.
- 18 Федчиняк А.А. Методические рекомендации по преподаванию истории повседневности в школьном курсе новой истории [Электронный ресурс]. / А.А. Федчиняк // История. Все для учителя. — 2014. — №10. — С. 21–27. — Режим доступа: <https://dropdoc.ru/doc/827782/metodicheskie-rekomendacii-po-prepodavaniyu-istorii/>.
- 19 Здерев Г.В. Современные проблемы методологии исторической науки и преподавания истории в вузе / Г.В. Здерев // Вестн. Гуманитар. ин-та. — 2007. — № 1. — С. 8–10.
- 20 Суслов А.Ю. Инновационные методы преподавания истории в современном вузе / А.Ю. Суслов, М.В. Салимгареев, Ш.С. Хамматов // Образование и наука. — 2017. — № 19. — С. 70–85.
- 21 Жайбалиева Л.Т. Инновационные технологии в преподавании истории в вузе / Л.Т. Жайбалиева // Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры: материалы Всерос. науч.-метод. конф. (29–31 января 2014 г.). — Оренбург: Оренбург. гос. ун-т, 2014. — С. 2003–2008.

И.Ю. Анисимова, Ф.С. Рамазанова

## Тарихи білім берудің құрамдас бөлігі ретінде күнделікті өмір тарихының білім беру және тәрбиелік әлеуеті

Білім алушылардың танымдық мотивациясы мәселесі педагогика мен оқыту әдістемесіндегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта бұл мәселені өзектендіру Қазақстандағы білім беруді жаңғырту мәселелерімен байланысты. Осы мәселелердің бірі — білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерін дамыту құралдарын іздеуде маңызды. Бұл мәселені шешуге тарихты оқытуда күнделікті тарих материалдарын қолдану ықпал етуі мүмкін. Осы мақала күнделікті тарихтың білім беру және тәрбиелік әлеуетіне, XX ғасырдың соңғы ширегінде салыстырмалы түрде жақында пайда болған тарихи зерттеулердің бағытына және қарапайым адамдардың — тарихи процеске қатысушылардың өмір әлемін зерттеуге арналған. Білім алушылардың танымдық мотивациясын дамыту және оларды әлеуметтендіру үшін тарихи пәндерді оқыту процесінде күнделікті тарихтың әлеуетін пайдалану мүмкіндіктерін зерттеудің өзектілігі отандық әдістемелік еңбектерде бұл мәселенің аз зерттелуімен байланысты. Мақала авторларының пікірінше, тарихи білімнің барлық байлығын, соның ішінде күнделікті тарихты ескермей, өткеннің объективті бейнесін алу мүмкін емес. Басқа тарихи дәуірлердегі адамдардың күнделікті тәртібімен, олардың менталитетімен және моральдық-адамгершілік құндылықтар жүйесімен танысу білім алушыларға жалпыадамзаттық мәдениеттің ортақтығы мен сабақтастығын көрсетеді. Өткенге құндылық қатынасын қалыптастыру, оны эмоционалды қабылдау оқытудың тиімділігін анықтайды. Мақалада күнделікті тарихтың білім беру және тәрбиелік міндеттері талданған, оны оқытудың инновациялық әдістерін қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Авторлар білім алушылардың күнделікті өмір тарихы туралы білімдерін қалыптастыру тарихи процесі неғұрлым барабар қабылдауға, оқу материалын оңай және нәтижелі игеруге ықпал етеді, білім алушылардың танымдық мотивациясын арттырады және олардың қоғамдағы әлеуметтенуін ынталандырады деп санайды.

*Кілт сөздер:* күнделікті өмір тарихы, әдістеме, оқыту әдістемесі, білім сапасы, тарихи білім, танымдық мотивация, әлеуметтену, тәрбие процесі, инновациялық әдістер, жаңғырту.

I.Yu. Anisimova, F.S. Ramazanova

## Educational and educator potential of the history of everyday life as component of historical education

The issue of cognitive motivation of students is one of the key issues in pedagogy and teaching methods. The actualization of this issue is currently connected with the problems of modernization of education in Kazakhstan. One of these problems is caused by the search for funds for the development of cognitive abilities of students. The solution of this problem can be facilitated by the use of materials of everyday history in teaching history. This article is devoted to the educational potential of the history of everyday life, the direction of historical research that appeared relatively recently, in the last quarter of the twentieth century, and explores the life world of ordinary people – participants in the historical process. The relevance of the study of the possibilities of using the potential of everyday history in the process of teaching historical disciplines for the development of cognitive motivation of students and their socialization is due to the fact that this issue has been little studied in domestic methodological works. According to the authors of the article, it is impossible to get an objective picture of the past without taking into account all the wealth of historical knowledge, including the history of everyday life. Familiarity with the everyday behavior of people of other historical eras, with their mentality and system of moral values will show students the commonality and continuity of universal culture. The formation of a value attitude to one's past, its emotional perception determines the effectiveness of training. The article analyzes the educational tasks of the history of everyday life, considers the possibility of using innovative methods for teaching it. The authors believe that the formation of students' knowledge on the history of everyday life will contribute to a more adequate perception of the historical process, easier and more productive assimilation of educational material, increase the cognitive motivation of students, stimulate their socialization in society.

*Keywords:* history of everyday life, methodology, teaching methods, quality of education, historical education, cognitive motivation, socialization, educational process, innovative methods, modernization.

### References

- 1 Zhakupova, G.T. (2013). Metodika prepodavaniia istorii: kurs lektsii [Methods of teaching history: a course of lectures]. Almaty: Kazakhskii natsionalnyi universitet imeni al-Farabi [in Russian].
- 2 Mazhitov, S.F. (2013). Istoricheskaiia nauka Kazakhstana: sovremennoe sostoianie i tendentsii razvitiia. Almaty: Assotsiatsiia izdatelei i knigorasprostranitelei Kazakhstana [in Russian].

- 3 Abdрахманова, К.К. (2009). Povsednevnaia zhizn gorodov Tsentralnogo Kazakhstana v 1945–1953 godakh [Everyday life of the cities of Central Kazakhstan in 1945–1953]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Karaganda [in Russian].
- 4 Saktaganova, Z.G., Abdрахманова, К.К. & Dosova, B.A. Povsednevnost gorodov Tsentralnogo Kazakhstana v 1946–1960 godakh: sbornik dokumentov i materialov [Everyday life of the cities of Central Kazakhstan in 1946–1960: collection of documents and materials]. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 5 Asylbekov, M.Kh. & Kozina, V.V. (1995). Demograficheskie protsessy sovremennoy Kazakhstana [Demographic processes of modern Kazakhstan]. Almaty: Atamura [in Russian].
- 6 Alekseyenko, N.V. (2006). Istoriia Vostochnogo Kazakhstana v dokumentakh i materialakh [The history of East Kazakhstan in documents and materials]. Ust-Kamenogorsk: Media-Alians [in Russian].
- 7 Zuyeva, L.I. (2016). Metodika prepodavaniia istorii v vysshei shkole: uchebnoe posobie [Methods of teaching history in higher education: study guide]. Karaganda: Arko [in Russian].
- 8 Pushkareva, N.L. (2014). Ponimanie istorii povsednevnosti v sovremennom istoricheskom issledovanii: ot shkoly Annalov k rossiiskoi filosofskoi shkole [Understanding of history of everyday life in modern historical research: from the Annals School to the Russian Philosophical School]. *Vestnik Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of Leningrad State University*, 1, 1 [in Russian].
- 9 Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 27 dekabria 2018 goda N 895 “Ob utverzhdenii gosudarstvennykh obshcheobiazatelnykh standartov obrazovaniia sootvetstvuiushchikh urovnei obrazovaniia” [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan of December 27, 2018 No 895 “On approval of state mandatory standards of education of appropriate levels of education”]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200001080> [in Russian].
- 10 Budiak, L.V. (2011). Kompetentnostnyi podkhod v vysshem obrazovanii [Competence-based approach in higher education]. *Vektor nauki Tomskogo gosudarstvennogo universiteta — Vector of Science of Tomsk State University*, 1, 31–35 [in Russian].
- 11 Krom, M. (Ed.). (2003). Proshloe — krupnym planom: Sovremennye issledovaniya po mikroistorii [The Past — close-up: Modern research on microhistory]. Saint Petersburg: Aleteiia [in Russian].
- 12 Kalashnikova, O.V. (2010). Istoriia povsednevnosti kak predmet mezhdistsiplinarnogo issledovaniia [The history of everyday life as a subject of interdisciplinary research]. *Sistema tsennoy sovremennoy obshchestva - The value system of modern society*, 14, 124–128 [in Russian].
- 13 Leleko, V.D. (2002). Istoriia povsednevnosti v evropeiskoi kulture [The history of everyday life in European culture]. Saint Petersburg: Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 14 Sait zhurnala «Qazaqstan tarihy» [Site “History of Kazakhstan”]. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29729> [in Russian].
- 15 Azova, A.M. (2020). Primenenie istoriko-antropologicheskogo podkhoda v prepodavanii istorii v shkole [Application of the historical and anthropological approach in teaching history at school]. *Obrazovanie i vospitanie — Education and upbringing*, 3, 9–11. Retrieved from <https://moluch.ru/th/4/archive/168/5227/> [in Russian].
- 16 Sait zhurnala “Uroki istorii” [Site of journal “Lessons of history”]. Retrieved from <https://urokiistorii.ru/articles/istorija-cherez-povsednevnost-novyi-ru> [in Russian].
- 17 Osipenko, N.N. (2007). Istoriia povsednevnosti kak faktor motivatsii obucheniia istorii v 9 klasse [The history of everyday life as a motivation factor for learning history in the 9th grade]. *Candidate's thesis*. Saint-Petersburg [in Russian].
- 18 Fedchiniak, A.A. (2014). Metodicheskie rekomendatsii po prepodavaniiu istorii povsednevnosti v shkolnom kurse novoi istorii [Methodological recommendations for teaching the history of everyday life in the school course of modern history]. *Istoriia. Vse dlia uchitelia — History. Everything for the teacher*, 10, 21–27. Retrieved from <https://dropdoc.ru/doc/827782/metodicheskie-rekomendacii-po-prepodavaniyu-istorii> [in Russian].
- 19 Zdereva, G.V. (2007). Sovremennye problemy metodologii istoricheskoi nauki i prepodavaniia istorii v vuze [Modern problems of methodology of historical science and teaching history at the university]. *Vestnik Gumanitarnogo instituta - Bulletin of the Humanitarian Institute*, 1, 8–10 [in Russian].
- 20 Suslov, A.Yu. (2017). Innovatsionnye metody prepodavaniia istorii v sovremennoy vuze [Innovative methods of teaching history in a modern university]. *Obrazovanie i nauka - Education and science*, 19, 70–85 [in Russian].
- 21 Zhaibalieva, L.T. (2014). Innovatsionnye tekhnologii v prepodavanii istorii v vuze [Innovative technologies in teaching history at the university]. *Universitetskii kompleks kak regionalnyi tsentr obrazovaniia, nauki i kultury: materialy Vserossiiskoi nauchno-metodicheskoi konferentsii (29–31 yanvaria 2014 goda) - University complex as a regional center of education, science and culture: materials of all-Russian Scientific and Methodological Conference*. Orenburg: Orenburgskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].

Қ.А. Аубакирова\*, З.Т. Кәрімхан

*Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан*  
(E-mail: kz.aubakirova@gmail.com; zangaralash2020@gmail.com)

## Алаш идеясы және империализм

Мақалада адамзаттың жалпы тарихындағы империализм түсінігі, отарлау саясатының зардаптары мен оң өзгерістері, қозғалыстар қарсылығы ХХ ғасыр басындағы Алаш идеясымен салыстырмалы түрде қарастырылған. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының отаршылдыққа қарсы күресі, қазақ зиялыларының ұлттық идентификацияны (бітім-болмысын) сақтау, қорғау турасындағы көзқарастары мен ой, пікірталас үндестіктері тарихи-салыстырмалы және салғастырмалы зерттеу тәсілдері мен сандық және сапалық контент анализ негізінде талданды. Сондай-ақ, зерттеу барысында биографиялық параллель, идеография, құрылымдық талдау және жекелеген тұлғалар мен топтардың пікірін арнайы тұжырымдау негізіндегі бихевиористикалық зерттеу тәсілдері қолданылды. Аталған зерттеу тәсілдері арқылы әлем тарихына өзгерістер енгізген үлкен елдердің отарлау саясаты мен басқыншы әрекеттеріне тарихи шолу жасалып, патшалық Ресейдің түркі-мұсылман халықтарын бағындырудағы айла-тәсілдері сараланып, империяның отарлық саясатына қарсы тұратын күш — жалпыұлттық ояну екенін түсініп, саяси өмірге белсене араласуынан туындаған қарулы және ағартушылық жұмыстары пайымдалды. Зерттеу барысында ХХ ғасыр басындағы әлемдік өзгерістер, төңкерістер толқыны, империалистік көзқарастардың тыйылмауы, оның тигізіп отырған зардабына қарсы Алаш қозғалысының өкілдерінің көзқарастары да айқындалып, тұжырымдары сараланды. Зерттеу қорытындысы — отарлау саясатына, жалпы империалистік санаға қарсы қорғаныс ретінде қолданылатын ең үлкен күш идея екендігін анықталып, Ресей империясы тарапынан жүргізілген отарлау саясатына қарсы Алаш идеясының бірлік ерекшеліктері нақтыланды.

*Кілт сөздер:* империалистік сана, колонизация, Алаш идеясы, Алаш ағартушылығы, ұлттық идентификация.

### *Kipicne*

Империализм — өзге елдің территориясы мен экономикалық-саяси хәл-ахуалын тұтас бақылауға алуды көздеген, өзге елдімекендерді тұтас иемдену процесіне негізделген идеология. Аса құнды әрі қажетті ресурстарға ие кедей немесе әлсіз елдерді басып алу арқылы өзге елдің немесе үкіметтің үстемдік орнатуы, жаулау үрдісі де империализм саясатының көрсеткіші бола алады. Анықтап айтқанда, ірі немесе күшті елдер өз билігін өз шекарасынан тыс кеңейтуге ұмтылатын саясат, басқару тәсілі империализммен тікелей байланысты.

Қарапайым қағида: империализм саясаты империя құруды көздейді. Империалистік елдер басқа елдерді бақылауға алады. Бұл үшін олар әскери күш қолдануы немесе түрлі отарлау саясатына негізделген айла-тәсілдерді пайдалануы мүмкін.

Отарлау деп (лат. *colonia*) күшті державалардың әлсіз халықтарды күш қолдану арқылы бағындырып, олардың байлығын, жерін иеленіп қана қоймай, отарланушы елдің әкімшілік басқару жүйесін түбегейлі өзгертудің нәтижесінде толық үстемдік орнатуын айтады. Қазақ ғалымдары тарапынан бұған: «Отаршылдық — өз елінің шет жағында бос жатқан жерлерді қоныстану немесе шаруашылық үшін игеру, сондай-ақ басқа елдерде қоныстар салу. Отаршылдық көбінесе жергілікті тұрғындарды күшпен бағындыру және ығыстыру саясатымен (кейде қырып-жоюмен) ұштасады және басқа аумақтарды таратып алу үшін қолданылады» деген анықтама берілген [1; 612].

Отарлау саясатына қатысты тарихи деректерден бірер мысалдар келтірсек, әлем тарихында отарлау немесе басқа елдерді жаулап алу ісі көне замандардан бастау алған. Жер үшін талас уақыт өтсе де еш толастаған емес. Жаһан тарихындағы түрлі жорықтар, XV ғасырдың ортасында аса қатты қарқынмен дами бастаған «Ұлы географиялық ашулар» жер шарындағы түрлі мемлекеттердің территориясын тарих картасында бірде үлкейтіп, бірде жойып, енді бірде мүлдем басқа мемлекеттерге айналдырып отырды. Отарлау саясатының өзі түптеп келгенде отарлау идеясынан, үстемдік ету мақсатымен пайда болғандықтан аса күрделі тақырыптардың бірі ретінде әлі күнге дейін зерттеліп келеді.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kz.aubakirova@gmail.com

Крест жорығы, ислам дінінің жайылуы сынды дін атын жамылған империалистік жаулаулар кейіннен Ұлыбритания, Испания, Жапония, Германия, Франция, Ресей империясы сынды әскери қуаты күшті елдердің де мақсат-мүддесімен сай келе бастады.

Белгілі ғалым М. Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты зерттеу кітабында «XX ғасырдың басында 72 млн шаршы шақырым аумақ мен планета халқының үштен бір бөлігі 560 млн адам бағынышты болды» деген дерек келтірілген. Нақтырақ санамалап айтқанда:

- Ұлыбритания иелігінде: 9 млн шаршы шақырым жер мен 146,6 млн адам;
- Франция иелігінде: 9,7 млн шаршы шақырым жер мен 49 млн адам;
- Германия иелігінде: 2,9 млн шаршы шақырым жер мен 12,3 млн адам;
- АҚШ иелігінде: 0,3 млн шаршы шақырым жер мен 9,7 млн адам;
- Жапония иелігінде: 0,3 млн шаршы шақырым жер мен 19,2 млн адам бағынышты күй кешті [2; 4].

Күш-қуаты зор, әлеуетті елдер маңайындағы дамымаған, көршілес мемлекеттерді, тобыр мен халық деңгейінен ұлт пен ұлысқа айнала алмаған қоғамдарды жою үшін империализмнің барлық механизмі мен тактикасын қолданды. Бір құрлықтағы ықпалды күштің келесі екінші бір құрлыққа өтіп, әкімшіл-әміршіл диктатуралық саясат орнатуы жергілікті қоныстанған халықты ата-баба тілінен, дінінен, мәдениетінен, мұрасынан айыруы, ассимиляцияға ұшыратуы, ұлттық құндылықтарын жоюы — жалпы адамзат тарихындағы қолдан жасалған зұлымдықтың айқын көрінісі еді.

Жер бетіндегі әр ұлт өзінің ұлттық болмыс-бітімімен ерекшеленетін дүниежүзілік өркениетке, мәдениетке жаңалық пен үлес (мәдениет үлгілері, әдеби нұсқалар, тарихи мұрасы, сәулет өнері, тілдік ерекшеліктері, әдет-ғұрпы, салт-санасы, психологиясы) қосса, ендігі де алпауыт мемлекеттер империялық үстемдік күші көптеген құндылықтарды иемденіп алды. Ал, XX ғасыр басындағы қазақ даласында жүргізілген саяси отарлау саясатының өзіндік ерекшеліктері болды. Жасырын отарлау саясаты мен агрессивті колонизация үрдісін ұзақ уақыт жүргізген Ресей империясы қазақ даласын географиялық тұрғыда ғана емес, мәдени, діни, ұлттық этногенез негізінде де трансформацияға ұшыратуға тырысты. Бұл мәселе жөнінде нақты талдаулар негізгі бөлімінде көрсетілген.

#### *Зерттеу әдістері мен материалдары*

Зерттеу жұмысы барысында әлем ғалымдарының еңбектеріне шолу жасалып, империалистік сана тудырған империализм саясатының ерекшеліктері айқындалды. Сондай-ақ, тарихи салыстырмалы және салғастырмалы зерттеу тәсілдері мен сандық-сапалық контент анализ негізінде «Алаш» идеясына сараптама жұмысы жүргізілді. XX ғасыр басында ғұмыр кешкен Алаш қайраткерлерінің ғұмырбаян деректері мен тарихи оқиғалар негізінде биографиялық параллель сараптама жасалып, Алаш идеясының хронологиясы анықталды. Империализм, колонизация, Алаш идеясы және ұлттық тепе-теңдіктің бұзылуы сынды ұғымдардың мазмұндық ерекшеліктері талданып, Алаш идеясы, Алаш қозғалысы сынды ұғымдарға нақты анықтамалар берілді.

#### *Негізгі бөлім*

Адамзат тарихында отарлау саясаты жергілікті жұрттардың жерін басып алумен қатар халқын да аса қатыгездікпен қанап-тонау арқылы жүргізілді. Нәсілшілдік, кемсітушілік кең етек жайды. Сондықтан империализм ұғымы және оның мәселесі бойынша біршама еңбектер жазылды. Аса көлемді еңбек «Британика» энциклопедиясынан бастап, жекелеген ғалымдар Э. Саид, Я. Кемпбелл, Дж. Уиллер, А. Лаури т.б. зерттеулерінде, Алаш идеясының көшбасшылары Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Тұрғанбайұлы, Қ. Кемеңгерұлы, М. Шоқай, М. Жұмабай, Т. Шонанұлы және кейінгі отандық ғалым-зерттеушілерден М. Мырзахметов, М. Қойгелді, А. Айталы, Т. Жұртбай, Ө. Өмірзақов, Б. Қайратұлы, т.б. еңбектерінде көрініс табады.

Отарлау үрдісіне ұшыраған халықтар тек жерінен ғана айырылып қалған жоқ, шын мәнінде олар өздерінің болмыстарынан айырылды. Империализм саясаты отарланған халықтың дін, тіл, таным, мәдениет, тарих, этногенез, дәстүр сынды алуан түрлі ерекшеліктерінің бәрін жойып, бір түрге айналдыруға немесе жоюға тырысты. Ал Ресей империясының саясаты аса жасырын әрі ұзақ уақыт бойына қазақ халқының ұлттық идентификациясына қарсы жұмыс жасады. Соның салдарынан тіл, дін, діл, таным, тарих, тіпті дәстүр ерекшеліктеріне қатысты мәселелер әлі күнге дейін қазақ халқы үшін хронологиясы түрлі өзгерістерге толып кетті. Американы жаулап алған испандар мен португалдар Инк мәдениеті мен Мая тайпасының мұрасын тұтастай жойса, ағылшындар мен француздар Африка-

дағы түрлі мемлекеттердің дін мәселесін бірнеше ағымға бөліп, өзара туыс халықтарды алшақтатып жіберді. Дәл осындай мәселе Ресей империясы тарапынан түркі халықтарына қатысты да жасалған болатын. Оғыз-қыпшақтан тараған қазақ пен түрік бірін-бірі түсінбей, түркі халықтары ортақ тіл бірлігінен айырылып, кейбірі мүлдем жойылып кетті.

«Британика» энциклопедиясында былай деп жазылған: «...Империализм түптеп келгенде адамдарды бір-бірінен алшақтатып, жер-жерді түрлі территорияларға бөлшектейтін қаруға айналды. Ал, мындаған шаршы территорияларды жаулау мақсатында жүзеге асқан империализмнің бір түрі діннің өзін саяси құралға айналдырды» [3; 2]. Демек, империализм, отарлау саясаты түрлі кейіпте, түрлі формада құбылмалы болуы әбден мүмкін. Бірі географиялық ашуларды желеу етіп, мақсатына пайдаланса, енді бірі діннің атын жамылып, ал енді бірі сауда-саттық сынды түрлі формалардағы экономикалық жаулау тәсілдерін де пайдаланған.

Отарлау саясатының түпкі мақсаты империя құруды көздегендіктен, ол үнемі ашық түрде жүргізілген жоқ. Отарлау саясаты кейде экономикалық саяси-даму үрдісін де пайдаланып отырды. Ал, кейбір кезеңдерде ашық соғыс түрінде геноцид, этноцид жүргізу арқылы да жергілікті халықты бой ұсындырып, жаулау формасын жүзеге асырған болатын.

Белгілі ғалым Б. Қайратұлы өзінің «Қазақия қалай отарланды?» атты зерттеу еңбегінде: «1942 жылы азаттық алған Индонезия елінің көсемі Сукарно: «Қолайлы, жақсы ауру, дерт болмайтыны сияқты жағымды отаршылық та болмайды», – десе [2; 5], көп уақыт Еуропа отарында болған Марокко елінің тарихшысы Абдулла Лаури өзінің ағылшын тілінде жарық көрген еңбегінде: «Отарлаушылар тіпті менің ішкі жан-дүниемді тонады. Мен басқаша ойлай алмаймын. Өзімді азат, тәуелсізбін деп ойлағанның өзінде біреу жан-жағымнан анталап, қамалап, еңсемді басып тұрғандай сезімде өмір сүремін», – деп жазыпты [2; 6].

Отарлау саясатына қатысты зерттеулердің бәрі де отарлау үрдісіне ұшыраған жергілікті халық ең көп қиындық көріп, жапа шегетінін анық көрсеткен. Және басты қауіп тек территориялық бірлікке ғана емес, тіл, дін, мәдениет, дүниетаным, дәстүр сынды сакральды мәнге ие ұғымдар мен идеологиялық бірліктер де трансформацияға ұшырайтын болған. Осы ретте, қазақ даласында отарлау саясатын жүргізген Ресей империясы тек жер мәселесіне ғана емес, оқу-ағарту, дін, тіл, экономика, дәстүр, таным, география, тарих, әдебиет т.б. барлық жергілікті халықтың ұлттық идентификациясына трансформация жасауға тырысты. Сондықтан, Ресей империясының отарлау саясатын қарастырған кезде, тек қана қазақ халқының тарихына жеке-дара қарамай, тұтас түркі-мұсылман халықтарын бір географиялық бірлікте қарастырған жөн. Себебі, тілі бір, діні бір, ділі бір халықтарды бір-біріне қарсы қойып, өзара шағыстыру, мүмкіндігінше алшақтату ойынын ойнаған империалистік саясат ешқашан ешкімді аямайтынын дәлелдеп кетті. Ал, қатыгездік пен сатқындықтың түр-түрін көрген қазақ тарихы отарлау саясатына қарсы тұра алатын бірден-бір негізгі күш *идея* екендігін анық көрсетті. Ал, Ресей империясының отарлау саясатына қарсы Алаш идеясының реформаланған түрін ұтымды пайдаланып, антиколониалды соғысты идеялық негізде жүргізудің үлгісін көрсетті. Сол Алаш идеясын негізге алған реформаторлар, антиколониалистер *Алаш зиялылары* еді.

1905-1919 жылдар аралығындағы Алаш құбылысы расында да елді бірлікке бастап, отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлы қозғалыс болды. Шын мәнінде ұлтты отаршылдық сияқты аса қатерлі құбылысқа қарсы бағыттай алды. Қысқа уақыт ішінде жанталаса қимылдап, қоғамның барлық саласы бойынша реформаторлық жұмыстар атқарды. Ұлттық мемлекет жүйесін қалыптастырды. Руханият мәселелерін шешті. Империализмге қарсы ұлттың идентификациясын сақтау жолында арпалысты.

Алайда империалистік үстемдік өз дегеніне жетті. Жетпіс жыл бас көтертпестен жаныштаған отаршылдық саясаттар бірінен соң бірі жүзеге асып жатты. Совет билігі кезеңінде (1920-1991) отаршылдықтың айла-шарғыларының түгелі қолданылғандықтан, әлемде жоқ сынақтарды, террорлық әрекеттер мен нәубеттерді бастан кешірді. Ақырында адам төзгісіз ауыр азаптардан соң ұлттың өне бойына империалистік сана өтіп кетті. Ғасыр басындағы азаттыққа деген ұмтылысымыз, рухымыз күл-талқан болып ойсырай жеңілді.

Алаш идеологиясының өмірде нақты жоспарланған мұраттарына совет билігі идеологиясының тарапынан тосқауыл қойылып, көркем әдебиеттегі ұлттық мазмұндағы тақырыптар цензураға ұшырап, социалистік реализм әдісімен колхоз, совхоз, өндіріс тақырыбында жазылған шығармаларға жол ашты. Империалистік сана қазақ әдебиетінде бірқыдыру көрініс тапты. Советтік идеологияға санасы уланған Павлик Морозовтардың ендігі бейнесі «Батыр бала Болатбекке» айналған қазақы нұсқасы да өмірге келді. Алаш идеясының концепциясын бұрмалап, қайраткерлердің еңбектерін мансұқтап

жазған КГБ офицері С. Шәкімбаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» сияқты шығармалардың көксемі оқырман санасын улау болатын.

Отаршылықтың рухани зардабының салдарынан ұлттың ақыл-ойы басқаға тәуелді, ынжық, дәрменсіз, өресіз, басқа біреудің ақылымен жүретін күйге тап болды. Мұндай процесті батыстық әлеуметтану ғылымында «жағымды» (позитивтік) дискриминация десе, өз елінде өзі лайықты орын ала алмай отырған халық жағдайындағы әлеуметтану ғылымында «ішкі отаршылдық» (внутренний колониализм) деп сипаттайды.

Осылайша, отаршылдықтың топалаңына түскен ұлт империализмнің диірменіне үйіріліп, талқандалып тобыр болып шыға келді. Бұдан шығатын қорытынды мынау: ұлттың тобырға айналуы оңай, ал тобырдың ұлтқа айналуы қиын, өте қиын. Ал енді қайта ұлт деңгейіне жету үшін халық картарис ұғымын қабылдап, деколонизация процесінен өтуі тиіс.

Әлем қожасы атанып, жер билігіне ұмтылған державаның біреуі патшалық Ресей империясы күллі материкті бір мемлекетке айналдыруды мақсат тұтты. Еуразия құрлығына көз тіккен Ресей империясының назарынан Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан территориясы тыс қалған жоқ. Әсіресе, жоғарыдағы түркі-мұсылман ұлыстарына көз тіккен Ресей империясы оларды бағындырудың кілті мен қақпасы Қазақстан екенін өте жақсы түсінді.

Бірінші Петр 1722 жылы Астрахан жеріне аяқ басқанда қазақ даласына қарап тұрып: «Қазақ жері Азия елдімекеніне шығатын кілт һәм қақпа екен. Сондықтан, орасан зор шығынға қарамай қазақты отарлау керек» деп жарлық түсірген [4; 580].

Осындағы Астрахан жорығына қатысып, тілмәш болған А.И. Тевкелев патша тарапынан қазақ ордасын түбінде бір қағазбен-ақ Ресейге қарту тапсырмасын алып жедел іске кіріседі. Дәл осы кезден бастап қазақ жерінде империализмнің қадамдары басталды.

Отарлау саясатын жүргізген мемлекеттердің ішінде еуропалықтардың жабайы тәсілі қаншалықты қатыгез болса, Ресей империясының жымсықы саясаты да жеңіл болған жоқ. Америкадағы үндіс тайпаларына ауру таратып, бір-біріне айдап салу арқылы қырып тастаған еуропалықтардың географиялық ашулары тұтас тайпалардың жойылуына әкелсе, қазақ даласын отарлау саясаты салдарынан 1919-1921, 1931 жылдардағы ашаршылық пен 1938 жылдардағы репрессия тұтас қазақ халқының үштен бірін қырып жойды. Ал, тіл саясаты мен жер саясатына, дін мәселесіне, ағартушылыққа қатысты жасаған қысымдары күні бүгінге дейін зардабын тигізуде.

Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатының жоспар-жобасы жайлы тарихшы һәм зерттеуші-ғалым А.И. Левшин (1798-1879) Ресей империясы қазақ жерін жаулау арқылы империя бір тамшы қан ағызбай бірнеше жүз мың халықты қосып алды; шығыс және оңтүстік өлкенің қауіпсіздігін қамтамасыз етті; қазақтар арқылы жауынгер жоңғарлардың күшін әлсіретті; қазақтардың күшін пайдаланып башқұрттарды тықсырды; қазақ даласы арқылы Хиуаны бой ұсындырды; Қытай мен Үндістан секілді ірі мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға жол ашатын әрі сонда кірудің кілтін қолға алады деп жазды [5; 656].

Ресей өзінің отарлау жоспарын іске асыру үшін Қазақ даласын отарлаудың кезеңдік бағыттарын айқындады. Филолог-ғалым Мекемтас Мырзахметұлы Ресей императорының Қазақ жерін отарлау саясатының жүзеге асырылуын мынадай кезеңге бөліп қарастырған екен:

Бірінші кезең — патша үкіметі жаулап алғаннан кейін басталған патша ағзам қазақ халқын қалайда шоқындыруға, салт-дәстүрін орыстандыруға бағытталған үлкен саяси мақсат қойған және оны мемлекет деңгейінде құпия ұстаған кезең;

Екінші кезең — Совет дәуірі. Ол «ұлттар достығы» деген ұранмен өзінің орыстандыру саясатын бүркемелеп, оны судың астыңғы ағысындай астыртын жүргізген, қазақты жаппай орыстандырған кезең;

Үшінші кезең — сан ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген дәуір. Бұның да өз қиындығы болды, әуелі, нарық жолына түстік, осыған дейін сансыраған дүниетанымымыз, мінез-құлқымыз сенге соғылған балықтай есеңгіреп, тағы да бұзыла түсті. Алдымыздан ақшаның культіне бас ию шықты. Бар мақсат — тек баю. Бұл да жоғарыдағы ұзақ жыл отарлаудың салдарының кезеңі [6; 27].

Патшалық Ресей империясының Совет үкіметімен жалғасып келген отаршылдық саясатының оспадар әрекеттері туралы ойлар Алаш қайраткері, публицист Қошке Кеменгерұлының «Ресей өкіметінің қазақ туралы мынадай қанды саясаты болды:

1. Қазақтың байлығын сүліктей сору.
2. Қазақтың сорпаға шығар маңдай жерін сыпырып, қазақты шөлге қуу.

3. Ауылнайлық, билік, болыстық партиясын отын үрлеп, май тастап, қазақты бір-бірімен қол қамшы-шоқпар қылып, ұлттық азаматтық сезімін өсірмеу.

4. Қазақты шоқындыру. Осы қанды саясаттың дәмін қазақ елі қай бұратанадан болса да кем тартқан жоқ» деген тұжырымды пікірімен үндес шықты [7; 98].

Жалпылай айтқанда бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның кең байтақ жер көлемі, құнарлы топырағы, жер асты, жер үсті қазба байлығы, қай уақытта болсын әр кімді қызықтыратын мәселе. Батыстық көзқарас пен мәдениет қалыптасқан патшалық Ресей билігі әлі де болса қуғын-сүргін, репрессия мәселесінде әлі де болса мәдениетті еді. Қан төңкеріспен орнаған советтік билік, жабайы мәдениет орнатып, шовинизм асқан тағылықпен, өршіген менменшілдік, тұрпайы социализм идеологиясын сіңіріп, сонау Көк түріктер заманынан қазақ хандығына жеткен тарихи ұлттық санамызды ұмыттыруға тырысып бақты.

Қазақ даласын отарлаудың бірнеше тәсілі, нақтырақ атап айтқанда жер арқылы отарлау, әкімшілік отарлау және рухани отарлау аяусыз жүргізілді.

Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлауының көздеген саяси мақсаты біреу болды: жергілікті қазақ халқын ығыстыра отырып, жақсы жерлерді иемденіп, Азияға аттанатын жолды ашу. Сібір ойпатына экспедициялық жорықтар жүргізіліп, барлау-тыңшылық әрекеттері ұйымдастырылды. Сол арқылы Сібір өңірі толық жауланып, бекіністер тұрғызыла бастаған соң, ішкерілей еніп Қазақ даласында шеп құрып жылжып, әскери бекіністердің санын арттыра берді. Екіншіден, орыс-казак әскерілерінің қазақ жерін тегін иеленуіне мүмкіндік беріп, солардың күшіменен ауыз салып отырды. Үшіншіден, Ресей шаруаларының қазақ жеріне жаппай көшіп қоныс аударуына күшті ықпал жасаса, сол қоныстанушы шаруаларға патшалық тарапынан өте пайдалы жеңілдіктер жасалып отырды. Отарлаудың бұл тәсілі «малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деп білетін халық үшін өте ауыр соққы болғаны даусыз.

Патшалық отарлаудың салдарынан жерінен айырылып кедейленген қазақтар еріксіз өндірісті жерді сағалап, стансаларды жанай қоныстанды. Көбі мал шаруашылығын тастап, егіншілікті кәсіп етті. Осылай қазақтар арасында жатақтар дейтін әлеуметтік топ пайда болды. Ел ішінде болып жатқан осындай келеңсіздіктерді кезінде ұлттың ұранына айналған «Қазақ» газеті ғана ашына жазып шырылдады. Мысалы: «Кедейліктің басты себебі — қоныс тарылғандығы. Қазақтардың жарамды жерлері егін үшін орыс-казактарға ойып-ойып берілді. Іліп алар жерлер ауып келген мұжықтарға беріліп жатыр. Қазақтардың таудағы һәм етектегі көп қыстаулары мың азаппен қазып шығарған арықтары, егіндік-пішендік жерлері бәрі де қолдан кетті... Жерге тоймайтын шын жалмауыздар — орыс-казактар екен. Алдында қара-құрасы бар қазақтар бұл күнде тауға шыққан болады. Шыққаннан не пайда? Жолшыбай орыстың егіні мен пішендігі. Жуықтап кетсе, қазақтың малын ұстап, өзін сабап, қырып-жойып кете жаздайды» деп жазған [8; 2].

Ал кезінде «қазақ даласында бос жер бар ма?» деген жоспармен құрылған А. Щербина экспедициясының құрамында болып, қазақ даласының түгел төңірегін жетік білетін бірден-бір жер маманы Әлихан Бөкейхан осы аталған «Қазақ» газеті бетінде жарияланған ғылыми негізі терең, дәлелі тиянақты публицистикалық мақалаларында патшалық Ресейдің отаршыл аппаратының зорлығын, жасап жатқан айласын жан-жақты сынап, әшкерелеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, әлеуметтік шындыққа жетеледі. Патшалық әкімшілік тарапынан болып отырған әділетсіздікті көріп-біліп отырған ол: «Өстіп жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің патшалық конституциялы емес пе, біздің патша қол астындағы адамның бәріне бірдей әділ емес пе? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретіндей не жазып еді?» деп ашынады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ жерін алу турасындағы низам» атты еңбегінде: «Жолсыз істерден жәбір көріп, әуре болып жүрген қазақтар көп. Қыстау салған жерінен айырылып, қыстайтұғын жаңа жерді общества бермей, жер алып беріп орналастыруға міндетті мекемелер оған қабырғасы қайысып, қайғырмай отыр. Шөп шабуға, мал жаюға, егін салуға орын таппай сандалып жүрген қазақтарды көз көріп тұр» деп, ащы шындықты жазды.

Алаш арысы Міржақып Дулатұлы 1906 жылы жазылған «Қазақтың жері» атты өлеңінде:

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,  
Мұжыққа, қош аман боп, барасың ба?  
Қасиетті бабамыздың зираттары,  
Қалды ғой көшесінің арасында.  
Моншаға зираттың тасын алып,  
Ағашын отқа мұжық жағасың да.



Таба алмай бір барғанда еш белгісін,

Көзден жас көлдей болып ағасың да, — деп, жырлауы қазақ қасіретінің қалың, бейнеті сор екеніне дәлел болатындай.

Ал әкімшілік отарлау жүйесі ең алдымен хандық билікті жоюды көздеді. Ол үшін әкімшілікке қазақ даласына басқарудың жаңа ережелерін қабылдап, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесін жою қажет болды. Сөйтіп қазақ даласын басқару үшін жаңа патшалық әкімшілік жүйе қалыптасты. «Сібір қазақтарын басқару туралы» жарғы отарлаудың жаңа жүйеге өткенін білдірсе, хан билігіне қарасты жерлерде округтік приказдардың ашық құрылуы отарлаудың әкімшілік тәсілінің тереңдей түскенін аңғартты. Хандық биліктің жойылуына қарсы қол бастаған Кенесары көтерілісі де осының айғағы. Қазақ даласын басқарудың уақытша ережесі орнап, Дала және Түркістан Генерал-губернияларының құрылып, әкімшілік басқарудың жаңа тәртібі қалыптасты.

Патша әкімшілігі Қазақ хандығының басқару тетігіне бір мезгілде бірнеше ханды (Әбілмәмбет, Абылай, Бөкей) ресми түрде бекітуі, билік үшін ішкі саяси күресті тұтандыру және хандардың санын жасанды түрде көбейту, кезекті хан тағына үміткерді ең тіл алғыш, бірақ беделі аз және қабілетсіз сұлтандардың ішінен (қартайған Ералы (1791-1794) мен Айшуақты (1797-1805), ерік-жігері әлсіз Есім (1795-1797) мен Жантөрені (1805-1809), қорқақ Серғазыны (1812-1824) сайлау, ал нағыз лайықты деген Қайып, Қаратай, Арынғазы сияқты ең күшті әрі беделді үміткерлерді әдейі көзге ілмеу, тым дербес және әлеуетті тәуелсіз Арынғазы сияқты рухты ханды биліктен тайдыру — отаршылдық айла-амалдардың айқын көрінісі.

Әкімшілік отарлаудың жолы мұнымен тоқтамады: астарлы түрде тағы да қитұрқы әрекеттерге барды. Ол ерте кезде әбден зерттеп, барлау жасау арқылы біліп болған қазақтың дәстүрлі қоғамының ішкі мәселелерінен туындаған кек, яғни руаралық араздықты қоздыру және атақ-мансап арқылы отарлау амалдары болатын. Ол үшін алдымен үш жүздік құрылымды әкімшілік-территориялық құбылыс деп қарамай, керісінше тайпалық, рулық түсінік ретінде өзгертуге бағыттау, оның маңызын қасақана өзгертуге жол ашты. Ел ішіндегі беделді адамдарды тізімге алып, болыстық билік арқылы руаралық араздықты қоздырып отырды. Билер мен ақсақалдардың рөлі жоғалды да, айтқанға көнетін мансапқұмар, сатқын адамдардың қолына билік беру көзделді. Содан кейін өз кезегінде сайлау арқылы ел ішілік берекені бұзу, қазақтарға атақ-мансап беру арқылы отарлау ісі, мәселен «тархан» атағын беру арқылы беделді қазақтарды Ресей мүддесінің сойылын соғуға жұмылдыруы жүріп жатты. Патша ағзам тарапынан Ресейдің отарлау мүддесіне қызмет еткен түркі тектес тұлғаларға, алдымен башқұрт Таймас Шайымовқа «тархан» атағы берілсе, қазақтар арасынан Қошқарұлы Жәнібек (1693-1752) ие болған.

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы Ресей империясы орнықтырған жаңа жүйенің ережелерін, бекіткен заңдарын білмеген адамның еліне қамқорлық жасауы қиын екенін түсінді. «Қазақ халқын билеу туралы 1868-ші жылы шыққан уақытша положение» деген мақаласында А. Байтұрсынұлы: «Бұл положение бойынша қазақтардың болысқа, ауылға бөлінуі бұрынғы ретте қалып, әлеумет істері мұжықтардікі секілді басқарылатын болды» деп, әр болыстың өкілі болып әр ауылнайдан елубасылар (елу үйден бір кісі), әр ауылнайдың өкілі болып, әр 10 үйден бір онбасы сайланатынын айтып, елубасы, онбасылардың құқықтарын ұғынықты етіп түсіндіреді. Ал «Орынбор. 13 октябрь» мақаласында: «Қазақ олар ойлаған жерден шықпады. Әуелі, «ауылдастың аты озғанша, аталастың тайы озсын» деп, жақынын сайлады. Екінші, «жеген ауыз жесін» деп, жебірлерін сайлады. Үшінші, «аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» деп, малдысын сайлады. Мынау елге жағымды, жайлы болар, мынадан дұрыстық, туралық шығар деп сайлаған қазақ болмады. Сондықтан жақсы закон пайдалы болудың орнына зарарлы болып шықты. Жұрттың бәрі шулайды; сайлау жұртты бұзды, сайлау жұртты аздырды, тоздырды деп. Жұрттың азғаны, тозғаны, бұзылғаны рас, ол бұзылу, азу қалықтың өзінен, екінші, степное положение де себепкер болудан құр емес. Жүктің ауыр жағынан бұрау келген сияқты, қазақтың бір шетін жеріне степное положение қолайсыз келіп, істің көбі сонан бүлінді» дей келе [9; 68], патшалық үкімет шығарған заңдардың қазақ мүддесіне жақпайтынын ұқты. Қазақ үшін бұл заңдар өте қолайсыз. Айналып келгенде мұндай заң-ережелердің астарында отаршылдық мақсат-мүддесі жатқанын алдыңғы буын ағалар, яғни Алтынсарин, Құнанбайұлы секілді Ахмет бастаған Алаш оқымыстылары да білді.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен, озған биі жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы шешен, билерден келе жатқан әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ-асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды. Қазақ жақсысы орыс

етегінен жем жегенді ұнатты», – десе [10; 560], Мұхтар Әуезов: «Білгенін, білімін қатардағы қазақтан қулығын асыруға жұмсаған пысықтар да отаршылдардың «жемтікесі» боп «момын даланың құйрығын обырлармен қоса сорысып жатыр», – дейді [11; 64].

Отарлаушылар жергілікті басқару тетіктеріне (болыстар мен старшиналар) дарынсыз, жағымпаз, сатқын, орыс шенеуніктері алдында құрдай жорғалайтын, өз халқының намысын қолдан бере сала-тын, парақор әрі намыссыздар таңдап алынды. Патша үкіметінің цензоры болған М. Тұнғаншин қазақ зиялыларының жанашырлықтарын теріс қабылдап, олардың жазған дүниелерін патша әкімшілігіне аударып беріп, сатқындық жасаса, Ә. Жангелдин бірінші революционер атына малданып, алашордашылардың жолын ұдайы кес-кестеп отырды. Бұлар секілді жандайшаптар империяның ұрдажық қолшоқпарына айналып, өз халқының болашағына балта шапты. Билікке қолы жеткен мансапқор қазақтар отаршылға жағыну арқылы, қайткенде де жанын ғана емес, мансабын да сақтау амалына көшті. Бұрын жекеленген орын алған сатқындық кейін жалпыға тән үйреншікті сипатқа айналды [12; 57].

Патшалық Ресей империясының қазақ қоғамын әкімшілік отарлауының үшінші үлкен бағыты қазақтың байырғы әдет-ғұрып заңдары тәркіленіп, патшалық сот билігінің орнауы еді. Көне заманнан бері үзілмей жеткен әдет-ғұрып заңдарының өзгеріске ұшырауы, Тәуке хан заманынан қалған белгілі «Жеті жарғы» заңын қолданыстан шығарып тастауы, байырғы қазақ билерінің дау шешу мәдениетіне араласып, оларды шектей отырып, патшалық сот билігінің орнығуы осы ойымызға дәлел болады. Дала билер соты жойылған соң, қазақ қоғамында патшалық сот пен байырғы әдет-ғұрып заңдардағы қайшылықтар жиі бетпе-бет келіп жатты. Патшалық сот үкімі күшіне енген тұстағы қазақ билерінің билікке, сотқа, қазылыққа араласуы енді бақыланатын кезге тұспа-тұс болды.

Ресей империясы әкімшілігінің көкसेгені қазақ елінің бірлігін жойып, басқару тәртібін өзгертіп, байырғы дүниетанымынан бездіріп, орыстандыру саясатын іске асыру болатын. Осыны сезген ұлт зиялылары қазақ даласының саяси өміріне Ресей заңдарын енгізуге қарсылық білдіріп, ескіден келе жатқан әдет-ғұрып жүйесін қалдыруды ұсынды.

Қазақ даласын Ресей империясының рухани отарлау әрекеттері негізінен екі үлкен бағытта жүрді: оқу-білім арқылы отарлау және діни отарлау.

Патшалық Ресей қазақтардың білім алып, елге орайлы қызмет сіңіруді аса құптамаған, алайда XIX ғасырдың екінші жартысында оқу арқылы отарлау саясатын іске қосты. Бұл қалай жүргізілді дейтінге келер болсақ, қазақ даласында алғашқы мектептердің ашылуына рұқсат етті. Ұлт балаларына білім беру үшін, шынына келгенде діни бағытпен бірге патша саясатын қоса сіңізуге миссионер-ағартушылар шындап кірісті. Әліпби өзгертудің алғашқы қадамдары да отарлау саясатының бір көрінісі.

Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылы «Қазақ» газетіне: «Олардың (школаның) пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді; қазақ тұтынып отырған араб хәрпін тастаптып, орыс хәрпін алдырамыз дейді. ...Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал халыққа керегі — өз діні, тілі, жазуының сақталуы» [8; 2] деп жазды.

Діни миссионерлік миссия қазақ жерінің барлық өлкесіне түгел жетіп, тұтастай алғанда барлығын да қамтуды көздеді. Орал-Торғай, Ақмола-Семей, Жетісу-Түркістан өлкелеріндегі миссионерлік қызметтер қарқынды түрде жүзеге асты. Бұл тұрғыда миссионерлердің мұсылманшылыққа қарсы әрекеті ашықтан ашық жасалса, екінші жағынан қазаққа жақындау татар молдалардың қазақтарға ықпалы арқылы да жұмыстарды күшейте түсті. Оның үстіне Қ. Халидидың жазбаларында көп келтірілетін «указной молдалардың» қисынсыз қылықтары елдің ашу ызасын туғызып, шамына тиді. Шоқындыру әрекеттері де түрліше ұйымдастырылды: түркі-қыпшақ тұқымдастарды шоқындыру, әскери күш қолдану арқылы шоқындыру жоспары да жүзеге асты. Бұған көз жеткізген ел арыстары да қарап қалған жоқ, шоқындыруға қарсылық әсіресе Көкшетау уезінде қатты байқалды. Алаш қайраткерлерінің де шұғыл жиналып, патша атына құзырхат дайындайтын 1905 жылы Қарқаралыдағы бас қосу осындай кектен туындаған. Совет билігіндегі құдайсыздар қоғамын есептегенде бұл рухани отарлаудан қазақ халқы ес жия алмады.

Патшалық Ресей империясының заңды жалғасы әрі мұрагері, легитимсіз билік иесі Совет үкіметі кезіндегі экономикалық һәм демографиялық дағдарыстар түркі мұсылман елдерін тұралатқаны сияқты қазақ ұлтын да зор шығынға ұшыратты. Алдымен қазақ байларын, ұлттық буржуазия өкілдерін тәркілеу далада мал басының орасан зор кемуіне әкеп соқтырды. Бір ғана жылқы түлігіне төнген зауалдан жүз жылдай уақыт өтсе де қазақ елі әлі есін жиған жоқ. Ашаршылық тақырыбын зерттеуші

ғалымдар он жылда келген екі алапат аштықтан қазақ халқы түбегейлі басқа ұлтқа айналып кеткенін жазады.

Совет билігі тұсында қазақ зиялылары, ауылдағы шаруадан бастап саяси элита өкілдерін түгел қуғынға ұшырап, қудаланып, атылды. Үрей ордасына айналған лагерлер жүйесі Одақ картасын шырмауықтай шырмады. Солай бола тұра, айналдырған алты жыл болмай «Отан үшін» деп кеудесін оққа төседі. Қазақ жеріндегі тың игерудің трагедиясы топырақтың құнарын жойып қоймай, бабаларымыздың моласын да қиратты. Елдімекендер жойылып, жер-су атаулары әдейі өзгертілді. Бәрінен де ең үлкен апат ХХ ғасырда қазақ ұлтының демографиялық құлдырауы еді. Аралас некенің ұлттық демографияға тигізген зарары шаш-етектен болды. Аздаған жылдың ішінде араб, кирилл, латын таңбалы әліпбилерге ауысып, қазақ әліпбиінің сан өзгерістерге ұшырауы ұлтты сауатсыздандыруға бастайтын амал деп қарастырылады.

Қазақ зиялылары жазу мәселесіне байланысты 1924 жылы 12-18 маусым аралығында Орынбор қаласында қазақ білімпаздарының сиезін ұйымдастырды. Осы сиезге қазақ зиялыларының бәрі дерлік қатысты. Жазу мәселесіне байланысты баяндама жасаған екі адамның бірі — Ахмет Байтұрсынұлы латынға әуелде қарсы болды. Осы жиында сөз сөйлеген Міржақып Дулатұлы: «Латынға көшер болсақ, біз сауатсыздықты жою орнына сауаттылықты жоятын боламыз» десе, екі жылдан кейінгі әліпби мәселесі жиынында Ахмет Байтұрсынұлы: «Бізге Еуропа жұртымен бірдей мақсатта болу әлі ерте, латынға орыстар неге аяқ баспайды, соны да түсінбейсіздер ме?» деп, бұл істің арғы жағында орыстардың отарлау саясаты жатқанын аңғартты.

Советтік білім берудегі келеңсіздіктер, әлеуметтік теңсіздік, дінге қарсы күрес немесе құдайсыздар ұйымының құрылуы, тіл тұтастығының бұзылуы, арақтың кесепаты, ұлт мәдениеті пен руханиятының құнсыздануы, саз, ән өнеріне салынған тұсаулар, ұлттық тарихтың бұрмаланып жазылуы, құндылықтар мен сананың құлдырауы, рухтың әлсіреуі, ұлтын қор санауы отарлау саясатының жемісін берді.

1905-1919 жылдар аралығындағы Алаш құбылысы расында да елді бірлікке бастап, отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлы қозғалыс болды. Шын мәнінде ұлтты отаршылдық сияқты аса қатерлі құбылысқа қарсы бағыттай алды. Қысқа уақыт ішінде жанталаса қимылдап, қоғамның барлық саласы бойынша реформаторлық жұмыстар атқарды. Ұлттық мемлекет жүйесін қалыптастырды. Руханият мәселелерін шешті. Империализмге қарсы ұлттың идентификациясын сақтау жолында арпалысты.

Алайда империалистік үстемдік өз дегеніне жетті. Жетпіс жыл бас көтертпестен жаныштаған отаршылдық саясаттар бірінен соң бірі жүзеге асып жатты. Совет билігі кезеңінде (1920-1991) отаршылдықтың айла-шарғыларының түгелі қолданылғандықтан, әлемде жоқ сынақтарды, террорлық әрекеттер мен нәубеттерді бастан кешірді. Ақырында адам төзгісіз ауыр азаптардан соң ұлттық сана империализм алдында бас иіп, мойынсұнды. Ғасыр басындағы азаттыққа деген ұмтылыс, рухани еркіндік идеясы күл-талқан болып ойсырай жеңілді. Алаш идеясына кеңес билігі идеологиясының тарапынан тосқауыл қойылып, көркем әдебиеттегі ұлттық мазмұндағы тақырыптар цензураға ұшырап, социалистік реализм әдісімен колхоз, совхоз, өндіріс тақырыбында жазылған шығармаларға жол ашты. Империалистік сана қазақ әдебиетінде бірқыдыру көрініс тапты. Советтік идеологияға санасы уланған Павлик Морозовтардың ендігі де «Батыр бала Болатбекке» айналған қазақы нұсқасы да өмірге келді.

Отаршылдықтың рухани зардабының салдарынан ұлттың ақыл-ойы басқаға тәуелді, ынжық, дәрменсіз, өресіз, басқа біреудің ақылымен жүретін күйге тап болды. Мұндай процесті батыстық әлеуметтану ғылымында «жағымды» (позитивтік) дискриминация десе, өз елінде өзі лайықты орын ала алмай отырған халық жағдайындағы әлеуметтану ғылымында «ішкі отаршылдық» (внутренний колониализм) деп сипаттайды. [13; 119].

Осылайша, отаршылдықтың топалаңына түскен ұлт империализмнің диірменіне үйіріліп, талқандалып тобыр болып шыға келді. Бұдан шығатын қорытынды мынау: ұлттың тобырға айналуы оңай, ал тобырдың ұлтқа айналуы қиын, өте қиын. Ал енді қайта ұлт деңгейіне жету үшін халық катарсис ұғымын қабылдап, деколониализм процесінен өтуі тиіс.

#### *Қорытынды*

Тәуелсіздік алған халықтар үшін ең маңызды мәселе — империалистік сана зардабынан арылу. Себебі отарлаушы мемлекет өзінің тарихын, мәдениетін, тілін, өмір салтын отарланған халыққа сіңіріп кетеді. Соның нәтижесінде бүтін халықтың рухани болмысы ластанады. Сондықтан, зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, кез келген отарлау саясатына негізделген саяси жүйеге қарсы тұра ала-

тын күш идеядан бастау алуы керек. Бұл мәселеде, XX ғасыр басында ғұмыр кешкен Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі мен қайратгерлік ғұмырнамасы, Алаш идеясы жолындағы күресі отарлық саясатқа қаншалықты қорғаныс болатынын анық көрсетті. Зерттеу нәтижесінде 1905-1920 жылдар аралығында империалистік сана жолында құлдық өмірді азат еркін уақытқа айналдыруға күш салып, ұлттық қозғалыс ұйымдастырған Алаш күрескерлері төмендегідей элементтерді сыналап көрсетті:

1. Байырғы қазақ баласына тән мінез, болмысты қалыптастыру.

2. Ұлттық рухы жаншылған, оқу-ағартудан қол үзген, сауатсыз қоғамды ояту, сауықтыру.

Империалистік пиғылдар: қоғамның кері кетуі, өз қағынан жеріген көзқамандардың құлдық психологиядан арылуы, түп негізге қайта оралуына дейінгі олардың ұлтқа келтіретін кеселдері сияқты дерттерден айығу үшін біршама уақыт қажет.

Расында да отардан босаған ел сол отаршылдар қалдырған зардаптан құтылмай толық тәуелсіздікке ешқашан қол жеткізе алмайды. Ол үшін қандай идея қажет, қандай аясында бірігу қажет дегенде біз Алаш идеясын ұсынар едік. Өйткені, өткен тарих дәлелдегендей, Алаш идеясы қазақ болмысын сақтап өмір сүрудің бірден-бір кепілі болды.

Ұлттық мемлекеттің іргетасын қалау үшін ендігі қазақ қоғамдық-әлеуметтік теңдік нық орныққан, біртұтас ақпараттық өріс аясында өмір сүруден өзге жол жоқ.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР13067966 «Алаш идеясының индексі және жаһандық мәдениеттегі интерпретациясы (Ахмет Байтұрсынұлы аудармалары негізінде)» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жазылды.*

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан. Национальная энциклопедия / Гл. ред. Б. Аяган. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — 728 с.
- 2 Кайратұлы Б. Как была колонизирована Казахия? / Б. Кайратұлы. — Астана: Жарыс.kz, 2016. — 400 с.
- 3 The Editors of Encyclopaedia Britannica [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.britannica.com/topic/imperialism>.
- 4 История Казахстана: народы и культуры / ред. Н.Э. Масанов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2000. — 608 с.
- 5 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / А. Левшин. — Алматы: Санат, 2009. — 656 с.
XX ғ. бас кезіндегі Отандық тарихымыздың «ақтандақ» беттерінің біршамасы Алаш партиясы және Алашорда үкіметімен тығыз байланысты. Өзімізге белгілі, осы кезде қазақ ұлттық интеллигенциясы ұлт-азаттық мүддені қорғап, қазақ халқының сана-сезімін оятып, отаршылдыққа қарсы күрес барысында маңызды рөл атқарды. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ ұрпақтың тәрбиесіне аса зор мән берген, тәуелсіздікке жету жолында құрбан болған Алаш қайраткерлері келешек ұрпаққа өнеге болып табылады.

Алаш қозғалысы тарихының өзекті мәселелері, Алаш қайраткерлері, олардың идеялары мен қоғамға деген көзқарасы мен атқарған рөлі туралы отандық зерттеуші-ғалымдар тек соңғы жылдары ғана еңбектер шығара бастады. Тарихымыздағы «ақтандақтарды» зерттеу осы шығып жатқан еңбектер мен құжат жинақтарының негізінде ауқымды түрде дәлелденуде. Осындай зерттеудің бірінде көрсеткендей, 1917 жылы 3 қарашада «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» жарияланды. Онда Ресей халықтарының теңдігі, еркіндігі, өзін-өзі басқару құқықтары, тіпті жеке бөліну және дербес мемлекет құру құқығы, сондай-ақ ұлттық және діни шектеулерді жою, саны аз халықтар мен этникалық топтардың еркін дамуын қамтамасыз ету туралы уәде берілді. Бұндай жағдайда қазақ зиялылары арасында ұлттың мемлекеттілігі туралы мәселе талқылауға түсті. Бұл мәселені қараған II Жалпықазақ съезінде бүкіл қазақ жерін, оның халқын біртұтас мемлекет туы астында жинауға бағытталған батыл қадам жасалды [3; 54].

Ұлт тәуелсіздігін ісімен де, сөзімен де өркендетуге қайрат-жігерін жұмсаған Х. Болғанбаев «Қоқанд съезі һәм қазақ-қырғыз», «Алаш автономиясы», «Тұла бойлары қан сасиды», «Елдің жайы», «Өзгерістің бір жыл тәулігі», «Ташкент 18 (5-ші) апрел», «Феурал өзгерісі», «Совет үкіметі һәм Күншығыс (II)» дейтін шығарамаларында сол жылдардағы саяси-қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді тұптамасынан қозғап баян еткен [4]. Әсіресе бұл орайда оның «Алаш автономиясы» деген туындысында: «...Бірінші, Рүсияның ішінде болып жатқан үлкен ойран, зор бүліншіліктен Алаштың аман қалуы үшін, екінші, Алаштың түпкілікті ел болып, басқалармен қатар қызықты тіршілікке жетуі үшін сонда қабыл етілген қаулыларды кешікпестен іске асыруы өте қажет еді. Сол себепті жалпы съез соларды орындап іске асырудың қамына кірісуі үшін он бес кісілік бір ұлт кеңесі сайлап Алаштың барлық негізгі істерінің тізгінін соған тапсырылған һәм ол Алаш автономиясының жоғарғы үкіметі болғандықтан, оған «Алаш ордасы» деп ат қойған еді... Алаш ордасы — ұлт істерінің басында тұратын күзетші. Ол ұлт қызметтерінің ұлы ұрғасын белгілеп, халықтың аталы істеріне бағыт көрсететін жетекші...» [5; 78], - деген сөздері қазіргі уақытта маңызды болып саналады.

Алашорда кезеңінде ұлт-азаттық қозғалыстың ауқымды бір бөлігі еліміздің оңтүстігін қамтыды. Алаш партиясының басына әлдеқандай қара бұлт төнгенде Хайретдин Әбдірахманұлы Мұстафа Шоқаймен, башқұрт Зәки Уәлиди Тоғанмен бірге ісі түркі жамағатына ортақ Түркістан автономиясын құруға белсене кірісті. 1917 жылдың 26–27 қарашасында Қоқандта өткен Түркістан мұсылмандарының өлкелік IV Төтенше съезі Түркістан автономиясын құру туралы қаулыны жариялады. 1917 жылы 1-желтоқсанда Түркістан автономиялық үкіметі өлке халқына Үндеу жариялады. Үндеуде Түркістан Ресей Федеративтік Демократиялық Республикасының автономиялық бөлігі болатынын мәлімдеді. Съездің өткізілген орны және автономияның әкімшілік орталығы Қоқанд қаласында орналасқандықтан, оны Қоқанд автономиясы деп те атады [6].

Өзімізге белгілі, 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында съезд ұйымдастыру мәселесі көтерілді. Бірінші ретте, Торғай және Орал облыстық съездері өтіп, соңынан осы жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында Бүкілқазақтық съезд өтті. Аталған съездге әр облыстан сайланатын депутаттар және кандидаттар тізімі бекітілді. Тізім «Қазақ» газетінде жарияланып, әр облыстан сайланатын кандидаттар есімдері анықталды. Мәселен, бекітілген Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария және т.б. облыстары мен Бөкейліктен ұсынылған кандидаттар арасынан Ақмола облысынан кандидат Хайретдин Болғанбаевтың есімін кездестіруге болады. Х. Болғанбаевпен бірге осы облыс атынан кандидаттыққа түскен белгілі азаматтар Айдархан Тұрлыбаев, Асылбек Сейтов, Ережеп Айтбаев, Сейілбек Жанайдаров, Жұмағали Тілеулин, Рақымжан Дүйсенбаев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтан-Махмұд Абылаев, Садық Мешелбаев, Салмақбай Күсемесов, Сәкен Сейфуллин есімдері де аталады. Бұл съезде жалпы күн тәртібі бойынша 14-ке жуық мәселе қаралған. Қазақ қоғамындағы елеулі өзгерістерге жол ашқан маңызды жиындардың бірі — 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен II жалпықазақ съезі еді. Съезд жұмысына әр облыстардан (Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Самарқанд облыстары) сайланған делегаттар жиналды. Съезд шақырушылар Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Сағындық Досжанұлы, Міржакып Дулатов болса, түрлі ұйымдардан һәм газеттерден Мұртаза Нұрсейітұлы, Әбдірахман Мұртазаұлы, Ғабдолғазиз Өлкешұлы, Бернияз Күлейұлы, Ғабдолхамит Жүндібайұлы, Ғабдолғазиз Мұсаұлы, Хош-Мұхамет Кемеңгерұлы, Хайретдин Болғанбаев съезд жұмысына қатынасты. Әрине, Екінші Жалпықазақ съезінің күн тәртібінде маңызды 10 мәселе қаралды. Олар: Сібір автономиясы; Түркістан автономиясы және Оңтүстік-шығыс Одағы туралы; Қазақ-қырғыз автономиясы; Милиция туралы; Ұлт кеңесі; Ұлт қазынасы; Мүфтилік мәселесі; Халық соты; Ауылды басқару және Азық-түлік мәселелері қарастырылған. Осындай маңызды мәселелерді қарастыру барысында Х. Болғанбаевтің рөлі ерекше.

Хайретдин Болғанбаев 1894 жылы қазіргі Ақмола облысының Қорғалжын ауданының Жосалы ауылында дүниеге келген. Оның әкесі Абдрахман Меккеге сапар шеккен дін адамы болған, ал Хайретдиннің өзі Орынбордағы Хусейн медресесінде білім алған [7]. Х. Болғанбаев 1917–1918 жылдары М. Шоқай, С. Қожановтармен бірге «Бірлік туы» газетін шығаруға қатысып, 1918–1919 жылдары Ташкент қаласындағы педагогикалық курста оқыған, ал 1919–1921 жылдары Ташкент, Орынбор қалаларында мұғалімдік қызмет атқарған. 1922–1923 жылдары Ақмолада, 1924–1927 жылдары Петропавловскіде (Қызылжарда) халыққа білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарған. 1928 ж. ОГПУ шешімімен «халық жауы» ретінде 5 жылға сотталып, Батыс Сібірге жер аударылған. 1934 ж. айдаудан оралған соң Алматыға келген, одан кейін қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданына қарасты Қаптанбек ауылына көшіп барып, сонда тұрақтап қалған [8; 367–368].

XX ғ. басында елімізде орын алған әлеуметтік-саяси өмірінде Хайретдин Болғанбаевтың атқарған маңызды рөлі зор болды. Атап айтқанда, Х. Болғанбаев қазақ мемлекеттігінің дәстүрін жалғастырған Алаш қозғалысының белсенді мүшесі болып табылады. Бұл жөнінде деректі «Қазақ» газетінен (1913–1918), «Бірлік туы», «Сарыарқа» газеттерінен (1917–1919) ұшырастырамыз. Сондай-ақ Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Шоқай мақалаларында, естеліктерінде, жазбаларында Х. Болғанбаев еңбегі, қасиеті атап көрсетіледі. Осыған қоса, Х. Болғанбаевты халықаралық деңгейдегі қайраткер деп атап көрсетуге негіз бар. Мұның дәлелі ретінде Х. Болғанбаевтың белгілі себеппен Қоқандта жарияланған Түркістан автономиясына қатысты істерге атсалысқандығын және оның ерекше рөлі — большевизмге қарсы тұрған Орталық Азия халықтарының күресіне белсене қатысуынан атап көрсетуге болады [9; 171–172].

Осымен қоса, Х. Болғанбаевтың ұлттық журналистика мен баспасөзді дамытудағы рөлі ерекше. Ол «Қазақ» газетінің тұрақты авторы, түркістандық ұлт газеті — «Бірлік туының» редакторы болған және аталған басылымның басып шығарылуына үздіксіз атсалысқан. Х. Болғанбаевтың Түркістан тұтастығына қызмет еткені белгілі. Ол «Қазақ» газетіне 1917 жылы 2 желтоқсанда жолдап, 18 желтоқсанда жариялаған «Телеграм. Түркістан автономиясы» атты хабарламасында: «27 нойабырда Қоқандта уалаят мұсылман сиезі болды. Жерлі «Түркістан автономиясы» жарияланды. Халық шаттықпен қарсы алып тұр. Уақытша ұлт мәжілісі — жаңа үкімет сайланды. Гинуарда Түркістанның ушередителни сабраниасы шақырылады. Үкіметтің уақытша тұратын орны — Қоқанд» деп, ал «Бірлік туы» газетіне 1918 жылы 30 наурызда «Бортаң» деген псевдонимімен жазған «Өзгерістің бір тәулігі» атты мақаласында «Әктәбірден кейін мемлекет ішінде талан-тараж бұрынғыдан да жаман күшейді. Жалпы халық пен байлар арасындағы өшпенділік шектен асты. Русияның көп шахарлары олардың хукіметі танымаған соң бәрін бәлшеуиктер ішінде бір уақыттың өзінде әлде неше жерлерде соғыстар болып жатты. Бәлшеуик бүліншілігі басталысымен-ақ Русиядағы тегі бөтен жұрттардың бәрі іргелерін бөлек салып, өз бастарының қамын қарастыруға кірісті. Соның үшін олардың бәрі өз алдына афтономиялар алған етіп, өз тізгіндерін өздері ұстамақ болды. Баста бәлшеуиктердің өздері де әр жұрт өз тізгінін өзі алсын деген жарлық шашқан еді. Сонынан ол жарлықты екінші мағынаға бұрып, афтономия алған жұрттардың да істеріне қол сұқпақ болды. Сонымен бәлшеуиктер оларға да қарсы соғыс ашты. Ақырында қару күшімен жұрттың бәрін қамыстай жапырып, жаңа жасалған афтономиялардың күлін көкке ұшырды...» деп атап көрсеткен [10]. Осылайша, Хайретдин біраз уақыт түркістандық ұлт газеті — «Бірлік туының» редакторы болып, осы басылымның үздіксіз шығуына ат салысқандығын көруімізге болады.

Осымен бірге, Х. Болғанбаевтың ұлттық ағарту ісіне қосқан үлесі ерекше. Ол Қызылжарда, Ақмолада, Ташкентте оқушыларға сабақ беріп, оқу-білім саласын ұйымдастырып, А. Байтұрсынов бастаған ағарту ісін дамытқан. XX ғасыр басында тарих сахнасына келген Алаш зиялылары қазақ халқының қоғамдық дағдарыстан шығарар жол — ғылым мен оқу-ағарту салалары деп білді. Әсіресе Алашорда үкіметін большевиктер талқандаған соң қазақ оқығандары оқу-ағартуға жаңа қарқынмен кірісті. Өткен ғасырдың 20-жылдары қазақ баспасөзі осы мақсатта жұмыс атқарды. Газет-журналдарда қазақ зиялыларының өткір, ащы мақалалары жарияланып, халықтың санасын оятуға тырысты. Мысалы, қазақ халқының рухани көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының сапындағы бірегей жатқыр тұлға — Хайретдин Болғанбаев оқу өнері, ғылым үйрету, оқулықтар туралы ой-толғамдарын «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұшқын», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттеріне жариялағаны мәлім.

Жалпы, XX ғасырдың басында Алаш зиялыларының қай-қайсысы болмасын өз ұлты үшін, елінің болашағы үшін аз тер төккен жоқ. Өйткені отарлық қыл бұрауынан қасірет жайлаған қазақ халқының өміріндегі қиыншылықтарға XX ғасыр басында кесе-көлденең шыққан ер-азаматтарын, халқының қамын жеген ардақты ұлдарын ойландырған үш мәселе болды. Бұл үш мәселе түпкілікті шешілмей қазақ халқының қараңғылық пен надандықтың уысынан құтылмасы айқынды. Бұлар — біріншіден, жер мәселесі; екіншіден, оқу-ағарту ісі; үшіншіден, ел басқару жайы еді. Қолына қалам алып, газетке хат жолдай бастағаннан-ақ Хайретдин де осы үш мәселе төңірегінде өз ойларын көпшілікке жеткізіп отырды [3; 51]. Бұған қоса, ол Кеңес өкіметі тұсында Қазақстан территориясын айқындау ісіне көп үлес қосқан, осы мәселемен тікелей айналысқан мамандарға кеңес берген. Зерттеуші Д. Қамзабекұлы Ақмола облысын Сібір төңкеріс комитетінен (Омбы) алып, Қазақстанға қосуда, Қорғалжын ауданын айқындауда және сол жергілікті жер балаларын оқытып, көзін ашуда Хайретдиннің еңбегі орасан деп бағалайды.

Осымен бірге, Х. Болғанбаев — түркі тілдес халықтарға ортақ аяулы тұлға. Профессор Дихан Қамзабекұлының сипаттамасына көңіл аударсақ, «Хайретдиннің халықаралық және бір саяси қайраткерлігін ұмытпағанымыз жөн. Ізденіс кезеңінде Х. Болғанбаев, Д. Әділов, М. Әуезов, тағы басқа азаматтармен бірге Бұхара-Самарқандтағы басмашылармен қазақтың болашағына қатысты келіссөздер де жүргізген. Қазір біз басмашылардың баскесер емес, өз өлкесінің азаттығы үшін күрескерлер болғанын айтып жаза бастадық. Х. Болғанбаевтың осы бағыттағы саяси сауаттылығын, табандылығын З.У. Тоған «Естеліктерінде» (Мәскеу, 1997) ерекше жазыпты» [9; 174].

Тарихшы Дархан Қыдырәлидің көрсетуінше, «Зәки Уәлидидің «Бүгінгі Түрік елі Түркістанның жақын тарихы» деп аталатын сүбелі еңбегінде Х. Болғанбаевтың есімі екі жерде аталады. Оның бірінде Хайретдин Болғанбаевтың есімі Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовпен бірге «Қазақ» газетінің белсенді авторы ретінде аталса (аталған еңбек, 500-б.), енді бір жерде Болғанбаевтың аты Мұстафа Шоқай мен Сұлтанбек Қожановпен бірге «Бірлік туы» газетінің шығарушылары қатарында аталады (аталған еңбек, 506-б.). Міне, Зәки Уәлидидің қаламынан туған осы жолдар арқылы біз Хайретдин Болғанбаевтың Түркістанның тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тігіп, қалам мен қаруды қатар алып, жан аямай күреске түскенін аңғарамыз. Оның біресе Орынборда, енді бірде Ташкентте, тіпті, Қоқанда жүріп халқына қызмет етуі сөзімізге дәлел болса керек» [6]. Сонымен, ұлы Мағжан ақыннан «бір теңі жоқ, бір кемі жоқ» деп баға алған Хайретдин Болғанбаевтың кезінде ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі болып отыр. Ол бүгінде киелі рухымен, қасиетті сөзімен, тегеурінді іс-қимылдарымен ортамызға оралды деп қуанышпен айта аламыз.

Түркістан автономиясы құлағаннан соң Х. Болғанбаев большевиктердің іс-әрекеттерін қатаң сынға алғаны және осы саяси белсенділігінің нәтижесінде 1928 ж. «контрреволюция ұйымының» мүшесі ретінде қамауға алынып, Архангельск пен Сыктывкарға жер аударылады. 1937 ж. отанына қайта оралған соң Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауылы, Келес ауданына келіп, Қапланбек зооветеринар техникумында оқытушы қызметін атқарады. 1937 ж. көктемінде қамауға алынып, Ташкент қаласында ату жазасына кесілген [11].

Осылайша, Д.Т. Камелов атап көрсеткендей, Патшалық Ресей тұсындағы мұсылман қозғалысы, Бүкілресейлік мұсылман съездері, Алаш қозғалысы, Жалпықазақ съездері, Алаш бағдарламасы, Бірінші дүниежүзілік соғыстың бейресми шындығы, Автономия үшін күрес ақиқаты, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Зәки Уәлиди Тоған, Мұстафа Шоқай, т.б. тұлғалар, «Қазақ» газеті, «Бірлік туы» газеті, Ташкенттің Алаш кезеңі, Қоқанда құрылған Түркістан автономиясы, Орталық Азия қайраткерлері арасындағы байланыс, Алаш пен большевизм текетіресі, Азаматтық соғыс шындығы, Кеңес платформасындағы Алаш қайраткерлерінің еңбегі, саяси қуғын-сүргін — осылардың барлығы Хайретдин Болғанбаевтың өмірімен тығыз байланысты [10].

2020 жылы Х. Болғанбаевтың немересі Д.Т. Камеловтің «Хайретдин Болғанбаев — свет неугасимой звезды» [12] аталатын өзінің монографиясын және «Казахстанская правда» газетінде «Не забыты имя и дела твои» [7] аталатын мақаласын жариялаған болатын. Аталған монография мен мақала КСРО Ішкі істер халық комисариатының архиві құжаттары мен тың дереккөздердің негізінде жазылғандығымен құнды саналады. Бұл басылымдарда берілген архив құжаттарына сүйенсек, 1929 жылғы 12 қаңтардағы айыпталушыдан жауап алу стенограммасында «Я был недоволен советской властью, потому что не верил в строительство социализма, не верил в долговечность этой власти и смотрел на нее как на преходящее временное явление, коммунизма на территории России я себе не представлял» [7] деп атап көрсетілген. Ал, тергеу хаттамасында былай көрсетілген: «Вопрос: По нашим сведениям, вы, в неоднократных беседах характеризуете положение Казахстана в условиях советской действительности, доказывали, что путь социалистического развития Казахстана является якобы гибельным и ведет к вымиранию казахского народа и что в Казахстане, как в отсталой окраине, построить социализм невозможно. Высказывались против мероприятий советской власти и ВКП(б) в отношении индустриализации страны. Доказывали, что государственные займы являются якобы непосильным налогом, а сама налоговая политика советской власти направлена на чрезмерное обложение казахских хозяйств. В результате этого вы стали убеждать население в невозможности построения социализма в СССР, и люди попадали под ваше влияние. Вы признаете это? Ответ: «Не признаю» [7].

1957 ж. Алматы облыстық Сот президиумының қаулысына сәйкес және 1997 ж. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының қорытындысы негізінде Х. Болғанбаев ақталды.

### Қорытынды

Осылайша, тұлғаны тану тек қана кез келген бір жеке тұлғаның өмірлік жолын ұғынуға емес, сонымен бірге, тұлғаның қоғамдағы қызметі мен атқарған ролін, басқа тұлғалармен өзара байланысын түсінуге мүмкіндік беріп, тарихи шындықтың мазмұнын қайта жаңғыртуға мүмкіндік тудыратыны сөзсіз. Осы себептен, қазіргі кезеңдегі отандық тарихнамада тарихи тұлғатанудың және тұлғаның тарихтағы ролі мен қызметін зерттеудің маңызы жоғары. Отандық тарихта есімі мен қызметін мақтан тұтатын және үлгі-өнеге алуға тұралық тарихи тұлғалар өте көп. Осындай тұлғалардың бірі және мемлекет пен қоғам қайраткері Хайритдин Болғанбаев. Ол ХХ ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени істерге өзіндік маңызды үлесін қосқан. Ол Алаш қозғалысының қайраткері, көсемсөзші, Бірінші және Екінші жалпықазақ сиездеріне қатысып, қазақ ұлтының мүддесін қорғап, Түркістан автономиясын құруға атсалысқан, Ақмолада Алаш комитетін құруда белсенділік танытып, 1917-1918 жылдары Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожановпен бірлесіп, «Бірлік туы» газетін жарыққа шығарған, осымен қоса ұлт тағдыры және руханият мәселелеріне арналған бірқатар еңбектері жарияланған. Х. Болғанбаев ХХ ғасырдың отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, заңдылықты бұзудың кінәсіз құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ зиялыларының қыруар қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі. Сондықтан оның қайраткерлігіне және еңбегіне баға беру болашақ жас ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін өте маңызды. Келешекте, ұлт ардақтысының өз халқы үшін жасаған еңбектерін зерттеу-зерделеу жалғасын табады деп сенеміз.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII век) / Ж.К. Касымбаев. — Алматы: Білім, 1999. — 203 с.
- 2 Изучение персоналии в процессе исторического познания [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://articlekz.com/article/5189>
- 3 Каренов Р.С. Хайретдин Болғанбаев — Алаш қозғалысының қабырғалы қайраткері / Р.С. Каренов // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. — 2013. — №1(69). — Б. 49-60.
- 4 Негимов С. Хайретдин Болғанбаев — лицо, получившее благодарность от Мустафы Чокая, похвалу от Магжана Жумабаева / С. Негимов // Жұлдыз. — 2006. — № 9. — С. 180–182.
- 5 Болғанбаев Х. Сочинения. Назидания / Х. Болғанбаев. — Астана: ПарасАТ Алемі, 2005. — 256 с.
- 6 Кыдырали Д. Жизнь, отданная за единство и независимость Туркестана / В кн.: Н. Болғанбаев Сочинения. Назидания. — Астана: Издательство Алемі ПарасАТ, 2005. — 200 с.
- 7 Камелов Д.Т. Не забыты имя и дела твои [Электронный ресурс] / Д.Т.Камелов. — Режим доступа: <https://kazpravda.kz/n/ne-zabyty-imya-i-dela-tvoi/>
- 8 Национальная энциклопедия. Том. 2. / Ред. А. Нысанбаев. — Алматы: Главное издание «Национальной энциклопедии», 1999. — 720 с.
- 9 Камзабекулы Д. Видный представитель Алаша Хайретдин Болғанбаев / Д. Камзабекулы. — Астана: Парасат, 2005. — С. 171–176.
- 10 Камелов Д.Т. Қайраткер Хайретдин [Электронный ресурс] / Д.Т. Камелов. — Режим доступа: <https://alash24.kz/news/14100https://alash24.kz/news/14100>
- 11 Проект «Рухани жаңғыру: мәңгілік ел алыптары». Болғанбаев Хайретдин [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://presidentlib.kz/ru/news/proekt-rukhani-zhangyru-mngilik-el-alyptary-bolganbaev-khayretdin>
- 12 Камелов Д.Т. Хайретдин Болғанбаев – свет неугасимой звезды / Д.Т. Камелов. — Алматы: Дәуір, 2020. — 288 б.

Н.Н. Елкей, Т.С. Садықов

**Деятель движения Алаш Хайретдин Болганбаев: роль личности в истории**

Изучение проблем истории Казахстана в начале XX века является одним из актуальнейших и сложнейших вопросов современной отечественной историографии. Начало XX века в истории нашей страны занимает особое место. Широкое рассмотрение вопросов общественно-политической истории казахского народа тесно связано с интеллигенцией, формировавшейся в конце XIX–начале XX веков и представляющей интересы казахского народа. В связи с этим актуальность статьи обусловлена тем, что и на современном этапе Республика Казахстан часто обращается к началу XX века, когда интеллигенция боролась за независимость, модернизацию сознания традиционного общества, поэтому изучение этого опыта позволит ответить на многие вызовы современности. Если внимательно приглядеться к истории двадцатого столетия, то казахская интеллигенция породила немало выдающихся ярких личностей и одним из них является Хайретдин Болганбаев. Цель статьи заключается в выявлении участия и вклада Х. Болганбаева в переустройстве и развитии казахского общества начала XX века.

*Ключевые слова:* Хайретдин Болганбаев, историческая личность, движение Алаш, история Казахстана, казахская интеллигенция, казахское общество начала XX в., газета «Бірлік туы», национальное просвещение.

N.N. Elkey, T.S. Sadykov

**Movement figure Alash Khairtdin Bolganbaev: the role of personality in history**

The study of the problems of the history of Kazakhstan at the beginning of the 20th century is one of the most urgent, most complex issues of modern domestic historiography. The beginning of the 20th century occupies a special place in the history of our country. A broad consideration of the issues of the socio-political history of the Kazakh people is closely connected with the intelligentsia, which was formed in the late nineteenth and early twentieth centuries and represents the interests of the Kazakh people. In this regard, the relevance of the article is due to the fact that at the present stage, the Republic of Kazakhstan often refers to the beginning of the 20th century, when the intelligentsia fought for independence, for the modernization of the consciousness of the traditional society, so the study of this experience will allow us to respond to many challenges of our time. If you look closely at the history of the twentieth century, then the Kazakh intelligentsia gave rise to many outstanding bright personalities, and one of them is Khairtdin Bolganbaev. The purpose of the article is to identify the participation and contribution of Kh. Bolganbaev in the reorganization and development of the Kazakh society at the beginning of the 20th century.

*Keywords:* Khairtdin Bolganbaev, historical figure, Alash movement, History of Kazakhstan, Kazakh intelligentsia, Kazakh society in the early 20th century, “Birlik Tuy” newspaper, national education.

**References**

- 1 Kasymbaev, Zh.K. (1999). Gosudarstvennye deiateli kazakhskikh khanstv (XVIII vek) [Statesmen of the Kazakh khanates (XVIII century)]. Almaty: Bilim [in Russian].
- 2 Izuchenie personalii v protsesse istoricheskogo poznaniia [The study of personalities in the process of historical knowledge]. Retrieved from <https://articlekz.com/article/5189> [in Russian].
- 3 Karenov, R.S. (2013). Khairtdin Bolganbaev — Alash kozgalysynyn kabyrgaly kairatkeri [Khairtdin Bolganbaev — a prominent representative in the Alash movement]. *Karagandy universitetinin khabarshysy. Tarikh. Filosofiya seriiasy – Bulletin of Karaganda University. History. Philosophy series, 1(69)*, 49-60 [in Kazakh].
- 4 Negimov, S. (2006). Khairtdin Bolganbaev — litso, poluchivshee blagodarnost ot Mustafy Chokaia, pokhvalu ot Magzhana Zhumabaeva [Khairtdin Bolganbaev — a person who received gratitude from Mustafa Chokay, praise from Magzhan Zhumabaev]. *Zhuldyz — Zhuldyz, 9*, 180–182 [in Russian].
- 5 Bolganbaev, Kh. (2005). Sochineniia. Nazidaniia [Works. Edification]. Astana: ParasAT Alemi [in Russian].
- 6 Kydyrali, D. (2005). Zhizn, otdannaia za edinstvo i nezavisimost Turkestana [Life given for the unity and independence of Turkestan]. Astana: Izdatelstvo Alemi ParasAT [in Russian].
- 7 Kamelov, D.T. Ne zabyty imia i dela tvoi [Your name and deeds are not forgotten]. Retrieved from <https://kazpravda.kz/n/ne-zabyty-imya-i-dela-tvoi/> [in Russian].
- 8 Natsionalnaia entsiklopediia (1999). [National Encyclopedia]. Vol. 2. Almaty: Glavnoe izdanie “Natsionalnoi entsiklopedii” [in Russian].

9 Kamzabekuly, D. (2005). Vidnyi predstavitel Alasha Khairtdin Bolganbaev [Prominent representative of Alash Khairtdin Bolganbaev]. Astana: Parasat [in Russian].

10 Kamelov, D.T. Kairatker Khairtdin [Kairatker Khairtdin]. Retrieved from Retrieved from <https://alash24.kz/news/14100><https://alash24.kz/news/14100> [in Russian].

11 Proekt “Rukhani zhangyru: mangilik el alyptary”. Bolganbaev Khairtdin [Project “Rukhani zhangyru: mangilik el alyptary”. Bolganbaev Khairtdin]. Retrieved from <https://presidentlib.kz/ru/news/proekt-rukhani-zhangyru-mngilik-el-alyptary-bolganbaev-khayretdin> [in Kazakh].

12 Kamelov, D.T. (2020). Khairtdin Bolganbaev — svet neugasimoi zvezdy [Khairtdin Bolganbaev — the light of an unquenchable star]. Almaty: Daur [in Russian].

Ә.Б. Жағыпар\*

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: karakesek334@mail.ru)

## Тұлғалар тағылымы және Бүркіт Ысқақұлы

Мақалада ХХ ғасырдың 20-40 жылдары кеңестік биліктің жүргізген солақай саясатының салдарынан балалық балдырған шақтары ашаршылық, байларды кәмпескелеу және қуғын-сүргін зобалаңдарын көріп өскен жас толқын Бүркіт Ысқақұлының басынан кешкен жағдайлары баяндалған. Автор мақалада Бүркіт Ысқақұлы тұлғасын мысалға ала отырып, оның өмір жолын саралаған және сол кеңестік кезеңнің жүргізген саясатын талдаған. Елдегі жүргізіліп жатқан саясатты Абай кітаптары мен Алаш зиялылары еңбектерінен оқып түсінген бала Бүркіт тұлғалар тағылымын ала отырып, кеңестік кезеңде құрылған жастардың астыртын саяси ұйымын «ЕСЕП» партиясын (Елін сүйген ерлер партиясы) құруының алғышарттарын түсінуге мүмкіндік берген.

*Кілт сөздер:* тұлғалар тағылымы, Алаш идеясы, тәуелсіздік, ашаршылық, жастардың астыртын саяси ұйымы, ЕСЕП (Елін сүйген ерлер партиясы), ұлттық құндылық, ұлттық сана.

### *Kipicne*

Отандық тарихта кеңестік кезеңде қазақ ұлтының келбетін сақтап, санада өшуге айналған ұлттық құндылықтарды болашаққа жеткізуді астыртын жастардың ұйым мүшелері өз мақсат-міндеттеріне алды. Сондай жастардың астыртын ұйымының бірі — Қарағанды қаласында құрылған «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы) мүшелері ұлтының тәуелсіздігі жолында өз бастарын қатерге тікті. «ЕСЕП» құрамында қалыптасу кезеңінде болған жастар ХХ ғасырдың 20-жылдары дүние есігін ашқан халық перзенттері. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен басталған болшевиктік билік, кеңестік коммунистік жүйе тоталитарлық өктемдікке ұштасты. «Кіші Қазан» төңкерісімен сабақтас байларды арнайы тәркілеудің салдары халқымыздың елінен жыраққа кетуге, ашаршылыққа ұшырауына ұла-сып, халық демографиясына орасан зор шығындар келтірді. Отандық тарихты алғашқылардың бірі болып осы күрделі кезеңді дәуірлеген тарихшы М. Қозыбаев қазақ тарихын тоғыз асқарлы белестерге бөліп, кеңес дәуірін қазақ халқы кеңес империясының уысында деп көрсетеді [1; 22]. Автор уақыт шындығын айта отырып, тәуелсіздік идеясының тарихи сабақтастықтығын да айтқан. Осы зұлматты жастардың астыртын саяси ұйымы «ЕСЕП» негізін қалаушы Б. Ысқақұлы балалық шағынан өз бастарынан өткеріп, көзімен көрді. Азаматтық ұстанымы, елдік дүниетанымы ұлт қасіретімен байланысты қалыптасқан Бүркіт Ысқақұлының «ЕСЕП» жастардың астыртын саяси ұйымын құру идеясын негіздеуі заңдылық еді. Сондықтан да біз мақаламызды «ЕСЕП» жастардың астыртын саяси ұйымы негізін қалаған, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ғалым Бүркіт Ысқақұлының өмір жолын қарастырамыз.

Бүркіт Ысқақұлы 1924 жылы 4 қарашада Қарағанды облысының Нұра ауданына қарасты Көк-мөлдір ауылында дүниеге келген [2; 566]. «Бүркіт Ысқақов» атымен қазақ және алыс-жақын шет елдерге таныс болған есімді, біз неге Бүркіт Ысқақұлы деп атағанымызды түсіндіріп өтуді жөн деп білеміз. Кейбір зерттеушілердің айтып жүргеніндей Бүркіт Ысқақұлының «Бейісбек Томпақов» есіміне қандай қатысы бар, осы мәселенің де бетін ашып алсақ. Осы жағдайларға байланысты, бірінші факті Бүркіт Ысқақұлы өз қолымен, өз тағдырын жазған «Неге? Неліктен? Не үшін?» мемуарлық мақаласында атасы Ыбырай (Ибрагим) турасында: «Ол кісі 1870 жылдары Семей уезіндегі Шыңғыстау болысының Ақбұлақ деген жерінде дүниеге келіпті. Осыған байланысты ол өзін қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың жерлесі, елдесі әрі аттасы деп есептейтін. Әрі соны өзінше мақтан ететін» [3; 14], – дейді. Осы мақалада Нұра бойындағы Сұлтан-Ахмет мектебін айтып, әкесі Ысқақ жайлы: «1916-1917-жылдары осы мектепте біздің ауылдың басқа жігіттерімен бірге менің әкем Ысқақ та оқыған еді» [3; 15], – деп ойын түйіндейді.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: karakesek334@mail.ru



Екінші факті, біздің Бүркіттің қызы Айгүлмен нарративтік сұхбатта: «Бейісбек Томпақов» туралы мен атам Ысқақтан және Махмет Темірұлынан естігем. Әкем жас кезінен өте әдебиетке жақын болған, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров кезінде репрессияға ұшыраған ақындардың шығармаларын оқыған. Соларға ұқсаймын деп жігерлі болған екен, өте білімге құштар болып, көп кітап оқыған. Осы кісілердің шығармаларын оқып ұқсағысы келген. Өйткені Бүкең білімді болған соң, әңгімені жақсы айтқан. Тілі бай, өзінің білімі терең жас кезінде өте қайсарлығына қарап басқалар «өзің бүркіт сияқтысың ғой» дейді екен. Өзіне тиіскен немесе жәбірленген басқаны қорғау үшін бойына, әліне қарамай қайсарлық танытып, күш көрсетіп, бүріп алатындай жабысып алатын деп айтатын Ысқақ атам, сосын бүркіт деп атап кеткен. Ересек балалардан өзін білімділігі жағынан биіктеу ұстағаны ма? Сөйтіп балалардың барлығы Бүркіт деп атап кеткен. Өзін 10-12 жасқа дейін Бейісбек деп айтқан, одан кейін Бүркіт деген. Ал Томпақ туралы бұл біздің үлкен атамыз ғой. Ибрагим (Ыбырай) аты болған, бірақ өзінде маңдайдағы шекесінде бір томпақ болған екен, сосын ел арасында «Томпақ» деп айтып, сосын «Томпақ шал» деп кеткен. Ал мынау Томпақовтың шығуы, Ибрагимнің ұлы Нариманнан бала кезінде біреулер кімнің баласысың деп сұрағанда «Томпақтың баласы», «Томпақовпын» деп атайды екен, бала қалай естиді солай айтады емес пе? Содан солай аталып кеткен» [4], – дейді. Жас балаға өзі сұранып тұрған Бүркіт есімі осылай таңылған.

Үшінші факті, жоғарыда Айгүл Бүркітқызы атап өткен балалық дәуренді бірге өткізген, өзінің замандасы, «ЕСЕП» белсенді мүшесі Махмет Темірұлының «Арман мен азап» кітабында: «Бір күні қолында Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» («Мөлдір махаббат») романы бар, біздерге кітап туралы қысқаша түсіндіріп берді де:

– Бүгіннен бастап мені Бейісбек емес, Бүркіт деп атаңдар, – деді.

Романдағы Бүркіт бейнесі оған қатты ұнаған екен.

– Енді маған Бәтестей ару керек, мен өз Бәтесімді қайтсемде іздеп табуым керек, – дейді кеудесін кернеген жастық арманымен. Сол күннен бастап-ақ бұрынғы Бейісбек Томпақов жаңадан Бүркіт Ысқақов болып аталып кетті. Өзінің құрбы-құрдастары да, оқытушылар да мұны бірден мақұлдады. Бәрі де оған:

– Қырандай қырағы болсын, қаққанда қанаты талмасын, – деп тілек білдіргендей болды», – дейді [5; 30]. Сондықтан да, өзі қалаған атпен және көпшілікке таныс есімімен атауды бізде жөн көрдік, негізгі біздің айтпағымыз Бүркіт Ысқақұлының болашақта жазылатын өмірбаяны мен энциклопедиялық мақалаларда осындай түсінбестіктер орын алмаса екен. Сол үшін бізден кейін де осы тақырып аясында жазатын зерттеушілерге де айтарымыз Бүркіт Ысқақұлы деп жазуларын сұраймыз.

#### *Зерттеу әдістері*

Мақаланы жазуға негіз ретінде тарихылық принципі алынды. Бұл принцип белгілі бір процестің өткені, бүгінгі мен келешектегі үзілмей сақталған байланысты алға қоя отырып, зерттеу шеңберінде қойылған тиісті бір тарихи міндетті шешу барысында сан салалы мәліметтер жүйесін анықтап, сараптамадан өткізуді талап етеді. Сондықтан да біздің мақаламызда Бүркіт Ысқақұлының жастық шағын қарастыру барысында кеңес дәуірінің дамуын сан қырдан көрсететін деректер базасын, статистикалық мәліметтер мен т.б. қажетті материалдар зерттеу үшін жүйелілік әдісін қолдандық. Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану арқылы кеңес дәуірінің даму ерекшеліктері, бағыттары мен деңгейлері қарастырылып салыстырылды. Кезеңдеу әдісі арқылы белгілі бір әлеуметтік, мәдени, тарихи процестердің барысы, кезеңдері және оларға тән өзіндік ерекшеліктері мен мәні зерттелді.

#### *Талдау*

Әр адамның дүниеге келген жері, өскен ортасы ыстық болады. Бауырында асыр салып өскен Көкмөлдір турасында Б. Ысқақұлы: «мен Көкмөлдір деген өзеннің жағасындағы кішкене ауылда туып-өстім. Ауылым Көкмөлдір десе, көкмөлдір еді. Жағасы жасыл құрақ, көкөрай шалғын, шөбі де көк жасыл, шүп-шүйгін болатын. Өзеннің суы үнемі көкпеңбек болып мөлдіреп, тұнып жататын. Кім қойса да, атын дұрыс, тауып қойған еді. Бірақ осы Көкмөлдір деген атты отызыншы жылдардың басында жоғарыдан нұсқау болды ма әлде аудан басшыларының өздері ойлап тапты ма, әйтеуір, «Өндіріс» деп өзгертті. Бұл жаңа атқа ауылдың біраз адамы қарсы болды. Олардың ішінде менің атам да бар еді. Алайда олардың пікірімен санасқан ешкім болған жоқ. Бала болсам да, сол ауыл адамдарының бірі болып мен де наразы болдым. Олардың: «Жер-су аттарын орынсыз неге өзгертеді?» деген сұрағы көңілімде мәңгі қалып қойды» [3; 14], – деп жазады. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында іске асырылған қазақи жер-су атауларын өз қалауларына қарай өзгертуі халықтың санасынан тарихи

атауларды өшіріп, орыстандыру саясатын жүргізгендігінің бірден-бір жарқын мысалы. Аталған мақаласын: «қазір Көкмөлдір деген ат ешбір картада, ешбір іс қағаздарында жоқ, бірақ ол менің паспортымда әлі күнге дейін сақталып келеді. Бұл маған өзімнің дүниеге келген ауылыма, өскен жеріме деген мәңгілік махаббатымның белгісіндей көрінеді. Кейін өз ауылыма арнап «Көкмөлдір» деген өлең де жаздым. Ол менің әр жылдары жарық көрген өлең жинақтарымнан орын алып келеді. Кейін «Өндіріс» деген ат та тұрақтамай, оны «Ұзақбай», «Сәкен» деп өзгертті. Бірақ олар да ұзаққа бармай, «Октябрьдің қырық жылдығы» атындағы колхоз аталды. Қазір оның өзі де жоқ, өйткені ол «Чернигов» совхозының үшінші фермасына айналды да, «Үшінші ферма» аталуда. Бірақ ауылдың атын осыншама сан саққа жүгіртіп, қырық құбылтып, өзгерте бергенде, мемлекетке, өкіметке қандай пайда келді?» [3; 14], – деп толғайды. Сол арқылы ұрпаққа ойлы сұрақ қойып толғандырады. Ақынның жоғары да айтқан дүниеге келген жері Көкмөлдір жайында ерекше тебіренеді:

«Жағасында Нұраның,  
Жер бар, аты – Көкмөлдір.  
Болғанымен бірі жыраның,  
Суы қандай мөп-мөлдір!  
Бойы — бітік бетеге,  
Жасыл құрақ — жағасы.  
Төскейі — гүл текемет,  
Балдан тәтті ауасы.  
Халық сүйген қарт Қайып,  
Осы жерде туыпты.  
Ақын Сәкен жантайып,  
Суына бетін жуыпты.  
Атам соны қоныс қып,  
Менде сонда туыппын.  
Сонан маған ол ыстық,  
Сондықтан да сүйіктім!» [6; 13].

Өз махаббатын төге жырлайды. Бүркіт Ысқақұлы өзінің оқырмандарын ойландыра қойған сұрағына, өзі толғандырып жауабын береді: «Меніңше, орынсыз қаржы жұмсағаннан басқа, ешқандай пайда түскен жоқ. Сонда бұл өзгеріс, бұл жаңалық кімге, не үшін керек? Кейін білсем, тек бір ғана біздің ауылдың аты емес, Нұра ауданына қарасты бүкіл жер-су, ауыл аттары түгелдей өзгеріп кетіпті. Рас, жаңа заманның, жаңа өкіметтің өз ұғымы, өз мұраты, өз мақсаты, өз ұраны, тіпті өзінің атақты адамдары болады. Оны халықтың санасына құю да керек шығар. Бірақ көптен келе жатқан тарихи әрі әдемі жер-су, ауыл-аудан, қала аттарын орынды-орынсыз өзгертудің не қажеті бар? Өздерінің аттарын қойғысы келсе, бұрынғы патшалардың, генералдардың, байлардың аттары немесе жаңадан салынып жатқан қалалар, ашылып жатқан колхоз-совхоздар, мектеп, мекеме, көшелер бар емес пе? Соларға неге қоймайды екен? Міне осы сұрақты осы уақытқа дейін көңілімнен кетпей келеді» [3; 14].

Кеңестік кезең турасында Х. Әбжанов алты дәуірді атайды. Соның ішінде бесіншісі, зорлық пен модернизациялау дәуірі деп, осы турасында: «Большевиктер билеген 74 жыл ішінде Қазақстан тарихы жетістіктерімен де, өкініштерімен де бедерленді. Қазақ мемлекеттігі қайта дүниеге келгенмен, оның өз еркі өзінде болмады, Ата Заңымыз қабылданғанмен, іс жүзінде жартыкеш күйде жұмыс істеп тұрды, өкімет халықтікі саналғанмен, қалың көпшілік ел басқарудан шеттетілді, республиканың экономикалық қуаты артқанымен, ол еңбек адамының әл ауқатын түзеуден гөрі, әскери-өнеркәсіптік кешенге көп бағынышты еді, ұлт зиялыларын даярлау үздіксіз қуғын-сүргінмен ұштастырылды, ұлттық мәдениетке қамқорсыған қаулы-қарарлар Мәскеуде үсті-үстіне қабылданып, нақты өмірде қазақ тілінің, мектебінің, бұқаралық ақпарат құралдарының қолданым аясы, тынысы тарылды да, Қазақстанның тағдыры, шаруашылығы мен мәдениеті ішкі объективті қажеттілік қисынымен емес, сырттан таңылған ұжымдастыру, индустрияландыру, мәдени революция, тың игеру, қайта құру науқандарына, яғни Мәскеуге тиімді модернизациялау жоспарына сай, күшпен, бұрмалана, зорлықпен жүзеге асырылды», – дейді [7]. Расымен де, тәуелсіздік алғалы өз елімізге тиесілі тарихи-географиялық жер-су, ауыл, аудан, қала атауларын қайтадан қалпына келтіру бүгінгі күннің де өзекті мәселесі. Ол — тарихи сананы қайта жаңғыртып, тамырымызды тереңге жайылғанын жас ұрпаққа түсіндіру үшін өте қажет және керек.

Бала Бүркіт жастайынан халық ауыз әдебиетіне құмар болып, жаттап өседі. Өз естелігіндегі: «Мен жастайымнан әдебиетпен әуестендім. Бұған себеп болған Ыбырай деген атам еді... Нұра бойы-

на он бір жасында көшіп келсе де, өзінің кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен Семейін, Шыңғыстауын ұмытпай, әрқашан есіне алып отыратын. Бір жылы сол атам Абай Құнанбаевтың 1909 жылы Петербургте басылып шыққан өлеңдер жинағын қолына түсіріп алыпты. Өзі хат танымайтын. Өзінің келіні әрі менің шешем Нұржамалды шақырып алып, әлгі Абай өлеңдерін оқытатын. Ол өлеңдерді атамның жанында жатып алып мен де тыңдайтынмын» [3; 14], – деген ойынан, тәрбие бастауын текті атасынан алып және болашақ әдебиет пен ғылымға деген қызығушылығының қалануына анасының сауатты болуы үлкен рөл атқарғандығын көреміз. Біздің Айгүл Бүркітқызынан алған сұхбатымызда: «...бетін қақпай өсірген қайсарлық та осы атасынан дарыған» [4], – дейді. Қазіргі кезеңдегі тәуелсіз Қазақстан идеологиясының мәйегі — ұлттық патриоттарды тәрбиелеу екендігі аян. Сондықтан да, ұлттық қазақы қайнардан қанып ішкен сәби болашақта өз ұлтының сенімін ақтайтынын дәлелі бола алады. Сол кезеңде қоғамдағы болашақтың тәрбиесімен айналысатын ақсақалдар турасында терең толғанады: «қайта-қайта оқып, қайта-қайта тыңдағаннан болу керек, мен сол кездің өзінде-ақ Абайдың көптеген өлеңін жатқа білдім. Кейін сол өлеңдерді атама жатқа айтып беріп те жүрдім. Атам оған мээ болып: «Көрерсіңдер әлі, менің осы балам ақын болады дейтін» [3; 14]. Қазіргі өмір сүріп жатқан жаһанданған заманда тәрбиеге аса мән беретін ақсақалдар жоқтың қасы екендігін ащы да болса мойындауымыз керек.

Жетпіс жылдан артық басқарған большевиктік партияның тоталитарлық тәртіп жүйесін, коммунистік идеологиясы халыққа жалған ұрандар және «тендік», «бостандық» әпереміз деген желеумен келді. М. Қозыбаевтың «Қазақстанның XX ғ. тарихын зерделеу проблемалары» атты мақаласында: «Күн тәртібінде XX ғ. кезеңдеу проблемасы тұр. Ал кезеңдеу болмаса бірнеше принциптерге негізделу керек. Ол принциптер: саяси билік өзгерісі, меншік өзгерісі, таптық өзгеріс, рухани идеология саласындағы өзгерістермен санасу арқылы іске асары хақ.

I кезең. Қазақ сахарасында капитализм дамуы, одан әрі отарлау саясатының өрістеуі, реформаторлық қозғалыс туындау кезеңі (1900-1916 жж.).

II кезең. 1916 ж. ұлт-азаттық майданы.

III кезең. Революциялық бетбұрыс, әлеуметтік-азаматтық қарама-қарсылық кезеңі (1917 ж. ақпан — 1920 ж.).

IV кезең. Кооперативтік социализм кезеңі (1921-1928 жж.).

V кезең. Тоталитарлық-казармалық социализм кезеңі (1928 ж. қазан — 1985 ж.).

VI кезең. Желтоқсан көтерілісі, халық рухының жаңғыру процесінің туындауы.

VII кезең. Тәуелсіздік заңнамасы (1991 ж. бастап).

Сөз жоқ, бұл кезеңдерді абсолютендіруге болмайды» [1; 396], – деп өзінің ғылыми пайымдауын ұсынады. XX ғасырдың басы қазақ халқының дәстүрлі қоғамының қаймағы бұзыла қоймаған кезең болатын. Ел болып жақсылыққа жаны құмар қазақ халқы жаңалықты жақсы қабылдады. Сол кезеңде өмір сүрген Б. Ысқақұлы: «атам өзін: «бөтен елдің ішінде жалғыз үй кірме болдым, сондықтанда өмір бойы қағажу көрдім», – деп есептейтін. Осыған байланысты патша өкіметінің құлап, Кеңес өкіметі орнағанда, оны қуанышпен қарсы алды, 1924 жылдың өзінде-ақ өзінің Ермек атты ұлын Қызыл әскерге берді, басқа балаларын да жергілікті кеңес жұмыстарына орналастырды, отызыншы жылдардың басында біздің ауылда колхоз орнағанда, оған алғашқылардың бірі болып кірді. Қысқасы, атам өкіметтен көп нәрсені күтті» [3; 14-15], – деген ойынан бұқара халықтың көбі осы оймен жаңадан келген билікті өздерінің өкіметі деп ойлағанын көреміз. Осы кезеңді Т. Омарбеков пен Ш. Омарбековтің еңбектерінде тарихнаманың жүйеленуіне байланысты айтылған ойларды талдай келе: «Біздің ойымызша, 1917 жылдан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихын басты-басты үш дәуірге бөлген жөн. Олардың алғашқысы: «Қазақстан: жол таңдау» (1917 жылғы тамыз), екіншісі: «Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл империя құрамында» (1920 ж. тамыз — 1991 ж. желтоқсан), үшіншісі: «Қазақстан — тәуелсіз мемлекет» (1991 ж. желтоқсаннан бүгінгі күнге дейін)» [8; 14], – деп өздерінің Отандық тарихтың тарихнамасының негізгі методологиялық ұстанымдарын ұсына отырып, кеңес дәуірін өз ішінен кезеңдерге бөліп қарастырады. Жоғарыда айтылып жатқан Отандық тарихнаманың шығуына байланысты Ақселеу Сейдімбек «Далалық ауызша тарихнама (ДАТ)» атты мақаласында: «Тарих өткен өмірді сөз еткенімен бүгінге және болашаққа қызмет етеді. Кез келген тарихи танымның өзегінде белгілі бір ұлттың, тайпаның, рудың, тіптен жеке адамның өмір тәжірибесі, мақсат-мұраты, моральдық-этикалық нормалары жатады. Түптеп келгенде, тарих дегеніміздің өзі өмір танудың, қоғам танудың, адам танудың ұлы мектебі. Осы орайда, жалпы шежіре тарату дәстүрі, оның ішінде қазақтың далалық ауызша тарихнамасы (ДАТ) тарихи танымның елеулі бір арнасы болып табылады» [9; 59], – деп қазақ ұлтының тамырына терең бойлаудан тарихнаманы шығарады.

Б. Ысқақұлының балалық шағы кеңес өкіметінің орнаған жылдарымен қатар келіп, қызылдардың жүргізіп жатқан саясатын, көргендерін көкірегіне түйіп өседі: «тағы сол отызыншы жылдардың басы болу керек. Бір күні ауыл, аудан басшылары келіп: «Колхоз боламыз, ортаға саламыз», – деп бүкіл ауылдың малын жинап алды. Байлардың малын бұдан бұрын, кәмпеске кезінде алса керек, ол есімде жоқ, енді кедей–кешіктің жалғыз–жарым қарасын сыпырып алып жатыр. Кезек біздің үйге де келіп, қорамыздағы бар малымызды айдап әкетті. Алдарындағы аздаған малынан айырылған менің әкешем де жер шұқып қала берді. Әрине, мұндай орынсыз қысымға, көпе–көрнеу зорлыққа бүкіл ауыл адамдары, соның ішінде менің ата–анам да наразы болды. Соларға қосылып бұл «науқанға» мен де іштей наразы болып жүрдім. Расында да, халықтың жалғыз сиырын тартып алды деген не сұмдық? Бұл қандай қатігездік? Міне осының аяғы келіп, бүкіл қазақ елін 1933 жылғы ашаршылыққа душар етті. Осы ашаршылық кезінде Қазақстан өзінің үш миллионға жуық адамынан айырылыпты. Ал мұның мемлекет үшін, өкімет үшін не пайдасы болды! Ал осыларды кімдер істетті, кімдер жасады? Міне осы сұрақ та көпке дейін көңілімнен кетпей қойды» [3; 14]. Өкіметтен көп үміт күткен атасының үйі жайлы: «міне, сол атамның қолында бір қара биесі болатын. Басқалардың малын алып жатқанда, «әскер семьясы» деп, атама сол биені қалдырып кеткен болатын. 1933 жылы аудан басшыларының бұйрығымен, ауыл басшылары сол биені де алып кетті. Ауыл, аудан басшыларының бұл ісіне атам өте ашынды, өте қайғырды. Өзімнің сүйікті атама, ағайын-жұрты жақсы көрген, бүкіл ауыл-аймағы сыйлаған атама қосылып мен де қайғырдым, мен де наразы болдым. «Осы қатігездік кімге керек? Мұны кімдер жасады, кімдер жасатты?». Осы сұрақ көңілімнен кетпей қойды» [3; 15], – деп ой толғайды. Халықтың басына түскен осындай қиын жағдайларды көріп, ойын баласы болып асыр салып ойнаудың орнына балалық балдырған шақтарын бұзған кеңес өкіметіне деген қарсылығы іргетас (фундамент) болып қалыптасты. Байларды кәмпескелеумен қатар, қолында ұстап отырған азын-аулақ малдарынан айырған коммунистік биліктің бұл саясаты ашаршылыққа алып келді. Осы ашаршылықтың орасан шығынын белгілі демограф-ғалым Мақаш Тәтімов: «Бұрын-соңды болып көрмеген керемет ашаршылық пен індет аурулардың жойқын апаты, әсіресе 1932 жылы дендеп кетті. Сондықтан бұл жылдар халқымыздың есінде асыра сілтеушілік деген ұғыммен қатар, «1932 жылғы ашаршылық» немесе «мешін жылының апаты» деген атпен сақталып қалды. Жұт жеті ағайынды болса, апат алты ағайынды болып келетіні белгілі. Бұл жылдардың зардаптары өте ауыр болды. Халық орасан көп шығынға ұшырады, ел қатты жұтап кетті, жұрт шұбырындыға айналды. Қазақ халқының болашақтағы демографиялық даму мүмкіншілігі орны толмастай қатты ойсырап қалды. Бір Қазақстанның өзінде оның байырғы тұрғындарынан 2 миллион 200 мың адамның өмірі мезгілсіз сөнді. Бұл республика бойынша 4 миллион 120 мыңға жетіп қалған қазақ жұртының жартысынан астамы, ал дәлірек айтсақ 53 проценті еді. 1931–1933 жылдардағы шығын халқымыз үшін бұл апат мұның алдында болған 1916–1921 жылдардағы күйзеліс кезіндегі шығыннан 3 есеге дерлік, ал 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тура және жанама шығынынан 6 еседен астам көп болды. Осы тарихи салыстырмалар тұрғысынан алып қарасақ, асыра сілтеудің шығындары өзінен бұрын 210 жыл бұрын болған ең сұрапыл жаугершілік кезең — «Ақтабан шұбырындының» шығындарынан жалпы саны жағынан 2,2 есе, ал процент жағынан 1,7 есе асып түскен. Ол кезең халқымыздың есіне әлі күнге дейін «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деген атпен мәңгі қалды. «Асыра сілтеуден аша тұяқ қалмаған» бұл кезең де халық зердесінен мәңгі өшер емес. Қазақстаннан тыс көшіп кетіп қалған 1 миллион 100 мың босқындар мен шұбырындыларды қоса санағанда, сол кезеңде ғана республикамыз өзінің байырғы халқының үштен екісі астамынан айырылып қалды» [10; 45-46], – деп ой қорытады.

Осындай қазақ халқы зұлмат кезеңдерді бастан кешіріп жатқанын көріп, Б. Ысқақұлы өз қатарластарынан ерте есейіп қимыл іс-әрекет жасау керектігін түсінеді бұған қатысты: «1936 жыл. Біздің ауылға атақты революционер-болшевик, ақын Сәкен Сейфуллин есімі берілді. Біздің ауыл енді «Өндіріс» дегенді қойып, «Сәкен» колхозы деп аталды. Бұған бүкіл ауыл-аймақ болып қуандық. Өйтпегенде ше? Өйткені Сәкен — біздің жерлесіміз, Сәкен — біздің мақтанымыз, Сәкен — біздің даңқымыз. Олай болатын себебі: Сәкеннің өмірбаянында «Ол Ақмола уезінде дүниеге келген» деп жазылған ғой. Біздің тұрған жеріміз де Ақмола уезіне қарайтын. Оның үстіне С. Сейфуллин 1916 жылы Омбының оқытушылар семинариясын бітіріп, Ақмола қаласына келеді. Онда өзіне лайықты жұмыс іздеп жүргенде, оған Сұлтан-Ахмет Абылайханов деген юрист (адвокат) кездеседі. Бұл кісінің тегі төре. Арғы атасы — Абылай, бергі атасы — Шыңғыс, жалпы Шоқан Уәлихановтардың туысы болып келеді. Сол кісі өкімет орындарының рұқсатымен, біздің Нұра бойындағы «Бұғлы-Тағылы (Жіңішке)» деген жерден қоныс алып, соған орныққан, сол жерден екі кластық қазақ-орыс мектебін ашып, енді сонда қызмет істейтін мұғалімдер іздеп жүрсе керек. Іздегенге сұраған дегендей, екеуі тез келісе

кетеді. Сұлтан-Ахметке мұғалім керек. Сонымен бірге ол сол кезде Орынбордағы «Хусаиния» медресесін бітіріп, Ақмолада жүрген Абдолла Асылбековті қосып алып, Сәкен екеуін өз ауылына алып келеді де, өзі ашқан мектепке мұғалім етіп орналастырады. А. Асылбеков есеп, география, жаратылыстану пәндерінен сабақ берсе, С. Сейфуллин орыс тілі, әдебиеті, тарихтан сабақ береді. Сәкеннің кейбір өлеңдерінің соңында «С.–А. ауылы. 1916-жыл» деген сөздер кездеседі. Ақынның «С.–А. ауылы» деп отырғаны — осы «Сұлтан–Ахмет ауылы» [3; 15], – деген естелігінен жергілікті жерге байланысты этнографиялық мәліметтерді кездестіреміз. Сұлтан-Ахмет мектебінің одан соңғы жағдайын: «ағаштан қиып жасалған екі қабат үй болатын. Кейін колхоз кеңсесіне, бара-бара қоймаға, одан мал қорасына айналды. Бұл жер 1938-53 жылдары «Жамбыл» колхозы атанса, 1954 жылдан бастап «Энтузиаст» совхозы аталады» [3; 15], – деп суреттейді. Бұл деректер Б. Ысқақұлының ашылмай жүрген жаңа қыры этнограф екендігінің дәлелі бола алады.

Қазақ даналығында «тегіне тартпай қоймайды» деген тұрақты сөз тіркесі Бүркіттің әкесі Ысқаққа тарта дүниеге келгендігін дәлелдейді. Ысқақ сауатты, көкірегі ояу, көзі ашық болған: «1916-1917-жылдары осы мектепте (Сұлтан-Ахмет мектебі – авт.) біздің ауылдың басқа жігіттерімен бірге менің әкем Ысқақ та оқыған еді. «Сол кезде Сәкен менен үш-ақ жас үлкен еді», — деп отыратын марқұм. 1933-жылы осы мектепте мен де оқыдым» [3; 15]. Алғашқы білімнің қайнар бастауын оқушы Бүркіт Сұлтан-Ахмет мектебінен алып, хат танып, сауатын ашқан.

Мектеп табалдырығын аттаған оқушы Бүркіт турасында жазушы Ш. Күмісбайұлы «Жасынан қалам ұстаған» атты мақаласында: «Жастайымнан өлең-жырға құмармын. Бұқар, Абай, Махамбет өлеңдерін жатқа соғамын. Мұғалімдер мені «Қиссалар хрестоматиясы» деп атайтын. Мен мәзбін. Бірақ хрестоматия дегеннің мағынасын білмеуші ем. Енді кездескен соң оқи жүріп, өлең жазуды өрістеттім» [11; 290], – дейді.

Білімге құштар жас Бүркітті әкесі одан әрі дамытуды ойлайды. 1934 жылы Алматыдан келген Дәржан апасына бала Бүркітті қосып жібереді. Онымен бірге ағасы Сейілбекті де жіберген. Сол кезеңде Нұра бойындағы Шөптікөлде тұрған екен. Алыс шалғайда қатынастың өзі қиын кез болғандықтан, Осакаровка станциясынан өмірінде тұңғыш рет поезға отырады. Осы бастан кештен жағдайын былай баяндайды: «Қалада ұры-қары көп болады, ұрлап кетеді, ұрып кетеді, өте сақ болындар. Біреу тақалып келсе, «дальше, дальше!» деңдер деп, әпкеміз алдын-ала бізге ескертіп қойған болатын» [12; 4]. Естелігінен қазақ ауылына тән қазақи тәрбиені көреміз. Жолшыбай Қарағанды қаласына соғып, сол уақыттағы қиындықтарды ескеріп алып келе жатқан Дәржан өзінің туған бауыры Балжан сіңлісіне Бүркітті тастап кетеді. Балжан Бүркіттің екінші апасы. Балжан сол кезде Федоровқадағы балалар үйінің жанындағы мектепте мұғалім (мұғалимасы), күйеуі Сұлтан Иманбаев мектептің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Оқушы Бүркіттің Қарағанды табалдырығын аттауы 1934 жыл қаланың құрылуымен сәйкес келеді. Іргетасы енді қаланып келе жатқан Қарағанды қаласында тұрған үйінде жездесінің әке-шешесі, бойжеткен қарындасы (17-18 жасар) және Махмұт атты бір жетім бала тұрған. Осы отбасыға жетінші адам болып келген. Қазақтың даналығында айтылатын «көңіл сыйса – бәрі сияды» деген ойымен бір үйде қабақ шытыспай өмір сүргенін көреміз. Қарағанды туралы: «Қарағанды — ол кезде жаңадан салынып жатқан жас қала болатын. Есімде қалғандары: таудай-таудай болып үйіліп жатқан қара тастар мен қара қоқыстар (көмір породалары), будақ-будақ түгін шығарып, бу атқылап жатқан қара мұржалар (завод трубалары), ерсілі-қарсылы ағып жатқан адамдар мен машиналар» [12; 4], – деп айтады. Қарағанды қаласы ауыл баласы он жастағы Бүркіттің көз алдында осы қалыпта қалған. Балалық аңғалдығы мен албырттығы барысында анда-санда шахта мұржаларынан шығатын дауыстан шошып жүрген. Сол кезеңде сағатты білдіретін бұл дыбысты ауылдың таң бозында шақыратын әтешті, ақыратын есекті салыстырмалы түрде қарастырады. Ауылдан келген балаға қала өмірінің әр бір сәті таңсық және қызық. Бүркіттің қала өмірі мен араласып көңіліне түйгендері де өте әсерлі: «Қала өмірі, олардың тұрғындарының тұрмысы, іс әрекеттері әсіресе адамдарының мінез-құлқы, қылығы, психологиясы (бізше айтқанда, әдет-ғұрыптары мен салт-саналары) маған бір түрлі көрінеді. Мұнда барлық нәрсе — ақылы, бар нәрсе — сатулы, бар нәрсе — есептеулі. Бос, тегін жатқан ешнәрсе жоқ. Бәрі еңбекпен, бейнетпен, термен келетіндей көрінеді. Сонсоң мұнда адам мен адам, үй мен үй бір-бірімен қатысып, алыс-беріс жасап, араласып, тұру дегенді білмейтіндей көрінеді маған. Жұрт жұмыстан келеді де, ініне кіріп алған тышқандай, әрқайсысы үйді-үйлеріне кіріп алып сыртқа да шықпайтын тәрізді. Ауылдағы кеңшілік, еркіндік, молшылық – мұнда жоқ. Аяғыңды қия бассан, не поезд басып, не машина қағып немесе әлде біреулер соғып (ұрып) кететіндей болады да тұрады. Демек, ауылдағы аңқаулық, ашық ауыздық, алаңғасарлық дегендерді қала өмірі көтермейді. Мұнда барынша сак, барын-

ша қырағы, барынша жинақы болуың керек. Әйтпесе күн көре алмайсың. Бостан-босқа бір пәлеге ұрынасың. Менің ауылдан қалаға келгендегі ең бірінші ұққаным көңілге түйгенім осы болды», – дей келе: «Екінші білгенім — ақша және оның құны. Қалалы жерде ақшасыз аяқ басып жүре де алмайды екенсің» [12; 4]. Бала Бүркіт қаладағы өмірді ауыл өмірімен салыстыра отырып қарастырғаннан ұлттық руханият қайнарынан қанып ішкендігі және салыстырып-сараптап талдай алатынын жас кезінен меңгерген қабілетінен көреміз.

1934-1935 жылдары Федеровка балалар үйінің жанындағы мектепте оқуын жалғастырады. Балалар үйінің директоры Қасымжан Алпысбаев болатын. Өз аулынан үшінші сыныпты бітіріп келген Бүркіт қазақ мектебі болмай орыс мектебінің екінші сыныбына жіберіледі. Өз қатарластарынан екі сынып қалып қойған балаға моральдық, психологиялық жағынан да қиын болғанымен, «басқа түссе — баспақшыл» деп білекті сыбанып кірісіп кетеді. Ішкі жан дүниесіндегі толқыныс пен ауылдан алты кадам әрі аспаған бала сағынышынан тұңғыш «Анама хат» төл туындысын шығарады.

Жездесі Сұлтан Иманбаев пен апасы Балжан Федеровкадан Компанеец деген жерге жұмыс бабымен ауысады. Оқушы Бүркіт үй жағының қиындығына байланысты балалар үйіне тұрады. Балалар үйін еске алғанда: «Онда менен басқа бірнеше қазақ балалары болды. Солардың ішінен қазір есімде қалғандары — Бүркітбай, Мәулен, Оңайбек, Алтын. Қазір Оңайбек Құдышев — философия ғылымының кандидаты, Қарағанды педагогика институтының ғылыми коммунизм кафедрасының доценті, Мәулен Құдабаев — Қазақ ССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің жауапты қызметкері, подполковник. Ал Бүркітбай мен Алтыннан көз жазып қалдым» [12; 4], – дейді. Сол еске алып отырған Оңайбек Құдышев кейін қайта құру кезеңінде Бүркіт Ысқақұлымен оның жақтастары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жазып насихаттайды [13; 3-4].

1935 жылы қаңтар айында Компанеецтен Кірпіш зауыты деген жерге жездесінің үйі көшіп, бала Бүркітті де өздерімен бірге ала кетеді. Кірпіш зауытында сол кездегі «Қарағанды пролетариаты» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің редакторы Піспек Жұмановпен көрші тұрады, бөлмелері басқа болғанымен, коридор (сенек) бір болады. Атағы жер жарып тұрған, Қарағанды облыстық радиокомитетінің әншісі Жаңыл Қартабаева Кірпіш зауыты елдімекеніне келіп концерт береді, ән кешінен соң Піспек Жұманов үйіне ертіп келіп, сол үйде қонақасын жеп, ән шырқап «ән көңілдің — ажары» демекші, елдің көңілін көтереді. Әнші Жаңыл Қартабаеваны былайша суреттейді: «сол кезде бидай өңді, қыпша белді, талдырмаш қыз екен. Бәйгеге қосар жарау аттай жаранып және жұтынып тұр. Жасы сол кезде он тоғыз-жиырма шамасында. Басында үкілі тақия, үстінде қаптырмалы, жеңсіз көк камзол киген. Қолында құндақтаған домбырасы бар. Арада елу жылдай уақыт өтсе де, Қарағандыдағы қазақ интеллигенциясының алғашқы өкілдерінің бірі болып табылатын мұғалімдер Қасымжан Алпысбаев, Сұлтан Иманбаев, журналист Піспек Жұманов және әнші-артистка Жаңыл Қартабаевалардың менің балалық көңіліме таңбадай басылып қалған жарқын бейнелері осы уақытқа дейін көз алдымнан кетпейді» [12; 4]. Атағы жер жарып тұрған Қарағанды облыстық радиокомитетінің өзінен келген әнші қыздың кеші ересектермен қатар Бүркіттің жүрегінде қалады. Қарағандының алғашқы құрылуындағы қазақ зиялылары өміріне өшпес із қалдырады.

Бүркіт балалық шағынан бастап ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин есімімен әбден қанық, шығармашылығымен танысып өседі. Өйткені дүниеге келген жері Көкмөлдірде Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам ұзатылған болатын. Осы жайды өз естелігінде: «1927 жылы Сәкен біздің ауылға келіп, онда Жақия, Қайып, Салық Айнабековтердің үйіне түсіп, солардың немере қарындасы Гүлбаһрам Батырбековаға үйленген екен. Гүлбаһрамның ұзату тойы Көкмөлдір өзенінің бойында өтіпті» [3; 15], – дейді. Бала қиялы асқақ болатыны сөзсіз. Балалар сол кезеңнің батырлары Чапаевтай батыр, Чкаловтай ұшқыш болсам деп армандайтын. Ал Бүркіттің мектепте оқып жүргенінен бастап қолынан Сәкеннің кітабы немесе фотосы қасынан қалмаған. Сәкен Сейфуллинді табынған тәңірі, тұтынған пірі, ұстанатын ұраны, идеалы санаған. Бала Бүркіт арман-қиялы Сәкендей ақын, жазушы болсам, еліме қажетті кітаптар жазсам, ұлтыма Сәкендей сыйлы азамат болсам деп қалады.

XX ғасырдың басынан бастап толқын-толқынымен болған репрессияның құрбанына көзі ашық, көкірегі ояу ұлт қайраткерлері ілінді. Кеңестік кезеңнің отандық тарихта алар орнын Х. Әбжанов: «Болшевиктік идея толқынында кеңестік негіздегі қазақ мемлекеті дүниеге келді, аумақтық тұтастыққа қол жеткіздік, республиканың экономикалық, әлеуметтік, мәдени келбеті шырайланды, халықтың интеллектуалдық әлеуеті жаңаша қалыптасты. Ең бастысы — тәуелсіздіктің алғышарттары XX ғасыр басында емес, XX ғасыр аяғында, яғни социализм қойнауында пісіп-жетілді. Демек, кеңестік дәуірді жөн-жосықсыз қаралай берудің реті жоқ, сынның шын болғаны жөн. Бірақ тоталитаризмнің қазақ халқы кешірмейтін, ұмытуға жатпайтын, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттайтын екі қылмысы да бар.

Бірі — 1917 жылғы қазанда билікке келгеннен 1991 жылы тарқағанша КОКП үздіксіз жүргізген кеңестік саяси қуғын-сүргін, екіншісі — әр жылдардағы, әсіресе 1931-1932 жылдардағы ашаршылық. Ғылымда тарихпен тәрбиелеу деген қағида бар, тәрбиелеумен қоса тарих таразылай да, жазалай да біледі» [14; 13-21], — деп көрсетеді. Кеңестік жүйенің билікке келуімен қатар келген қуғын-сүргінді әр жылдардағы шарықтау кезеңдеріне байланысты бөліп қарастыруымыз қажет. Тарихтан тағылым алсақ болашаққа нық сеніммен қадам басамыз.

Құдайындай табынған Сәкен Сейфуллин жайында түрік ғалымы Хаджы Ахмет Шимшек: «Саналы ғұмырын халқына, кеңес өкіметіне арнаған Сәкен Сейфуллинді сол қызыл билік, НКВД 1937 жылы 24 қыркүйекте тұтқынға алып, 1938 жылы 25 ақпанда атышулы 58-бап бойынша атып тастады» [15; 40], — дейді. КСРО да жаппай репрессия орын алып жатқан кезде болған оқиға бала Бүркітке соққы болып тиеді. Оны осы жағдайдың куәгері, қанды көйлек досы Махмет Темірұлы естелігінен көреміз. Бұл кезең қаралы оқиғаларының ең ауырларының бірі — 1937 жылдың күз айының бірінде болған. Әр ауылдан келген оқушы балалар жататын орын мектеп жатаханада жатқан.

Мектеп директоры мұғалімдер мен оқушылардың басын қосып үлкен жиналыс өткізген. Әр салада да қырағы коммунистік партия мен кеңес өкіметі «халық жауларын» әшкерелегенін айтады. Солардың ішінде оқушылар кітаптарын оқып жүрген Сәкен, Бейімбет, Ілияс және т.б. ақын-жазушылар болатын. Бұл елді есеңгіреткен жаңалық еді. Өз саласын жетік меңгерген кеңестік адамдар нағыз жауларды дәйекті түрде дәлелдеп берген.

Содан сөзден іске кіріскен. Барлық мектеп болып «халық жауларының» кітаптарын өртеген. Сондай ауыр да абыройлы істі тындырғандай шаршаған оқушы балалар ұйқыда жатады. Сол мезет турасында: «Ойбай, Сәкен өртеніп кетті-ау», — деген дауыстан шошып ояндық. Бөлменің іші тастай қараңғы. Жаға қоятын шам жоқ. Қараңғыда кімнің ұйқысырап айғайлап жатқанын бірден аңдай алмай қалдық. «Ойбай-ай, бәрі де өртеніп кетті-ау», — деп қайта-қайта дауыстап, артынан өксіп-өксіп жылайды. Дауыс шыққан жаққа жүгіріп барып байқасақ, бұл ұйқысырап өксіп-өксіп жылап, айғайлап жатқан Бүркіт Ысқақов екен» [16; 3-4]. Содан неге жылап жатқаны турасында сұраған балаларға күндізгі істеген істері жанына қатты батқанын айтады. Сол ой күйзелісімен қалжырап ұйықтағанда түсіне жанып жатқан тұлғалар елестеп, тіпті Сәкен Сейфуллиннің «Құтқарындаршы», — деген дауысын естіген. Содан жан-дәрмені шыққан Бүркіт айғайлап жіберіп оянған екен.

Оқушы Бүркіттің жан күйзелісі өзегіне түсіп, қайғы уайымға салынып біраз уақыт жүрген. Жанындағы достарын сол тұлғалар үшін кек алу жолына да шақырған. Әрине заң басқа, заман басқа болғандықтан оқушы достары үрке қараған. Бірақ оқушыларға ұлт зиялыларының кінәсіз екендігін, бұл жала жабудың кесірінен болып отырғанын түсіндіреді. Айтқан ойларына жанындағы достарын сендіре білген. Бала Бүркіттің бір қыры адамды баурап алатын көсемдік және шешендік қасиетімен әділетсіз қоғамның үнін, халықтың басына келген зұлматты ашып айта білген. «Он үште — отау иесі» деп халқымыз айтқан даналық сөз Бүркітке қарата айтылғандай. Өйткені саясаттың салқынын бала жастан сезген қайраткер тұлға қалыптасып келе жатқан еді.

Осы жайды Бүркіт Ысқақұлы: «Міне, менің сол құдайдай көрген, тәңірімдей табынған, арманымның асқар биігі болған Сәкен Сейфуллинді 1937 жылы қыркүйекте «халық жауы» деп қамап, соттап, ақырында атып тастады. Әлі есімде, ол кезде мен «Казгородок» деген жерде, алтыншы класта оқитынмын. Бір күні біздің мектептің бір топ мұғалімі жиналып алып, төсек-орындарымыздың астанкестенін шығарып, Сәкеннің, Бейімбеттің, Ілиястың, Өтебай және тағы басқа да «халық жауы» аталып, ұсталып кеткен ақын-жазушылардың кітаптарын жинап алып, құшақ-құшақ етіп отқа салып, өртеп жатты.

Менің бас жағымда С. Сейфуллиннің 1936 жылы шыққан «Тар жол, тайғақ кешу» атты романы жатқан болатын. Мұғалімдердің бөлме-бөлмені аралап, «халық жауларының» кітаптарын жинап жүргенін көріп қалдым да, өз бөлмеме жүгіріп келіп, бас жағымда жатқан Сәкеннің кітабын газетке орап, жасырын алып шығып кеттім. Жатақхананы айналып өтіп, оның іргесіндегі бір шұқыр жерді тауып алып, оны ептеп тереңірек етіп қазып, газетке ораулы кітапты соған тыға салдым. Үстін топырақпен тегістеп жауып, білдірмей көміп тастадым. Міне, осы кітаппен бірге менің келешекке, өнерге, өмірге деген үмітім де қоса көмілгендей болды. «Әй, Сәкен үшін өскенде өш алармын-ау!» — деймін ішімнен ызаланып. Бірақ ол өшті кімнен және қалай алатынымды өзім де білмеймін. Дегенмен, «Сәкенді кім ұстатты, кім аттырды? Сәкеннің өлімі кімге керек болды? Оның өлімінен өкіметке, партияға, мемлекетке қандай пайда келді?» — деген сұрақ көңілімде мәңгі орнап қалды» [3; 15], — деген ойынан, өкіметке деген өкпесі бала жүрегіне періш болып қатқан көңілін көреміз. Махмет пен Бүркіттің естелігінен түйетін ой, ұлт зиялылары атылмай тұрып-ақ, қамауға алынғаннан бастап шығармаларынан құ-

тылуға асыққан «шаш ал десе бас алатын» жергілікті жердегі шолақ белсенділердің іс-әрекеттері алдымыздан шығады.

Балалық кезінен һәкім Абайды тыңдап, Сәкенді сүйіп оқып, жүрегіне түйіп өскен бала Бүркіттің ақын болып қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді.

«Өлгеннің артына өлмек жоқ, тірі адам тіршілігін істейді» деген халық даналығы айтпақшы Бүркіт сол ақындарға еліктеп «Ақын болғым келеді» деген өлең жазады. Ол өлеңі «Октябрь балалары» газетінде жарияланады. Бір өлеңі жарыққа шыққаннан кейін қанаттанған оқушы Бүркіттің «Көсем сөзі» деген өлеңі басылады. Сол өлеңдерінің арқасында 1938 жылдан «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінің жас тілшілері қатарына қосылады. Сол уақытта «Октябрь балалары» газетінің редакциясында жұмыс істейтін Бәткен Сағындықов, Күнтөре Байзақовтармен хат алмасып тұрған. Осы жайттардың барлығы көңілін марқайтып, келешекке үмітін қайта жағады. Алғашқы елге таныстырған «Ақын болғым келеді» өлеңі жайлы: «1939 жылы ноябрь айында, Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы №7 қазақ орта мектебінің оқушысы Жаппар Өмірбеков деген баладан хат алдым. Мен 1938 жылы сентябрь-ноябрь айларында онымен сол мектептің 8-классында бірге оқығанмын. Содан танысып дос болып кеткенбіз. Жаппар өз хатында: «Қарағанды комсомолы» газетінің 1938 жылғы 29 октябрьдегі санында менің «Ақын болғым келеді» аты өлеңімнің басылғанын хабарлай келіп: «Сенің өлеңіңді барлығымыз жабылып оқып шықтық. Өлең бәрімізге ұнады. Барлығымыз бір ауыздан сені «осы заманның Пушкині болар» деп ойладық деп жазыпты» [12; 4], – деген ойдан өзі өлеңге жақын бала Бүркітке қанат бітірген хат екенін көреміз.

Сабақтардың ішінде гуманитарлық ғылымдарды тарих пен география пәндерін сүйіп оқиды, өйткені ел мен жер тарихын, саяхатшы болуды үйреткен еді. Оқуын үздік оқыған Бүркіттің Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы №7 мектепте оқуын жалғастыра алмағандығының себебі әкесі Ысқақ «халық жауы» болып айдалып кетуіне байланысты еді. Бүркіт 1938 жылы қыркүйек айында Қарағандыға қайта келеді. Жамбыл атындағы №7 қазақ орта мектебіне оқуға қабылданады. Сол уақытта Амангелді көшесіндегі Әлібай шахтердің бір бөлмелі барак үйінде жатып оқыған. Екі ай уақыт өткеннен кейін арбаға атты жегіп әкесі келеді. Ауылдан әкелген ас-ауқатын түсіріп, бір қонып шығып таңертең жұмысымен кетіп қалады. Қалалық жерде ат пен арбаны ұстау өте қиын. Үш күн хат хабар болмағаннан кейін ақын Қайып Айнабековтің көмегіне жүгінеді. Қайыптың баласы Хәкім әкесі Ысқақты тауып береді. Жазу-сызуды меңгерген, көзі ашық Ысқақ Нұра аудандық халық сотының екі жылға бас бостандығынан айырған үкімімен келіспей облыстық сотқа шағымданған. Тоталитарлық жүйе Алаш қайраткерлерін атып жатқанда, сол зиялылардан дәріс алған Ысқақты кешірмей қамап тастайды. Қарағанды қаласында қамаудағы әкесі Ысқақпен жолығуға Қайыппен бірге келеді. Ысқақ: «Бізді мұнда көп ұстамайды. Ертең немесе бүрсүгіні этаппен Қиыр Шығысқа, Владивосток қаласына, оның ар жағындағы «Океанский» деген лагерге жібереді» [3; 15], – дейді. Осыдан бір жыл бұрын анасы қайтыс болған еді. Әкесіне қарап отырған төрт бала тұлдыр жетім болып қалады. Бүркіт жылап қала береді.

Әкесі сотталып кетіп бара жатып бауырларын Бүркітке аманаттайды. Қарағандыға келген ат пен арбаны уайымдап, ауылға иесіне қайтаруды тапсырады. Әке аманатын арқалап он төрт жастағы Бүркіт Тасауыл, Сабырқожаға түнеп үшінші күні Көкмөлдірге жетеді. Екі-үш күн үйінде болып бұрынғы оқыған жері Казгородок мектеп интернатына қабылданады. Әкесі турасында: «Ал әкем азап жүгін арқалап, сонау Қиыр Шығысқа айдалып кете барды. Неге? Неліктен? Не үшін? Оны мен анық білмедім. Ал оны маған түсіндіріп айтып жатуға биік дуалдың ішінде, күзетшінің көзінше әкемнің жағдайы болмады, уақыты да көтермеді. «Он үште оқ қадалды жүрегіме...» деп, ертеде бір ақын айтқандай, менің де он төрт жасқа келгенде, өзегіме өрт түсті... оны түсірген кім? Және не үшін? Маған бұл да жұмбақ болды» [3; 15], – деп ашынып жазады. Бала Бүркіттің тағдыр соққысын талай мәрте тартып, жүрекке қатқан кек ерте есейіп ер жеткізеді.

Бүркіт оқыған Казгородок мектеп-интернаты Нұра ауданында алғашқы ашылған білім ошақтарының бірі болды. Казгородок (қазіргі таңда Кертінді) кенті турасында тарихшылар ұжымы: «1932 жылы Нұра ауданы Қарағанды облысының құрамына кірді. Аудан орталығы Казгородок селосы болды. Осы жылдың 1 сәуірінде Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес Нұра ауданының құрамы 16 ауыл кеңеспен бекітілді: Балықты, Богучар, Бұрма, Жұмыскер, Захар, Қараой, Киевск, Қызылағаш, Қорғалжын, Қызыл дихан, Көкмөлдір, Савелевск, Скоблевск, Сұлтан, Плаховск, Черниговск» [17; 7], – дейді. Сол арып-ашыққан халықтың қиынқыстау кезеңде оқу жағдайын Махмет Темірұлы: «ол кезде менің тұратын ауылым 15-20 үйден ғана құралған. «Балықшы» колхозы деп аталады. 1933-1934 оқу жылында мен 1 класты бітірдім. Мені



жақсы оқисың деп 2 кластан 3 класқа бір-ақ көшірді. Ол ауылдағы біздің мектеп деп жүргеніміз бір үйдің төргі бөлмесі. Біз төргі бөлмесінде сабақ оқып отырғанда, үй иесі ауыз үйде тамағын ішіп отырады», – деп суреттеп, одан кейін: «осы бастауыш мектепті бітіргеннен кейін бір топ бала Қарағанды облысына қарайтын Нұра ауданының 1928-1932 жылдары орталығы болған Казгородок селосына оқуға бардық. Ол кезде аудан бойынша орта мектеп осы ғана еді» [5; 28], – деген мәліметтер келтіреді. Ауылынан алысқа аттап баспаған бала Махметтің таңданысы ерекше еді: «басқа жақтан келгендер жатақханада жатып оқимыз. Біздің шағын ауылға қарағанда бұл жер маған үлкен қала сияқты көрінді. Бұрын ешқайда барып көрмеген мені мектебі тіпті таңқалдырды. Бірнеше еңселі жарық бөлмелері бар. Іштері толған оқушылар. Сабақ біткенде бәрі шуласып, жүгіріп далаға шығады», – дей келіп, сол уақыттың оқу жағдай мен жатақханалары жайлы: «жатақханамыз да үлкен, бірнеше бөлмелі. Бірақ жағдайымыз нашар. Қарнымыз аш, киіміміз жырттық. Қыс айларында мектеп те, жатақхана да адам төзгісіз болып суып кетеді. Класта сырт киімді тастамағанда да дірілдеп зорға отырамыз. Дәуіттің ішіндегі сия қатып қалып, ауызбен үрлеп жібітіп, жазу жаза алмай отыратын кездер де жиі кездеседі. Жатақханаға келгенде де бой жылынбайды. Ол кезде пешке көмір жақпайды, негізгі жағатын отын – шөп-шалам. Кеш болса, керосин құйған білтелі шам жағамыз. Маңайға тарайтын жарық сәулесінен көрі, бұрқыраған ащы иісті түтіні әлдеқайда көп болады. Әрі жылыну үшін, әрі аш қарынның мазалауынан құтылу үшін қырық жамаулы кір көрпенің астына тығылып, ұйықтап жата қалуға тырысамыз. Ұйықтайтын орынымыз — тақтайдан жасай салған шиқырлауық көйке (тапчан)» [5; 28-29]. Бұдан бір мектептің ғана хал-ахуалын айтып тұрған жоқ, сол кезеңнің Қазақстандағы мектеп-интернаттарының жағдайын елестетуге болады.

Қазақ халқының бас ақыны Абай айтпақшы «интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» дегендей, Казгород мектеп-интернатында қара нанды бөліп жеген Бүркітпен Махметтің алғашқы танысуы өмір белестерінде ерекше сәт болатын: «Бір күні мен қатты ұйықтап кеткен екенмін, астымдағы көйкенің қатты шиқылдап қозғалғанынан оянып кеттім. Басымды көтеріп қарасам, үш-төрт құрбылас оқушылар менің аяқ жағымда бір чемоданды ашып, нан жеп отыр. Нанды көргенде-ақ ұйқым ашылып, көзім жайнап кетті. Олар дыбыстарын шығармай, жай ғана ымдам мені нан жеуге шақырды. Маған керегі осы еді. Аузымды толтыра шала шайнап, қомағайлана жұтып жатырмын. Нан таусылғаннан кейін шамды сөндіріп, әрқайсысы өз орындарына жата-жата кетті. Қарным тойғанына қуанып мен де жата қалдым. Шіркін, аш адамға тамақтан өткеннің бәрі азық болады ғой. Әйтпесе біздің жегеніміз кебектен соқпалап жасалған, дүмбілез піскен бірдеңе ғана. Оны адам түгіл тойып жүрген мал да жемес еді. Таң ата мектепке баруға дайындала бастаған кезде екі-үш өзім қатарлы оқушылар ашулы түрмен мені жұлқылап, нұқып-нұқып қояды. «Өй, ұры, жаныңның барында нанымызды тауып бер!», – деп шаңқ-шаңқ етеді. Менде үн жоқ. Түнде жеген нанның тегінен-тегі менің төсегімнің үстінде неге келе қалғанын енді ұға бастадым. Көйкенің маңайында түсіп қалған нанның қиқымдарын көрсетіп: «мұны жеген сенсің, нанды жылдам тап, әйтпесе өлесің», – деп мені ұрмақ болып жүр. Менде не айтып, не істерімді білмей, сасқалақтап тұрғанымда жатқан төсегінен атып тұрып, нан жоғалтушылардың қасына келіп бір оқушы: «Бұған тиіспендер, сендердің нандарыңды бұл жемейді, жегендерді табамыз. Қазір шуламай, мектепке барыңдар», – деп әлгілерді орын-орындарына жіберді. Бұл келген сол кезде оқушылар арасында да, мұғалімдер арасында да беделі күшті, оқуды үздік оқитын, мектепте де, ауыл ішінде де «ақын бала» атанып жүрген Бейісбек Томпақов деген оқушы еді. Міне, осы күннен бастап екеуміз арамыздан қыл өтпейтін тату дос болдық» [5; 29-30]. Осылай оқушы Махметті аман-есен қорғап қалумен басталады. Бұл естеліктен өзі қатарластарына сөзін өткізе алатын лидерлік қасиеттерді өн бойына жинаған батыл, шешім қабылдай алатын өжет оқушыны көреміз. Осы таныстық өмірлік айнымас достыққа ұласып, бірге тар жол тайғақ кешкен еді.

Бүркіттің қоғамдық жұмыстарға белсене араласқанын, өз қатарластарынан озық болғандығы жайлы: «1938 жылғы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сайлауы қарсаңында оның депутаттығына кандидаттар одақ кеңесі бойынша Мануйльский Дмитрий Захарович, ұлттар кеңесі бойынша Қазақбаев Әбдісәметтер ел аралап, сайлаушылармен кездесу өткізіп жүрді. Сондай кездесу біз оқып жүрген ауылда да болды. Осы кездесуде мектеп пионерлерінің атынан мойнына қызыл галстук тағып Бейісбек құтықтау сөз сөйледі. Жас оқушының қысылып-қымтырылмай сөйлеген өткір сөзіне кандидаттар да және басқа жиналған адамдар да өте сүйсініп қалды. Оның сөзінің өзі шығарған өлеңмен аяқталғаны өте сәтті болып, жұрт ол мінбеден түсіп, өз орнына келгенше дуылдап қол шапалақтап тұрды. Бейісбек жастайынан-ақ өзі қатар оқушылардан ерекшеленіп, оқу оқып, білім алуға өте құштар болды. Біздер доп қуып, асық ойнап жүргенде оның қолынан кітап түспейтін» [5; 30], – дейді.

Бүркіт өзі ғана әдеби мұрамен қызығып қоймай, өзге достарында тартып, оқуға ынта-жігерлерін оята білген: «Бүркіттің ықпалымен бұрын кітап оқымайтындар енді кітап оқуға құмарлана бастадық. Мектепте әдебиет кітаптарын оқитындардың саны көбейді. Сөйтіп Бүркіттің бастауымен «Жас әдебиетші» деген үйірме құрдық. Бұл 1938-1939 жылдардың кезі еді. Бұл үйірмеге Бимағанбетов Елеш, Шалабеков Дәкен, Мұқанов Аққошқар, Әубәкіров Жанайдар, Сүлейменов Жүсіп, Рахметов Кәмәли, Бұйрабеков Рақыш, Мұқанов Ақаш, Сүлейменов Әшім сияқты оқушылар белсене қатынасып жүрді. Бәріміз де қатармыз. Жасымыз 15 пен 17 арасында. Ол кезде бүгінгідей теледидар да, радио да, кино да жоқ. Оқушылар өмірдегі болып жатқан жаңалықтарды тек қана мұғалімдердің аузынан естіп, қолдарына түсіп қалған газет, журналдарды оқып қана білетін» [5; 30-31]. Әлемде Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан қиын-қыстау кезеңнің өзінде сол кездегі оқу құралдың тапшылығы болса да өз қатарластарының оқуға деген ниеттерін, білімге деген құштарлығын ұстаздармен бірге оята білген Бүркіт еді.

Осы турасында Бүркіт Ысқақұлы өзі әңгімесін жазып бізге жеткізген жазушы Ш. Күмісбайұлы: «Қабырға газетіне бірнеше өлең жаздым. Ол өлеңдерім көбінесе екі шумақтан тұратын. Олар мектепке, мұғалімдерге, жолдастарыма арналатын. Мектепте әдебиет үйірмесі жұмыс жасайды. Әдебиеттен өте сауатты Рахым Асаубаев, Қабден Рахметов, Мұхамеджан Баймолдиндер басшылық етеді. Өлеңдеріміз үйірмеде талданады. Ол кезде арнау өлеңдер болмаса, саяси-әлеуметтік, лирикалық өлең жазып, оны газет-журналдарға жіберуді білмейтін» [11; 290-291], – дейді. Әрине бұл айтылған дерек бойынша бала жастан ақындыққа әуес болып, сол жолда алғашқы қадамдарын жасаған оқушы Бүркітті көреміз.

Мектептегі Бүркіттің бастауымен құрылған «Жас әдебиетші» үйірмесінің қадамдары да батырлыққа толы болды: «біз өз үйірмемізді әдебиеттен сабақ беретін Баймолдин Мұхамеджан деген мұғалімнің қолдауымен жүргізіп отырдық. Мектептегі оқу біткеннен кейін жиналып алып әдеби кітап оқимыз. Кітапты оқып болғаннан кейін әрқайсымыз өзіміздің түсінгенімізді, ұнағанын, ұнамағанын айтамыз. Мұғалім бізге тек қана «халық жауларының» шығармаларын оқи көрмендер деп қатты тапсырған» [5; 31]. Алайда бала Бүркіт өзінің өмірлік идеалы Сәкен және де басқа да сол уақытта «халық жауы» атанған Алаш қайраткерлерінің кітаптарын үйірмеге алып келіп өзі оқып, әдеби ортада қызу талқылаған. Сондай бір кеште Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасын алып келіп, үрке қараған өз қатарластарына түсіндірген. «Бүркіт біздерге Сәкенді ерекше сүйетіндігін айта келіп, «Қызыл ат» поэмасын мәнерлеп оқып берді. Поэмань талдай келіп, әңгімені қазақ халқының 1932-1933 жылдардағы аштан қырылуы туралы өрбіте түстік. Бәріміз де аштық нәубатын көзімізбен көріп, басымыздан өткерген екенбіз» [5; 31-32], – деген Махмет Темірұлының естелігінен көреміз. Әр жастың басынан кешкен қасіретімен сабақтас «Қызыл ат» поэмасын талқылап, оның не себептен болғанын, ұлт қайғысының қайдан шығып жатқанын саналарына сіңіру жолында бала Бүркіттің ат салысқанына тағы да куәсі боламыз. Жаппай репрессия құрбанына айналған ұлт қайраткерлерінің еңбектерін оқу арқылы жастардың санасына Алаш идеясынан бала Бүркіт өзі нәр алып, қатарластарына себе білді.

#### *Қорытынды*

Атасының табандылығының арқасында һәкім Абайды оқу арқылы рухын шындаған жас өркен өсіп жетілді. Әкесінің ұлт зиялыларынан нәр алғаны Алаш қайраткерлері еңбектерімен танысуға алып келді. Осындай тұлғалар тағылымын ала отырып тарихи сабақтастықта «ЕСЕП» жастардың астыртын саяси ұйымын құрудың алғышарты қалыптасты. Бала Бүркіттің өсу-өркендеу жолы тым ауыр болса да сол кезеңдегі қиыншылықтарға мойымай барлық кедергілерді еңсере отырып жеңе білді. Қазақ ұлтының болашақ тағдырын жастайынан ойлап, кеңестік өкіметтің жүргізіп отырған саясатына бей-жай қарамай, жан жүрегімен ұлт қайғысын бөлісу үшін қолынан келген істермен айналасындағы өз қатарластарына үлгі өнеге көрсетті.

*Мақала № 02-СМУ-22 «Университет қабырғасынан түлеп ұшиқан тұлғаларға арналған республикалық «Тұлғалар тағылымы» сериясы (ақын, ғалым Бүркіт Ысқақұлы мысалында)» атты академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған ЖОО ішіндегі гранты шеңберінде орындалды.*

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік / М. Қозыбаев. — Алматы: Баспалар үйі, 2009. — 448 б.
- 2 Ысқақұлы Б. // Кітапта: Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. Құраст.: Е. Дүйсенбайұлы, А. Естен және т.б. — Алматы: Ана тілі, 2004. — 390 б.
- 3 Ысқақов Б. Неге? Неліктен? Не үшін? / Б. Ысқақов // Парасат. — 1992. — №2 (404). — Б. 14-15
- 4 Сұхбат. Жағыпар Әділеттің «ЕСЕП» партиясы негізін қалаған Бүркіт Ысқақұлы қызы Айгүлмен сұхбаты, Қарағанды, 29.05.2011.
- 5 Темірұлы М. Арман мен азап. Естелік / М. Темірұлы. — Алматы: Санат, 1998. — 160 б.
- 6 Балташұлы Е. Жалындаған ғұмыр, жарқылдаған жырлар // Бүркіт Ысқақов. Бұл менің көз жасым ғой қан аралас. Өлеңдер. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2014. — 94 б.
- 7 Әбжанов Х. Отан тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі / Х. Әбжанов // Отан тарихы, 2003. — № 1. — Б. 45-51.
- 8 Омарбеков Т. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас / Т. Омарбеков, Ш. Омарбеков. — Алматы: Қазақ университеті, 2004. — 388 б.
- 9 Сейдімбек А. Балталы, Бағаналы ел аман бол (шежіре) / А. Сейдімбек. — Алматы: Қазақ университеті, 1993. — 224 б.
- 10 Тәтімов М. Зұлматтың ауыр зардабы (демографиялық талдау) / М. Тәтімов; құраст.: Б. Қойшыбаев // Зауал: Мақалалар, естеліктер. — Алматы: Жазушы, 1991. — 272 б.
- 11 Күмісбайұлы Ш. Балалар бағының бағбандары. Анықтамалық / Ш. Күмісбайұлы. — Алматы: Балалар әдебиеті, 2008. — 300 б.
- 12 Ысқақов Б. Менің қалам. Естелік // «Орталық Қазақстан». — 1989. — №37 (16. 252). — Б. 4.
- 13 Құдышев О. Азап шеккен азаматтар // «Орталық Қазақстан». — 1989. — №37 (16. 468). — Б. 3-4.
- 14 Әбжанов Х. 30-жылдар басындағы ашаршылық: қазақ қасіреті / Х. Әбжанов // XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ахуал: ашаршылық пен қуғын-сүргін тарихы. Мақалалар жинағы. — Астана: «Алсем-Астана» баспасы, 2012. — 240 б.
- 15 Хадшы Ахмет Шимшек. Сәкен Сейфуллин және Алаш қозғалысы // «Сәкен Сейфуллин: ұлттық рух және ұрпақтар сабақтастығы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибиелік конференция материалдары. Қарағанды. 2019. — 344 б.
- 16 Темірұлы М. Азаттық аңсап азап шеккендер / М. Темірұлы. — Алматы: Арыс, 2013. — 240 б.
- 17 Темірғалиева К.Т. Тарих және музей, монографиялық зерттеу музей қорынан / К.Т. Темірғалиева, Т.Т. Аршабеков, Е.Н. Нұрмағанбетов. — Қарағанды, 2017, — 623 б.

Ә.Б. Жағыпар

## Образец для подражания: Буркит Искакулы

В статье подробно рассмотрена история 20–40-х гг. XX века, а именно политика советской власти, проводимая с перегибами на местах, когда в стране массово имели место голод, конфискации, репрессии и разруха. Автором проанализирован жизненный путь исторической личности — Буркита Искакулы, а также недочеты, допущенные властью на местах в советский период. Изучив проводимую политику в стране, черпая ее лучшие истоки в книгах Абая и работах представителей алашской интеллигенции, еще будучи ребенком, Буркит получает первые знания относительно обустройства страны, анализирует и обобщает мысли передовой интеллигенции, и все это позволяет ему понять предпосылки создания в советский период подпольной молодежной политической организации «ЕСЕП» («Партия героев, любящих Родину»).

*Ключевые слова:* вклад личности, независимость, голод, подпольная молодежная политическая организация «ЕСЕП» («Партия героев, любящих Родину»), национальная ценность, национальное сознание.

A.B. Zhagypar

## Personality lessons and Burkut Iskakuli

This article examines the history, when in the 20-40s of the twentieth century, as a result of the left-sided policy of the Soviet government, Burkut Iskakovich's childhood was stolen and the years of famine, confiscation and repression grew. In this article we will consider, using the example of the personality of Burkut Iskakovich, analyzing the life path, you can see the policy pursued during that Soviet period. Studying the current policy in the country, reading it in Abai's books and the works of the Alash intelligentsia, the

Golden Eagle child receives lessons and this allows us to understand the prerequisites for the creation of the underground youth political organization “YESEP” (the party of heroes who love the Motherland) in the Soviet period.

*Keywords:* personality lessons, independence, hunger, underground youth political organization, YESEP (Party of Heroes who love the Motherland), national value, national consciousness.

## References

- 1 Kozybaev, M. (2009). Kieli tauelsizdik [Holy independence]. Almaty: Baspalar uii [in Kazakh].
- 2 Yskakov, B. (2004). Kitapta: Qazaqstan zhazushylary: XX gasyr. Anyqtamalyq [In the book: Writers of Kazakhstan: XX century]. Duisenbaiuly, Ye., Esten A. and much more. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 3 Uskakov, B. (1992). Nege? Nelikten? Ne yshin? [Why? Why? For what?]. *Parasat*, 2(404), 14-15 [in Kazakh].
- 4 Sukhbat. (2011). Zhagypar Adiletin «ESEP» partiiasy negizin qalagan Burkit Ysqaquly qyzy Aigulmen sukhbaty [Interview. Interview with Aigul, daughter of Burkit Yskakuly, founder of “ESEP” party of Zhagipar Adilet]. Karagandy [in Kazakh].
- 5 Temiruly, M. (1998). Arman men azap. Estelik [Dream and pain. Memories]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 6 Baltashuly, E. (2014). Zhalyndagan gumyr, zharqyldagan zhyrlar [Flaming life, sparkling songs]. Burkit Yskakov. Bul menin koz zhasym goi qan aralas: Olender [Burkit Yskakov These are my tears mixed with blood: Poems]. Karagandy: Bolashaq-Baspa [in Kazakh].
- 7 Abzhanov, Kh. (2003). Otan tarikhyn kezenderge bolu maselesi [The problem of dividing the history of the homeland into periods]. *Otan tarikhy - Domestic history*, 1, 45-51 [in Kazakh].
- 8 Omarbekov, T. & Omarbekov, Sh. (2004). Qazaqstan tarikhyna zhane tarikhnamasyna ulattyq kozqaras [National approach to the history and historiography of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 9 Seidimbek, A. (1993). Baltaly, Baganaly el aman bol (shezhire) [Save Baltaly, Baganaly country (genealogy)]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 10 Tatimov, M. (1991). Zulmattyn auyr zardaby (demografiialyq taldau) [The severe effects of darkness (demographic analysis)]. *Zaual: Maqalalar, estelikter - Period: Articles, memories*. Koishybayev, B. (Ed.) [in Kazakh].
- 11 Kumisbaiuly, Sh. (2008). Balalar bagynyn bagbandary. Anyqtamalyq [Kindergarten gardeners. Directory]. Almaty: Balalar adebieti [in Kazakh].
- 12 Yskakov, B. (1989). Menin qalam. Estelik [My city. Memories]. “*Ortalyq Qazaqstan*” — “*Central Kazakhstan*”, 37(16. 252) [in Kazakh].
- 13 Kudyshev, O. (1989). Azap shekken azamattar [Suffering citizens]. “*Ortalyq Qazaqstan*” — “*Central Kazakhstan*”, 37(16. 468) [in Kazakh].
- 14 Abzhanov, Kh. (2012). 30-zhyldar basyndagy asharyshlyq: qazaq qasireti. «XX gasyrdyn 30-zhyldaryndagy Qazaqstandagy saiasi-aleumettik akhual: asharyshlyq pen qugyn-surgin tarikhy» [Famine in the early 1930s: Kazakh tragedy. “Political and social situation in Kazakhstan in the 1930s: the history of famine and persecution”]. *Maqalalar zhinagy — A collection of articles*. Astana: Alsem-Astana baspasy [in Kazakh].
- 15 Khadshy Akhmet, Shimshek. (2019). Saken Seifullin zhane Alash qozgalysy [Shimshek Saken Seifullin and the Alash movement]. «*Saken Seifullin: ulattyq rukh zhane urpaqtar sabaqtastygy*» aty khalyqaralyq gylymi-tazhirbielik konferentsiia materialdary — *Proceedings of the international scientific and practical conference “Saken Seifullin: national spirit and succession of generations”*. Karagandy [in Kazakh].
- 16 Temiruly, M. (2013). Azattyq ansap azap shekkender [Suffering from the thirst for liberation]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 17 Temirgalieva, K.T., Arshabekov, T.T. & Nurmaganbetov, E.N. (2017). Tarikh zhane muzei, monografiialyq zertteu muzei qorynan [History and museum, monographic study from the museum fund]. Karagandy [in Kazakh].

G.S. Ilyassova<sup>\*1</sup>, T.S. Sadykov<sup>2</sup>, I.L. Zherebtsov<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;*

<sup>3</sup> *Institute of language, literature and history of the Komi scientific center of the Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, Syktyvkar, Komi Republic, Russia*

*(E-mail: gauhartas81@mail.ru; sadikov\_ts@enu.kz; zherebtsov@mail.illkhomisc.ru)*

## **Ethno-demographic development of Northern Kazakhstan from 1999 to 2022: history, issues and prospects**

The article analyzes the ethno-demographic development of Northern Kazakhstan on the basis of statistical data from the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. The purpose of the article is based on the analysis of historical factors affecting the ethno-graphical development of Northern Kazakhstan, to study new processes and trends taking place in the field of ethno-demographic processes on the territory of Northern Kazakhstan in 1999-2022. The article examines in detail the population structure of Northern Kazakhstan according to the 1989, 1999 and 2021 censuses. The authors come to the conclusion that at the present stage, the Kazakh ethnic group has managed to regain its lost positions to some extent by increasing its number and specific weight in Northern Kazakhstan and one of the main directions for improving the demographic development of the northern regions is the implementation and improvement of resettlement programs from the southern regions to the northern ones.

*Keywords:* Northern Kazakhstan, demography, ethno-demography, population, ethnoses, population dynamics, population census.

### *Introduction*

Northern Kazakhstan is the main breadbasket of the republic, the leading economic region. During the Soviet years, agricultural and industrial development was concentrated here. Railway and river highways pass through here. The subsoil is rich in hard and brown coal, iron and copper ore, bauxite, gold. The fuel and energy, mining, mechanical engineering industries are developed; there are oil refining enterprises for the production of ferroalloys, aluminum, tractors. Three quarters of the sown area is allocated for grain crops, the food industry is developed.

Today the region is represented by four regions — Akmola, Kostanay, Pavlodar and North Kazakhstan. One of the main problems of Northern Kazakhstan at the present stage is the reduction of the population, while in the country as a whole the process of decline has been replaced by growth. In this regard, the relevance of the study is determined by the fact that the process of development of ethno-demographic relations in the multinational regions of Kazakhstan, which includes modern Northern Kazakhstan, was not the subject of special study. The research literature of Kazakhstan has not yet attempted a comprehensive analysis of this problem, although some aspects of this problem have been studied by demographers and sociologists, as well as historians.

The study of ethno-demographic processes taking shape in the late XX — early XXI centuries in Northern Kazakhstan, adjacent to Russia, is extremely relevant in practical and political terms, primarily in connection with the announced State resettlement program “South-North” to assist voluntary resettlement from Southern Kazakhstan to Northern Kazakhstan. Meanwhile, there are extremely few works devoted to historical, modern and predictable ethno-demographic processes in Northern Kazakhstan, which complicates the scientific and practical solution of ethno-demographic problems. The study of the evolution of ethno-demographic processes in 1999-2022 in the Russian-Kazakh border area can provide a basis for forecasting the migration and demographic development of Northern Kazakhstan. The relevance of this article is also determined by the need to establish the causes of the current unfavorable demographic situation in Northern Kazakhstan in order to eliminate and/or smooth out negative consequences in the processes of reproduction and migration of the population.

---

\* Corresponding author's e-mail: gauhartas81@mail.ru

### Research methods

The research is based on the general scientific principles of historicism, objectivity, which orient the researcher to an unbiased analysis and evaluation of facts related to the topic. The basis for the consideration of the phenomenon of population in the territory of Northern Kazakhstan in 1999-2022 is the principle of consistency, which allows to identify the interrelationships of historical-demographic, socio-political, administrative-territorial, ethno-political, and migration aspects of the studied object. When writing an article, a whole range of methods of various disciplines is used — first of all, historical ones. Historical genetic method helps to identify historical prerequisites for the formation of the ethnic structure of the population of Northern Kazakhstan since 1999. Using comparative historical methods, population dynamics and distribution, the distribution of ethnic groups in northern Kazakhstan is correlated. Demographic research methods and techniques are used to analyze and process statistical and demographic data.

### Discussion

The contemporary ethnic structure of the population of northern Kazakhstan has been formed for a long time and has repeatedly undergone serious changes and transformations. In the mid-19th century, the population of the area had an almost monochromatic structure with a complete predominance of the Kazakhs. From the end of the 20th century until the formation of a sovereign state, the dynamics of ethnic composition was defined by a continued expansion of the representation of different ethnic groups, the predominance of city-states. Russian-Slavic part and decrease the proportion of Kazakhs [1; 60].

The ethno-demographic development of Northern Kazakhstan, as well as general trends, has always had and has its own distinctive features. One of the main problems of Northern Kazakhstan is population decline, while nationally the decline has been replaced by growth. The population of Northern Kazakhstan in 1999-2016 is shown in Table 1.

Table 1

**Population of Northern Kazakhstan by regions in 1999-2016**

Years	Regions				Kazakhstan
	North Kazakhstan	Akmola	Kostanay	Pavlodar	
1989	921 416	1 061 820	1 220 750	943 745	16 222 324
1999	727 003	829 212	1 020 507	808 365	14 955 337
2009	648 236	741 897	889 368	748 823	15 776 492
2016	569 446	758 479	883 640	744 386	17 670 579

*Note: the table is compiled by the author based on statistical materials of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan.*

Table 2

**Population of Northern Kazakhstan in 1999-2016**

Years	North Kazakhstan
1989	4 147 761
1999	3 385 087
2009	3 028 324
2016	2 955 951

*Note: the table is compiled by the author based on statistical materials of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan.*

So since 1989, the population has been decreasing, peaking in 2009, then there is an increase. In 1999, compared with 1989, the decrease was 762,674 people, while in Kazakhstan — 1,266,987 people. Thus, the population reduction rate of the region is close to 69 %. The maximum decrease in the number of residents in the northern regions recorded in the 2009 census compared to 1989. It exceeded 1,119,437 people. After

2009, the decline began. As a result, in 2016 the population of the whole region was lower than in 2009 by over 72,373 people.

In general, the development of the demographic situation in the Republic of Kazakhstan follows a positive trend. Thus, at the beginning of 2008 compared to 2007, the national population increased by 0.17 million people (equivalent to 1.14 %) to 15.57 million people. Compared to 2006, an increase of 0.35 million people (equivalent to 2.3 %). This development is explained by positive trends in the dynamics of natural growth and migration.

However, not all regions of the country have a similar situation. For example, in the North Kazakhstan region, many demographic indicators for the period 2005-2007 tended to be negative. Thus, at the beginning of 2008, in comparison with 2007, the population of the North Kazakhstan region decreased by 7.1 thousand people (or 1.1 %) and amounted to 653.9 thousand people. Compared with 2006, this indicator decreased by 9.2 thousand people (or 1.4 %). This decrease is explained by negative trends in the dynamics of natural and mechanical gains. Natural growth in the period 2005-2007 was negative (in 2005 — 470 people, in 2006 — 914 people, and in 2007 — 870 people). Approximately the same dynamics was characteristic of the migration balance, which in 2005 amounted to 2340 people, in 2006 — 3600 people, and in 2007 — 1639 people. Life expectancy in the region in 2007 was 64.73 years, which is 0.08 years less than in 2006 and 0.19 years less than in 2005. As can be seen from the analysis, negative demographic trends are noted in the North Kazakhstan region, associated with excess mortality over fertility, as well as the outflow of population from the region [2].

Compared with other regions of the country, according to the results of the National Census conducted on February 25, 2009, the number of permanent residents in the Republic of Kazakhstan is 15,776,492 people. During the intercalary period, the population of the republic increased by 1,028,316 people. The population growth rate compared to the previous survey (1999) was 6.9 %. According to the analysis report of the census results, a significant increase in population was recorded in Mangystau region — 54.3 % increase, Southern Kazakhstan region — 24.8 % increase, in Astana — 86.7 % increase and in Almaty — up 20.8 %. In the northern regions of Kazakhstan, Kostanay and Akmola, population declines were 17.8 %, 12.9 % and 10.9 %, respectively [3; 15].

2017-2020 The population of Northern Kazakhstan has undergone some changes. We can see this in the following table (Table 3).

Table 3

**2017-2020. Population of Northern Kazakhstan (by region)**

Regions	2017	2018	2019	2020
North Kazakhstan	563300	558 584	554 517	548 755
Kostanay	879134	875 616	872 795	868 549
Akmola	734369	738 942	738 587	736 735
Pavlodar	757014	754 854	753 853	752 169

*Note: the table is compiled by the author based on statistical materials of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan.*

As can be seen, of the four regions, the least populated is the northern part of Kazakhstan. The population in 2018 decreased by 4,716 people compared to 2017, in 2019 it was 554,517 people, in 2020 it decreased by 5,762 people. In the remaining three regions, we see an annual decrease in the population over three years.

The development of the ethnic structure of the population of Northern Kazakhstan also has its own characteristics. During the study period, the national composition changed several times. The dynamics of the number of the main ethnic groups of Northern Kazakhstan in 1989-2014 is shown in Table 4.

Table 4

**Dynamics of the number of the main ethnic groups of Northern Kazakhstan in 1989-2014  
(thousand people). [1; 62]**

Years	Kazakhs	Russians	Belarusians	Ukrainians	Germans	Tatars	Poles	Uzbeks
1989	1 075,6	2 044,2	452,7	100,6	450,7	99,6	44,1	4,9
1999	1 205,0	837,6	182,9	64,4	199,4	70,8	31,8	2,3
2009	1 213,1	1 221,6	231,6	49,1	111,5	61,3	18,9	3,6
2014	1 275,0	1 192,4	148,9	35,7	78,1	56,5	23,3	4,1

In 2009, there was an increase in the number of Russians, Kazakhs, Ukrainians, Uzbeks and Chechens. The number of Belarusians, Germans, Tatars, Poles has decreased. At the same time, Russians showed much greater growth than Kazakhs. The same applies to Ukrainians. The number of Russians has increased from 837,661 to 1,221,646 people compared to 1999 (by 383,985), Ukrainians — from 182,942 to 231,685 people (by 48,743), while Kazakhs showed an increase from 1,205,027 to 1,213,190 people — by 8,163 people. 2014 was marked by multi-vector trends in the change in the number of ethnic groups in the region. Thus, the Kazakh population showed continued growth, while the Russian, Ukrainian, Belarusian, German, Tatar and Chechen populations showed a decline. Poles and Uzbeks have slightly increased their numbers. In percentage terms, in 2014, Kazakhs accounted for 43.3 % in the region, and Russians — 40.5 %. At the same time, the percentage of Kazakhs, Russians and other ethnic groups is unevenly distributed in the context of the regions. Kazakhs make up over 50 % in Akmola and Pavlodar regions, the least of them in the North Kazakhstan region — 34.62 % [4].

If only the northern region of Kazakhstan is taken into account, the number of the seven largest ethnic groups living in the northern region of Kazakhstan amounts to 562.3 thousand people, accounting for 97.7 % of the total population of the region, as of January 1 2014 up to 575 thousand people. In addition to Russians (49.9 %) and Kazakhs (34.2 %), there are Ukrainians (4.5 %), Germans (3.5 %), Poles (2.2 %), Tatars (2.2 %), Belarusians (1 % of the total population). The data of the Agency of Statistics of the Republic of Kazakhstan at the beginning of 2014 showed that the significant majority in the North Kazakhstan region is the Russian population — 287 thousand people, their share in the total population was 49.9 %, compared with 2009 decreased by 0.5 %. The number of Kazakh population of the region was 196 thousand people or 34.2 % of the total population of the region has increased by 0.9 % compared to 2009. The proportion of Ukrainians decreased by 0.5 %, Poles and Belarusians decreased by 0.1 %, the proportion of people of different ethnicities remained at the level of 2009. Since the 2009 Census, mainly due to the influx of migrants to the region, the number of Tajiks has increased by 84.7 % and amounted to 774 people, Uzbeks by 19.4 % (486 people), Azerbaijanis by 11 % (1736 people), Armenians by 6.5 % (1353 people), Ingush by 0.8 % (762 people). The number of other ethnic groups compared to 2009 decreased by 4.4 % Russians, 0.9 % Kazakhs, 12.5 % Ukrainians, 1.8 % Germans, 8.1 % Poles, 4 % Tatars, Belarusians by 11.9 %, Chuvash by 10.2 %, Bashkirs by 3.7 %, Lithuanians by 4.4 %, Mordvins by 17.1 %, Chechens by 0.6 % [5].

By the beginning of 2019, the number of individual ethnic groups of the peoples of Northern Kazakhstan had undergone some changes. We can see this in the following table (Table 5):

Table 5

**Population of Northern Kazakhstan by individual ethnic groups at the beginning of 2019:**

	Kazakhstan	Russians	Uzbeks	Ukrainians	Tatars	Germans	Azerbaijan	Belarusians	Tajiks	Poles	Others
Northern Kazakhstan	194 239	274 629	678	22 883	12 058	19 680	1 953	5 401	1 026	11 478	10492
Pavlodar	394 674	267 142	1 421	32 373	13 946	20 297	2 191	4 365	369	881	16194
Kostanay	355 746	357 587	1 317	71 778	15 965	27 168	3 985	12 832	700	1 375	24342
Akmola	379 326	242 707	1 485	31 835	13 174	25 965	2 150	9 832	406	7 748	23959


*Note: the table is compiled by the author based on statistical materials of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan.*



As the table shows, at the beginning of 2019, part of the main ethnic groups living in the northern regions of the country are Kazakhs, Russians, Ukrainians, Tatars, Germans, Belarusians, Poles. In particular, the share of Kazakhs in the North Kazakhstan region was 35.03 %, Russians — 49.53 %, Ukrainians — 4.13 %, Tatars — 2.17 %, Germans — 3.55 %, Belarusians — 0.97 %. In Pavlodar region, 52.35 % of the total population is Kazakhs, 35.44 % is Russians, and among the rest of the population there are the following: 4.29 % are Ukrainians, 2.69 % are Germans, and 1.85 % are Tatars. In Kostanay region, Kazakhs accounted for 40.76 %, Russians-40.97 %, Ukrainians-8.22 %, Germans-3.11 %, Belarusians-1.47 %. Thus, by the beginning of 2019, in two regions in the north of the country (in North Kazakhstan and Kostanay regions), the largest number of representatives of the nationalities were Russians.

Орыс ұлты әлі күнге дейін Қазақстандағы ықпалды қоғамдық-саяси топ болып табылады және олар Қазақстанның қоғамдық, әскери, мәдени және экономикалық өмірінде белсенді болып қала береді. Орыс этносының көпшілік өкілдері экономикалық, инженерлік-техникалық қызметте, кәсіпкерлік, техникалық қызмет көрсету салаларында, сондай-ақ медицинада, маркетинг пен саудада істейді. Қазіргі таңда, аталған этнос өкілдері славян мәдениетінің, халықтық салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын, мәдениет пен өнерін жан-жақты дамытып, Қазақстан аумағында тұрып жатқан басқа да халықтардың рухани және басқа да гуманистік құндылықтарымен алмасу үстінде (2-сурет).



2-сурет. 1959-1989 жж. санақ нәтижелері бойынша Шығыс Қазақстан территориясындағы орыстардың жалпы тұрғындар санындағы динамикасы және ерекше демографиялық сипаттамалары [8]

XX ғасыр ішінде Қазақстан халқының қалыптасуы көбінесе орыстардың сыртқы көші-қонына байланысты болды [9].

### Талқылау (ікірталас)

Нәтижесінде Шығыс Қазақстандағы қазақтардың негізгі этнодемографиялық сипаттамалары (1959-1989 жж.) негізінде мынандай тұжырымдамалар жасаймыз:

- қазақтар санының өсімі өңірдің барлық аумақтарында байқалды;
- қазақ этносының демографиялық дамуында XX ғасырдың 60-жылдарындағы қазақ этносының «демографиялық жарылысы» салдарының әсері үлкен маңызға ие;
- қазақтардың қала халқы арасындағы өсімі, яғни қазақтар арасында урбандалу процесі байқалды;
- өңір аумағында орыс ұлтының басымдылықты сақтап, тұрғылықты түрде тұрақталды;
- өндіріс ошақтарындағы қызметтерге байланысты қалалық жерлерде шоғырланды.

Қазақстан халқының көбеюінің этникалық саралануы XX ғасырдың 50-60-шы жылдары байқала бастады. Қазақстанның көптеген этностарының қоныстану ерекшеліктері айқындалушы болып табылады: қазақтар негізінен ауылдық жерлерде қоныстанса, орыстар жылдам қарқынмен қалаларға көшіп келе бастады. Сол кездегі мемлекеттің әлеуметтік бағдарламалары ауыл тұрғындары арасында прокреативтік белсенділіктің жандануына ықпал етті. Қазақстанда 1950-60 жылдары совхоз жүйесі кең таралды. Көптеген отбасылар мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру саласына түсті. Тегін білім беру, медициналық қызмет көрсету, балаларды күту мен тәрбиелеу шығындарын едәуір төмендетіп, бала туудың жоғары деңгейін сақтауға ықпал етті. Медициналық қызмет көрсетуді жақсарту нәрсесте өлімінің қысқаруына, балалардың жақсы өмір сүруіне әкелді. Ауылда әдет-ғұрып, салт-дәстүр және көп балалы болу үрдісі сақталды.

Соған қарамастан, өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70-ші жылдары туудың төмендеу үрдісі байқалды, бұл 80-ші жылдары одан да үлкен динамикаға ие болды. Негізгі себеп әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзгерістер болды. Оған урбандалу қарқынының артуы, халықтың жаңа қажеттіліктерінің пайда болуы, әйелдердің қоғамдағы рөлінің өзгеруі әсер етті. Нәтижесінде отбасын жоспарлау процесі күшейе түсті [9]. Қалаға көшуге әсер еткен факторлардың бірі өндіріс ошақтарының салынуы болды. Атап айтатын болсақ, 1959-1970 жылдар аралығында ашылған Өскемен титан-магний зауыты, Өскемен қаласындағы машина зауыты. Осындай өндіріс орындарының дамуы арқасында қала халқының саны мен үлес салмағы өсті. Осы кезеңде халықтың табиғи өсімін молайтуға және көші-қон тәртібіне әсер еткен халықтың этникалық құрылымында өзгерістер болды.

Этникалық демографияны зерттеудің негізі, ең алдымен, халықтардың саны, ұлттық құрамы, тілі, этникалық топтардың қоныстануы туралы ақпарат беретін, кейбір тенденциялар мен сипаттамалық белгілерді анықтауға мүмкіндік беретін халық санағының материалдары болып табылады.

Репродуктивті процестер халықтардың мәдениетімен, дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, менталитетімен, өмір салтымен тығыз байланысты, әр түрлі этникалық топтардың демографиялық тәртібімен ерекшеліктерін этнографиялық материалдарды қолдану арқылы ғана түсінуге болады.

#### *Қорытынды*

1959, 1970, 1979 және 1989 жылдардағы халық санақтарының материалдары бойынша Шығыс Қазақстан халқының қоныстануын зерделеуді қорытындылай келе, неғұрлым айқын көрініс тапқан негізгі оң және теріс демографиялық процестерді байқауға болады [6; 60]. Жалпы бұл көрсеткіштер титулды екі ұлт әсерінен болып отырды. Осылайша, Шығыс Қазақстанның этнодемографиялық дамуы жалпы тенденциялармен бірге әрқашанда өзіндік ерекшеліктерге ие болды.

#### *Алғыс білдіру*

*Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «Қалалық қазақ әйелдердің репродуктивті мінез-құлқының өңірлік ерекшеліктері: үрдістер мен перспективалар» АР09260600 гранттық жобасы аясында жүргізілді.*

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Алексеев А.Н. Народы Восточного Казахстана / А.Н. Алексеев. — Усть-Каменогорск: Б.и., 1994. — 52 с.
- 2 Алексеев Н.В. Славянское население Казахстана XVIII–XX вв.: историко-демографическое исследование / Н.В. Алексеев, В.Н. Алексеев. — Усть-Каменогорск: Изд-во «Медиа-Альянс», 2009. — 131 с.
- 3 Алексеев Н.В. История Восточного Казахстана в документах и материалах / Н.В. Алексеев. — Ч. 2. С 1917 г. по начало XXI века. — Усть-Каменогорск: Изд-во «Медиа-Альянс», 2007. — 108 с.
- 4 Аубакирова Ж.С. Воспроизводство населения Казахстана: Этнорегиональный аспект / Ж.С. Аубакирова. — Усть-Каменогорск, 2010. — 190 с.
- 5 Уалтаева А.С. Население малых городов Казахстана (социально-демографический аспект на примере Восточного региона) [Электронный ресурс] / А.С. Уалтаева. — Алматы, 2011. — 198 с. — Режим доступа: <https://polit.ru/article/2006/05/16/demoscope245>
- 6 Данилова И.А. Этническая демография в системе наук о народонаселении / И.А. Данилова, О.А. Хараева // Этническая демография: сб. ст. — М.: МАКС Пресс, 2010. — С. 52–58.
- 7 Жаркенова А.М. Полиэтнический состав населения Северного Казахстана в конце XIX — начале XXI вв.: исторические особенности, современные тенденции и перспективы / А.М. Жаркенова // Вестн. Караганд. ун-та / Сер. История. Филология. — 2018. — № 4 (92). — С. 60–69.
- 8 Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. — Алма-Ата: Респ. информ.-изд. центр, 1991. — 198 с.
- 9 Алексеев А.Н. Динамика населения связана с его этническим составом [Электронный ресурс]. / А.Н. Алексеев // Демоскоп. — 2006. — № 245, 246. — Режим доступа: <http://www.demoscope.ru/weekly/2006/0245/tema02.php>.

Н.А. Махметова, Ж.С. Аубакирова

### **Динамика этнического состава Восточно-Казахстанской области во второй половине XX века**

В статье проанализирована динамика изменения этнического состава населения Восточно-Казахстанской области. В исследовании использованы статистические данные текущей статистики и результаты переписей населения 1959 и 1989 гг. Дана подробная характеристика двум доминирующим национальностям региона: казахской и русской (удельный вес, городское и сельское население, доля мужчин и женщин). В середине XX века преобладали представители русской национальности, затем к концу указанного века их количество уменьшилось, и возросла численность казахской национальности. Миграция оказала сильное влияние на этническую структуру населения области, так как массовая миграция русских, немцев, приход казахов привели к формированию новой пропорции. Таким образом, первое место по составу стало занимать казахское население, а русские — второе. Актуальность статьи заключена в изучении влияния динамики этнического состава на демографическую ситуацию региона в 1950–1980-е гг. Основы демографических процессов в современном Казахстане

сформировались в указанный период. Подводя итоги изучения расселения населения Восточного Казахстана по материалам переписей 1959, 1970, 1979 и 1989 гг., можно утверждать, что наиболее ярко проявившиеся основные положительные и отрицательные демографические процессы оказали последующее влияние на национальный состав региона. А это, в свою очередь, повлекло бум рождаемости в Восточно-Казахстанской области.

*Ключевые слова:* национальный состав, этнос, казахская нация, русская нация, миграция, расселение, демография, перепись населения, статистические данные, межэтнические отношения.

N.A. Makhmetova, Zh.S. Aubakirova

## **Dynamics of the ethnic composition of the East Kazakhstan region in the second half of the XX century**

The article analyzes the dynamics of changes in the ethnic composition of the East Kazakhstan region. The study used statistical data of current statistics and the results of the 1959 and 1989 population censuses. A detailed description is given of the two dominant nationalities of the region: Kazakh and Russian nationalities (share, urban and rural population, proportion of men and women). In the middle of the 20th century, Russian nationality prevailed, then by the end of the 20th century, the number of Russian nationality decreased and the number of Kazakh nationality increased. Migration had a strong influence on the ethnic structure of the population of the region, since the mass migration of Russians, Germans, the arrival of the Kazakhs led to the formation of a new proportion, so the Kazakh population began to return to the first place, and the Russians took second place. The relevance of the article lies in the study of the influence of the dynamics of ethnic composition on the demographic situation of the region in the 1950s-1980s. The foundations of demographic processes in modern Kazakhstan were formed in this thirtieth anniversary. Summing up the study of the settlement of the population of East Kazakhstan based on the censuses of 1959, 1970, 1979 and 1989, the most pronounced main positive and negative demographic processes had a great impact on the national composition of the region. And this, in turn, is a vivid manifestation of the demographic development of the East Kazakhstan region.

*Keywords:* national composition, ethnos, Kazakh nation, Russian nation, migration, resettlement, demography, population census, statistical data, interethnic relations.

### References

- 1 Alekseenko, A.N. (1994). *Narody Vostochnogo Kazakhstana* [Peoples of East Kazakhstan]. Ust-Kamenogorsk: Bez (ukazaniia) izdatelstva [in Russian].
- 2 Alekseenko, N.V., & Alekseenko, V.N. (2009). *Slavianskoe naselenie Kazakhstana XVIII–XX vv.: istoriko-demograficheskoe issledovanie* [Slavic population of Kazakhstan of the XVIII–XX centuries: historical and demographic research]. Ust-Kamenogorsk: Izdatelstvo “Media-Allians” [in Russian].
- 3 Alekseenko, N.V. (2007). *Istoriia Vostochnogo Kazakhstana v dokumentakh i materialakh: (V dvukh chastiakh). Ch. 2. S 1917 g. po nachalo XXI veka* [The history of East Kazakhstan in documents and materials: (In two parts). Part 2. From 1917 to the beginning of the XXI century]. Ust-Kamenogorsk: Izdatelstvo “Media-Allians” [in Russian].
- 4 Aubakirova, Zh.S. (2010). *Vosproizvodstvo naseleniia Kazakhstana: Etnoregionalnyi aspekt* [Reproduction of the population of Kazakhstan: Ethno-regional aspect]. Ust-Kamenogorsk [in Russian].
- 5 Ualtaeva, A.S. (2011). *Naselenie mal'kh gorodov Kazakhstana (sotsialno-demograficheskii aspekt na primere Vostochnogo regiona)* [Population of small towns of Kazakhstan (socio-demographic aspect on the example of the Eastern region)]. Almaty. Retrieved from <https://polit.ru/article/2006/05/16/demoscope245> [in Russian].
- 6 Danilova, I.A. & Kharaeva, O.A. (2010). *Etnicheskaia demografiia v sisteme nauk o narodonaselenii* [Ethnic demography in the system of population sciences]. *Etnicheskaia demografiia: Sbornik statei - Ethnic demography: a collection of articles*, 17, 52–58. Moscow: MAKS Press [in Russian].
- 7 Zharkenova, A.M. (2018). *Polietnicheskii sostav naseleniia Severnogo Kazakhstana v kontse XIX — nachale XXI vv.: istoricheskie osobennosti, sovremennyye tendentsii i perspektivy* [The polyethnic composition of the population of Northern Kazakhstan in the late XIX–XXI centuries: historical features, current trends and prospects]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriia. Filosofiiia - Bulletin of the Karaganda university. History. Philosophy series*, 4(92), 60–69 [in Russian].
- 8 (1991). *Statisticheskii sbornik po otdelnym pokazateliam Vsesoiuznykh perepisei naseleniia 1959, 1970, 1979 i 1989 gg.* [Statistical collection on individual indicators of the All-Union Population Censuses of 1959, 1970, 1979 and 1989]. Alma-Ata: Respublikanskii informatsionno-izdatelskii tsentr [in Russian].
- Alekseenko, A.N. (2006). *Dinamika naseleniia svyazana s ego etnicheskim sostavom* [The dynamics of the population is related to its ethnic composition]. *Demoskop*, 245, 246. Retrieved from <http://www.demoscope.ru/weekly/2006/0245/tema02.php> [in Russian].



Г.М. Меңдіқұлова<sup>1\*</sup>, Т.С. Тумабаев<sup>1</sup>, Қ.И. Қобландин<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Satbayev University, Алматы, Қазақстан;*

<sup>2</sup>*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

*E-mail: gmendikul@hotmail.com, tumabaev\_t@mail.ru, kkalybek@mail.ru*

### **«Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» (2018-2020 жж.) мемлекеттік гранты бойынша жаңа табыстар**

Қазақтардың Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік басқыншыларға қарсы Еуропадағы Қарсыласу қозғалысына қатысуы — Қазақстан һәм Еуропа тарихының жарқын беттерінің бірі. Қазақтардың фашизмге қарсы күресі мен фашистік тұтқында болған қазақтардың тағдырын айғақтайтын архив құжаттарын зерттеу және пайдалану, қаза болған қазақ жауынгерлерінің жерленген орындарын табу, ресми түрде хабар-ошарсыз жоғалған отандастарымыздың есімдерін қалпына келтіру, қазақ халқының тарихи жадын қалыптастыру мен сақтауда маңызды орын алады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Еуропа елдерінде, атап айтқанда, Италия, Франция, Норвегия, Бельгия және т.б. қазақтардың Қарсыласу қозғалысына қатысуы мәселесін комплекссті пәнаралық зерттеу т.ғ.д., профессор Г.М. Меңдіқұлова жетекшілік жасаған «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» атты Халықаралық ғылыми-зерттеу жобасының приоритетті мақсаты болды. Мақалада Еуропадағы Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар туралы шетел архивтерінен жаңадан табылған құжаттар талданған. Фашистердің күшімен Батысқа айдалған мыңдаған кеңес әскери тұтқындары мен азаматтары лагерьлерге қамалып, Еуропадағы шахталарда, зауыттарда, фермаларда мәжбүрлі жұмыстарға жегілді. Бірақ та олардың көбі бұған көнбеді, лагерьлерден қашып партизан топтарын құрды, еуропалық патриоттармен бірге фашист басқыншыларына қарсы соғысты. Архивтерден табылған куәгерлердің әңгімелері, жеке куәліктер, анықтамалар, партизан топтарының әрекеттері туралы есептер, адам шығыны мен жерленген орындары туралы құжаттар Еуропадағы фашизмге қарсы қаһармандықпен шайқасқан қазақтардың ерліктері жайлы тарихымызды қалпына келтіруге және кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

*Кілт сөздер:* қазақтар, Екінші дүниежүзілік соғыс, еуропалық елдер, Франция, Италия, әскери тұтқындар, Қарсыласу қозғалысы, архив құжаттары, жерлеу орындары, партизан топтары, фашизмге қарсы күрес.

#### *Kipicne*

Қазақтардың Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Еуропадағы қарсыласу қозғалысына қатысуы — Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі, сонымен бірге, бұл Еуропа тарихының бір бөлшегі. Біздің ата-бабаларымыз, қазақтар, өз Отанынан жырақта фашизмге қарсы жанқиярлықпен шайқасып, көптеген еуропалықтардың тарихи жадында, есінде құрметпен сақталып қалды. Тарих алдындағы борышымыз — осы уақытқа дейін үнемі есімдері мен ерліктері көлеңкеде қалып келген қандастарымыздың Еуропа елдеріндегі Қарсыласу қозғалысына қатысуы тарихын зерттеп, қоғамымыздың игілігіне жарату — 2018-2020 жж. мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған т.ғ.д., профессор Г.М. Меңдіқұлова жетекшілік жасаған «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» атты Халықаралық ғылыми-зерттеу жобасының приоритетті мақсаты болды.

Жоба шеңберінде авторлар қазақстандық тарихнамада алғаш рет қазақтардың Еуропа елдерінде Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы мәселесіне комплекссті пәнаралық зерттеу жүргізді. Осы кезге дейін Қазақстан, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Италия, Финляндия, Норвегия архивтерінен, музейлерінен, кітапханаларынан айрықша құжаттар табылды және сараптама жасалды. Еуропада фашизмге қарсы соғысқан отандастарымыздың толық тізімін қалпына келтіруге және оны жаңадан табылған архив құжаттары мен материалдары негізінде жаңа есімдермен, өмірбаяндармен толықтыруға байланысты жұмыстар жалғасуда.

Авторлар Еуропада қазақтардың фашизмге қарсы күреске қатысуын және фашистік тұтқында болған қандастарымыздың тағдыр-тауқыметін айғақтайтын архив құжаттарын зерттеп пайдалану,

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gmendikul@hotmail.com

қаза болған батырлардың жерленген орындарын табу, ресми түрде іс-түссіз жоғалғандардың есебіндегі жерлестеріміздің есімдерін қалпына келтіру қазақ халқының тарихи жадын қалыптастыру мен сақтау үшін маңызды міндет екеніне сенімді.

Қазақстанның тарих ғылымы Екінші дүниежүзілік соғысты жан-жақты әртүрлі қырынан қарастыруды жалғастыруда. Соның бірі қазақтардың Еуропадағы қарсыласу қозғалысына қатысуы, жасаған ерліктері, бастарынан өткізген тағдыр-тауқыметі назардан тыс қалған жоқ. Осыған қатысты архив құжаттарын анықтау және талдау, Еуропадағы Қарсыласу қозғалыстарына қатысқан қазақ жауынгерлерінің мемуарларын, бұрынғы тұтқындардың естеліктерін зерттеу, қаза болған отандастарымыздың жерленген орындарын табу, із-түзсіз жоғалған қандастарымыздың есімдерін қалпына келтіру — осының бәрі Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақтар тарихының «ақтаңдақ» беттерін айқындауға көмектеседі.

Қазақтардың Еуропадағы Қарсыласу қозғалысына қатысуы, әсіресе, Италия және Бельгиядағы Қарсыласу қозғалысына қатысуы туралы фактілер Қазақстан қоғамына кейінгі жылдары ғана белгілі бола бастады. Тарих ғылымында Еуропа елдеріндегі Қарсыласу қозғалысына орыстардың, украиндардың, әзербайжандардың, армяндардың қатысуы туралы монографиялар жарияланған. Бірақ бұл зерттеулерде қазақтар туралы мәліметтер жоқ.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Еуропа елдеріндегі Қарсыласу қозғалысына қазақтардың қатысуы мәселесін зерттеу кеңестік және қазақстандық тарихнамада соңғы жылдарға дейін тек Қазақстан және Ресей Федерациясы архивтерінің материалдарына ғана негізделіп жазылды. Еуропалық архивтердің құжаттары ғылыми қолданысқа енгізілмеді. Сондықтан бұл мәселені толықтай және объективті зерттеу үшін, осы оқиғалар болып өткен Еуропа елдерінің архив құжаттарымен жұмыс жасау қажет еді. Міне осы бағытта нәтижелерге қол жеткізу «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» атты Халықаралық ғылыми-зерттеу жобасының негізгі міндеті болып белгіленді және осы мақала авторлары да оған белсене қатысқан еді.

#### *Зерттеу әдістері*

Белгіленген міндеттерді орындау барысында авторлар тарихилық, объективтілік сияқты тарихи таным қағидаттарынан тұратын зерттеудің жалпы ғылыми әдістерін және басқа да ғылым қағидаттарын, сонымен қатар, тарихи зерттеудің негізі болып саналатын қағидаттарды қалыптастырған жетекші ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ережелерін қолданды. Сонымен бірге мақалада тарихи процесті зерттеудің тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-биографиялық, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелілік, тарихи реконструкциялау әдістері белсенді қолданылды.

#### *Нәтижелері*

2018 жылдың қараша айында жарық көрген, «Рухани жаңғырудың» жалғасы болып табылатын «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында еліміздің сол кездегі басшысы Н.Ә. Назарбаев ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік архивтер дүниесіне іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив–2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауды ұсынған болатын. Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажеттілігін жеткізді [1].

Осы бастаманы қолдау мақсатында 2018 жылдың қараша айында Сәтбаев университетінде (Алматы), Питсбург қаласында (АҚШ) жыл сайын өтетін CESS (Central Eurasian Social Studies) конференциясында, 2019 жылдың мамыр айында Парижде (Франция) «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен құжаттар» атты орыс тілінде жарық көрген Құжаттар жинағының (Бұдан әрі қарай — «Құжаттар жинағы») I-томының презентациялары өткізілген еді [2].

Бұл жинақ шетел архивтерінен алынған жаңа құжаттарды тұңғыш арнайы жариялаған еңбек және ол ҚР БҒМ №2018/АР05130249 «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» мемлекеттік гранты (2018-2020 жж.) бойынша халықаралық ғылыми-зерттеу жобасының барысында жүргізілген кешенді зерттеулердің нәтижесінде жарыққа шыққан болатын.

Осы халықаралық ғылыми-зерттеу жобасының және жоғарыда аталған Құжаттар жинағын құрастырушылардың жетекшісі, қазақ диаспорасын зерттеуші белгілі ғалым, т.ғ.д., профессор Меңдікұлова Гүлнара Малбағарқызы жарияланған ғылыми еңбектің маңыздылығы туралы: «*Соңғы жауынгер оралмайынша, соғыс аяқталмайды*» дейді әскерилер. Осы бірінші томда есімі жарияланған мыңдаған хабарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлер «өз үйлеріне оралды», – деп атап көрсетті [3; 47].

Жобаны іске асыру барысында алғаш рет 18 шетел архивтерінен, музейлерінен, кітапханаларынан және Франция, Италия, Норвегия, Финляндия, Ұлыбритания және Ресей мәліметтер базасынан құжаттар жиналды. 2 құжаттар жинағы және Қазақстанда, Украинада, Түркияда, Ресейде, Моңғолияда 27 мақала жарияланды [4]. Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақтар туралы алғаш рет 8 мәліметтер базасы құрастырылды. Франция, Бельгия, Финляндия, Италия, Норвегия және басқа елдердегі қазақтардың жерленген орындары алғаш рет табылды және идентификацияланды. Батыс Еуропада елдеріндегі Қарсыласу қозғалысына қазақтардың қатысуы және жерленген орындары жайлы интерактивті карта жасалды. Жоба қатысушылары Қазақстан, Франция, Ұлыбритания, АҚШ, Түркия, Моңғолия, Украина, Қырғызстан, Ресей конференцияларында 20 баяндама жасады.

2020 жылдың соңына қарай Құжаттар жинағының II-томы жарыққа шықты [5]. Пандемияға байланысты оның презентациясын уақытында өткізуге мүмкіндік болмады. Дегенмен ҚР БҒМ №2018/АР05130249 «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» (2018-2020 жж.) атты Мемлекеттік грант жобасының барысында зерттеу тобы қол жеткізген нәтижелер мен жаңадан анықталған мәліметтер жайында ғылыми қауымдастық білуі қажет деп есептейміз.

Жоба шеңберінде Екінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардың қатысуы мәселесі бойынша Италия, Франция, Ұлыбритания және Норвегия архивтерінен тапқан жаңа құжаттар негізінде кешенді зерттеулер іске асырылды. Зерттеу жұмыстарының іргелі нәтижелерінің бірі — Құжаттар жинағының I және II-томдарының орыс тілінде жарық көруі болды. 2018 жылдың қазан айында жарық көрген «Құжаттар жинағының» I-томы туралы мақалалар ҚР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты өткізген Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары жинағында [6] және «Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журналында [3] жобаға қатысушылардың тарапынан жарияланған болатын.

«Құжаттар жинағының» II-томы хронологиялық-тақырыптық принципке негізделіп жүйеленген 5 бөлімнен тұрады:

– «Архивтер туралы қысқаша ақпарат» деген I-бөлімінде «Құжаттар жинағының» II-томына материалдары енгізілген 5 шетелдік архивтердің және Норвегия мәліметтер базасының (<http://www.krigsgraver.no/ru/>) тарихы мен қызметіне қысқаша сипаттама берілген. Бөлімде қазақтардың Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы жайлы фактілер табылған қорлар туралы мәліметтер бар. Архивтер туралы ақпараттар толықтай «Құжаттар жинағының» I-томында берілгендіктен, авторлар II-томына жаңадан табылған және жаңадан жиналған материалдар жайлы ақпараттар және архивтерге қысқаша ғана сипаттамалар берген [5; 13-17];

– Екінші бөлім «Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Еуропадағы қарсыласу қозғалысына қатысқан және әскери тұтқында болған қазақтар тарихы бойынша құжаттар» деп аталады. Бөлімде Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Норвегия лагерьлерінде қайтыс болған әскери тұтқын қазақтардың тізімі берілген. Ол мәліметтер норвегиялық мәліметтер базасынан (<http://www.krigsgraver.no/ru/>) алынды. Сонымен қатар, екінші бөлімде әскери тұтқындарға арналған лагерьлерде Мұстафа Шоқаймен кездескен қазақтардың тізімі берілген. Алғашқы рет жарияланып отырған құжаттарда тек қана әскери тұтқындардың аты-жөндері ғана емес, олардың соғысқа дейінгі өмірі мен қызметінің қысқаша сипаттамасы және М. Шоқаймен әңгімелесу барысында анықталған фактілер мен мәліметтер жинақталған. Бұл құжаттар Шығыс тілдері мен өркениеттері кітапханасында (Париж, Франция) сақталған М. Шоқай архивтерінен алынды [5; 18-70];



– «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Италиядағы қазақтар туралы жаңа құжаттар» деп аталатын үшінші бөлімде Италияда Қарсыласу қозғалысы мен партизан отрядтарында соғысқа қатысқан қазақтар туралы құжаттар берілген. Соңғы жылдары зерттеу тобы Италия және Ресей архивтерінде сақталған Италиядағы Қарсыласу қозғалысына белсенді қатысқан қазақтар туралы жаңа құжаттарды тапты [5; 71-251];

– «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Бельгия мен Нидерландыдағы қазақтар» деген төртінші бөлімде Бельгия мен Нидерландыдағы Қарсыласу қозғалысына қатысқан әскери тұтқын қазақтардың тағдыры туралы құжаттар енгізілген. Тағдыр тәлкегімен туған жерлерінен мыңдаған шақырым қашықта жүріп, ата-бабаларымыз фашист басқыншыларға қарсы күресін тоқтатпаған. Концлагерлерден қашып партизан отрядтарына біріккен, еуропалық патриоттармен бірге жауды жеңуге өз үлестерін қосқан.


Қазақтар Бельгия мен Франция территориясында «Отан үшін» атты партизан бригадасында және басқа да партизан отрядтарында қаһармандықпен шайқасты. Бельгия командирлері куәгерлік ететін

архив құжаттары: бұйрықтар, есептер және тізімдер отандастарымыздың есімдерін қалпына келтіруге және жаңғыртуға мүмкіндіктер береді [5; 252-311];

– «Кеңес әскери тұтқындары мен азаматтарын Еуропадан КСРО-ға репатриациялау туралы құжаттар» деген бесінші бөлімінде британиялық архивтерден алынған, осы уақытқа дейін қазақстандық тарих ғылымына белгісіз және ғылыми айналымға алғаш енгізіліп отырған ерекше құжаттар қарастырылған (1-12 суреттер) [5; 312-349].



1-3-сурет. INALCO. Bibliotheque Institute National des Lanques et Civilisations Orientales – Archives Mustafa Chokay Bey. Cartoon 2. D. 9. P. 5. 205-207.



4-5-сурет. Италияндық партизандар Марио Натти (Mario Nanni) және Франко Фонтананың (Franco Fontana) айтуымен салынған Каратон портреті және оны салу кезі. Болонья, 18.06.2019 ж. Клаудио Спано фотосы



6-сурет. Италияндық партизан Эрминиджильдо Бунимен (Ermenegildo Bugni) кездесу. 9 мамыр 2019 ж. Болонья (Италия)




7-сурет. Футапасс неміс әскери зиратындағы унтер-офицер Баизиков Туменбай бейітіне қойылған тастақта. Тоскана, Италия. Клаудио Спано фотосы



8-сурет. Костермано неміс әскери зиратындағы Русмат Тургунбай бейітіне қойылған тастақта. Верона, Италия. Г.М. Мендікұлова фотосы



9-сурет. Костермано неміс әскери зиратындағы Абдулин Матшидов бейітіне қойылған тастақта. Верона, Италия. Г.М. Мендікұлова фотосы



10-11 сурет. Футапасс неміс әскери зиратындағы ефрейтор Кобай Қадырбаев бейітіне қойылған тастақта. Тоскана, Италия. Клаудио Спано фотосы



12-сурет. Футапасс неміс әскери зиратындағы Ақшай Қадыров бейітіне қойылған тастақта. Тоскана, Италия. Клаудио Спано фотосы

*Талқылау*

Зерттеу тобы Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінен итальян тілінде құжаттар тапты. Оларды 1945 ж. КСРО Министрлер Кеңесінің репатриация туралы бөліміне Италия билігі жіберген екен. Олардың ішінде Италия билігі құрастырған ұлтшыл-фашистерге қарсы партизан отрядтарының күресіне қатысқан азаматтардың тізімі бар. Бұл тізімдегі қазақтардың анықталған аты-жөндері Қазақстан тарих ғылымы мен қоғамына белгісіз болып келді.

«Мемориал» мәліметтер базасындағы архив құжаттарымен жұмыс жаңа нәтижелерге қол жеткізіп, Орталық және Солтүстік Италияда ұлтшыл фашизмге қарсы күреске қатысқан қазақтардың аты-жөндерін анықтауға мүмкіндік тудырды.

Италиядағы Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар туралы өте бай және айрықша құжаттар 2020 жылы мамыр айында Италияда жүргізілген кешенді экспедиция барысында жинақталды.

Жоғарыда аталған халықаралық ғылыми жобаның жетекшісі, т.ғ.д., профессор Г.М. Меңдіқұлованың италиялық іздеушілермен, партизандық қозғалыстарға қатысқан соғыс ардагерлерімен, Милан, Флоренция, Болонья және Верона қалаларындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мамандарымен болған кездесулері біздің отандастарымыз туралы жаңа ақпараттарды анықтауға септігін тигізді.

Флоренция қаласында Италия жерінде нацизм мен фашизмге қарсы күрескен 20-дан астам қазақтың есімдері анықталды. Содан соң Ресей және Қазақстан архивтеріндегі жұмыстар барысында салыстырмалы идентификация жүргізіліп, Италияны нацизмнен және фашизмнен азат ету қозғалысына қатысқан 127 қазақтың есімдері анықталды.

Флоренциядан 56 шақырым жерде орналасқан әскери неміс зиратынан 4 қазақтың жерленген орны анықталды.

Италия партизандарының Ұлттық ассоциациясының (ANPI) Болонья облыстық комитетінде итальяндық партизан Эрминиджилдо Бунимен (Ermenegildo Bugni) кездесу өтіп, ол сұхбатында есімін ұмытып қалған, бірақ «Моңғол» деп аталып кеткен азиялық партизан туралы әңгімелейді. Оның аты-жөнін идентификациялау жұмыстары жүргізілуде.

Модена провинциясындағы Guiglia қалалық зиратынан Қызылорда облысы Тереңөзек ауылында 1919 жылы туған Жұмахмет Төлебаевтың жерленген орны табылды. Ол 1945 жылы 6 наурызда қаза болған. Оның Қазақстандағы туыстарын іздеп-табу сәтсіздікке ұшырады. Жергілікті БАҚ-та хабарландыру жарияланғанымен осы уақытқа дейін ешкім байланысқа шықпады.

Г.М. Меңдіқұлованың италиялық іздеушілер Клаудио Спано (Claudio Spanò) және Франческа Кандиолимен (Francesca Candioli) Болонья (Италия) қаласында кездесуінде 1944 жылдың шілдесінен қыркүйектің 29-ына дейін Стелла Росса-Лупо (Stella Rossa-Lupo) бригадасында, шамамен 1944 жылдың 10 қазанынан 30 қазанына дейін Гарибальди Болероның (Garibaldi Bolero) 63-бригадасында соғысқан кеңестік партизан туралы ақпаратты анықтауға мүмкіндік берді. Италияндар оны Каратон деп атаған. Ол 1944 жылы 30 қазанда таңертең Кастельдеболле (Casteldebole) маңында болған шайқаста қаза тапқан. Бірге соғысқан итальяндық коммунистердің еске алуына қарағанда, ол итальянша, немісше сөйлеген, жасы шамамен 25–37 аралығында болған, лейтенант немесе кеңестік офицер атағын иемденген. Италияндық партизандардың айтуынша, ол 1944 жылдың көктемінде Монтефиорино Республикасындағы партизандық қозғалыстарға да қатысуы мүмкін.

Италияндық партизандар 97 жастағы Марио Натти (Mario Nanni) және 91 жастағы Франко Фонтана (Franco Fontana) Каратонмен қалай бірге шайқасқанын әңгімелейді. Олар Каратонды қазақ деп санайды.

Зерттеу тобы анықталған аты-жөндерге идентификация жүргізді. Италия, Ресей және Қазақстанның әртүрлі архивтерінен алынған құжаттарға салыстырмалы талдау жасады. Нәтижесінде оннан аса этникалық қазақтардың Италияны фашизмнен азат ету күресіне қатысқандығы дәлелденді.

Верона қаласынан 57 шақырым жерде әскери неміс зираты — Костермано орналасқан. 1956 жылы қателікпен осы жерге кеңестік партизандар да қайта жерленген. Алты ортаазиялықтың жерленгені туралы ақпарат анықталды. Олардың үшеуі: Русмат Тургунбай, Матшидов Абдулин және Масалежаров табылды. Қазір оларға идентификация жүргізілуде.

Италия архивтерінің және «Мемориал» мәліметтер базасы мен Мәліметтер Банкі құжаттарын салыстырмалы талдау процесі барысында Италияда қазақ жауынгерлерінің жерленген орындары табылды. Қазақтардың жерленген орындарын табу және идентификациялау, олардың туысқандарын



табу, оларға өз ата-бабаларының қабірлеріне барып зиярат ету мүмкіндігін жасау — бұл ғылыми және қоғамдық тұрғыда да маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ондаған отандастарымыз Италия жерінде халық-азаттық антифашистік қозғалыстарға белсене қатысты. Сол оқиғаларға қатысқан куәгерлердің әңгімелері және сақталып қалған архив құжаттары тақырыпқа қатысты тарихи фактілерді дәлелдейді.

Италия жеріндегі Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар мәселесі бүгінгі күнге дейін аз зерттелді және барлық жауынгерлердің есімдері белгілі болмады, қалпына келтірілмеді. Олардың жасаған ерліктері бүгінгі ұрпақ тарапынан лайықты бағасын алған жоқ, мақтанарлық құрметке ие болған жоқ.

Сонымен, қазақтар шалғайдағы Италия жеріне қалай тап болды?

Рим және Италияның орталық аудандарындағы антифашистік көтерілістер қатаң түрде басылғаннан кейін, 1943 жылдың күзінде ел өзара соғысушы екі лагерьге бөлінді. Солтүстікте Қарсыласу қозғалысы өрістеп, Муссолини режимі мен гитлерлік оккупацияға қарсы соғысты. Тарихшы М.Г. Талалай осы жағдай туралы: «Партизандар мен дуче жақтастары арасындағы қарулы қақтығыстар Азамат соғысының сипатын ала бастады» деп жазады өз зерттеу еңбегінде [7; 16].

Дәл осы кезде, 1943 жылдың күзінде Италияға кеңестік әскери тұтқындардың алғашқы ірі партиясы әкелінді. Олардың көп бөлігі тұтқыннан қашып шығып, Қарсыласу қозғалысына қосылды. Апеннин аумағындағы соғыс қимылдары жоғары қарқын алып, 1944 жылы толығымен жүрді және 1945 жылдың алғашқы айларында Қарсыласу қозғалысы құрамында КСРО-дан шыққан 5 мыңға жуық жауынгерлер қатысты. Осы соғыс қимылдарына 30 мыңға жуық коллаборационистер қатысты. Олардың құрамында Орыс азаттық армиясының («власовшылар»), Казак станының («красновшылар») және Шығыс легионының жауынгерлері болды. Бірақ та жіберілген коллаборационистер өз міндеттеріне қарсы шығып, тіпті Вермахт құрамынан қашты немесе партизандарға қосылды.

Кеңес Одағына қарсы оның құрамындағы түрік халықтарын пайдалану идеясында Вермахт 4 позицияда сенімді болды:

- қолға түскен түрік тектес әскери тұтқындардың Кеңес армиясының қатарындағы түрік халықтарынан құралған басқа әскери құрамаларға пропагандалық насихатының күшіне;
- жау күшін әлсірету ісіндегі саяси әлеуетінің артуына;
- жаулап алған аумақтарды тез арада тыныштандырып тастауға;
- өзіне одақтастарды қалыптастыру мүмкіндігіне [5; 72].

Түрік еріктілерінің көп бөлігі немістер қолға түсірген кеңес әскери тұтқындар қатарынан алынды. Таяу Шығыс істері бойынша атақты неміс маманы, 162-Жаяу әскер дивизиясының басшысы Генерал Оскар фон Нидермайерға олардан соғыс батальондарын ұйымдастыру туралы тапсырма берілді. Бұл әрекет Оңтүстік топ әскерімен іске асырылды және ол негізінен Украинаның орталық бөлігінде топтастырылды. Розенберттің өте құпия баяндау жазбасында 1941 жылы 14 желтоқсанда осы құрамаларды біртіндеп түріктендіруді аяқтау және бұл тәжірибенің жетістігі туралы мәселені Гитлермен талқылағаны айтылады.

Сонымен 1941 жылы 30 желтоқсанда Вермахтың жоғарғы қолбасшылығы төмендегі жұмыстарды ұйымдастыруға шешім қабылдады:

- а) «Түркістан легионын» құру, ол мына ұлт өкілдерінен тұрды: түрікмендер, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар және тәжіктер;
- б) «Кавказ-мұсылман легионын» құру, ол әзірбайжандардан, дағыстандықтардан, ингуштерден, лезгин және шешендерден тұрды;
- в) «Грузин легионын» құру;
- г) «Армян легионын» құру [5; 73].

«Еділ-татар легионы» және «Солтүстік Кавказ легионы» 1942 жылы құрылды.

Бұл легиондар оқу орталықтарында болды, онда ұлттық құрамалар ұйымдастырылды және оқытылды. Әрқайсысының, сәйкесінше, Ұлттық комитеті болды. Бұл легиондардың командирлерінің батальон басшылары сияқты тәртіптік биліктері болды. Олар 162-ші Жаяу әскер дивизиясына бағынды. Легиондардың құрамы арнайы бөлуді ұйымдастыратын лагерьлерден жіберілген әскери тұтқындардан жасақталды. Легиондардың әр штабында немістің әскери персоналынан тұрақты бір кадр болды және легион басшысы таңдап алған қажетті түріктерден тұрды. Олардың оқу-жаттығуы және лайықты саяси-идеологиялық дайындығы біткеннен кейін бұл әскери батальондар 162-ші Жаяу әскер дивизиясын тастап, белсенді соғыс қимылдарын жүргізіп жатқан неміс дивизияларына қосылды.

1942 жылдың мамырында нөмірі 450-ші Түркістан батальоны Ямполья (Украина) маңында партизандарға қарсы соғысты. Басқа мәліметтерге сәйкес, Түркістан легионы 1942 жылдың маусым айында құрылды. Кей кезде басқа айлар да айтылады. Бұл сәйкессіздіктердің себебі: бұл батальондар 1942 жылдың мамыр айынан қыркүйек айларының аралығында құрылды. Мысалы, 785 нөмірі бар 7-ші батальон 1942 жылдың маусым айында Ромна (Польша) қаласында, 784 нөмірі бар 6-батальон 1942 жылдың шілде айында Варшава түбіндегі Легионово деген елдімекенде құрылды.

Түркістандықтарды Польша және басқа Шығыс Еуропа елдері территориясындағы лагерьлерде ұстады. Осындай лагерьлердің бірінде — Вениаминовода түркістандықтар «Түркістан СС» ротасына ұйымдастырылды, ол үш взводтан тұрды: біріншісі мен екіншісі — саяси, үшіншісі — радистерден құралды. Лагерьлерде түркістандықтар әскери дайындықпен қатар неміс тілін, фашистік Германияның мемлекеттік заңдарын, уставтарын және ҰӘДП партиясының бағдарламаларын оқытты [8, 61].

Ұлттық антикөнестік легиондарды құрудың негізгі орталықтары Польшадағы Легионово және Едлин станицалары жанындағы арнайы лагерь-казармалар болды. Осындай басқа да орталықтар болды. Легионерлердің формасына Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің суреті және «Аллах бізбен» деген жазуы бар эмблема жапсырылды.

Легионовода барлық тұтқындар өздерінің ұлттық шығу тегіне қарай бөлімдерге бөлінді. Мұнда «Түркістан легионының» батальондарынан басқа армян, әзірбайжан, грузин, украин және тіпті Африкада қолға түскен тұтқындардан құралған араб легионы да құрылды. Орыс тұтқындардан құралған орасан көп легионерлер екі армияға — генерал Власов және генерал Каминский басқарған Орыс азаттық армияларына біріктірілді. Сонымен қатар, казактардан құралған басқа да полктер болды.

Дайындық орталықтарына жеткізілгеннен кейін болашақ легионерлерге нормалы тамақ, арнайы форма берілді және әскери-тактикалық дайындықтан өткізілді. Оларға айына 45, тіпті одан да артық, алтын төленіп тұрды және арнайы рұқсатпен қалаға жіберілген.

Легионға қосылған тұтқындарға әңгімелер мен дәрістер өткізілген. КСРО-ның таратылатыны, діннің қалпына келтірілетіні, колхоздардың болмайтыны және шаруашылық жүргізу үшін жер берілетіні айтылды. Легионерлер үшін «Милли Түркістан» және орыс тілінде «Клич» журналдары шығарылды. Батальондарды неміс офицерлері — Мадельбайер, Хайе, Мармадер және басқалар басқарды. Әр батальонда 300-ге жуық жауынгер болды. Майданға аттанар алдында легионерлер ант қабылдады. Барлық қоғамдық іс-шаралар молдалардың қатысуымен өткізілді. Үгіт-насихатшылар «Германия Түркістан халқына көмектеседі» дегенді үнемі баса айтып тұрды. Бір сөзбен айтқанда, ақыл-сананы идеология арқылы бұрмалау үнемі жүргізілді. Сөзсіз, легион жауынгерлерінің статусы неміс армиясының жауынгерлерінен төмен болды.

1943 жылдың күзінде 162-ші (Түрік) Жаяу әскер дивизиясы Италияға жіберілді. Ол 1943 жылдың 23 мамырында құрылған болатын. Бірақ О.В. Романьконың «Екінші дүниежүзілік соғыстағы мұсылман легиондары» атты монографиясында басқа күн — 1943 жылдың 21 мамыры аталады [9; 208].

Дивизия КСРО-ның түркі тілдес азаматтарынан — әзірбайжан, қазақ, өзбек, түрікмен және қырғыз тұтқындардан құралған. Бірақ барлық дивизиядағы офицерлік құрам және унтер-офицерлердің көпшілігі Германия азаматтары болды.

1943 жылдың 29 қыркүйегінде Гитлер Батыс Еуропа елдері территориясындағы барлық шығыс легиондарды Шығыс майданнан алысқа ауыстыру туралы жарлық шығарды, өйткені легионерлердің сенімділігіне күмәнмен қарай бастады. 2 қазан күні неміс Генштабының №10570/43 бұйрығы шықты, онда Түркістан легионының штабы Францияның оңтүстігіндегі Альби қаласына көшірілетіні айтылды [2; 153].

Италияға келгеннен кейін дивизия американо-британдық әскерлерге қарсы 1944 жылы Римини ауданында соғысты. Ал 1945 жылы Болонья және Падуа үшін болған шайқастарға қатысты. 1945 жылы мамыр айында соғыс соңында британ әскеріне берілді.

1943 жылдың екінші жартысынан бастап Италиядағы Қарсыласу қозғалысының масштабы туралы Пальмиро Тольятти мына мәліметтерді келтіреді: барлығы 575 гарибальдилік бригада, «Джустиция э либерта» ұйымының 198 құрамасы, 255 автономды бөлімдері, 70 Маттеотти атындағы социалистік бөлімдер және 54 халықтық бригадалар болды. Бұрынғы ИКП Бас хатшысы Луинджи Лонго мәліметі бойынша итальян үкіметінің органдарының 1945 жылдың мамыр айында Италиядағы партизандық қозғалысқа 350 425 қатысушыны тіркеді [10; 16].

Кеңес адамдарының Италиядағы антифашистік күреске белсенді қатысуы туралы итальяндық Қарсыласу қозғалысының белгілі тарихшысы Роберто Батталья былай деп жазды: «Кеңес армиясының бұрынғы әскери тұтқындары, өздері көтеріліске белгі бере отырып, Санта Мария Капуа Ветере ауда-

нындағы шайқаста өздері қаза болған белгісіз солдаттардан бастап, ұзақ уақыт есте қаларлықтай танылған жауынгерлерге дейін, еш бұлғақтамастан партизандық қозғалыстарға қосылды. Бір кеңес майоры «Паоло Браччини» бригадасына кіретін жауынгерлер отрядын басқаруды өз қолына алды [11; 377].

«Гуидо Баскалья» итальяндық партизан бригадасында соғысқан қазақстандықтар туралы құжаттар мен куәліктер Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында барлық мемлекеттер бойынша тұтқындардың жалпы саны 35 млн-ға жуық адамды құраған. Германиядағы кеңестік тұтқындардың саны 5 млн-нан астам, ал Кеңес Одағында гитлерлік коалицияның тұтқындары 3 млн-нан аса болған. Әскери тұтқын мәселесі соғысқа қатысушы әр елге қатысты болды және халықтардың тарихи санасында терең із қалдырды.

Репатриация туралы келісімге Ялта конференциясында (1945 ж., 4-5 ақпан) қол жетті. Келісім 1939 ж. Кеңес Одағының азаматтары саналған және Отанына оралу ниеттерінен тыс барлық тұлғаларға қатысты еді. Сөз бірнеше миллиондаған адамдардың тағдыры туралы болды.

Британия архивтерінде әскери тұтқын мәселесіне қатысты кеңес-британ келісім шарттарының, сонымен қатар, британ лауазымды тұлғаларының әскери тұтқындардың тағдырларына қатысты қабылдаған шешімдерін айшықтайтын құжаттар сақталған.

Жарияланып отырған «Құжаттар жинағындағы» құжаттар әскери тұтқындарға қатысты шешімдердің қалай қабылданғанын және оның негізінде қандай пікірлер мен жағдаяттар туындағанын түсінуге көмектеседі. Ұсынылып отырған құжаттар Ұлыбритания архивтерінен табылып, қазақстандық тарихнамада алғаш жарияланып отыр [5; 312].

### *Қорытынды*

Қорытындылай келсек, биыл 2023 жылдың 2 қыркүйегінде Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына 78 жыл толады екен. Екінші дүниежүзілік соғыс зор қасірет әкелді, халықтардың тағдырын өзгертті, мыңдаған адамдарды Отанынан, әке-шешесінен, жақын туыстарынан айырды, ал миллиондаған адамдардың өмірін қиды. 350 мыңнан астам қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыс майдандарынан үйлеріне қайтпады [12; 4]. Осы күнге дейін қазақстандықтар соғыста хабарсыз кеткен өз туысқандарын іздестіруде, ал ғылымда бұл тақырып аз зерттелген. Бізге ұмыт болған есімдерді қайтару қажет.

Жоғарыда қарастырылған Құжаттар жинағы Қазақстан және дүниежүзі тарихының аз зерттелген беттерін қалпына келтіруге өз үлесін қосады, ғылыми, әскери-патриоттық және әлеуметтік маңызды еңбек болып табылады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйінін былай деп көрсеткен еді: «Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі олқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқулықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл — ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні — осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту керек» [13].

«Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» (2018-2020 жж.) мемлекеттік гранты бойынша халықаралық ғылыми-зерттеу жобасының аясында жүргізілген кешенді зерттеулердің нәтижесінде жарыққа шыққан «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен құжаттар» атты Құжаттар жинағының I және II томдары Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуда тың дереккөз ретінде өз үлесін қосады деп есептейміз.

### *Алғыс білдіру*

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі №2018/АР05130249 «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен жаңа құжаттар» (2018-2020 жж.) мемлекеттік гранты аясында жазылған.*

*Аталған Құжаттар жинағының I және II томдарының авторлары 2018-2020 жж. шетелдерде архив құжаттары мен материалдарын табуға жәрдемдескені үшін ҚР БҒМ мен ҚР СІМ-не, сонымен қатар, аталған ғылыми-зерттеу жобасын іске асыру барысында жан-жақты қолдау мен лайықты жағдай жасағаны үшін Сәтбаев университеті мен оның ректоры Бейсембетов Ескендір Қалыбекұлы басқарған әкімшілігіне алғыстарын білдіреді.*

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Егемен Қазақстан» газетінің сайты. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-dgeti-qury>.
- 2 Мендикулова Г.М. Казахи во Второй мировой войне: документы из зарубежных архивов: сб. док.: [В 2-х т.]. — Т.1 / Г.М. Мендикулова, Е.А. Надежук, А.А. Ақатаева, А.Ж. Габдуллина, Г. Байтасова. — Алматы: Satbayev University, 2018. — 383 с.
- 3 Мендіқұлова Г.М. Еуропадағы Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар (Екінші дүниежүзілік соғыс кезі) / Г.М. Мендіқұлова, Ә.А. Ақатаева, Т.С. Тумабаев // Қазақ тарихы. — 2019. — № 6 (173). — Б. 47-49.
- 4 Mendikulova G. New Documents on Kazakhs in the European Resistance Movements during World War II / G. Mendikulova, E. Nadezhuk, A. Akatayeva // Journal of Modern Turkish History. — Spring 2019. — Volume 15. Issue 29. — P. 205-226; Mendikulova G.M. The Participation of Kazakhs in the Resistance Movement in France and Italy during the World War II: Problem Posing / G.M. Mendikulova, E.A. Nadezhuk // Bulletin of KazNU. Historical series. — 2018. — N 3(90). — P. 9-15; Mendikulova G.M. Unconquered: Pages of the Joint Fight of Kazakhs and Ukrainians in the European Movement of Resistance / G.M. Mendikulova, E.A. Nadezhuk, Yu. Klimchuk // Bulletin of KazNU. Historical series. — 2018. — N 4(91). — P. 4-9; Мендикулова Г.М. Военнопленные казахи в лагерях Норвегии и Финляндии в годы Второй мировой войны / Г.М. Мендикулова, Е.А. Надежук, А.Ж. Габдуллина, А.А. Ақатаева, Т.С. Тумабаев // Вопросы истории. — 2019. — № 10. — С. 169–178; Кобландин К.И. Некоторые вопросы изучения истории Казахстана в годы Второй мировой войны / К.И. Кобландин // Победа для всех одна: материалы науч.-практ. конф., посвящ. 65-летию Победы во Второй мировой войне. — Бишкек: КРСУ; Илим, 2010. — С. 30–34; Мендикулова Г.М. Новые архивные документы об участии казахов в итальянском и французском движениях Сопротивления во время Второй мировой войны / Г.М. Мендикулова // Постигая историю. К 70-летию чл.-корр. РАН, президента РГГУ Е.И. Пивовара. — М.: РГГУ, 2019. — 433 с.; Мендикулова Г.М. Казахи в европейском движении Сопротивления: новые документы из зарубежных архивов / Г.М. Мендикулова // Исторический курьер. — 2021. — № 3 (17). — С. 76–94.
- 5 Мендикулова Г.М. Казахи во Второй мировой войне: документы из зарубежных архивов: сб. док. [В 2-х т.]. — Т.2 / Г.М. Мендикулова, Е.А. Надежук, А.А. Ақатаева, Т.С. Тумабаев, Г. Абдиганпарова. — Алматы: Satbayev University, 2020. — 353 с.
- 6 Мендіқұлова Г.М. «Қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыста: шетел архивтерінен құжаттар» жинағы туралы / Г.М. Мендіқұлова, Ә.А. Ақатаева, Е.А. Надежук, Т.С. Тумабаев // Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақтар: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (6 мамыр 2019 жыл). — Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2019. — Б. 56-63.
- 7 Талалай М.Г. Русские участники Итальянской войны 1943–1945: партизаны, казаки, легионеры / М.Г. Талалай. — М.: ООО «Старая Басманная», 2015. — 408 с.
- 8 Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі / С. Шәкібаев. — Алматы: Жазушы, 1968. — 263 б.
- 9 Романько О.В. Мусульманские легионы во Второй мировой войне / О.В. Романько. — М.: АСТ; Транзиткнига, 2004. — 320 с.
- 10 Лонго Л. Народ Италии в борьбе / Л. Лонго. — М., 1951.
- 11 Батталья Р. История итальянского движения Сопротивления (8 сентября 1943 г. — 25 апреля 1945 г.) / пер. с итал. Г.Д. Богемского, А.Д. Данилова и А.В. Старостина. — М.: Изд-во ин. литер., 1954. — 656 с.
- 12 Тәтімов М. Қазақ әлемі: Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған? / М. Тәтімов. — Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. — 157 б.
- 13 «Егемен Қазақстан» газетінің сайты. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>.

Г.М. Мендикулова, Т.С. Тумабаев, К.И. Кобландин

**Последние находки по государственному гранту «Казахи во Второй мировой войне: новые документы из зарубежных архивов» (2018–2020 гг.)**

Участие казахов в движении Сопротивления в Европе — это славная страница как казахстанской, так и европейской истории. Изучение и использование архивных документов, проливающих свет на участие казахов в борьбе с фашизмом, на судьбы людей, оказавшихся в фашистском плену, обнаружение захоронений погибших героев, восстановление имен людей, официально считавшихся пропавшими без вести, являются важной частью формирования и сохранения исторической памяти казахского народа. Комплексное междисциплинарное исследование проблем участия казахов во Второй мировой войне в странах Европы — приоритетная задача Международного научно-исследовательского проекта «Казахи во Второй мировой войне: новые документы из зарубежных архивов» под руководством д-ра ист. наук, проф. Г.М. Мендикуловой. В статье проанализированы выявленные авторами в зарубежных архивах документы об участии казахов в движении Сопротивления в Европе. Тысячи советских лю-

дей, военнопленных и гражданских, вывезенных фашистами на Запад, оказались в лагерях, на принудительных работах на бельгийских шахтах, заводах, фермах. Однако многие из них не смирились со своей участью. Люди вступали в неравную борьбу с фашистскими захватчиками, бежали из концлагерей, создавали партизанские отряды. Громили врага вместе с европейскими патриотами. Обнаруженные в архивах свидетельства очевидцев, удостоверения, справки, отчеты о действиях партизанских отрядов, документы о потерях и захоронениях позволяют восстановить и предать широкой огласке историю подвигов казахов, героически сражавшихся против фашизма в Европе.

Біріншіден, біз жартылай феодалдық және патриархалдық қатынастарға батыл шабуыл жасадық, біз ауылдан рулық жартылай феодалдық қатынастарды іске асырып, ауылдың дамуына мүмкіндік бермейтін ең ірі, ең қауіпті тап жауларын аластаттық» [20; 327-329], – деп қанағаттана көрсетті.

Осындай жағдайдағы малдарын тәркілеу арқылы «байларды әлеуметтік топ ретінде құрту қазақтарды жалпы ұлттық апатқа ұшыратты. Қазақтардың ұлт ретінде өмірге келгеннен бергі ең сойқанды соққы болған 1920 жылдардың басындағы қасіреттің түп төркіні сол ірі байлардың шаруашылығын құртуда жатқанды» [21; 238].

Ал, тәркілеудің екінші кезеңіне айналған «1930 және 1931 жылдарда Қазақстанда 12265 шаруашылық тәркіленді, яғни кем дегенде 60-70 мың адам, оның ішінде қарт адамдар, балалар мен әйелдер, азапты қуғын-сүргінге ұшырағанын байқаймыз. Солардың көпшілігі осы азаптан қайтыс болды» [22; 210].

Бұлармен қатар «1930 жылдың аяғына дейін республиканың 60 астықты және мақта өсіретін аудандарында күштеу арқылы ресми есептерде «қулақтық-байлардікі» деген 3,1 мың шаруашылық жойылды [23; 200].

Ауылдағы ірі және орта жеке меншік иелерінің малдарын толығымен алып, өздерін қанаушы тап ретінде жер аударудың бастапқы толқыны аяқталуымен бір мерзімде сталиндік жүйе ауыл тұрғындарының толықтай көпшілігін құраған малдары аз және малсыз қалған кедей шаруаларды олардың күштеу мен қорқыту арқылы ұжымдастыруға құлшыныспен кірісті. «Біздің жолымыз басқаша: жеке орта және кедей шаруашылықтарды көтере отыра, кеңшарлар мен ұжымшарларға (және оны нақты іс жүзіне асыра отыра) бағыт алуымыз керек. Ұжымдастыру негізіндегі отырықшыландыру және машиналық техникамен көмектесу. Нақты осы жол ғана батрақтық, кедей және орта шаруашылықтарға өз жерлерін өндірістік тұрғыда игеру, жартылай көшпелі, бір мезгілде байлардың қанауларынан құтқара отыра, егін шаруашылықты емес шаруашылықтан отырықшы егіншілік және егіншілік-мал шаруашылықты бағытқа жылдам өтуге жағдай жасайды. Барлық ауыл шаруашылығы тұрғындарын жаппай ұжымдастыру арқылы егін шаруашылығына көшу және егістік көлемін кеңейту» [24; 537-557], – деген Голощекиннің мәлімдемесі Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың сталиндік мақсатын толықтай аша түсті.

Бұл большевиктік эпербақан саяси науқанның барысы мен оның қайғылы қорытындысы дәлел болатынындай, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ешқандай дайындықсыз, оның мақсатын түсіндірусіз жүргізілді. Күштеу, зорлау мен қорқыту негізгі әдіске айналды. Жоғарыда аталып кеткеніндей, оны қысқа мерзімде, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін түгелдей қамту негізгі шарт етіп қойылды. Тарихи мағлұматтарға жүгінетін болсақ: «Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруа қожалықтарының 2 %-ы колхозға біріксе, 1930 жылғы 1 сәуірде олардың 50,2 %-ы, ал 1931 жылғы қазанға дейін

65 %-ға жуығы колхоздар қатарына күшпен тартылды. Ал кейбір аса белсенділік көрсеткен «екпінді» аудандарда колхоздастыру қарқыны мұнан да жоғары болды. Мысалы, Орал және Петропавел округтерінде осы мерзім ішінде шаруа қожалықтарының 70%-дан астамы колхоздарға енгізіліп үлгерілді. Қарқынның үдере түскендігі сондай, 1931 жылғы күзде республикадағы сол кездегі 122 ауданның 78-де ұжымдастыруға мәжбүр етілген шаруа қожалықтарының саны 70-тен 100 %-ға дейін жетті» [25; 5].

Бүкіл Қазақстан бойынша ұжымшарларға кіруге қарсы болғандарға қарсы зомбылық көрсету, тіпті жазалау шаралары толығымен іске асырылды. Мысалы: «Ұжымшарларға бірігудің бастаушылары насихат көрсеткендей, кім ұжымшарларға кіргісі келеді?» деген шақырудың орнына «Ұжымдастыруға кім қарсы?» деген сұрақтар қойды. Егерде шаруалар ұжымдастыруға ниет білдірмеген, «буржуазиялық» жеке меншіктен айырылғысы келмеген кезде оларға күштеуге негізделген «тәрбие-леу» шаралары қолданылды.

Атап айтқанда, жергілікті жерлерден ату жазасымен қорқыту (ату жазасына кесілгендердің бастарынан бірнеше рет асыра ату іске асырылып, оларды шошытты), аязда шешіндіру, конвойдың алдында барша деревня арқылы жалаң аяқпен қарда жүргізу, адамдарды мұздың ойықтарына лақтыру және тағы басқа жазалау туралы хабарлар түсіп тұрды [26; 10-17].

Күнкөрісінің көзі — соңғы малдарынан айрылған, күш қолдану мен жер аударылудан, жазаланудан шошынған, отырықшылық өмірге үйренбеген, осыдан барып барар жерлері қалмаған ауыл қазақтарының басым бөлігі жанұяларымен ұжымдастыруға қарсылық ретінде туған жерлерін тастап, лажсыздан шекарадан жасырын асып, көрші елдерге бас сауғалауға мәжбүр болды. Ал олардың жол бойындағы аурудан, аштықтан, кеңес шекарашыларының оғынан қаза тапқандары қаншама. Барған жерлерінде ешкімнің күтіп алмағандығы да белгілі. Бұл туралы мұрағат құжаттары, тарихи деректер молынан мағлұматтар береді. Аталған мазмұндағы: «1932-1933 жылдары Шыңжаңда Шәуешек көшелерінен аш адамдардың тобырын жиі көруші едік. Менің есімде олар біртүсті, әбден жүдеген, тіпті өлікті көз алдыға келтіретін: сұрғылт түсті киімдері жыртылған, мүлдем сұрланған, жалбыраған шашты, жүздері мен қолдарын тығыздала қысқан сұрланған тері, ішіне қарай кіріп кеткен от шашып, рақымшылық күткен көздерін ұмыта алмаймын. Бұлар Шығыс Қазақстанның шекаралық ауылдарынан қашып келген қазақтар еді. Олар өте көп болатын. Қызыл мешіттің кең ауласында олардың мыңдаған тобы бір-біріне тығыз топтасып шайқалып тұратын. Адамдар ешқандай айқайламай, сөйлемей, сұрамай әрбір өтушіге қолдарын созатын еді.

Түнге қарай бұл тобыр әр қараңғы көшелерге, үйлер арасындағы қалтарыстарға тарап, көшелерге орналасқан ұйғыр ас пісіру орындарының маңайларын паналайтын. Ал таңертең күн шығысымен қала көшелерін көтерем ат жегілген арбамен қарт қазақ аралайтын. Жендері қолтықтарына дейін түрілген, ұсталар пайдаланатын былғары шалғыш таққан екі ұзын бойлы ұйғыр арбамен қатарлас жүріп отыратын. Олар келесі өліктің жанына келіп, оны иығы мен аяғынан ұстап, арбаға лақтыратын. Ол толған кезде қарт мұсылман зиратына қарай бет алатын.

Мен барлығын айтқаным жоқ. Шәуешектен Ласты өңіріне, одан ары Тарбағатай арқылы Хабарасу асуына дейінгі жол бойы өлген қазақтарға толы болатын және олардың кейбіреулерінің қойындарынан кеңес ақшалары шығып жататын. 1933 жылдың көктемінің аяғында аш тобырлар қала көшелерінде көрінбейтін болды. Оларды қайда ығыстырды және олардың одан арғы жағдайлары қалай болды, ол жағы ешкімге белгісіз еді» [27; 100], – деген осы оқиғаларға куәгердің жазбасы жоғарыдағы айтылғандардың бір мысалы ғана.

Осы уақытта жалпы Қазақстан бойынша ауыл тұрғындарының көрші елдерге лажсыздан қоныс аударулары бұрын болмаған дәрежеде етек алып, орташа есеппен шекаралық аудандардағы жергілікті тұрғындардың жартысына жуығы жасырын қоныс аудару бастады. Мысалы: «1928 жылға дейін-ақ ауыл шаруашылығындағы қайта құруларға қарсылық ретінде шаруалар Қазақстаннан тыс жерлерге кете бастады. 1930 жылдың сәуірінде Қазақ АКСР Халкомының «феодал-бай элементтердің шекаралық аудандардан Қытайға жасырын көшулеріне қарсы күрес туралы» қаулысы шығарылды. Онда атап айтқанда жазалау шаралары ғана емес, тұрғындардың әлеуметтік қауіпті топтары — байлар мен кулактарды, олардың жанұя мүшелерін 100 шақырымдық шекаралық аймақтан аластату және бандиттік құрылымдарға көмек көрсеткен адамдарды жазалау қарастырылды.

Әскерлер мен ОГПУ органдарының жазалау науқаны халықтың қарсылығын тоқтата алмады. Тек 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін елеулі бөлігі негізінен Қытай, Иран, Ауғанстанға 281230 шаруашылық көшіп кетті. Толық емес деректер бойынша 1932 жылдың тамызына дейін Алматы облысының 14 ауданынан Қытайға 11530 шаруашылық қоныс аударды. Құлжадағы кеңестік консулдың мәліметі бойынша Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарынан Қытайға қо-

ныс аударғандардан Тарбағатай округіне 11,5 мың жанұя немесе 90 мыңнан артық адам келген. Қазақ КСР басшылығының қорытындысы бойынша Шыңжаңның солтүстік аудандары тұрғындарының үштен бірі Қазақстаннан келгендер болған.

1932 жылдың 4 наурызындағы Кремльде Сталинге арналған ерекше хабарламада: «Павлодар ауданынан Батыс Сібір территориясына тұрғындардың 50%-на дейінгісі қашып кеткен». 1930 жылғы аштық пен астықтың шықпауынан Батыс Сібір өлкесіне қашқан қазақтарды саны 150 мыңға дейінгі адам болған.

Өз халқының тағдырына жаны ауырып, алаңдаған Тұрар Рысқұлов қазақтардың Қазақстаннан тыс жерлерге көшуі туралы 1933 жылдың наурызында И.В. Сталинге жазған хатында: «Қоныс аудару жекелеген аудандар бойынша барлық тұрғындардың 40-50 пайызын құрайды», - деп көрсетті. 1 миллион 300 мың қашқындардың 676 мың адамы мүлдемге Қазақстаннан қоныс аударды [28; 278].

Ал, келесі деректегі Қытайдан пана таппай қайтадан туған жеріне жасырын өтіп, шекарада Қабимолла Жексембаевтың 1934 жылдың 29 қазанындағы Ішкі істер бөлімі комендатурасы төтенше өкіліне берген жауабындағы: «Аса қатты аштықтан байларды қосқанда барлық эмигранттар қайтадан қайтуға құштар. Алайда олардың көпшілігі мұны істей алмайды, өйткені азық-түліктері және өту көліктері жоқ. Биыл келе алмайтындардың онда аштықтан өлетіндіктерін білемін» [27; 74], – деген түсінігі шет жерде пана таппаған қазақтардың қайғылы тағдырларын жеткізеді.

Кеңестік ұжымдастырудың одан арғы қасіреті — малдары ұжымшарларға түгелдей, тартып алынып, күн-көріссіз қалған қазақтардың жаппай аштыққа ұшырауы болды. Индустриялық дамуы алға басып, өнеркәсібі өркендей бастаған, тура осы мерзімде шетелдерге астық өнімдерін шығарудан алдыңғы орын алған Кеңес Одағындағы өз тұрғындарының бір үзім нан бұйырмай, арты орасан зор қырғын әкелген жаппай аштыққа ұшырауын сталиннің өз халқына жасаған «геноциды» деп ашық айтуға болады. Егерде нақты деректерге сүйенетін болсақ: КСРО-дан сыртқа астық шығару көлемі 1928 жылы — 0,1 млн тонна; 1929 жылы — 1,3 млн тонна; 1930 жылы — 4,8 млн тонна; 1931 жылы — 5,2 млн тонна болған [21; 240].

Міне осылай, Кеңес өкіметінің алдын-ала дайындалмаған және асығыс ұжымдастыру ісінен зардап шегіп, тозуға ұшыраған, аштыққа тап болған тұрғындарының басына түскен қайғылы сәтте де ешқандай көмек көрсетілмеді. Қарапайым халық өкілдерін айтпағанда, сол уақыттағы Қазақстанның белгілі ұлт жанашырлары — партия, мемлекет қайраткерлерінің БК(б)П Орталық Комитетіне, кеңес үкіметі басшылығына осындай алапатты жағдай туралы жазған хабарламалары түгелдей жауапсыздықпен қалдырылды.

Нәтижесінде «Кеңестік саяси ұжымдастыру елдің барлық аудандарында орасан бүлдіру мен қайғы әкелді. Қазақстанда оның экономикасының өзіндік ерекше жағдайына байланысты (байырғы тұрғындарының көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты) қасірет болмаған жағдайда орын алды. Қазақтар үшін ұжымдастыру отырықшы өмір салтына күштеп ауыстырушылық және қазақ тұрғындарының басым бөлігінің өмір сүруінің негізіне айналған дәстүрлі мал шаруашылығын қирату бағытымен жүргізілді.

Егер де 1930 жылы Қазақстан өзіндегі 40 миллион бас мал болуы арқылы ет өндіру мен оны шығарудың негізіне айналса, 1932 жылы онда барлығы 5 миллион ғана мал болып, екі жыл бұрынғының 8-ден 1-і ғана қалды.

1932 жылғы санақ бойынша қалған малдың 28% ғана тұрғылықты қазақтарға тиесілі болды. Егерде негізгі қазақ тұрғындарының 90%-ның негізгі кәсібі мал шаруашылығы және өмір сүруінің басты көзі болғандығын ескерсек, бұл мәліметтер Т. Рысқұловтың сөзімен айтқанда «қазақтар үшін өлшеусіз апат болды».

Қазақтардың дәстүрлі экономикасы мен өмір салтын аяусыздықпен бұзу болмаған мөлшердегі қолдан жасалған аштықтың себебіне айналды. Ол миллиондаған қазақтардың аштықтан құтылу мақсатымен өздерінің үйлерін тастауларына мәжбүр етті, алайда жол бойында аштық пен аурудан қазаға ұшырады [29; 15-16]

Малдарын толығымен тәркілеу, кеңес орындарының ет жоспарын орындау мақсаттарындағы оны күшпен тартып алу, ұжымшарларға өткізбеу мақсатындағы малдарын жаппай жасырын сою, т.б. Қазақстанның барлық аудандары мен ауылдарында орын алды. Жекелей тоқталатын болсақ: «Күшпен ұжымдастыру және малды қоғамдастыру салдарынан 1929-1933 жылдар аралығында жоғарыда аталған Қарсақпай ауданында мал басының қысқару деңгейі төмендегідей болды: 1929 жылы — 320 мың бас, 1930 жылы — 270 мың бас, 1931 жылы — 106 мың бас, 1932 жылы — 16 мың бас және 1933

жылы — 8 мың бас. Міне осылай қарастырып отырған мерзімде ауданда мал басы 30 есеге қысқарған [19; 73].

Мал басының осындай ондаған есе, тіпті одан да көп мөлшерде қысқаруы республиканың барлық өңірлеріне жайылды. Міне осындай жағдай жалғыз ғана күн көрісі малынан айырылған, кеңес өкіметі тарапынан оларға ешқандай көмек шаралары жасалмаған, жергілікті қазақтардың одан арғы тағдыры белгілі болды.

«Бүкіл елді шарпыған ашаршылық етек алды, жұрт соңғы малдарынан айырылды, тентіреді. 1931-1933 жылдары мал қорының күрт азайып, жойылып кетуіне байланысты халық босып, бір үзім нан іздеп кетті. Кей деректерде ауыл-аймақтардағы өзен бойындағы аштан өлген адамдардың көмусіз денелері жатқандығы былай тұрсын, қалалардың өзінде осындай сұмдық көрініс тапқан. Теміржол бекеттерінде өлген адамдардың мәйіттерін күн сайын қала сыртына алып кетеді екен.

Қаншама адам азық іздеп жол үстінде өлген. Тіпті кей ауылдарда жол торып, жалғыз-жарым кетіп бара жатқан адамдарды ұрып өлтіріп, етін жеген жағдайлар да кездеседі, [28; 17] — деген келесі дерек те халқымыздың басынан өткізген осындай бұрын болып көрмеген қайғының көлемін қазіргі ұрпаққа жеткізеді.

Бұл уақытта аштық қысып, барар жері қалмаған, шетел аса алмаған шарасыз ауылдың қазақ тұрғындары мүліктерін тастап, балалары мен қарттарын сүйреп, жаяу-жалпы тамақ іздеп, қоныстар мен қалаларға ағылды. Міне осылай Қазақстанда лажсыздан жасалған ішкі және сыртқы қоныс аудару аса зор көлемде орын алды. Мысалы: «Соңғы 1,5 айда Павлодар аш, кір, шоқпыт киген адамдардың келуіне куә болды. Бұл адамдар, негізінен қазақтар қалаға жақын аудандардан келуде. Әр күн сайын жаңадан адамдар қосылады. Қоқыс салатын орындар басқалар шығарып тастағандарды алып, жеп жатқан аш адамдарға толып кетті. Ауруханалар мен емханалар аштықтан өліп жатқандарға толған. Қаланың маңы және қаланың өзінде үсіп және аштықтан өлген адамдардың өліктері үнемі кездеседі. Нан сұрап келіп, босағада құлап, өліп кеткендер мысалдарын, кейде шаналарға тиелген мүліктерінен басқа қалаға келе жатқан жолда қайтыс болған баланың денесі салынған артынан сүйретіліп келе жатқан қазақтардың жанұяларының жағдайларын білеміз. Аш, жартылай үсінген балаларды босағаға тастап кетеді. Біздің сұрақтарымызға олар: «Менің әкем қайтыс болған, менің шешем қайтыс болған, Менің үйім жоқ, Менің тамағым жоқ» деп жауап береді.

Бір үйден келесі үйге қайыр сұрап келетін ашыққан адамдардың айтуынша, кейбір ауылдар мен қоныстар мүлдемге иен қалған, ал басқаларында жүздеген жанұялардан бір-екі, ең жақсы жағдайда он шақты ғана адамдар қалған.

Тұрғындардың бір бөлігі Сібірге кетсе, қалғандары аштыққа ұшырауда және өлуде. Павлодар облысында 1931 жылғы тіркелген тұрғындардың жартысынан азы ғана қалған. Көптеген ауылдар өмір сүруін тоқтатты, Бесқарағай ауданында үш жүз отбасыдан ауылдық кеңестің әкімшілігі ғана қалған [29; 15-16], - деген ресми мәлімдеме бұл айтылғандарды бекіте түседі.

Туған халқымыздың осындай ешқандай соғыссыз, табиғат апатынсыз жағдайдағы тозғынға түсіп, жасырын шетел асып, баудай қырылған қасіретті тарихын баяндайтын деректерді көптеп келтіре беруге болады.

Кеңестік ұжымдастырудан тозғындаған қазақ ауыл тұрғындарының қолынан келген келесі наразылығы республикамыздың барлық аймақтарын қамтыған күші тең емес қарулы көтеріліске шығуы болды. Қазақстандағы кеңестік ұжымдастырудың тарихын кеңінен зерттеуші Т.О. Омарбековтың жазуынша: «1929-1931 жылдары бой көтерген халық наразылықтарының «кейбір жерлерде көтеріліс сипат алғанын» Ф.И. Голощекин өзінің И.В. Сталинге жазған хатында ашық мойындады. Бірақ осынау бұқаралық бас көтерулер кеңес өкіметі жүргізіп отырған күштеу саясатына қарсы бағытталғандықтан ресми партиялық және үкіметтік іс-қағаздарда, құжаттарда біржақты тұрғыда «бандиттік қозғалыстар» ретінде бағаланды. Ресми құжатта «оларға 80 мыңға жуық адам қатысқаны» айтылады. Бұл көтерілістердің ауқымы бүкіл Қазақстанды шарпып, Алтайдан Маңғыстауға дейінгі үлкен аймақты қамтығанын Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Ораз Исаевтың өзі де 1932 жылы тамызда И.В. Сталинге жазған хатында мойындаған еді [13; 142].

И.В. Сталин бастаған кеңес өкіметі өзіне қарулы қарсы шығушыларды ешқандай кешірімсіз және аяусыздықпен талқандады. «Көтеріліс ошақтары артиллерия, тіпті авиацияны пайдаланған тұрақты әскерлер күшімен қаталдықпен басылып, негізінен балалар, әйелдер, қарттар қырғынға ұшырады. Қозғалысқа қатысқандары үшін ОГПУ орындары арқылы 5551 адам жазаланып, оның 883-і атылды. Сотсыз жазаланғандар саны одан да көп болды» [23; 298].

Сталиндік осындай ұжымдастыру саясатына қарсы көтерілістердің қатарындағы «Алматы облысындағы Балқаш (бұрынғы Шоқпар) ауданында шаруаларды жаппай ұжымдастырудың өзіндік «ерекшелігі» болды. Мұнда жергілікті белсенділер халықты колхоздарға зорлап кіргізумен шектелмей олардан колхозға мүше болғандары үшін арнайы салық алатынды да шығарды.

1930 жылдың 3 сәуірінде ауданға келген көшпелі халық соты байларды жер аудару мәселесін талқылап жатқан кезде кеңес үйіне наразы халық басып кірді және Кеңес үкіметінің осындағы уәкілдерін тұтқындап, қамап тастады. Соттың барлық іс қағаздары өртелді. Көтерілісшілер аудандағы «Охотсоюздың» магазинін тонап, ондағы қарулармен қаруланып алды. Көтеріліс басып тасталынды. Көтеріліске белсенділік көрсеткендер, қатал жазаланды. Қылмысты жауапкершілікке 57 адам тартылды. Олардың ішінен Қазақстан ПП ОГПУ-нің Ерекше үштігінің 1930 жылғы 30 мамырдағы шешімімен 30 адам атылды, 20 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі әр түрлі мерзімдерге концентрациялық лагерлерге айдалды. 2 адам 3 жыл мерзімге Қазақстанның басқа жерлеріне жер аударылды» [13; 151-152].

Ал бұл деректер Қазақстан бойынша большевиктік казармалық социализмнің ауыл шаруашылығында ұйымдастырған қасіретіне қарсы көтерілістің бір ғана тарихы болып табылады.

### Қорытынды

Міне осылай, қазақ халқының XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихы бақытсыздық, қырғын әкеліп, тұтас бір ұлттың жартысына таяуын қырғынға ұшыратып, елеулі бөлігін жат жерге амалсыздан қоныс аудартқан қайғылы оқиғалар орын алуымен ерекшеленеді. Сталиндік жеке басқа табыну мен казармалық социализм саясатының орасан зор көлемдегі кінәсіз адамдарды жоюдың сынақ алаңына айналдырылған қазақ жері осы бүгінгі күнге дейін оның қасіретінен айырыла алмай келеді. Халқымыздың қазіргі ұрпағының кез келгенінің жанұясында өткен ата-бабаларының ауыр тағдыры салып кеткен жара бар. Олардың барлығы да сол уақыттағы сталиндік тоталитарлық жүйе мен асыра сілтеушілікке қарғыс айтады. Мұндай апаттың ешқашан, еш халықтың өмірінде қайталанбауын тілейді.

Сондықтан да ұлтымыздың кеңестік ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезіндегі тарихын барынша зерделеп, шетелдік және отандық басылымдарда жариялау тарихшы ғалымдардың міндеті деп есептейміз. Себебі бұл ерекше тарих. Оның зардаптарын тек қазақ халқы емес, барша әлем білуі, біздің осындай қайғымызға ортақтасу керек. Сонымен бірге сталиндік бұл ойранға әлемдік тұрғыда ғылыми баға берілуі тиіс.

Қазақ елінің басына қара бұлт болып өткен аталған уақыт тарихына әлемдік деңгейде баға берілуі үшін:

- бұл тақырыпты әлі де құпиялары ашылмаған халықаралық және республикалық деңгейдегі мемлекеттік архив деректері негізінде жариялау;

- Қазақстандағы сталиндік ұжымдастыру толығымен жарияланған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі көпсериялы документалды және көркем телесериалдар түсіріп, көрсетілуін қамтамасыз ету;

- БҰҰ арнайы ұйымдары арқылы Кеңес Одағындағы, соның ішіндегі Қазақстандағы жеке басқа табыну, ұжымдастыру, тағы да басқа саясаттың құрбандарын дүниежүзілік деңгейдегі еске алу күнін белгілеуге қол жеткізу;

- Қазақстанның әрбір облыс, аймақтарында халқымыз басынан кешкен осы аштықтың құрбандарын еске салатын ескерткіштер ашу.

Міне, осындай шаралар атқарылғанда қолдан жасалған бұл аштық құрбандарының рухын барша адамзаттың бүгінгі және келешек ұрпақтарының жадында қалдыру, оның енді қайталанбауын қамтамасыз етуде нақты істер атқарылды деп есептеуге болады.

### Әдебиеттер тізімі

1 Омарбеков Т.О. Тарихпен өрілген тағдыр / Т.О. Омарбеков. — Астана: «Ана тіл – Ата тарих» Баспа зерттеу орталығы, 2007. – 292 б.

2 Доброноженко Г.Ф. Методология анализа социальной группы «кулаки» в отечественной историографии / Г.Ф.Доброноженко // История России. — 2009. — № 5. — С. 1–25.

3 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (әрі қарай — ҚР ПА). — Қ. 5-Н. — Т.1. — Іс. 2935. — П. 13-14.



- 4 Сидорцов В.Н. Методологические проблемы истории / В.Н. Сидорцов. — Минск, ТетраСистемс, 2006. — 265 с.
- 5 Верт Н. История Советского государства (1900–1991). — М.: ИНФРА-М; Изд-во «Весь мир», 2003. — 480 с.
- 6 Қозыбаев М.К. Тарих зердесі / М.К. Қозыбаев. — Алматы: Ғылым, 1998. — 224 б.
- 7 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық [Мәтін]. 4-том. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. — Алматы: «Атамұра», 2010. — 752 б.
- 8 ҚР ПА. — Қ. 141. — Т. 1. — Ис. 38. — П. 190.
- 9 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. — Қ. 30. — Т.1. — Ис. 98. — П. 3.
- 10 ҚР ПА. — Қ. 141. — Т. 1. — Ис. 203. — П. 16.
- 11 ҚР ПА. — Қ. 139. — Т. 1. — Ис. 643. — П. 36.
- 12 Алексеенко А.Н. Курс лекции по истории Казахстана / А.Н. Алексеенко, А.Ф. Жаксылыков. — Усть-Каменогорск: Изд-во ВКТУ им. Д. Серикбаева, 2011. — С. 38, 39.
- 13 Омарбеков Т.О. XX ғ. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы / Т.О. Омарбеков. — Алматы: Санат, 1997. — 320 б.
- 14 ҚР ПА. — Қ. 141. — Т. 1. — Ис. 38. — П. 541-546-557.
- 15 ҚР ПА. — Қ. 141. — Т. 1. — Ис. 483. — П. 168-186.
- 16 ҚР ПА. — Қ. 141. — Т. 1. — Ис. 38. — П. 26.
- 17 Аяган Б.Г. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты — Правда о голоде 1932–1933 годов / Б.Г. Аяган, Ж.У. Кыдыралина, А.М. Ауанасова, А.Н. Кашкимбаев, М.Л. Анафинова, К.М. Ильясова; под ред. Б.Г. Аягана. — Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. — 336 с.
- 18 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда / К. Нұрпейісов – Алматы: Ататек, 1995. — 253 б.
- 19 Алланиязов Т.К. Коллективизация по-каракапайски (1928–1933) / Т.К. Алланиязов. — Алматы: Фонд «XXI век», 2001. — 232 с.
- 20 ҚР ПА. — Қ. 141. — Т. 1. — Ис. 38. — П. 327-328-329.
- 21 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы: Атамұра. — 2003. — Б. 238-239.
- 22 Махат Д. Қазақстандағы тоталитаризм және қуғын-сүргін / Д. Махат. — Астана: Елорда, 2006. — 225 б.
- 23 Масанов Н.Э. История Казахстана: народы и культуры: учеб. пос. / Н.Э. Масанов, Ж.Б. Абылхожин. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 608 с.
- 24 ҚР ПА. — Қ. 141. — Т. 1. — Ис. 38. — П. 537-557.
- 25 Қозыбаев М. Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру / М.К. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілхожин. — Алматы: Ғылым, 1992. — Б. 5.
- 26 Садықов Т.С. История крестьянских выступлений в Казахстане (1929–1932 гг.): методология проблемы // Вестн. Евразий. нац. ун-та им. Л.Н. Гумилева. — 2002. — № 1-2. — С. 10–17.
- 27 Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период коллективизации. Реэмиграция (1928–1957 гг.): сб. док. — Усть-Каменогорск: ЦДНИ ВКО, 1998. — 100 с.
- 28 Тұрсынова Ж.Ж. Ғасырлар бойы созылған қасірет / Ж.Ж. Тұрсынова // Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Қарағанды: Экожан, 2012. — Б. 278.
- 29 ҚР ПА. — Қ. 5-Н. — Т. 1. — Ис. 2935. — П. 15-16.

С.Т. Набиев, Т.С. Садықов, Ж.О. Хасенова

### **Меры по коллективизации сельского хозяйства в Казахстане: история и опыт (20–30-е гг. XX в.)**

В статье изложена научная оценка цели, хода и последствий сталинской тоталитарной власти 20–30-х годов XX века в Советском Союзе, в том числе и в Казахстане, ликвидации крупных и средних богатых людей в казахском сельском хозяйстве как класса, коллективизации хозяйства в соответствии с требованиями казарменного социализма.

*Ключевые слова:* Советский Союз, Казахская АССР, сталинская коллективизация, тоталитаризм, казарменный социализм, геноцид, конфискация, голод, репрессии, миграция, демография.

S.T. Nabiyeu, T.S. Sadykov, Zh.O. Khasenova

## Measures to collectivize agriculture in Kazakhstan: history and experience (20–30s of the 20th century)

This scientific article outlines and provides a scientific assessment of the purpose, course and consequences of Stalin's totalitarian power of the 20-30s in the Soviet Union, including in Kazakhstan, the elimination of the large rich and medium rich people in Kazakh agriculture as a class, collectivization of the economy in accordance with the requirements of barracks socialism.

*Keywords:* Soviet Union, Kazakh ASSR, Stalinist collectivization, totalitarianism, barracks socialism, genocide, confiscation, famine, repressions, migration, demography.

### References

- 1 Omarbekov, T.O. (2007). Tarikhpen orilgen tagdyr [Fate intertwined with history]. Astana: “Ana til – Ata tarikh” Baspa zert-teu ortalygy [in Kazakh].
- 2 Dobronozhenko, G.F. (2009). Metodologiya analiza sotsialnoi gruppy “kulaki” v otechestvennoi istoriografii [Methodology of analysis of the social group “kulaki” in national historiography]. *Istoriia Rossii - History of Russia*, 5 [in Russian].
- 3 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Arkhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5-N. — Op. 1. — D. 2935. — L. 13-14 [in Kazakh].
- 4 Sidortsov, V.N. (2006). Metodologicheskie problemy istorii [History of methodological problems]. Minsk: TetraSistems [in Russian].
- 5 Vert, N. (2003). Istoriia Sovetskogo gosudarstva (1900–1991) [History of the Soviet state 1900-1991]. Moscow: INFRA-M; Izdatelstvo “Ves mir” [in Russian].
- 6 Kozybayev, M.K. (1998). Tarikh zerdesi [Intelligence of history]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 7 (2010). Qazaqstan tarikhyy (kone zamannan buginge deiin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]. In 5 volumes. Vol. 4. Kenestik kezendegi Qazaqstan - Kazakhstan in the Soviet period. Almaty: “Atamura” [in Kazakh].
- 8 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 38. — L. 190 [in Kazakh].
- 9 QR OMA [Central State Archive of the Republic Of Kazakhstan]. — F. 30. — Op. 1. — D. 98. — L. 3 [in Kazakh].
- 10 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 203. — L. 16 [in Kazakh].
- 11 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 139. — Op. 1. — D. 643. — L. 36 [in Kazakh].
- 12 Alekseenko, A.N. & Zhaksylykov, A.F. (2011). Kurs lektzii po istorii Kazakhstana [Course lecture on History of Kazakhstan]. Ust-Kamenogorsk: Izdatelstvo Vostochno-Kazakhstanskogo tekhnicheskogo universiteta imeni Dauleta Serikbayeva [in Russian].
- 13 Omarbekov, T.O. (1997). XX g. 20-30 zhyldardagy Qazaqstan qasireti: komekshi oqu quraly [20th century The tragedy of Kazakhstan in the 20s and 30s: Educational tool]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 14 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op.1. — D. 38. — L. 541-546-557 [in Kazakh].
- 15 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op.1. — D. 483. — L. 168-186 [in Kazakh].
- 16 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 38. — L. 26 [in Kazakh].
- 17 Aiagan, B.G., Kydyralina, Zh.U., Auanasova, A.M., Kashkimbayev, A.N., Anafinova, M.L. & Iliasova, K.M. (2012). 1932-1933 zhyldardagy asharylyq aqiqaty — Pravda o golode 1932–1933 godov [The truth about the famine of 1932-1933]. Almaty: TOO “Litera-M” [in Kazakh], [in Russian].
- 18 Nurpeiisov, K. (1995). Alash ham Alashorda [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek [in Kazakh].
- 19 Allaniiazov, T.K. (2001). Kollektivizatsiia po-karsakpaiksi (1928–1933) [Collectivization by Karsakpayski 1928-1933]. Almaty: Fond “XXI vek” [in Russian].
- 20 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 38. — L. 327-328-329 [in Kazakh].
- 21 Nazarbayev, N.A. (2003). Tarikh tolqynynda [In the tide of history]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 22 Makhat, D. Qazaqstandagy totalitarizm zhane qugyn-surgin [Totalitarianism and repression in Kazakhstan]. Astana: Elorda [in Kazakh].
- 23 Masanov, N.E., & Abylkhozhin, Zh.B. (2001). Istoriia Kazakhstana: narody i kultury: uchebnoe posobie [History of Kazakhstan: people and culture: textbook]. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 24 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 38. — L. 537-557 [in Kazakh].
- 25 Kozybayev, M., Aldazhumanov, K.S., Abilgozhin, Zh.B. (1992). Qazaqstandagy kushpen uzhymdastyru [Collectivization by force in Kazakhstan]. Almaty: Gylym [in Kazakh].

26 Sadykov, T.S. (2002). Istoriiia krestianskikh vystuplenii v Kazakhstane (1929–1932 gg.): metodologiiia problemy [History of peasant protests in Kazakhstan (1929-1932): methodology problems]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumilyova - Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University*, 1-2, 10–17 [in Russian].

27 (1998). Pod grifom sekretnosti. Otkochevki kazakhov v Kitai v period kollektivizatsii. Reemigratsiia (1928–1957 gg.): Sbornik dokumentov [Under the rubric of secrecy. Emigration of Kazakhs to China in the period of collectivization. Re-emigration, 1928-1957. Collection of documents]. Ust-Kamenogorsk: Tsentri Dokumentatsii Noveishei Istorii VKO [in Russian].

28 Tursynova, Zh.Zh. (2012). Gasyrlar boiy sozylgan qasiret [A suffering that lasted for centuries]. *Qazaqstandagy saiasi qugyn-surgin zhane asharyshlyq qurbandaryn eske alu kunine arnalgan Respublikalyq gylimi-tazhibelik konferentsiia materialdary - Materials of the republican scientific-practical conference on the Day of Remembrance of the Victims of Political Repression and Famine in Kazakhstan*. Karagandy: Ekozhan [in Kazakh].

29 QR PA [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5-H. — Op.1. — D. 2935. — L. 15-16 [in Kazakh].

З.Г. Сактаганова, Ж.К. Абдукаримова\*

*Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан  
(E-mail: zauresh63@mail.ru, zhanara1307@mail.ru)*

### **Трудовые воспитательные колонии как мера борьбы с детской беспризорностью и безнадзорностью в 1943–1945 гг. (на примере Шокайской трудовой воспитательной колонии)**

Борьба с детской беспризорностью и безнадзорностью стала одним из ведущих направлений политики в отношении советских детей, так как именно на годы войны пришлось катастрофическое увеличение числа беспризорных и безнадзорных детей. В статье на примере Шокайской трудовой воспитательной колонии рассмотрена работа органов НКВД в борьбе с детской беспризорностью и безнадзорностью в годы Великой Отечественной войны. Создание трудовых воспитательных колоний давало возможность не направлять детей в возрасте от 11 до 16 лет, задержанных за мелкое хулиганство, кражу, бродяжничество, в колонии для несовершеннолетних, где содержались преступники более старшего возраста. Авторы приводят данные по истории создания и функционирования Шокайской трудовой воспитательной колонии в период с 1943 г. по 1945 г. На основе архивных материалов, большинство из которых впервые вводятся в оборот, изучаются проблемы организации быта, материального обеспечения, пополнения контингента и причины закрытия колонии. Проведя анализ личных дел воспитанников, авторы приходят к выводу, что большая их часть поступала за нарушение трудовой дисциплины, согласно Указу Президиума Верховного Совета СССР от 28 декабря 1940 г. «Об ответственности учащихся ремесленных, железнодорожных училищ и школ ФЗО за нарушение дисциплины и за самовольный уход из училища (школы)». В Шокайской трудовой воспитательной колонии содержались как уроженцы Казахской ССР, так и дети, прибывшие из других союзных республик. Статья выстроена на материалах казахстанских и российских архивов.

*Ключевые слова:* Шокайская трудовая воспитательная колония, детские приемники-распределители, дети, подростки, труд, беспризорность, безнадзорность, детская преступность, детский дом, сироты, Центральный Казахстан, Великая Отечественная война.

#### *Введение*

Масштабы беспризорности и безнадзорности среди детей в СССР в годы Великой Отечественной войны стали серьезной проблемой для государства. Одной из мер по ликвидации беспризорности и безнадзорности была работа таких подразделений НКВД, как детские приемники-распределители, трудовые колонии для несовершеннолетних и детские трудовые воспитательные колонии.

В соответствии с Постановлением СНК СССР от 15 июня 1943 г. № 659 и приказом НКВД от 21 июня 1943 г. № 0246 в целях усиления борьбы с детской беспризорностью, безнадзорностью и преступностью, были организованы отделы по борьбе с детской беспризорностью и безнадзорностью. Свою работу в СССР начали вести 14 трудовых и 48 трудовых воспитательных колоний. В трудовых колониях содержались дети 12–13 лет, осужденные, главным образом, за мелкие хулиганства. В большинстве своем они были сиротами, жертвами войны: отцы многих были на фронте и на путь преступлений их, как правило, толкали голод, нужда и детская безнадзорность и безответственность. Суд, тюрьма, содержание в колонии для осужденных не являлись адекватными и релевантными методами воспитания, необходимыми для совершивших ошибку подростков, которые не были закоренелыми преступниками. Пребывание детей этого возраста в тюрьмах и колониях с более старшими по возрасту несовершеннолетними преступниками не давали, как правило, эффективных результатов их перевоспитания. Учитывая частые случаи перегибов судебной практики, нередко встречались явно несправедливые решения в отношении детей и подростков. С организацией трудовых воспитательных колоний, куда помещались дети с 11 до 16 лет, стало возможным избежать попадания подростков в колонии более строгого режима, в том числе детей, осужденных по Указу от 28 декабря 1940 г. «Об ответственности учащихся ремесленных, железнодорожных училищ и школ ФЗО за нарушение дисциплины и за самовольный уход из училища (школы)» [1; 6, 7].

\* Автор-корреспондент. E-mail: zhanara1307@mail.ru

*Методы и материалы исследования*

При написании статьи использовались общенаучные методы, такие как компаративный анализ и синтез, индукция и дедукция, системно-функциональный, структурно-функциональный метод и др. Например, использование анализа и системно-функционального метода позволило выявить основные типы нарративных источников в группе архивных документов. Были задействованы естественнонаучные методы, в частности, математико-статистический применен при работе со статданными (при работе с личными делами воспитанников колонии) и др. Например, опираясь на статистические методы, нам удалось определить, дети из каких семей чаще других направлялись в трудовую воспитательную колонию, и выявить основную причину, по которой подростки там оказывались. Отследить возрастные, этнические характеристики и др. Основным методологическим инструментарием стали проблемно-хронологический, сравнительно-исторический, историко-биографический и др.

Источниковые материалы исследования нами разделены на три группы: нормативно-правовые документы, делопроизводственная документация, статистические материалы. К нормативно-правовым документам относятся указы, постановления партии и правительства, приказы начальника колонии (Постановление СНК СССР от 15 июня 1943 г. № 659 «Об усилении мер борьбы с детской беспризорностью, безнадзорностью и хулиганством»; Указ от 28 декабря 1940 г. «Об ответственности учащихся ремесленных, железнодорожных училищ и школ ФЗО за нарушение дисциплины и за самовольный уход из училища (школы)» и др.). Из документов, относящихся к делопроизводственной документации, были использованы пояснительные записки, отчеты, рапорты, переписка (Пояснительная записка начальнику отдела НКВД КазССР капитану государственной безопасности Бергеру; рапорты воспитанников, бежавших и возвращенных из побегов за 1944 г. и др.). Статистические материалы представлены в тексте статьи таблицей и анализом имеющихся данных о воспитанниках Шокайской трудовой воспитательной колонии (национальная принадлежность и возраст воспитанников, образование, статья, по которой направлены подростки, и др.).

Материал, приведенный в статье, был собран в четырех государственных архивах Казахстана и России: Архив Президента Республики Казахстан (АП РК); Государственный архив Карагандинской области (ГА КО); Государственный архив Российской Федерации (ГА РФ); Российский государственный архив социально-политической истории (РГАСПИ). Особый интерес представляют документы, впервые введенные в научный оборот. Одними из таких документов являются материалы из ГА КО. Фонд № 110 — личные дела воспитанников Шокайской трудовой воспитательной колонии. Благодаря анализу личных данных нами было установлено, что основная масса воспитанников колонии были сиротами или имели только одного родителя (мать).

*Обсуждение и результаты*

В годы Великой Отечественной войны катастрофически увеличилось число беспризорных и безнадзорных детей, и, как следствие, возросло число преступлений, совершаемых несовершеннолетними. Проблемы детской беспризорности и безнадзорности в СССР военных лет достаточно хорошо изучены как российскими исследователями, так и их коллегами из дальнего зарубежья [2–8]. В казахстанской историографии имеется ряд публикаций по данной тематике [9–12], но, в целом, проблема все еще остается мало изученной. Проблема исследования детских трудовых воспитательных колоний в КазССР не стала отдельным объектом изучения отечественных исследователей.

Детские трудовые воспитательные колонии (далее — ТВК) были одним из элементов реализации государственной политики в борьбе с детской беспризорностью и безнадзорностью. ТВК для несовершеннолетних были созданы в 1943 г. согласно Постановлению СНК СССР от 15 июня 1943 г. № 659 «Об усилении мер борьбы с детской беспризорностью, безнадзорностью и хулиганством». В ТВК НКВД направлялись подростки от 11 до 16 лет:

- а) беспризорные дети, не имеющие родителей вовсе или длительное время живущие без родителей и не имеющие определённого места жительства;
- б) задержанные за хулиганство, мелкие кражи и другие незначительные преступления, возбуждение уголовного преследования против которых будет признано нецелесообразным;
- в) воспитанники детских домов, систематически нарушающие внутренний распорядок и дезорганизующие нормальную постановку учебы и воспитания в детском доме [13].

В первые годы войны на территории КазССР были организованы трудовые колонии для несовершеннолетних (3 — в г. Алма-Ате и 1 — в г. Джамбуле) [14; 158]. По состоянию на 20 мая 1944 г. в

Казахской ССР работало 4 трудовые воспитательные колонии: Джамбульская — на 300 мест; Казалинская — на 500; Чок-Пакская — на 500 и Шокайская — на 250 [15; 9].

Учитывая, что в Казахской ССР в конце 1943 г. скопилось значительное количество беспризорных и безнадзорных детей, подлежащих направлению в трудовые воспитательные колонии, НКВД КазССР, потеряв всякую надежду на разрешение вопроса о выделении помещений для организации детских колоний со стороны республиканских организаций, вынужден был в декабре месяце 1943 г., с согласия НКВД СССР, открыть в Карагандинской области на базе помещений бывшей исправительно-трудовой колонии для взрослых Шокайскую трудовую воспитательную колонию для содержания 250 детей [16; 106–111].

Первая партия воспитанников по наряду НКВД № 1 прибыла в колонию 12 декабря 1943 г. из Семипалатинского детского приемника-распределителя НКВД №12 в количестве 21 человек [17; 6, 7]. Прибывшая партия детей не была обеспечена даже необходимой одеждой. Из 21 воспитанника двое прибыли без обуви, все дети были одеты в летние брюки и поношенные телогрейки, некоторые без сменного белья. Вторая партия воспитанников по нарядам НКВД № 2, 4, 5 прибыла в колонию 28 декабря 1943 г. из Алма-Атинского детского приемника-распределителя в количестве 11 человек. Одеты были очень плохо: двое были без обуви, один — без шапки и нательной рубахи, телогрейки были сильно изношены, все в летних брюках, хотя в момент их перемещения был декабрь месяц.

На начало января 1944 г. в колонии числился 31 воспитанник от 11 до 16 лет. За январь месяц в колонию поступило 3 человека из Павлодарского, Акмолинского, Уральского детских приемников-распределителей. Одеты и обуты были не полностью и не по сезону [17; 11]. За февраль в колонию поступило еще 72 человека: 36 детей из Алма-Атинского детского приемника-распределителя, 1 — из Уральского детского приемника-распределителя, 16 детей — из Карагандинского детского приемника-распределителя, 19 — из Карагандинской тюрьмы. Алма-Атинские дети, также как и в предыдущие партии, были одеты и обуты в старые вещи еще и не по сезону. Одежда и обувь детей, прибывших из Карагандинской тюрьмы, как отмечалось в справках, были вообще не пригодны к носке. Дети, прибывшие из Карагандинского детского приемника-распределителя, были одеты и обуты по сезону, однако в старые вещи. В феврале отказали в приеме в колонию 5 детям из Семипалатинского детского приемника-распределителя, так как они были больны чесоткой, а в медицинских справках было указано, что дети здоровы. Не были приняты дети из Усть-Каменогорского и Джамбульского детских приемников-распределителей, так как они прибыли позже, чем указывалось в предписаниях (месячный срок) с опозданием на 17 и 10 дней [17; 26, 27]. На начало марта 1944 г. в колонии насчитывалось 140 воспитанников от 10 до 18 лет. За апрель в колонию поступило 55 человек, из них из г. Фрунзе Киргизской ССР прибыло 17 несовершеннолетних заключенных. Все прибывшие несовершеннолетние были одеты в одежду и обувь, совершенно непригодную к носке. На 1 апреля 1944 г. в колонии числилось уже 195 воспитанников. 14 апреля 1944 г. по наряду №30 от 1 апреля 1944 г. прибыли: из Павлодарского детского приемника-распределителя 1 воспитанник, из Петропавловского — 4, из Акмолинского — 9, из Карагандинского — 17, из Карагандинской тюрьмы — 15 человек. Кроме одного ребенка из Павлодара, одежда и обувь остальных прибывших была сильно изношена, а некоторая даже не пригодна к носке. К апрелю 1944 г. убыло 3 воспитанника: 2 сбежали, 1 отдан родителям. 1 воспитанник находился в больнице села Токаревка с сыпным тифом. К декабрю 1944 г. численность воспитанников Шокайской трудовоспитательной колонии достигла 240 человек. К концу декабря 1944 г. в колонию прибыло еще 13 человек из Карагандинской тюрьмы. Прибывшие были одеты и обуты очень плохо, а для зимнего сезона они не были подготовлены совсем. 4 подростка были истощены. К концу 1944 г. в Шокайской трудовой воспитательной колонии числилось 253 воспитанника. Из них: имеющие родителей — 86 (34 %), круглые сироты — 104 (41,1 %), сироты в результате войны — 3 (1,2 %), родители или на фронте, или неизвестно местоположение — 60 (23,7 %) [18; 160, 161]. Таким образом, из всего контингента воспитанников лишь 1/3 имели родителей, остальные подростки либо были сиротами, либо остались без родителей по разным обстоятельствам.

При поступлении подростков в ТВК на каждого предполагалось наличие личного дела, в котором имелись данные о ребенке. Но, к сожалению, очень часто личные дела воспитанников не были оформлены должным образом, то есть дела не были заполнены вовсе, и это не давало возможности составить полную характеристику о ребенке. Основными графами личных дел воспитанников были следующие пункты: ФИО, место и год рождения, национальность, наличие родителей, а также родных братьев, сестер, грамотность, судимость, место нахождения до прибытия в колонию, статья, по которой осужден, и т.д. [19; 1–4].

Большая часть воспитанников была осуждена за самовольный уход из школ ФЗО (по Указу от 28 декабря 1940 г.). Жесткие законы по условиям военного времени ставили под угрозу судебных постановлений и осуждения в ТВК детей военного времени. Зачастую дети, направленные в школы в ФЗО, ремесленные училища и железнодорожные училища, или на работу на заводы, шахты, не осознавали всей ответственности за уход из фабрично-заводских училищ и т.п. Как правило, физически или психологически не справляясь с работой или учебой, они самовольно уходили, не зная, что за это их ждет уголовная ответственность с лишением свободы сроком до одного года [18; 167].

Сложные материально-бытовые условия также были одной из причин, по которой подростки сбегали с рабочих мест. Из материалов отчетов об обследовании бытовых условий и политико-массовой работы на хлопкопрядильной и трикотажной фабриках Наркомлегпрома было установлено, что, несмотря на то, что все учащиеся школ ФЗО и почти все молодые рабочие живут в общежитиях, быт и политическое воспитание крайне неудовлетворительны. Бытовые условия хлопкопрядильной и трикотажной фабрик оказались ненадлежащими, общежития не отапливались, горячую пищу получали только раз в сутки, в бане подростки бывали редко, заработную плату предприятия задерживали на 2–3 месяца. Как отмечалось в отчетах, не было красных уголков, стенгазет, радио, кружковой работы, что, по мнению проверяющих, негативно сказывалось на воспитательной и просветительской работе и приводило к грубым нарушениям трудовой дисциплины. Учитывая, что в годы войны агитационно-пропагандистская деятельность была крайне важна, замечания проверяющих были вполне уместны, но на деле наличие или отсутствие красного уголка и стенгазеты не могли решить сложные бытовые проблемы молодых рабочих. Однако не исключено, что регулярная кружковая работа или, к примеру, наличие в общежитии радио, библиотек, газет и книг и т.п. могло бы отвлечь часть подростков от хулиганства, и они, возможно, в меньшей степени попадали бы под влияние улицы. Сбегая, подростки забирали с собой спецодежду, которая им выдавалась, решая проблему пропитания, продавали ее на базаре, то есть, как пишется в отчетах, «занимались спекуляцией». Неудовлетворительные условия быта создавали благоприятную почву для проявления аморальных поступков. Выпускники школ ФЗО, распределенные на работу на предприятия, бежали от вышеуказанных условий [20; 10]. И, как следствие, оказывались в детских приемниках-распределителях, затем направлялись в ТВК по статье Указа от 28 декабря 1940 г.

С поступающими подростками часто проводились беседы на предмет выявления причины попадания в ТВК. Анализ бесед позволяет выявить основные причины: во-первых, имели место субъективные и несправедливые факты отношения к подросткам со стороны старшего управляющего персонала; во-вторых, тяжелая работа и сложные условия; в-третьих, физическое и моральное насилие, проявляемое в среде сверстников; в-четвертых, незнание последствий за уход. Абсолютное большинство всех прибывших заявляли, что самовольно ушли со школ ФЗО, шахт и т.д. из-за плохих бытовых условий, а главное из-за тяжелой и, в ряде случаев, опасной работы (навалоотбойщик, крепильщик). Многие ребята, плохо знающие русский язык, заявляли, что их никто не предупреждал о судебной ответственности за самовольный уход с работы [18; 160, 161]. Так, например, в разговоре с Николаем Безруковым (1928 г.р.), уроженцем Татарской АССР, выяснилось, что он сам поступил на шахту № 18 в Караганде и работал электриком. За баловство механик Шанович его выгнал, а дело на него оформил как самовольный уход с работы. Вследствие этого подросток был изъят с улицы и осужден по статье Указа от 28 декабря 1940 г. на 1 год. В личном деле Безрукова Николая в графе причина, по которой был осужден, действительно стоит запись «самовольно ушел с работы» [21; 1–3]. Анатолий Везких заявлял, что он учился в ФЗО № 29 и ему было тяжело работать крепильщиком, он решил уйти. Ж. Сарипаев заявлял, что его все время били ученики ФЗО № 43, воспитатели на жалобы не реагировали, из-за чего он и решил бежать [18; 167]. Воспитанник Павел Кадочкин, уроженец г. Сталинграда, говорил, что он был в школе ФЗО №17 в Караганде в новом городе, проучившись 4 месяца, отпросился у мастера поехать домой в гости и обратно не возвратился, так как колхоз принял его на работу, покрыв тем самым его прогул. И по итогу оказался в трудовоспитательной колонии. Также осужден по статье Указа от 28 декабря 1928 г. [22; 1–3].

В ТВК попадали дети не только за прогулы на работе, но и систематическое воровство. Воровство было одним из самых серьезных случаев, по которым подростки направлялись в ТВК. Подростки крали продукты питания или предметы, которые было легко продать; толкала их на воровство нередко нужда. Были подростки 12–14 лет, которые сделали воровство своим промыслом. В одном из личных дел воспитанников Шокайской колонии — Владимира Петровича Макарова, имеется заключение начальника Усть-Каменогорского детского приемника-распределителя, в котором дается ха-

рактеристика на задержанного. В.П. Макаров — уроженец г. Ленинграда, 1930 г.р., без определенного места жительства, родители умерли. Органами НКВД доставлялся в детский приемник-распределитель шесть раз за систематическое воровство на колхозном рынке. Задержанный неоднократно направлялся в детские дома (22 мая 1943 г., 7 ноября 1943 г., 1 и 25 декабря 1943 г.), но каждый раз сбегал и снова появлялся на базаре, занимаясь воровством. Руководствуясь инструкцией НКВД СССР, начальник детского приемника-распределителя 19 февраля 1944 г. направил Макарова в Шокайскую ТВК [23; 5].

Судьбы детей, втянувшихся в воровское «ремесло», демонстрирует дело Митронина Валентина Яковлевича, 1930 г.р., уроженца Алтайского края, проживавшего в г. Павлодар с матерью (отец на фронте). Митронин регулярно занимался мелкими кражами: похищал с огородов овощи, 2 топора, ведро и т.д. В сентябре 1942 г. забрался через окно в одну из квартир и украл там банку масла. В июле 1942 г., пока мать была в командировке, похитил из собственной квартиры 2 юбки, блузку, платье, скатерть, более 5 метров различных тканей и заготовки на хромовые сапоги. Все вышеперечисленное продал на рынке, деньги за 4 дня потратил вместе с товарищами. В ноябре 1943 г. Митронин организовал вокруг себя группу подростков, которые совершали кражи. По Постановлению суда Валентин Митронин был направлен в Шокайскую ТВК [24; 1].

- 1 Arutyunova, N.D. (1988). Ot obraza k znaku [From image to sign]. *Myshlenie, kognitivnye nauki, iskusstvennyi intellekt - Thinking, cognitive sciences, artificial intelligence*, 154–162. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Bazin, A. (1972). Chto takoe kino? [What is cinema?]. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 3 Balmont, K.D. (1904). Elementarnye slova o simvolicheskoi poezii [Elementary Words on Symbolic Poetry]. *Gornye ver-shiny — Mountain peaks*. Moscow: Knigoizdatelstvo «Grif», 75–95 [in Russian].
- 4 Balmont, K.D. (1915). Poeziia kak volshebstvo [Poetry is like magic]. Moscow: Skorpion [in Russian].
- 5 Lavrov, A.V. (2006). Russkie simvolisty [Russian symbolists]. Moscow: Progress–Pleiada [in Russian].
- 6 Lotman, J. (1993). Siuzhetnoe prostranstvo russkogo romana XIX veka [The plot space of the Russian novel of the 19th century]. *Izbrannye stati — Selected articles*, V. 3. (Vols. 1-3). Tallinn: Aleksandra [in Russian].
- 7 Brailovskii, M. (1913). Kinematografiia i futurizm [Cinematography and futurism]. *Sinii fon — Blue background*, 23 [in Russian].
- 8 Burlik, D. (1913). O futuristicheskom kino [About futuristic cinema]. *Kinozhurnal — Movie-magazine*, 22 [in Russian].
- 9 Saussure, F. (2016). Zametki po obshchei lingvistike [Notes on General Linguistics]. Moscow: Izdatelskaia gruppа «Progress» [in Russian].
- 10 Jakobson, R. (1996). Yazyk i bessoznatelnoe [Language and the unconscious]. Moscow: Gnozis [in Russian].
- 11 Mukarzhovsky, Ya. (1994). Opyt strukturnogo analiza fenomena aktera [Structural Analysis of the Actor's Phenomenon]. *Issledovaniia po estetike i teorii iskusstva — Studies in aesthetics and art theory*. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 12 Mukarzhovsky, Ya. (1994). Iskusstvo kak semiologicheskii fakt [Art as a Semiological Fact]. *Issledovaniia po estetike i teorii iskusstva — Studies in aesthetics and art theory*. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 13 Metz, C. (1968). Essais sur la signification au cinema. V. 1-2. Paris: Klincksieck [in French].
- 14 Metz, C. (1971). Langage et cinéma. Paris: Larousse [in French].
- 15 Metz C. (1977). Le signifiant imaginaire. *Psychanalyse et cinema*, 23, 3-55 [in French].
- 16 Metz, Ch. (1990). Film Language. University of Chicago.
- 17 Bart, R. (2003). Problema znachenii kino [The Problem of Meaning in Cinema]. *Sistema mody. Stati po semiotike kultury — Fashion System; Articles on the semiotics of culture*. Moscow: Izdatelstvo imeni Sabashnikovoykh [in Russian].
- 18 Mitry, J. (1997). The Aesthetics and Psychology of Cinema. Indiana University Press.

А.Б. Шалдарбекова<sup>1\*</sup>, Т.Е. Тұмашбай<sup>2</sup>, Р.А. Кемербай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

<sup>2</sup>Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(e-mail: aishashaldar1975@mail.ru; tumashbai@mail.ru; ra\_2030@mail.ru)

## Мағжан Жұмабаев шығармашылығының философиялық аспектілері

Мақала М. Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойы аясында жазылды. Сонымен қатар М. Жұмабаевтың шығармашылығындағы философиялық рефлексиялық мәселелер қарастырылған. Мағжан Бекенұлы жалпы түрік халықтарының қоғамдық қайраткері және сыршыл, лирикалық ақыны. Өнер иесінің шығармашылығына историцизм, күрескерлік рух туралы ойлар және сезімдік толғаныс, абстракциялық елестету тән. Авторлар М. Жұмабаевтың рухани іс-әрекеттілігін неміс философы Ф. Ницшенің өнер туралы көзқарастарымен байланысты зерттеген. Ақын шығармашылығы Ф. Ницшенің адамның дүниетанымын анықтаудағы дін, өнер және философия категорияларының рөлі, ерекшелігі туралы ойларымен салыстырмалы қарастырылды. М. Жұмабаевтың ақындық ойлауына ізгілік, игілік, бақыт және тарихи сана, пантүркішілдік ұғымдарын жырлаумен қатар, пессимистік ойлау, коммунистік идеологияның әділетсіздігінің құрбаны ретіндегі күйзелісті мотивтер тән. Мақаланың жаңалығына ақынның «Пайғамбар», «Жер жүзін топан басса екен» өлеңдерінің мазмұнына ішінара герменевтикалық талдау әдісін қолдану арқылы зерттеу құрайды. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамда ұлттық мінез-құлықтың қайта оянуы, тәуелсіздіктің нығаюы Мағжанның ақындық қызметіне философиялық зерттеу объектісі ретіндегі қызығушылықты ояты. Бүгінгі таңда Мағжантану саласы ұрпақтың рухани, тарихи сана сезімін нығайтумен бірге, тұлғаның рухани мәдениетін дамытушы фактор ретінде орнықты. Мағжан әлемі, оның рухтық жырларының әдеби тілі, мазмұны әдебиетші ғалымдардың шығармашылық ізденістерінде кеңінен зерттелген. Мақалада ақынның шығармашылығының әділетсіздікпен күрестегі әрекеттерімен бірге оның ұлттық болмыс, даналық, тарихи тұлғалық іс-әрекеттелігі мультипәндік әдіспен зерттелді.

*Кілт сөздер:* мағжантану, шығармашылық, Ф. Ницше, экзистенция, өнер, болмыс, тарих, ойлау, толғаныс, иррационалдык.

### *Kipicne*

Мағжан Жұмабаев қазақ және бүкіл түрік халықтарының ортақ ақыны. Ақынның әдеби, лирикалық және тарихи мәні бар шығармаларынан түрік халықтарының болмысын, дүниетанымын және тарихи санасын көре аламыз. Біз бұл қызығушылықты М. Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» деген жырынан сүйіспеншілікті анықтаймыз. Бұл өлең, оның Түрік елінің тарихи дағдарыстарға тап болған кезінде жазылған, отаншылдық қолдау жыры еді. Мағжанның жеке және қоғамдық өмірімен қызметі тағдырлы болды. Тәуелсіздік құндылығы, қазіргі заманғы ұрпақты Мағжанмен қайта қауыштырды, оның рухани болмысының тірегіне айналды. Алайда әлі де қоғам үшін оның ақындық қызметі, жырларының даналық ойлары зерттеуді қажет етеді. Бұл шарттар қазақстандық қоғамның ұлттық идеологиялық кеңістігіндегі тұлғаның мәдени дамуына, ұлттық сана сезіміне, отаншылдық рухына деген қажеттіліктерден туындап отыр. Бұл қажеттіліктер ұлттық мемлекеттерде екі жақты орын алады. Олардың біріншісі жаһандандық үрдістерге бейімделу, оның құндылықтарын мәдениет үлгілері ретінде еңсеру арқылы қалыптасады. Ал екінші шартын ұлттық менталитеттің, діни сенімнің беріктігі, оның рухани қуаты құрайды. Діни сенімнің беріктігі авторитарлы секталарға ұқсас діни институттардың сана деңгейіндегі үстемдігінде орын алмауы тиіс және ол біржақты ойлау, сана деректерін бұрмалау жағдайларымен кешенді күресе білуі қажет. Сондықтан кез келген елдің ұлттық мінез-құлығының тарихи қайнарлары архетиптер негізінде қайта орнығады және сана энантидромиясының алдын алады. Өкінішке орай, қазақ халқының мінез-құлығында өз болмысынан жеруі, белгілі бір жастық ерекшелікке жеткенде діни, ұлттық, саяси сана сезімнің екіге жарылуы секілді құбылыстар орын алды. Бұл кеңестік біртұтас идеологияның насихаттық қызметі арқылы ұлттық дәстүрлердің өміршендігін әлсірету арқылы және қазіргі дәстүрлі емес діни ағымдардың ұлттық ерекшеліктерді

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aishashaldar1975@mail.ru

жөкқа шығару әдістемесінің негізінде өзара қайшылыққа ұшырады. Дегенмен америкалық антрополог М. Мидтің зерттеуінше, «күйзеліс пен қуғында өмір сүрген мәдениет таңқаларлықтай нық сенімділікке, тұрақтылыққа ие. Осындай азап шегу мен қайғы тарихынан өткен ұлттарда өзінің ұлттық сезімін, мақтанышын биік ұстайды, құрмет тұтады» [1]. Мағжантану саласын дербес ғылыми бағыт ретінде, идеологиялық құрал ретінде ұсынуымыздағы ойымыз, халықтың ұлттық қайнарларын ояту, қоғамдық сана сезімнің жаңа құндылықтарды ақылдың, білімнің күшімен игеруін орнықтыру құрайды. Түркия Республикасының Ғылыми академиялық зерттеу ортасында Мағжанның әдеби, философиялық тілінің мәнін зерттеуге қызығушылықтар өте үлкен. Атап айтқанда, Мағжан туралы түркиялық ғалым, қоғам қайраткері Фейзуллах Будактың «Мағжан» әдеби зерттеуі, ғалым Е. Қапағанның зерттеу мақалалары жарияланған. Фейзуллах Будактың көзқарасынша, «Мағжан Жұмабай әдеби күші мен өмірін қазақ, түрік идентификациясы мен рухы үшін жылдар бойы күрескен адамдардың бірі. Мағжанның қоғамдық өмірі мен күресі түрік ұлтының күшіне күш, ұлылығына ұлылық қосқан символдық сенімдердің бірі» [2; 5]. Фейзуллах Будак Мағжан әлемін, оның рухани мұрасын түрік халқына танытқан қоғам қайраткері болып табылады. Ал, зерттеуші Е. Қапаған Мағжанның поэзиясын уақыттың өзгерісімен сипатталатын әлем ретінде сипаттайды. Оның зерттеуінше, «Өзгеріс элементі дамудың құралы. Мағжан уақыттың жаңаруы мен трансформациясынан трагедиялық түйін жасамайды» [3; 197]. Дегенмен Е. Қапағанның бұл ойымен бір жақты келісуге болмайды. Бұл құбылысқа профессор Д. Әлкебаева: «Мағжан мәдени, рухани тұрғыда Батыспен ғана шектелмеген. Ол Шығыстың өнерімен, оның шығармаларымен сусындаған. Сондықтан ол Ғалия медресесінде оқып жүргенде тұтас түрік халықтарына деген сүйіспеншілігін, мейірімін өзінің өлеңдері арқылы көрсеткен», – деген ғылыми көзқарасын білдіреді [4; 58]. Ғалымдардың зерттеуінше, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында Батыс әлемі саф таза өркениет ретінде зерттелмейді. Батыс пен Шығыстың өзара өркениеттік қатысуы, орын алуы арқылы дамиды әлеуметтік мәдени орта ретінде дәйектеледі.

#### *Зерттеу әдістері*

Мақала тұжырымдамалық зерттеу әдісін қолдану арқылы жазылды. Тұжырымдамалық әдісте мәселені философиялық ойлау арқылы түйіндеу, ұғымдарды теориялық деңгейлерде салыстыру, мәтіндердің мазмұнын, идеясын талдау және тілдік, мәдени қызметтерін синтездеу тәсілдері қарастырылды. М. Жұмабаевтың экзистенциялық толғанысымен жазылған өлеңдерінің мазмұны ел, қоғам, ұлттық сана сезім, идеялық күрес ұғымдары салыстырмалы, мультипәндік әдістер арқылы талданды. Мақаланың зерттеулік деректерін Фридрих Ницшенің, Георг Гегельдің философиялық ойлары, отандық ғалымдар Дихан Қамзабекұлының, Дандай Ысқақұлының монографиялық ғылыми еңбектері құрайды. Мақаланың ғылыми идеясының қайнар көздерін, деректерін жинақтауда мәселені философиялық, мәдениеттанулық деңгейлердегі зерттеулердің аздығы тұрғысынан біршама қиындықтар туындады. Сондықтан Мағжанның шығармашылығындағы даналық көзқарастар, оның интеллектуалдық әлемі өнер категориясы арқылы синтезделді.

#### *Нәтижелері және оларды талқылау*

Мағжан шығармашылығы көп қырлы мазмұнға ие, сондай саланың бірін — өнер философиясы құрайды. Философия ғылымының көкжиегінде поэзия, музыка және бейнелеу салалары өнер, креациялық іс-әрекеттілік ретінде зерттеледі. Сонымен бірге Мағжан әлеміне тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық мінез-құлықты, адамның эстетикалық талғамын тәрбиелеу әрекеттері тән. Мағжан поэзиясының өнер және тарихи сана категориясы арқылы орнығуы адамды сұлу эстетикасымен елітуі, баурауы және ынтық етуі, жырдың философиялық тарихи мәніне бойлауы арқылы орын алады. Платонның пайымдауынша, эстетикалық іс-әрекеттілік өнердің, шығармашылық қызметтің, нәрсенің бейболмыстан болмысқа ауысуын ізденіс, жасампаздық іс-әрекеттілігі арқылы орнықтырады. Өнер категориясы әсемдіктің символы және идеялық мәні жоғалмайтын, тұрақты құндылықтың атрибуты саналады. Сондықтан өнер әлеміне катарсис қызметі тән. Ал Мағжан Жұмабаевтың жырларында ұлттық, пантүркішілдік идеяларды философиялық рефлексиялау әдістері арқылы бейнелеу қолданылған. Ақынның дүниетанымындағы құбылыстарды философиялық бағалау идеяларында неміс философы Ф. Ницшенің философиялық ойларымен сарындас көзқарастар кездеседі. Мысалы, Ф. Ницшенің зерттеуінше, өнер адамзаттың діни ойлау санасының философиялық ойлау сатыларына ауысуы кезіндегі аралық категорияны құрайды. Өйткені өнер арқылы адам шығармашылық қызметін дамытады. Ол дүниенің жаратылысының сырларын танудағы метафизикалық және ғылыми таным арасындағы қайшылықтарды еңсеруге көмектеседі. Ф. Ницше көзқарасы бойынша өнердің қызметтерін ойлау



аспектілерін қарапайым халық түсінбеуі, кейде ол адамдардың құндылықтық көзқарастарымен, танымымен сәйкеспеуі мүмкін. Себебі, Ф. Ницше философиясында дін, мораль, этика адамның еркіндігін шектеуші құндылықтар ретінде қарастырылады. Қоғамның әлеуметтік-рухани үрдістерді ойлауы, сындық бағалауы мүмкіндіктерінде саналық дағдарыстар орын алып, ол кейде дүниетанымдағы қайшылықтардың туындауына, саналардың болмыс, идея деңгейіндегі күресіне алып келеді. Ф. Ницшенің көзқарасынша, «Өнер консервациялау қызметін, ол сөнген, қараңғы көзқарастарды әсемдеу арқылы, өткен уақытпен, түрлі дәуірлердегі рухтардың оралуы арасындағы байланыстырушы қызметті атқарады» [5; 135]. Алайда Ф. Ницше, діни сананың құлдырауы өнердің дамуына негіз болады, бірақ өнер де адамзаттың балаң, албырт шағын сақтау арқылы өзінің даңқын анықтайды, бұл өз кезегінде оның шектілігін білдіреді деген ойлауды дамытады. Ғылыми ойлаудың күрделілігі, оның сырларын философиялық ұғыну арқылы өлшенеді. Мағжан Жұмабаевтың жырларынан адамның ойлау шегінің жаңа қырларын ашуға деген талпынысын, тарихи сананы ояту арқылы ұлттың рухани жаңаруын, ерік-жігерін тәрбиелеуге деген әрекеттерін анықтаймыз. Ақын шығармашылығы қазіргі заманғы қоғамның да шекаралық болмысын анықтаушы қалыпқа сыймайды. Бұл түсінікті Ф. Ницше дарындылықтың өлшемі ретінде белгілейді және ақын ғылыми ойлаудың адамы ретінде қалыптаспайды деген пікірде болады. Дегенмен Ф. Ницшенің зерттеуінше, өнердің ең құдыретті қызметі, ол «аңдарды адамға айналдыру» [5; 138] және адамның жан дүниесін қозғалысқа келтіруі ретінде қарастырылады. «Аңды адамға айналдыру» аллегориялық мақсатта айтылғанымен, ол өнердің культивациялық қызметінің бір шарты. Мағжанның да ең көп зәбір көруі, осы «аң бейнесіндегі адамдардың» әділетсіздігінен орын алды. Өмір күресінде жеңілген ақын әлеміне сезімталдық, иррационалды ойлау тән болды. М. Жұмабаевтың өнері, оның жасампаздық идеяларының мақсаты болған тұлғалық дәуір рухының шақыруымен қайта оянды, бірақ, тұлғаның әлеуметтік сапалығы от жүректі феноменге, еркін ойлы тұлғаға трансформацияланбай тұр. Тиісінше, жеке адамдардың отаншылдығы, қоғамдық рухы қарапайым құбылыс деңгейінде орын алып, жарқыраған, саф феноменге, этикалық эстетикалық талғамы бар мәдениет субъектісіне айнала алмады.

Поэзия философиялық өлшем деңгейінде түпнұсқалық өнер, оған көшірме, телнұсқалық мүлдем жат. Сондықтан ақынның үні дәуірдің үніндей көрініс береді. М. Жұмабаевтың шығармашылығындағы еркіндік, ерік-жігер категорияларымен бірге, қазақ, түрік, алаш, ел ұғымдары біртұтастық ретіндегі мәні бар, рухтық мазмұнға ие. Ол бұл этикалық құндылықтарды адамның жан дүниесін қозғау арқылы ортақ, жалпыға бірдей құндылықтарды шығыс мәдениеті негізінде игеруді және ол құндылықтарды батыстық өлшемдерге сәйкес синтездеуді ұсынады. Мағжан феноменінің басты жетістігі, осы қоғамдық қатынастағы ұрпақаралық сабақтастықты дәйектеумен қатар, қазақ мәдениетін әлемдік өркениет жетістіктеріне интеграциялау болды. Ағылшын әдебиетшісі Коллиридж поэзиялық даналықтың болмысын — ерекше міндет, ұшқыр қиял суреткердің ерекше дарыны және мәңгі жасампаздық әрекеттің көрінісі ретінде анықтайды [6; 322]. Бұл өлшем Мағжан ақындығына, оның даналығының тіліне тән ұғымдардың бірі болып табылады. Сондай-ақ ақын тілінің өткірлігі мен шешендігі, ойының ұшқырлығы қисынды ойлаудың дәлелді аргументтері арқылы өрнектеледі. Мағжан тілі болмыстың интенциясын, өзі туралы танымды ерекшелейді. Мағжан поэзиясы адам сезімдерін толқытады, рухани әлемін, жан дүниесін қозғайды. Алайда адамдардың дүниетанымындағы өзгерістерді философиялық бағалау қандай дәуірде болмасын, оның субъектілерінің мінез-құлығына стимулярлық қасиеттің тән болғанын анықтайды. Шығармашылық іс-әрекеттіліктің стимуляциясы кеңестік кезеңде халық театрлары арқылы ағартушылық қызметтерді идеологияның құрбанына айналдырса, бұл қазіргі заманғы қоғамда өнерді жасандылық әрекеттің тұтқынына айналдырып отыр. Өнердің басты қызметі адамның жан дүниесін байыту және шығармашылық әрекет арқылы қоғамдық мәселелердің дискурсын ояту еді. Шығармашылық іс-әрекеттілік дарындар бәйгесі болудың орнына, саяси жүйенің қызметшісі, өз-өзіне тұйықталған шулы әлем ортасы ретінде танылып отыр. Мағжанның өзі де саяси жүйенің құрбанына айналды. Қоғамдағы идеологиялық саяси күрес ақиқатты біржақты тотальды түсінуге, тек өзінің саяси идеяларын дұрыс деп түсінетін бұқаралық сананың туындауына негіз болды. Мағжан және оның жақтастары, бұл саяси күресте жеңілді, бірақ елдің тәуелсіздігі, тарихи сананың оянуы қазақ халқының ағартушыларын танымдық іс-әрекеттілік, зерттеушілік қызметтің объектісіне қайтарды. Әрине, ақын тұрмыстың қиындығынан қызыл террордан пана іздеді, бұл өз кезегінде Мағжанның сол кездегі саяси жүйенің арбауына тап болуына әкелді. Әдеби санның қоғамдық қауіптілігі жоқ деген ойда болды. Дандай Ысқақұлының зерттеуінше, «Мағжандар барынша әдеби санның астына алынды. Ғ. Тоғжановтың мақалаларында да әдебиетке саяси тұрғыдан баға беру басым болды», — деген пікірі бар [7; 28]. Дандай Ысқақұлы өзінің монографиясында ХХ ғасырдың алғашқы жарты-

сындағы қоғам қайраткерлері арасындағы сатқындық, алауыздық орын алғанын және олардың идеологиялық күрестегі жүйені қорғаушы жанкешті әрекеттерін тарихи деректермен береді және сынайды. Мағжанның әдеби тілінің тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастырудағы іс-әрекеттілігі, қызметі феномендік сипатқа ие. Ол феномен ретінде сананың интенциясын бағыттаумен бірге оның құндылықтық беки түсуіне ықпал етті. Бұл әрекеттілік кеңестік дәуірдегі қайраткерлер жағдайында қарапайым құбылу, жалған әрекет ретінде ғана орын алды. Мағжанның өзі коммунистік идеяның шырғауына түскен замандастарын «Пайғамбар» өлеңінде «қараңғылық», «қарын», «түн баласы», «түссіз жын», «қанды шу», «көр көзі» ұғымдарымен гиперболалық сипаттау әдісімен береді. Мағжан «Пайғамбар» өлеңіне кеңестік дәуірдегі қайраткерлердің өздерін әлемнің жарты патшасы сезінуін, діни сенімді жоққа шығаруы әрекеттерін сырттай бақылап, сынау әрекеті көрініс береді. Қараңғы түнек әлемнің ізгілікті, мейірімділікті, қанағатшылдықты, рахым секілді жалпы адамзаттық құндылықтарды жұтуы, зұлым күштің символына айналуы меңзеледі. Бұл шығармаға бір жағынан ақынның жан күйзелісі, екінші жағынан болмыстың уақытшалығын, жалған пайғамбарлықтың адамдық келбетін бейнелеу тән. Мағжанның

«Түн баласы, түнерген түн жамылған,  
Аллаға емес әзәзілге табынған.

Инжілді өртеп, табанға сап құранды,

Әділдікті ессіз күткен қарыннан», – деген өлеңінен кер заманның, қан аңсаған, қоғамдық және жеке санасы бұрмаланған, әлсіз қоғамның мінездемесін анықтаймыз. Бұл қоғамдық дерт біздің еліміздегі бір күндік мүддемен өмір сүретін адамдарды сипаттайды. Бір күндік мүдде адамдарға қатысты орын алса, онда оны қоғамдық сананы дұрыс идеологиялық тәсілдермен, халықтың экономикалық тұрмысын жақсарту секілді басқару әдістерімен реттей аламыз. Алайда бір күндік мүдде мемлекеттің қызметі мен ойлауында, оның сана сезімінде орын алса, онда тұтас қоғам деградацияға ұшырайды. Біз коммунистік саяси жүйенің қызметінен мемлекеттік ойлаудың болмысындағы, тарихтағы уақытшалықтың белгілі бір идеяны мақсат тұтып, қысқа мерзімде жеңіске жетуін нәтиже ретінде алдық. Бұл кез келген биліктің сол уақыттағы тактикалық, операциялық жеңісі болғанымен, оның ұзақ мерзімдегі стратегиялық жеңілісі болып табылады. Қазіргі қазақстандық қоғамда әділдікті ізгіліктің символы ретінде түйсінудің орнына, оның адамдардың өзінің жеке мүдделеріне, меркантилдік дүниетанымына төнген қауіп ретінде сезіну психологиясы басым болып отыр. Бұл қоғамдық психоздың белгісі ретінде көрініс береді. Мұндай терістілікті мінез-құлықтың аналогиясын, өз уақытында замандастарының Аристидті әділдігі үшін сол кездегі полистен қуып шығуымен түсіндіреміз. Осы әрекет қазіргі заманғы қоғамнан да, ондағы адамдардың болмысынан байқалып отыр. Біздің қоғамдарға Мағжанның тіліндегі «көр көзіне» ие, жеке сана сезімі бұрмаланған адамдар тән. Шынында да қоғамда жеке мүдделік сана сезім субъектілерінің әділдікті зұлымдық ретінде қабылдайтын бейсаналық шарттары көрініс беріп отыр. Салдарынан қоғамдық сана өзгерістердегі инновациялық мінез-құлықты еңсерудің орнына, оны кедергі ретінде айналып өту немесе игере алмау қасиеттеріне ие болды. М. Фуконың ойлау тарихын эпистемалар ретінде анықтайтын логикалық жүйесіне жүгінетін болсақ, бұл қоғамның репрессиялық сипатының белгілері болып табылады. Мағжан дәуіріне тән қоғамдық басқаруға геноцидтік әрекеттер, адамның қоғамдағы субъектілігінің әлсіздігі, тек биотарих ретінде танылуы тән еді. Сондықтанда адамдарды әлеуметтік белгілеріне қарай таптық жіктеудің салдарынан түрлі мүдделерге ие субъектілер арасында өшпенділік туындап, сана деңгейіндегі қақтығыстар орын алды. Бұл М. Фуко түсінігіндегі биліктің адамдарды тек дене, зат ретінде қолдануына негіз болып, ол өз кезегінде өмір мен өлімге құқықтың жүйені жанталасып қорғауына әкелді. Мұндай жүйенің салдары биліктің халықтың санасына өмір сүру, ұрпақ, бұқаралық феномендер ретінде орнығу арқылы жоюға бағытталды және қызыл террор сол арманына қол жеткізді. М. Фуко ұғымында білім-күші ғана адамның өмірін өзгерту құралы, ал қоғамдық дамудың биотарих пен биокүш деңгейлерінде «қылышқа» жүгінуі орын алады. М. Фуко бұл онтологиялық шарттарды оқиғалардың орын алуын ажырау, шек, белгі, жүйе, құрылым, эпистема, дискурсивті тәжірибе, тілдік оқиғалар терминдерімен талдайды.

Қазақстандық философ Гульжан Бейсенованың зерттеуінше, М. Фуко батыстық білім тарихының жылжуы саласы мәдени кодтар мен бұл кодтардың қатынастарына ғылымдардың және философияның рефлексиясы салалары аралығында орналасқан. М. Фуко бұл саланы эпистема деп атайды және ол білімнің барлық формаларының өзі туралы хабарлауының тарихи заңдылықтарымен трансформациясын зерттейді» [8; 30]. Мағжан түсінігінде, «түн баласы» күн батыстың қараңғы түнегіне тап болып, құр денеге табынушы жануар және ол адамның жан дүниесінің сырын, толғанысын түсіне алмайтын жағдайды сипаттайды. Алайда «түн баласы» ауыр ойлар құшағында күншығыстан үмітті,

жаңа Пайғамбарын іздейді. Пайғамбар аллегориясы танымның білім арқылы құндылықтарды өз болмысына айналдыру, бір санаға біріктіру жолдарын білдіреді. Көзі көр, қайғы мен қара қанның символы репрессивтілік қазіргі заманғы қоғамдарда радикалды көзқарастағы экстремистік қозғалыстарға тән болып отыр. Бұл тенденция әлемдік саясаттың құралына, жеке адамдардың сана сезімін бұрамалау құралына айналды. Экстремистік топтар қазақстандықтар болмысы үшін күрес жүргізіп, қоғамдық, болмыстық, құндылықтық алаңда семантикалық мағынада жеңіске жетуге үмітті. Жалпы қазақ халқының мемлекет ретіндегі саяси, мәдени тарихы өне бойы семантикалық күрестерге толы болған. Ол үрдістерді тілдің алфавиттік өзгерістерге ұшырауынан, іс қағаз тілінің заманға сәйкес ауысуынан көреміз. Бұл Мағжан ұғымындағы «күнбатыста қанды шу», тарихтың орта ғасырлық кезеңіне тән адамның тек дене ретіндегі қолданысын сипаттайды. Ол адамның құқығы мен оның дүниеге көзқарасы шектелген, қараңғы, түнек ғасырларға қайта оралуды білдіреді. Сондықтан қараңғы қоғамдарда дискурс өлшемі «кылыштың» үрейімен шектелген және ойлаудың өзі қылмыс саналуы мүмкін. Қазіргі әлем елдердің, халықтардың мәдениетіне қарай екі жүзділікті пайымдаудың формаларын көрсетіп отыр. Мысалы, Еуропа мемлекеттері үшін Азия мен Африка құрлығындағы қақтығыстар экономикалық табыс көзі ретінде қарастырылады. Олар үшін азиялық адам сана сезімі тұйықталған, қарапайым құрал формасында қалып отыр.

Мағжан шығармашылығының екінші қырын, оның тарихи сананы жаңартуы және тарихи тұлға ретінде қалыптасуы құрайды. Мағжан шығармашылығына философиялық ойлаудың диалектикалық қағидалары тән. Коммунистік жүйелер жұмысшы мен шаруа еркіндігін қорғау идеясын тоталитаризм құралына айналдырып алды. Бұл ұлттық ойлауға ие ағартушылардың елдің еркіндігі, либералдық құндылықтар, жеке меншіктің қастерленуі секілді пікірлерінің жаңа заман шарттарына сәйкес іштей тұйықталуына алып келді. Салдарынан әлемнің саяси жүйелерінде орын алған демократиялық өзгерістер, экономикалық дамулар, қоғамдық жаңарулар кеңестік кеңістікті айналып өтті.

Әлеуметтік-саяси жүйелерде әлемге сілкініс әкелген тарихи бетбұрыстардың бірі, ол АҚШ-тың Тәуелсіздік декларациясының қабылдануы, екіншісі, әрине, ұлы Француз революциясының орын алуы еді. АҚШ пен Еуропа елдеріндегі демократиялық өзгерістер монархиялық жүйелердің билігін ыдыратып, капиталистік жүйелерді қалыптастырған уақытта қазақ сахарасы әлі де аттың үстінде, түйенің қомында өмір сүріп жатты. Әрине бұл қоғамдық мазмұнның түрлі объективті шарттары бар болғанымен, уақыттың үздіксіз қозғалысынан қазақ елі сырт қалды. Жалпы, қазақ халқының дүниетанымына кеңістіктік ойлау тән, бұл өз кезегінде қазіргі заманғы қоғамның болмашы, мәнділігі төмен идеялардың арбауына түсіп, уақыттың қазіргісінен кеш қалуына әкелді. Бұл қоғамның өзіндік болмысын тани алмауына негіз болды. Бұл шартты М. Жұмабаев «Жатыр» өлеңінде қазақ халқының әлемдік өркениеттен кеш қалғанын сынау арқылы көрсетеді.

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Бірі — ай, бірі — жұлдыз, бірі — күн боп,  
Жалтырап, көктен нұрын шашып жатыр.  
Таласып өнер, білім алып жатыр» [9; 57].

Бұл құбылыс қазіргі қазақ қоғамына да тән кемшіліктердің бірі. Диалектиканы табиғаттың қажетті заңы деп санап, диалектика тарихтың жүру бағытын анықтайды, – деп есептеген Г. Гегельдің көзқарастарына сәйкес адамдар тарих үдерісін өзгерте алмайды. Г. Гегельдің пікірінше, философия тарихқа оның нақты мазмұнына қайшы келетін алдын ала болжамды идеялармен жақындамауы керек. Ол сол кездегі неміс тарихшыларын тарихта әр түрлі фантастикаға жол берді деп сөкті. Г. Гегельдің ойынша, философия ұстанатын жалғыз ой, әлемде үстемдік ететін нәрсе — ақыл болуы керек, демек, дүниежүзілік тарихи процесс ақылмен немесе ақылға қонымды болып аяқталуы қажет. Д. Қамзабекұлының зерттеуінше, «Ұлттық мінездің көзге көрінбейтін терең тұрақты қабаттарымен бірге, заманалардың пәт-пәрменіне қарай мазмұны жаңаланған пішіні түрленіп тұратын тұрлаусыз «қабықшалары» болады; осылардың диалектикалық бірлігі мен күресі ұлттық мінездің өзгерістерін, генезисін, эволюциясын, даңқын, деформациясын барлауға мүмкіндік береді» [10; 30].

Тарихи дамудың негізі ретінде әлемдік рухтың орнына адамдар арасындағы қатынас материалдық игіліктерді өндіру процесінде пайда болады және ол қоғамның экономикалық негізін құрайды, ол саяси, құқықтық, діни және басқа да идеялар түріндегі белгілі бір идеологиялық қондырмаға сәйкес келеді. Сонымен қатар, мемлекет, сот, полиция түріндегі қоғамдық институттар олармен байланысты болады. «Мұндай жағдайдағы ең жоғарғы құндылық — тарихтың сөзсіз жүріп отыратын үдерісінің алға жылжуын қабылдау және соған бой ұсыну» [11; 140]. Жалпы әлеуметтік танымның бір түрі, ол тарихи таным. Тарих — ол зерттелетін объектісі өткен кезеңге қатысты болса да, оны қазіргі ұғымдар

мен тілдік құралдар жүйесіне тікелей жеткізуге ұмтылады. Тарихи танымның орталық міндеттерінің бірі — тарихи фактілер мен оқиғалардың шынайылығын анықтау, жаңа, осы уақытқа дейін белгісіз фактілерді ашу. Бірақ сонымен бірге әрбір зерттеушінің белгілі бір дүниетанымдық ұстанымдары бар екенін айта кеткен жөн. Ол әртүрлі әлеуметтік топтармен, таптармен қоршалған қоғамда өмір сүреді, құндылықтық көзқарас шешуші рөл атқаратын тиісті білім алады, өйткені кез келген мемлекет жас ұрпақты белгілі бір рухта тәрбиелеу керек екенін, өзінің алдындағы ұрпақ қалдырып кеткен құндылықтар мен байлықты бағалай білуі керек екенін жақсы түсінеді. Сонымен қатар, қоғамда өзінің әлеуметтік жағдайына байланысты әркімнің белгілі бір тарихи оқиғаларға қатысты әртүрлі көзқарастары бар. Тарихи таным мен тарихи сана үрдістері философтарды көптен толғандырып келе жатқан мәселеге жатады. Тарихи таным мәселесі жаңакантшылдар тарапынан айрықша қойылады. Дереккөздерден біз тарихи үдерістің тек бір бөлігін ғана білеміз. Тарихи өткен дәуірлер, ондағы оқиғалар мен тұлғалар туралы біздің білімімізде ақтаңдақтар болып қана қоймай, оның дұрыс емес, жалған түсініктер мен қателіктерге толы екендігі де рас. Өткенді біз тек өзінің тікелей мағынасында қарапайымдылықпен танимыз, оның формаларын абсолюттік деп қабылдаймыз және тек өзімізді ғана объективті төреші деп есептейміз.

Негізінен алғанда тарихи оқиғалар мен процестердің дара, қайталанбас, тіпті өзіне ғана тән сипаты болғандықтан оларды зерттеген кезде кең ауқымды тұжырымдар мен болжамдар жасау мүмкін емес және олардан тарихи тағылым алудың мүмкін еместігі жиі айтылады.

Біріншіден, тарих басқа қоғамдық ғылымдар сияқты санасы мен ерік-жігері бар, алдына белгілі бір мақсаттар мен міндеттер қоятын адамдар әрекет ететін қоғамды қарастырады.

Екіншіден, қазіргі уақытта болып жатқан құбылыстар мен процестерді зерттеумен айналысатын басқа қоғамдық ғылымдарға қарағанда, тарих өткен оқиғаларды зерттейді және өткенді дәл жеткізуді талап етеді. Өткенді жаңғырту тарихи танымның ерекшеліктеріне әсер етпей қоймайды. Бірақ бұл ерекше айырмашылықтар мен белгілердің барлығы тарихи білімді ғылыми танымның жалпы процесімен, оның принциптерімен және зерттеудің жалпы әдістерімен байланыссыз болады деп қарастыруға құқық бермейді.

Біз тарихты былай түсінеміз, яғни біздің алдымызда өткен адамдардың нақты өмірі, олардың бірлескен қызметі ретінде көрінеді, ол белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде болған көптеген өзара байланысты оқиғалардан көрінеді. Бұндай нақтылық негізгі рөл атқарады және оны объективті шынайылық тұрғысынан жеткізу шарт. Философиялық тұрғыдан алғанда, тарих хронологиялық тұрғыдан үздіксіз оқиғалар тізбегі, өткені мен қазіргісі болады. Сондықтан, тарих деп аталатын адамдардың әлеуметтік өмірінің өткені, қазіргісі және болашағы болуы мүмкін деген көзқарасты ұстанған жөн. Бұл қоғам мен тарих арасындағы қатынастардағы кез келген хронологиялық көлеңкені толығымен алып тастайды.

Жаңакантшылдар көтерген тарихи таным мәселесін қазіргі философияда К. Поппер жан-жақты қояды. К. Поппердің көзқарасынша, «шындығында ешқандай тарихи заңдылықтардың болуы мүмкін емес. Тарихтың міндетінің өзі осы жеке оқиғаларды талдау және олардың себептерін түсіндіру болып табылады» [12; 319]. К. Поппердің ойынша, өркендеу дегеніміз адамдық жаратылысқа тән болған қандай да бір мақсатқа қарай ұмтылу деген сөз. Сонымен бірге К. Поппердің зерттеуі бойынша, марксистік философияға тоталитарлық өктемдік тән. Бұл жағдайды қазақ тарихында большевиктік революция салдарынан орын алды және оның қоғамға салған жарасы әлі де қансырап тұр. Профессор Д. Кішібековтың зерттеуінше «Философия аналитикалық ойлаудың негізіне құрылған. Егер тарих білім болса, философия пайымдаумен сипатталатын қиял. Тарих философиясы айғақтарға, оқиғаларға, тұлғаларға, халықтардың тағдырына деген жай ғана қатынас емес, сонымен қатар, осы айғақтар туралы пікір, оларды талдау» [13; 47]. Тарихи тұлғалар қазақ елінде ғасырлар бойы тұншығып жатты және саяси жүйелердің қызметі туралы ойлана алмады. Дегенмен ХХ ғасыр қазақ халқы ағартушылық, буржуазиялық-ұлттық және большевиктік идеологияларға жіктелген және еуропалық білімдерді меңгерген тұлғаларды шығарды. Бұл тұлғалар Орта Азия кеңістігінде ірі төрт мемлекеттік құрылымдарды құра білді, бірақ олардың негізгі қаймағы тарих сахнасынан көшті. Бұл қазақ қоғамындағы өнеркәсіптік, технократтық ойлаудың, қазақ халқының шаруашылық тұрмысының, экономикалық мәдениетінің әлсіз болуымен түсіндіріледі. Қазақ ағартушыларының қазіргі заманғы прагматикалық ойлаудың өлшемдерін жасақтай алмауы, ол қазақ халқының дүниетанымындағы рухани этиканың шешендік эстетика мен риторика деңгейінде қалып кетуімен байланыстырады. Әрине тарихшы да философта белгілі бір дерекке қатысты дәйекті мысалды сұрауы қажет. Алайда, біз бұл сынның маңыздылығын қазіргі қоғамдық ойлау мен іс-әрекеттілік арқылы бағалаймыз. Қазақ ағартушыларының

қайраткерлігін зерттеген профессор Дихан Қамзабекұлы олардың бірнеше мемлекетті құру фактісіне былай жауап береді. Дихан Қамзабекұлының көзқарасынша, «Алаш Орда үкіметі мен Түркістан автономиясы жарияланбағанда, қазір біз Ресей Федерациясының Татарстан, Башқұртстан сияқты автономиялық республикасы болатын едік» [14; 8]. Мағжанның «Жатыр» өлеңіндегі тағы бір қоғамдық фактінің бірі, ол қоғамның әлеуметтік құрылымындағы бай мен кедей арасындағы құндылықтық алшақтау. Ұлттық мінез-құлық, елдік мүдде қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуы арқылы және өзге халықтар үшін құқықтық, саяси және мәдениеттік жауапкершілікті сезінгенде ғана орын алатынын көрсетеді. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамда архаикалық ескі менталитет әлі де өзінің үстемдігін танытып отыр. Мағжан түсінігінде адамның оқып, төре болуы, шен алып, оған бақыт құсы қонуы, өз өзінді, өзінің тарихыңды ұмыту дегенді білдірмеуі қажет. Ұлт өркениеттік деңгейде биікке көтеріліп, ассимиляция үрдісінің өзегіне айналғаны дұрыс. Дегенмен Мағжанның өлеңінде өрілген әдеттегі сана құбылысы ұлттың маргиналдануына негіз болып отыр. Мағжанша айтқанда, «Ұмытып өзін-өзі бұл сабазың, жұртына қарсы таяқ соғып жатыр». Бұл қазақ халқының болмысына жат әрекет саналады. Біздің халқымыз мұндай теріс мінез-құлықтың формаларына колонизациялық саясаттың салдарынан ие болды. Философия ғылымында тарихи шарттарға қатысты өзіндік сана сезім көрінісінің екі түрі ажыратылады. Олар: құлдық сана және еркіндік санасы. Еркіндік санасы үстемдік санасы. Бұл классификацияны жасаған неміс философы Г. Гегель. Ол бойынша еркіндік санасы өз дамуында үш кезеңді, стоицизм кезеңін, скептицизм кезеңін және уайым, бақытсыз санасы кезеңін еңсереді. Халықтар уайым, бақытсыз санасы кезеңінде ғана өзінің іс-әрекетілігі мен ойлауының тұйықталуынан шыға алады және жоғары рухқа ақылдың еншісінде ие болады. М. Жұмабаевтың «Жер жүзін топан басса екен» өлеңінде, біз ойлаудың пессимизмге тән элементтерді байқаймыз. Қоғамдық пессимизмнің орын алуы ел азаматтарын дәрменсіздікке, жігерсіздікке алып келеді. Бұл әлеуметтік мінез-құлық билік институттары іс-әрекеттілігінің азаматтардың белгілі бір идеалдық сезімдерінің, қажеттіліктерінің арасындағы әлеуметтік күтілімдердің қайшылықтары салдарынан орын алады. Қоғамдық қатынастардағы мақсат пен құралдардың өзара сәйкеспеуі, адамдардың болмысындағы терістіктің туындауына негіз болады. Бұл қоғамдағы терістіктің диалектикалық қарама-қарсылығы тұлғаның кері әлеуметтенуіне негіз болады. Ал қоғамдық мінез-құлықтағы кері әлеуметтену жеке адамның апорияға ұшырауына, қоғамда сыбайлас жемқорлық, қылмыс секілді әрекеттердің өршуіне, оның әдеттегі сана түрінде орнығуына негіз болады. Мағжан жағдайындағы пессимизм мен оның экзистенциалдық күйзелісін сол кездегі қоғамның дұрыс қабылдамауынан, таптық күрестің идеологиялық күрес құралына айналуынан туындады. Бұл қазіргі заманғы ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы жалған, сана деңгейінде бұрмаланған дінсіздік әрекеті ретінде түсіну емес, керісінше елдің прогресі туралы өзектіліктегі ойлауын білдіреді. Бұл өлеңде философиядағы бүлікшілдік мінез-құлықтың элементтері бар. Мағжан жырларының өзегі де намысы, жігері, қызуы, құлшынысы от жүректі адам, ол күрес рухының жаршысы ретінде қабылданады. Күрескерлік рухы тек адам аралық қатынастағы, саяси ойдағы әрекет емес, керісінше аласұру, таудай теңселу, өзін жағаға тастау құбылысын сипаттайды. Бұл жырдың екінші қыры, ол Мағжанның коммунистік атеизмнің менменшілдігін сырттан бақылауын білдіреді. Мағжан бұл жырында:

Жер жүзін топан басса екен!

Асқар таудан асса екен!

Таудай толқын құтырып,

Улы көбік шашса екен!

Басса екен топан жер жүзін!

Жапса екен көбік күн көзін!

Жанды, жансыз жоқ болып,

Қалсам жалғыз бір өзім!

Жан иесі тұншықса!

Үн иесі үн шықса!

Қараңғы жердің көгіне

Күн болып сонда мен шықсам!

Қандай ойын салар ем!

Жалынмен бәрін жалар ем!, – деген ой айтады.

«Үн» бұл жаратушы символы, ал от ежелгі грек философы Гераклиттің тәмсілінде, дүние жаратылысының субстанциясын және логосты құрайды. М. Жұмабаевтың өз сөзімен айтқанда жаңа адам оттан жаралған және қараңғылық әлеміне жарық күнді тудырушы Күн адамы. Күн адамы еркіндіктің,

ойдың адамы және қоғамдық, азаматтық жауапкершіліктің ортақ мәдениетті қалыптастырудағы үлгісі бола алады. Г. Гегельдің көзқарасынша, «Азаматтық қоғамда барлығы өзі үшін мақсат, қалған барлығы, ол үшін ештеңе де емес» [15; 228]. Мағжанның Күн адамы Ф. Ницшенің асқақ адам концепциясына ұқсайды, бірақ Мағжан жырларына атеистік көзқарас тән емес. Алайда ақын сол дәуірдегі имамдардың қоғамды өзінің жеке мақсатына қолдану әрекеттерін қатты сынады. Г. Гегельдің бұл философиялық концепциясы кез келген мемлекеттің саяси дамуының шарты ретінде азаматтық қоғамның қалыптасуын, еркіндіктің құндылық ретінде орнығуын білдіреді. Азаматтық қоғам адамның еңбек ету қажеттіліктерін реттеумен бірге, оның қоғам ретіндегі беріктігін арттырады. Сондықтан қоғамдық ойлаудың диалектикалық заңдарды, қағидаларды басшылыққа алуы оның ұғым ретіндегі біріккен мәдениетке айналуының, болмыс сапалығының шамасын құрайды. Мағжан ақындығының диалектикасы мәнді ұлттық мәдениеттен, тарихи санадан іздеу арқылы уақыттағы құбылыстарды қатаң сынауын білдіреді.

Мағжан феноменінен еркіндік рухынан айырылған қоғамдардың ұлттық сана сезімінің деградацияға ұшырауы, тобырлық мінез-құлықтың үстемдікке ие болуын көреміз. Ұлттың және өзінің идеялық қағидасын қорғау жолында қанша азапты күндерге тап болған, Мағжанның өмірден түңілуін, осы өлеңінен көреміз. Сонда да ақынның күрескер рухы мойымайды және тағдырға қарсы ұмтылады. Бұл Мағжан Жұмабаевты саясат сарсаңы, оның сұм ойындары шаршатқан кезде, өзіне анталап, шапшыған тобырға «жанды, жансыз жоқ болып, қалсам жалғыз бір өзім», - деген кейісі, жан күйзелісі ретінде көрініс береді. Шынында да бұл көңіл күй Мағжанды ғана емес, оның әдеби мұрасын зерттеуші, қазіргі ағартушы ғалымдарды да ашындырады.

Көптеген қоғамдарда дәуірдің үні ақынды ерекшелігінен айыру арқылы қатарымызға қосқымыз келетін, өзімізден оздырғымыз келмейтін мінез-құлық әлі де сақталып отыр. Заманды тұлғалар, феномендер жасайды, оның рухани әлемін анықтайды. Мағжанның:

Таудай толқын құтырып,

Улы көбік шашса екен, – деген ойы, сол кездегі замандастарының жалаң менмендігін, сауатсыздығын, өзімшілдігін білдіреді. Ал ақынның, «қандай ойын салар ем, жалынмен бәрін жалар ем», – деген күйзелісі оның ашынған дәрменсіздігін бейнелейді. Бұл тоталитарлық қоғамның тұлғаның еркіндігін жаншуына дәрменсіз қарсы шығуы, қарсы көтерілуі, оның психологиялық аласұруы. Кер заманды жеңсем деген арман. Жалпы Мағжан құбылысына бұғауға қарсы үнсіз күресу тән. Бұл шартты Д. Ысқақұлы «Мағжан іші мұң мен зарға толы Ақан өмірінен өзіне жақындықты, ұқсастықты көреді, сұлулықты, адалдықты, адамдықты идеал тұтты», – деген ойын білдіреді [7; 171]. Гуманитарлық ғылымдарда Мағжантану саласы кешенді зерттелуі қажет. Бұл зерттеулер оның қазақ қоғамына, оның рухани әлеміне ықпалын анықтау, ғылыми заңдылықтарын жасақтау мақсатында орын алуы тиіс.

### *Қорытынды*

Философия ғылымында Мағжан Бекенұлы тарихи тұлға және феномен ретінде зерттеледі. Бұл феномен қазақ халқының дүниетанымының қалыптасуында негізгі рөлді атқарады. Дегенмен Мағжан Жұмабаевтың поэзия әлемі лирикалық, сыршыл мазмұндарға толы болғанымен, оның тарихи, философиялық мәнді жырларында жаңа дәуірді аңсау, жаңа адамды жарату заңдылықтары ой формасында ғана орын алады. Мақалада Мағжан феномені өнер іс-әрекеттілігі, оның философиялық шығармаларымен үндестігі, от, күн символдарының ерік-жігер, құндылықтарды қайта бағалау әрекеті ретінде зерттелді. Бұл жаңа дәуірдің алғышарттарын Мағжан дүниетанымы бойынша қабылдау философиядағы постмодерндік мектептердің ойлау тәсілдеріне сәйкес келеді. Ия, Мағжан әлеміне торығу, уайымдау, кейде замандастарынан түңілу тән. Ол пессимистік көзқарастың туындауы, сол заманның тоталитарлық және бұқаралық мазмұндағы ойлауымен, кейде большевиктік позициядағы қайраткерлердің ішкі кегі, өшін қайтаруы секілді әрекеттердің орын алуымен байланысты еді. Тұлғалар тұншыққан қоғамда тобырлық сана үстемдікке ие болады. Бұл тобырлық сана сезім мемлекеттің рухын, оның тілдік, саналық идеясына қарағанда, тұрмыстық сана деңгейінде ойланып, адамның еркіндігін шектеуге, ерекшеліктерді жаншуға бағытталады. Бұл тарих социалистік қоғамда орын алды. Социалистік тәртіп қазақстандық қоғамға медицина ұйымдарын, театрларды, білім беру институттарын комплексті құру арқылы үлкен жаңалықтар әкелді. Алайда ол жетістіктер үшін қазақ ұлты өте ауыр құн төледі және өзінің рухани әлемінде әлі де өтеуін беріп келеді. Сондықтан қазіргі қазақ қоғамының феномендері құбылыс деңгейінде жарқырай алмады, керісінше құбылмалы ортаның субъектісіне айналып отыр. М. Жұмабаевтың өлеңдері герменевтикалық талдау әдісі арқылы жаңаша, терең мағыналы таным құралы ретінде зерттелуі қажет.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мид М. Культура и мир детства / М. Мид. — М.: Наука, 1988. — 283 с.
- 2 Budak F. Мағсан: Ölümi Öldüren Ozan / F. Budak. — Ankara: Atayurt Yayınevi, 2020. — 260 s.
- 3 Караған Е. Kazak Şiirinde Tematik Değişimler (Mağcan Cumabaey'in Şiirleri Örneğinde) // Türk Bilimi Araştırmaları. — 2015. — Sayı 37, 189. — S. 189-217
- 4 Alkevayeva D. The Phenomen of Spirituality in the Philosophy of Magzhan Zhumabayev / D. Alkevayeva // International Journal of Humanities Social Sciences and Education. — 2015. — No 2(4). — P. 56-65.
- 5 Ницше Ф. Человеческое, слишком человеческое / Ф. Ницше. — М.: Эксмо, 2019. — 351 с.
- 6 Кенни Э. Қазіргі заман философиясы / Э. Кенни. — Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. — 419 б.
- 7 Ысқақұлы Д. Мағжан поэзия падишахы / Д. Ысқақұлы. — Алматы: Дәуір, 2020. — 256 б.
- 8 Бейсенова Г.А. Концепция власти — знания М.Фуко / Г.А. Бейсенова. — Алматы: Казах. нац. ун-т, 2004. — 195 с.
- 9 Жұмабаев М. Шығармалары / М. Жұмабаев. — Алматы: Жазушы, 2013. — 375 б.
- 10 Қамзабекұлы Д. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік / Д. Қамзабекұлы. — Алматы: Агна-б, 2013. — 192 б.
- 11 Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін / Д. Джонстон. — Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. — 212 б.
- 12 Поппер К. Ашық қоғам және оның жаулары / К. Поппер. — Алматы: Раритет, 2006. — 544 б.
- 13 Кишибеков Д. Философия истории и современность / Д. Кишибеков. — Алматы: Ғылым, 2022. — 247 с.
- 14 Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы / Д. Қамзабекұлы. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. — 408 б.
- 15 Гегель Г. Философия права / Г. Гегель. — М.: Мысль, 1990. — 524 с.

А.Б. Шалдарбекова, Т.Е. Тумашбай, Р.А. Кемербай

### Философские аспекты творчества Магжана Жумабаева

Статья была написана в рамках 130-летнего юбилея М. Жумабаева. Рассмотрены вопросы философской рефлексии творчества М. Жумабаева. Магжан Бекенулы является поэтом-лириком, кроме того, он воспринимается общественным деятелем тюркских народов. Творчеству поэта характерны не только историзм, размышления о духовности, но и иррациональное переживание, абстрактное воображение. Авторы настоящей статьи проанализировали истоки духовной деятельности М. Жумабаева, сравнили его сочинения об искусстве с философскими взглядами немецкого философа Ф. Ницше. В частности, высказывания Ф. Ницше о роли, специфике категорий религии, искусства и философии в определении познавательных действий человека. Поэтическое наследие М. Жумабаева прошло испытание временем и доказало свою художественную ценность, в нем синтезированы категории гуманизма, благородства, счастья и пантюркизма, пессимизм, лирические переживания и чаяния казахского общества. В статье использован герменевтический метод при анализе произведений «Пророк» и «Если б на земле потоп случился» для определения философского смысла художественных образов. Возрождение национального самосознания в современном казахстанском обществе, укрепление независимости вызвали неподдельный интерес к поэтической деятельности Магжана как объекта философских исследований. Сфера исследования трудов Магжана укрепила духовное, историческое самосознание поколений, она заложила основу для формирования его как идеологического контента общественной политики. Поэт с болью оценивал радикальные изменения в обществе, пытаясь осмыслить будущее казахского народа и трагизм необдуманного действия современников. Проанализирована ценность творческого вклада М.Б. Жумабаева для культуры и исторической памяти Казахстана в целом.

*Ключевые слова:* маджановедение, творчество, Ф. Ницше, экзистенция, искусство, бытие, история, мышление, переживание, иррациональность.

A.B. Shaldarbekova, T.E. Tumashbay, R.A. Kemerbay.

### Philosophical Aspect of the Work of M. Zhumabaev

This article was written as part of the 130th anniversary of M. Zhumabaev. The article examined the issues of philosophical reflection of the work of M. Zhumabaev. M. Bekenuly is a poet lyricist and he is truly perceived as a single, public figure of the Turkic peoples. The poet's work is characterized not only by historicism, reflections on spirituality, but also by an irrational experience, abstract imagination. The article contains a study of the spiritual activity of M. Zhumabaev and a comparison of his works with the philosophical views of the German philosopher F. Nietzsche on art. A comparative study by F. Nietzsche on

the role, specifics of categories of religion, art and philosophy in determining the cognitive actions of a person was used. The poetic heritage of M. Zhumabaev passed the test of time and proved its artistic value and synthesized the categories of humanism, nobility, happiness and pan-Turkism, pessimism and lyrical experience of the aspirations of Kazakh society. The article uses the hermeneutic method of contents of the verse “Prophet” and “Flood” to determine the philosophical meaning of artistic images. The revival of national identity in modern Kazakh society, the strengthening of independence aroused interest in the poetic activities of Magzhan as an object of philosophical research. The field of study of the works of Magzhan strengthened the spiritual, historical self-awareness of generations. She laid the groundwork for shaping it as ideological content of public policy. He painfully assessed radical changes in society, trying to comprehend the future of the Kazakh people and the tragedy of the rash action of contemporaries. The value of M. Zhumabaev's creative contribution for the culture and historical memory of Kazakhstan was analyzed.

*Keywords:* Magzhan study, creativity, F. Nietzsche, existence, art, being, history, thinking, experience, irrationality.

## References

- 1 Mead, M. (1988). *Kultura i mir detstva* [Culture and the world of childhood]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Budak, F. (2020). *Mağcan: Ölümü Öldüren Ozan* [Magzhan: the bard who killed death]. Ankara: Atayurt Yayınevi [in Turkish].
- 3 Қапаған, Е. (2015). Kazak Şiirinde Tematik Değişimler (Mağcan Cumabaey`in Şiirleri Örneğinde) [Thematic values in Kazakh poetry (in the example of Magzhan Cumabaey's poems)]. *Türk Bilimi Araştırmaları —Turkish Science Studies*, 37, 189, 189-217 [in Turkish].
- 4 Alkevayeva, D. (2015). The Phenomen of Spirituality in the Philosophy of Magzhan Zhumabayev. *International Journal of Humanities Social Sciences and Education*, 2(4), 56-65.
- 5 Nietzsche, F. (2019). *Chelovecheskoe, slishkom chelovecheskoe* [Human, too Human]. Moscow: Eksmo [in Russian].
- 6 Kenny, A. (2019). *Qazirgi zaman filosofiiasy* [Modern Philosophy]. Astana: Ulttyq aударma biurosy [in Kazakh].
- 7 Ysqaquly, D. (2020). *Magzhan poeziia padishakhy* [Magzhan the king of Poetry]. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 8 Beisenova, G.A. *Kontseptsiia vlasti — znaniia M. Fuko* [Power Concept – Knowledge of M. Fucoult]. Almaty: Kazakhskii natsionalnyi universitet [in Russian].
- 9 Zhumabayev, M. (2013). *Shygarmalary* [Essays]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 10 Qamzabekulu, D. (2013). *Ulttyq adebiet zhane dasturli mentaldik* [National Literature and Traditional Mentality]. Almaty: Arna-b [in Kazakh].
- 11 Dzhonston, D. (2019). *Filosofiiany qysqasha tarikhy. Sokrattan Derridaga deiin* [A Brief History of Philosophy. From Socrates to Derida]. Astana: Ulttyq aударma biurosy [in Kazakh].
- 12 Popper, K. (2006). *Ashyq qogam zhane onyn zhaulary* [Open Societies and its Enemies]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 13 Kishibekov, D. (2022). *Filosofiiia istorii i sovremennost* [Philosophy of History and Modernity]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 14 Qamzabekulu, D. (2017). *Alash arqauy* [Pillars of Alash]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 15 Hegel, G. (1990). *Filosofiiia prava* [Philosophy of Law]. Moscow: Mysl [in Russian].



Ғ. Хафиз<sup>1\*</sup>, С.С. Аубакирова<sup>2</sup>, З.С. Искакова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

(E-mail: Gabit\_khafiz@mail.ru; aubakur@mail.ru; zaurash\_iskakova@mail.ru)

## Ақпарат алаңындағы діни сананың ахуалы (Интернет мысалында)

Мақалада ақпараттық қоғамдағы діни сана Интернет призмасы арқылы берілген. Интернет халықтың діни сауаттылығын арттыруға ықпал ететін діндарлықты білдіру нысандарын түрлендіру құралы ретінде қарастырылған. Өртүрлі онлайн қызметтерді, сайттарды және қосымшаларды талдау мысалы берілген. Көптеген авторлардың пікірінше, діни конфессиялардың өкілдері, әсіресе ислам, Интернет ортаның кейбір ақпараттық элементтеріне қатысты өзгерістерге ұшырауда. Интернетте пайда болатын және жиі талқыланатын дәстүрлі діндердің бағыттары мен тармақтарының ұлғаюына әкелетін трансформациялар идеологиялық және дискурсивті болуы мүмкін. Әлеуметтік желілердегі діни парақшаларға мазмұндық талдауда, жалпы алғанда, басым тақырыптық бағыттары мәдениеттің өртүрлі аспектілері (тарихи тұлғалар туралы әңгімелер, кітаптар мен фильмдерге шолулар, өнер, мәдениет туралы танымдық-сараптамалық материалдар, заманауи құбылыстар мен тенденциялар), отбасылық өмір және адамгершілік мәселелері, қайырымдылық және әлеуметтік қызмет екені анықталды. Мұндай мысалдар жетерлік, олардың барлығы да Интернетте кең таралған діни конфессиялар өздерінің салт-жораларында Интернет мүмкіндіктерін көбірек пайдаланып жатқанын айтады. Осы өзара әрекеттесу нәтижесінде діннің ғаламторға әсері де және ғаламтордың дінге әсері де байқалады. Интернет бұрыннан бар болса да, оның кеңінен қолданылуы он жылдан астам уақыт бұрын басталды, ал дін сияқты дәстүрлі ортада бұл жақында болды. Ислам туралы ақпараттың Интернет көздері, осы ресурстардың мақсаттары, міндеттері және қызметтері туралы сұрақтар зерттеуге жатады. Сол себептен, бұл өте өзекті сұрақтардың бірі.

*Кілт сөздер:* дін, діни сауаттылық, Интернет, ақпарат алаңы, ислам, цифрлық алаң, диалог, әлеуметтік желілер, инстаграм, әлеуметтік зерттеулер.

### *Kipicne*

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, жаңа ақпараттық технологиялардың, байланыс құралдарының пайда болуы адамдардың өмірінің мазмұны мен сапасына, жалпы қоғамдық санаға қолайлы өзгерістерге әкелді. ХХІ ғасырдың басынан бастап түрлі елдердің ғалымдары ғылыми білім мен ақпарат қоғамдық өмір мен өндірістің анықтаушы факторына айналған жаһандық ақпараттық қоғамның қалыптасуы туралы айта бастады.

Ақпараттық қоғамның даму үрдістері, техникалық жағынан ғана емес, сонымен қатар рухани құрамдас бөлікке ие. Бүгінде әр әлем шарындағы адамдар күн сайын виртуалды алаңға енеді. Көпшілігіне ғаламтор ортасы күнделікті өмірдің көп бөлігін алады.

Ғаламтор ақпараттық арна ретіндегі қызмет етуі туралы зерттеулер ресейлік ғалымдар Я.Н. Засурскийдің, И.Д. Фомичеваның, М.М. Лукинаның Л.А. Коханованың, О.В. Смирнованың еңбектерінде қарастырылады.

Ғаламтор кеңістігі туралы алғашқы зерттеулер 1990 жылдың ортасында басылып шыққан. Ол шетелдік ғалымдар Дэвид Лочхэд, Стивен О'Лири және т.б. жұмыстары.

Ақпараттық технологияның тез дамуы діни жүйелердің өзгеруіне әкеледі. Дін мен діндарлық секуляризация теориясына қарамастан өз маңызын жоғалтпайды, керісінше қазіргі жағдайларға бейімделеді. Қоғамның саяси және экономикалық өміріне айтарлықтай әсер етіп, нарық заңдарына сәйкес жұмыс істейді. Діни және ұлттық болмыспен байланысты саяси идеологияның өзгеруі жүріп жатыр, діннің қоғам үшін маңызы артып келеді. Ю. Хабермас пікірінше, «діни дәстүрлер мен діни қауымдас-тықтар жаңа, осы уақытқа дейін күтпеген саяси мәнге ие болды..., бүкіл әлемде діннің саяси мақсаттағы маңызы артып келеді», – деп дәлелдейді [1; 1-2].

Қоғамдық өмірді ақпараттандыру дәуірінің келуімен дін және діндарлық сапалы серпіліс жасай отырып, жаңа серпін алуда. Ю. Синелина осы орайда былай деп жазады: «Исламның ықпалы күшейе

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Gabit\_khafiz@mail.ru

түсті, бірақ халықаралық діни алаңда барлық жерде консервативті, дәстүрлі және ортодоксалды қозғалыстар өрлей бастады» [2]. Дәстүрлі діндер (көбінде ислам діні) әдеттен тыс, бірақ үстемдік етуші әлеуметтік шындықтың жағдайларына сәйкес келетін дінге сенушілердің (адептердің) санасы мен рухына әсер ету әдістерін қабылдауға мәжбүр. Осыған орай, жаһандық нарық экономикасының ерекшеліктеріне сәйкес келетін әдістер алға шығады, дәстүрлі діндер ықтиярсыз (зорлықсыз) таңылмай, өз еркімен таңдалуы керек.

### *Зерттеу әдістері*

Мақаланың атауында берілген тақырыпты қарастырудағы көзқарас діндерді зерттейтін және жалпы түрде дінтану деп аталатын ғылымдарда тарихтағы және қазіргі замандағы дін туралы бар идеялардың бүкіл жүйесін негізді түрде немесе түбегейлі өзгертетін қандай да бір керемет жаңалықтар жасау мүмкін емес деген сенімге негізделген. Жалпы айтқанда, дін физика емес. Сол себептен, осы тақырыпқа қатысты жаңалық ашу өте қиын, бірақ та жан-жақты нысанда қарастыруға болады. Егер бұл зерттеу үрдісінде объект пен субъектіні бекітсек, онда объект — дінді, ал субъект ретінде зерттеуші ғалымдарды айтуға болады, басты пән ретінде ғаламторды көрсетуге болады. Басты зерттеу «қозғалтқышты» анықтап алғаннан кейін, дінді зерттеудегі негізгі тәсілдерді айқындау қажет. Мақала тақырыбын зерттеу жолындағы басты әдістемелердің бірі — теориялық (қолданыстағы тұжырымдамалар, ғылыми теориялар, пікірлер және т.б.), салыстырмалы (тарихи кезеңдердегі діннің деген көзқарастың өзгеруі, ерекшеліктері) және интерпретативтік (түсініктемелік).

Бүгінгі таңда, өзекті түрде дінге деген сұраныс ұсынысты тудырады. Оны ақпараттық желілердегі белсенді таралуынан көруге болады. Интернеттегі мұндай қарым-қатынас үшін дәстүрлі діни, мәдени, саяси немесе географиялық шекаралар енді жоқ. Ақпараттық қоғамдағы кез келген діни ұйым әлемнің кез келген нүктесінде жұмыс істей алады.

Діни ақпаратты жеткізу құралдары мен діни қарым-қатынас мүмкіндіктері өзгеруде. Мыңдаған жылдар бойы қасиетті мәтіндер, сирек кездесетін діни әдебиеттер және қымбат тұратын жазба мәтіндер (қолжазба қағаз кітаптар) болса, қазіргі кезде олар аудио, бейне және электронды тасымалдағыштағы мәтіндер, тұтас ғаламтор кітапханалар түрінде таралған. Егер бұрында діни қарым-қатынас, қасиетті рәсімдерді орындау, шіркеуге, мешітке тікелей бару керек болса, енді радио, теледидарды қосу немесе қалаған сайтқа бару жеткілікті, ол ақпараттық алаңда өзіңізге онлайн уағыздар, дұғаларға тапсырыс бере аласыз және т.б. табасыз. Ғаламторда көптеген сайттар өзара әрекеттесудің интерактивті түрлерін ұсынады. Келуші тек мәтінді оқып қана қоймайды, бейнефильмді көреді, музыка немесе уағыз тыңдай алады. Кез келген адам дауыс беруге немесе сауалнамаға қатыса алады, басқа келушілермен онлайн қарым-қатынас жасай алады, форумда сөйлей алады, қонақтар кітабына жазба қалдыра алады, дұға ете алады, денсаулық немесе демалу үшін қызметке тапсырыс бере алады, өздерінің діни немесе басқа қажеттіліктерін жүзеге асыра алады» [3; 29]. Және тағы бір айтар нәрсе, ислам дінін қарапайым түрде сайтқа кіріп қабылдауға болады, онда «Исламды қабылдау үшін куәгерлерді шақырумен мешітке бару және т.б. ресми іс-шаралар қажет емес. Шын жүректен жүрегіңмен сеніп, шахадаһны айту — таухидтің дәлелі» деп жазылады (ресейлік діни сайттарда кездеседі).

Жаһандық ақпараттандыру жағдайында адамның діни санасы синкретикалық және эклектикалық сипатқа ие болады. Діни наным-сенімдердің эклектизмі әртүрлі дәстүрлі, ұлттық діндерден алынған логикалық та, тарихи тұрғыдан да бір-бірімен байланысты емес нанымдарды біріктіріп, жаппай таралуда. Көптеген әлеуметтік (күнделікті тұрмыстық) ахуалға қатысты дәстүрлі діни көзқарастардың бірнеше пікірлердің болуы көп кездеседі. Әрине, бұл жеке басты ғаламтор тұтынушының сұранысына қатысты болуы мүмкін.

Бұқаралық телекоммуникацияға негізделген бұқаралық мәдениетпен бейімделген діни ұғымдар мен құндылықтар тиімді тауарға айналды, сату, үлкен дивидендтер алуға болатын инвестициялау пайда болды. Семиотикалық мағынасы бар заттар: белгішелер, тұмарлар, жайнамаз, тасбих, кресттер, шамдар және т.б. ғаламтор-дүкендер арқылы да сатып алуға болады, алдағы уақыттарда оларды тек ресми мешіт/шіркеулердің дүкендерінде жасауға болатын еді. Қазіргі таңда ғаламтордағы әлеуметтік желілер (инстаграмм, ВКонтакте және т.б.) арқылы онлайн түрде керек затты тапсырысқа беріп, тез уақытта алуға болады.

Ақпараттық алаңдағы едәуір бөлігі «Исламдық ғаламтор» деп атауға, яғни ғаламторда исламдық тақырыптарды тарату саласына қатысты мақалалар мен кітаптар құрайды. Ислам туралы ақпараттың ғаламтор көздері, осы ресурстардың мақсаттары, міндеттері және қызметтері туралы сұрақтар зерт-

теуге жатады. Мұндай жұмыстарға жиі қысқаша сипаттамасы бар ислам сайттарының тізімдері (әлеуметтік парақшалардағы блогтар) кіреді.

Көптеген авторлардың, діни конфессиялар өкілдерінің айтуынша, әсіресе ислам, ғаламтор ортасында кейбір ақпараттық элементтерге қатысты өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттың жасырын және қолжетімділігі көбінесе ғаламторда пайда болып, талқыланатын дәстүрлі діндердің бағыттары мен тармақтарының көбеюіне әкеліп соғатын трансформациялар идеологиялық та, дискурсивті де болуы мүмкін.

Ақпараттық ортадағы зерттеудің келесі бағытын «аудиторияға» жатқызуға болады, атап айтқанда, «исламдық» ғаламтор кеңістігінің «қатысушыларының» сипаттамаларын қарастыру. Бұған қатысушылардың санаттары (пікір көшбасшылары, белсенді және белсенді емес «ескі» избасарлар, жаңадан келгендер), меншік иелері және «нақты тұтынушылар» (діни билік, саясаткерлер және т.б.), сондай-ақ таңдаулылық, қарқындылық сияқты сипаттарды қамтитын оқырманның түсіну деңгейі мен тәжірибесі және т.б. үлгілері кіреді. Кейбіреулерінде тілдік шекаралары туралы бөлек айту керек. Ғаламтордағы ислам дінін талқылау ортасы ретінде келесі әдіске тоқталып өтуге тұрарлық — тікелей эфирде талқылаулар, сұрақ-жауаптар, ислам туралы онлайн пікір білдіру, жеке және қоғамдық байланысты атап өтуге болады.

Ислам мәдениетін жаңғыртудың негізгі көздерінің бірі — ғаламтор. Мұсылмандар өз дінінің дәстүрлі негіздерін таратуда оның мүмкіндіктерін белсенді пайдаланады. Ғаламтор пайдаланушыға кең мүмкіндіктер ашады: қызығушылық форумдары, ғылыми сессиялар және чаттар коммуникация үрдістері айтарлықтай жеңілдетеді. Мысалы, ислам дінін ұстанушыларға он екі жыл бұрын ғаламторда мұсылмандар үшін арнайы «I'm Halal» (Мен халал жүйемін) іздеу жүйесі пайда болды.

Қызметтің басты ерекшелігі ол тек «бекітілген» нәтижелерді, яғни ислам заңы — шарифатпен рұқсат етілген нәтижелерді таңдады. Күніне шамамен 100 000 сұраныс өңделді (осы бағыттағы «алыптар» үшін салыстырмалы түрде аз), бірақ жаңадан келген қызмет үшін өте көп. Әзірлеушілер айтқандай, жүйені құрудың мақсаты — бүкіләлемдік желіге мүмкіндігінше көп Таяу Шығыс тұрғындарын тарту, желіде әртүрлі тілдерді (фарси, урду, араб) көрсете алу. Сонымен бірге пайдаланушыға харам (тыйым салынған) нәрселердің барлығы көрсетілмейді. Алайда, 2011 жылдың аяғында «I'm Halal» қаржы тапшылығына байланысты жабылуға мәжбүр болды [4].

Тағы бір ірі алғашқы ғаламтор-жобаларының бірі — World-muslim бүкіл әлем бойынша мұсылмандарға арналған әлеуметтік желі (басқа желілерде де өз парақшалары бар: Facebook, ВКонтакте). Ол ағылшын, түрік, орыс және араб тілдерінде жұмыс істейді, бұл пайдаланушылардың аудиториясын айтарлықтай арттыра алады [5]. Жобаны қаржыландыру мәселесі мақсатты, мұсылманға бағытталған ақпарат беретін жарнама берушілерді тарту арқылы шешіледі: мұсылмандар үшін қасиетті жерлерге саяхат ұйымдастыратын туристік агенттіктер, халал өнімдер дүкендері (азық-түлік пен киім-кешектен бастап парфюмерия мен косметикаға дейін).

Ислам діні, оның мәдениеті мен тарихы туралы білімді болашақ ұрпаққа жеткізу үшін «электрондық медреселер» ұғымын — үйдегі оқу бағдарламаларын белсенді түрде қолдану басталды. Бейне оқулықтар (намаз, ораза және т.б. ережелері туралы) жиі YouTube алаңында бір уақытта орналас-тырылатын осы бағдарламалардың бір бөлігіне айналады. Қазіргі таңда, Қазақстандағы ақпараттық алаңында да ресми сайттарда танымдық видеороликтер, ережелер және ислам дініне қатысты көптеген материалдарды табуға болады. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының сайты алатын болсақ, ондағы парақшада «мақалалар», «пәтуалар», «дәрістер», сұрақ-жауап және т.б. ұсынылған [6]. Сонымен қатар, «Munara FM» атты радиосын онлайн түрінде тыңдауға болады. Егер басқа аймақтар бойынша мәлімет керек болған жағдайда, «әріптестер» сілтемесі бойынша облыс мешіттерінің сайттарына кіруге болады.

Әлеуметтік желілер ақпараттық алаңда қарқынды дамуда, бұл тараптан инстаграмм желісінің дәрежесі өте жоғары. Бұл ортада көптеген қолданушылар әлем түпкірінен қызықты керек аккаунттарды таба алады. Ал енді еліміздегі исламға қатысты ақпаратты алатын болсақ, бізде де дінді насихаттау жолының өз әдістері бар. Көпшілік жастар инстаграмм желісін көп қолданады, сол себептен дұрыс бағыттағы дәстүрлі дінді түсіндіру үшін имам, дінтанушылар жеке аккаунт ашып осы жолды дамытуда. Мысал ретінде, инстаграм, тик-ток желісінде «nurlanimam.kz» Нұрлан ұстаз, дінтанушы, психолог ислам діні туралы қарапайым жеңіл тілмен түсіндіріп, жастардың сұрақтарына күнделікті жауап беруде. Тағы бір ақпараттық-ағартушылық жұмысты инстаграмда тікелей эфир арқылы ислам дінін насихаттау отандық тәлімгер, психология ғылымдары бойынша PhD докторы «mukhamedzhan\_tazabek» атты аккаунтпен Мұхаметжан Тазабек жүргізеді. YouTube алаңында RUH

FOOD — ойлайтын мұсылмандар үшін руханият туралы ойын-сауық және танымдық арнасында аптасына бір подкаст шығып отырады, ондағы қонақтар (отандық әртіс-жұлдыздар, әншілер, инстаграм блогерлері және т.б.) қазіргі қоғамда болып жатқан ислам дінінің ахуалы, дін ұстанушылардың ойлары талқыланады. Осындай алаң қазіргі жастарда белсенді қаралуда.

Діни қажеттіліктерді жүзеге асыруда мамандандырылған исламдық ғаламтор-дүкендер де айтарлықтай көмек көрсетуде, олар жиі пайда болып, жұмыс істейді. Олар үлкен таңдауды тауарларды ұсынады. Басты орын әртүрлі тілдегі басылымдармен ұсынылған дін туралы әдебиеттерге беріледі. Сондай-ақ олар мұсылмандар үшін арнайы жасалған телефондарды сатып алуды ұсынады. Мысалы, кейбір смартфондарда исламдық тақырыптар бойынша кең функционалдылықты қамтиды. Бұл Құран мәтіні, хадистер, уағыздар, аудио және бейне форматтағы сабақтар. Қосымша кірістірілген қолданбалар: ойындар, азан бағдарламалары және нашидтер. Кейбір телефон үлгілерінде намаз кезінде Меккеге бағытты көрсетуге, намаз уақытын еске түсіруге мүмкіндік беретін кірістірілген электронды компас бар [8].

Қажет болса, дін сенушілері телефондарына қосымша қосымшаларды орната алады. Мысалы, онда бар мешіттерді, намазханаларды, азық-түлік дүкендері мен мұсылмандарға арналған киім дүкендерін, діни бұйымдар мен әдебиеттерді, халал кафелер мен мейрамханаларды, ұйымдарды табуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, шарият заңына сәйкес келетін орындарды табуға байланысты сұрақтарға жауап береді. Бұл ретте әрбір пайдаланушының халал картасындағы нүктеде жаңасын қосу мүмкіндігі бар.

Осылайша, мұсылмандардың «цифрлық келбеті» мен олар қолданатын жаңа коммуникация құралдары инновациялық технологиялардың олардың діни сана-сезімін білдірудің жақсы құралы бола алатынын көрсетеді.

Ғаламтор-дүкендердің ұсыныстарын талдау олардың діндарларға ислам тақырыптары бар күнделікті заттарға ғана емес, сонымен қатар діни бұйымдардың барлық түрлерін сандық форматта сатып алуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Мысалы, тасбих (Аллаһты қайталап мадақтау) үшін тәспі сияқты табынушылық қасиетін жасау үшін жаңа технологиялар қолданылады. Дәстүр бойынша олар Алланың есімдерінің санына сәйкес келетін 99 моншақтан тұрады. Электрондық тасбих түрі басқаша: олар арнайы баумен саусаққа киіледі. Сандық экранда оқылған дұғалар саны көрсетіледі, өйткені әрқайсысынан кейін «санау» түймесін басу керек, нөмірді қалпына келтіруге басуға («қалпына келтіру» түймесі) болады.

Сандық гаджеттерді пайдаланудың қызықты нұсқасы электронды қаламмен бірге келетін Құран мәтіні түрінде ұсынылған. Қолданушы қалам меңзерін кез келген аятқа немесе сүреге, тақырыпқа немесе бет нөміріне түртсе болғаны, қалам таңдалған материалды «оқиды». Сондай-ақ оны қайтадан тыңдауға, дауысты жазуға және ойнатуға (соның ішінде mp3 файлдарын), дыбыс деңгейін өзгертуге болады. Мұның бәрі, өндірушілердің айтуынша, мұсылмандардың діни қызметінің маңызды бөлігі болып табылатын Құранды үйренуді жеңілдетеді.

Сондай-ақ, діншілдер жоғары технологиялық намаз кілемдерін сатып ала алады, ондай мүмкіндік қазірде біздің елімізде онлайн-дүкендерде белсенді ұсынылады. Мұндай құрылғының пайда болу тарихы Канадамен байланысты, онда Торонтодан келген бағдарламашы Вела Абулсаадат датчиктермен, жарықтандырумен және Құран мәтінін көрсететін экранмен жабдықталған жайнамаз ойлап тапты. Электрондық сенсор тізе бүгуді есептейді, арнайы режимдер келесі намаз уақыттары мен діни мерекелерді ескертеді. Сондай-ақ оның ішінде Қағбаның орнын анықтауға көмектесетін компас бар [9].

Исламның діни әдет-ғұрыптарын ұстануға көмектесетін тағы бір құрал — сағат. Оның қолданылуы күніне бес парыз намазды оқуға арналған ұйғарымға байланысты, олар үшін хронологиялық интервалдар қатаң белгіленген. «Расында, намаз діндарларға белгілі бір уақытта парыз етілді» (Құран, Ан Ниса сүресі, 103-аят). Намаз уақыты күннің орналасуына және жыл бойы өзгеретініне байланысты есептелетіндіктен, діншілдер үшін автоматты гаджет қажет. Сағат опцияларын таңдау өте кең: қабырға, үстел, қол сағаты (жастар, спорт, ерлер, әйелдер түрінде болады). Маңызды қызмет ретінде өндірушілер мен сатушылар: барлық намаздар үшін азанның айтылуын, Шурук уақытын белгілеуді (аймақты ескере отырып, күннің шығуы), кіріктірілген компас, хижри күндер мен григориандық күндерді пайдаланып құбыланың бағытын анықтау күнтізбесін атап өтеді.


Кейбір сағаттар үш дабыл орната алады — намаз үшін, күнделікті, бір реттік. Ағымдағы азаннан кейінгі минуттар санын көрсетеді (30 минутқа дейін). Айдың фазасын бақылау мүмкіндігін де және Құранды оқып отырып тоқтаған сүре мен аяттың атын жазу сияқты бетбелгілері бар.

Исламның цифрлық түрде жүзеге асатын тағы бір тірегі — зекет (міндетті түрде садақа беру). Қазақстан мұсылмандарының Зекет қоры шығарған рамазан айында садақа беруге арналған банк қосымшаларындағы арнайы қосымша пайда болды. Бұл қызметтің көмегімен мұсылмандар мұқтаж жандарға күнделікті садақа беріп, қайырымдылық ұйымдарының есептерін қадағалай алады. Сонымен қатар, қосымшаны пайдаланушылар нақты уақыт тәртібінде қайырымдылық саласындағы жобалар мен ағымдағы оқиғалар туралы жаңартылған ақпараттық бюллетеньдерді алады. Қолданба iOS және Android жүйелері үшін қол жетімді.

*Нәтижелері мен оларды талқылау*

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты, мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды одан әрі дамыту бойынша тиімді шараларды зерделеу және әзірлеу, оның ішінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл және халықтың оларға иммунитетін қалыптастыру саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу мақсатында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитеті жыл сайын дін саласында әлеуметтік зерттеулер жүргізеді. Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің ресми сайтында ұсынылған «Қазақстан Республикасындағы діни ахуал туралы» және «Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалауы» тақырыбындағы соңғы жылдардағы әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі бойынша халықтың 92,8 %-ы өздерін дінге сенушілер деп санайды. Алайда, Солтүстік Қазақстан (59,8%), Шығыс Қазақстан (52,5%) және Павлодар (44,5%) облыстарында дінге сенушілер санының төмендеуі байқалады. Елімізде халықтың басым көпшілігі ислам (70,2%) және православ (26%) дінін ұстанады. Дін саласында жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша халықтың 89,5 %-ы дін саласында мемлекеттік саясатты қолдайтынын атап өтті. Халықтың 63,04 %-ы мемлекеттің дамуында зайырлы принциптерін қолдайды. Өңірлерде халықтың 76,9 %-ы діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыстар туралы ақпараттандырылды.


Үш өлшемнің қорытындысы бойынша елдегі діни ахуалды респонденттердің 83 %-ы «қолайлы» және «жақсы» деп бағалады: 2-тоқсанда бұл көрсеткіш 92,4%, 3-тоқсанда — 75,5%, 4-тоқсанда — 81,2% құрады (1-сурет).



1-сурет. Сіз жалпы Қазақстандағы және облыстағы діни жағдайды қалай бағалайсыз? [10]

Бүгінде де Қазақстан халқы арасында ғаламтор — ел арасында сұранысқа ие ақпараттың қолжетімді көзі болып табылады. Яғни бірінші кезекте ақпаратты ғаламтордан алады.

Ал, халықтың 12,1 %-ы ұялы байланыс және Интернетке қол жеткізу жерлері нашар дамыған ауылдық жерлерде дін мәселелері туралы ақпаратты теледидардан алады. Екінші тоқсан 27,2% және үшінші тоқсанда 15 %-ға төмендеді (2-сурет).




2-сурет. Діни сұрақтарыңыз бойынша мәліметтерді ең алдымен қандай ақпарат көздерінен аласыз? [10]

Тағы бір айтарлық мәселе, қазіргі уақытта қыз-әйелдер арасындағы исламдық стильге деген қызығушылықтың артуы. Жас қыздардың хиджабты киюге деген көзқарастарының белсенділігі жоғарылап келеді, сол себептен, сыртқы киім үлгісінің жаңа стильде жаңаруы әлеуметтік желілердегі мұсылман қыздарына арналған түрлі «Абая», «Шейла», бас киімдер ұсынылған көптеген инстаграм-дүкендер пайда болды.

Ғаламтордың анонимділігі мен шексіздігі әртүрлі топтардың исламды талқылауға және әртүрлі қауымдастықтар құруға, кейде жаңа ағымдардың, олардың исламның бастапқы көздерін түсіндірулерінен туындайды. Соның салдарынан дәстүрлі исламда өзгеріс бар. Ислам туралы білімді тарату әдістерінің өзгеруі жаңа желілерді құруға әкеледі. Кейбір адамдар өздерінің діни ұстанымдарын түсіндіре отырып, өздерін мешітке немесе ислам ағымына жатқызбай, бірақ веб-сайт немесе желілік қауымдастықпен сәйкестендіреді [11]. Ислам білімі бағытталған аудитория өзгеруде. Әртүрлі аймақтарға бөлу географиялық орны мен тіліне қарағанда мәдени, саяси немесе діни факторларға байланысты туындайды. Исламға тиістілік таяу болашақта ұлттық құрамдастар емес, ислам құндылықтары негізінде қалыптасады. Бұл кейіннен жаңа мұсылман қауымының пайда болуына әкелуі мүмкін. Ислам ақиқаттарын талқылаудың бір мысалы — Құранда бұл туралы аз мәлімет, нұсқаулар берілгендіктен халық арасында хиджаб туралы жүріп жатқан пікірталас. Осындай пікірталастар ғаламтордың Исламдағы даулы мәселелерді талқылайтын орынға айналып бара жатқанын көрсетеді.

Бұл мәселеге қатысты халықтың хиджаб киюге деген пікірді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетімен өткізілген зерттеуге (2019 жыл) назар аударуға болады: діни киімді қабылдайтындар тобы, осы мәселеге бейтарап қарайтындар тобы және осындай стильдегі киімге қарсы болғандар, сондай-ақ біздің қоғамның осындай көріністері туралы ойламағандар тобы (3-сурет).



3-сурет. Сізге кейбір мұсылмандардың өздерінің діни белгісін айқындау үшін киім (хиджаб, никаб және т.б.) және түрлі бұйымдар тағып жүргені ұнайды ма? (өңірлер бойынша) [7].

Халық үшін дін мәселелері туралы ең танымал ақпарат көзі ғаламтор болып табылады. Өз кезегінде, ұялы байланыс нашар дамыған ауылдық жерлерде маңызды ақпарат көздерінің бірі теледидар болып табылады. Осыған байланысты, өзекті діни мәселелерге байланысты ақпарат тарату үшін ғаламтор желісі санын, онлайн-алаңдарында сапалы постерлерді және қысқа бейнероликтер, әсіресе, кең ауқымды ғаламтор-ресурстарды пайдаланудың әр түрлі санаттағы жастар арасында көп көңіл бөліп тарату қажет.

Қазақстанда діни экстремизм идеяларының таралуының негізгі себептері әлеуметтік-экономикалық сипаттағы проблемаларымен анықталады.

Аталмыш зерттеулердің нәтижелері мен ұсынымдары діни саладағы қызметтер бойынша бөлек бағыттарын әрі қарай дамыту үшін, соның ішінде әр жерде нақты жұмыстар жүргізу үшін пайдаланылады [10].

Қазақстандық әлеуметтік желілердегі діни парақшаларға мазмұндық талдау, жалпы алғанда, басым тақырыптық бағыттары мәдениеттің әртүрлі аспектілері (тарихи тұлғалар туралы әңгімелер, кітаптар мен фильмдерге шолулар, өнер, мәдениет туралы танымдық-сараптамалық материалдар, заманауи құбылыстар мен тенденциялар), отбасылық өмір және адамгершілік мәселелері, қайырымдылық және әлеуметтік қызмет екенін анықтады.

Қаралған еңбектер көбінесе ислам мен ғаламтор арасындағы байланысты кеңейтудің моральдық және мәдени аспектілеріне бағытталған. Барлығы дерлік исламды ғаламтор призмасы арқылы зерттейтін зерттеушілер мысал ретінде ең таңғаларлық ислам ресурстарын пайдалана отырып, бірінші кезеңде исламды насихаттау немесе керісінше мұсылман құндылықтарына қарсы бағытталған өзекті блогтар мен сайттарды зерттейді. Бірақ, бұл жағдайда екінші жағы жиі қарастырылмайды: ғаламтордағы жеке пайдаланушылар арасында ұсынылған исламдық контекст және соның ішінде исламға қатысы жоқ, бірақ ол туралы «талқылайтын жандар». Негізі көбінесе сапалық зерттеулер бар, олар ғаламтордағы ислам туралы дереккөздердің сипаттамасы болып табылады. Мүмкін, жоғарыда сипатталған зерттеулер алда ғаламтордағы исламның ахуалымен терең танысуға және оны зерделеуге мүмкіндік береді.

### Қорытынды

Жалпы жаһандық ақпараттық қоғамдағы қазіргі діндарлықтың ерекшеліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- жаһандық ақпараттық қоғамда дін өз маңыздылығын жоймай, жаңа сапаға ие болуда;
- діни ұйымдар өз қызметінде нарықтық экономика заңдарын пайдалануда;
- қоғамның саяси және экономикалық өмірінде діни фактордың маңызы артып келеді;
- діни ұйымдар:

а) өз қызметі туралы халықты ақпараттандыруға;

б) діни бірлестіктерде біртұтас ақпараттық кеңістік құру және қолдауға;

в) қазіргі қоғамның әртүрлі қабаттарында өз ілімдерін танымал етуге бағытталған ақпараттық-коммуникациялық қызметте ғаламтор мен онлайн технологияларды кеңінен пайдаланады;

– көбірек дәрежеде ғаламтордың спецификалық қасиеттерін — мультимедиялық, интерактивті және трансшекаралық пайдалану негізінде діни ұйымдардың ақпараттық-коммуникациялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес келеді [12];

Біздің ойымызша, виртуалды кеңістік, шынайы кеңістіктен кем емес, ондағы адамгершілік қағидаларды, діннің адамға және қоғамға тигізетін жағымды рухани ықпалында орнықтыруы қажет. Ғаламторда рухани, діни құрылым мен реттеу тәртібі қажет, оның барысында Ғаламтор тұрғындарының мінез-құлқына оң әсер ететін моральдық және рухани атмосфера қалыптасады.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Habermas J. Religion in the Public Sphere. European Journal of Philosophy / J. Habermas. — 2006. — No 14. — P. 1–25. <http://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/j.1468-0378.2006.00241.x/pdf>.
- 2 Синелина Ю.Ю. Религия в современном мире [Электронный ресурс] / Ю.Ю. Синелина // Эксперт. — 2013. — № 1. — С. 14–20. — Режим доступа: <https://www.academia.edu>.
- 3 Забияко А.П. Киберрелигия: наука как фактор религиозных трансформаций / А.П. Забияко, Е.А. Воронкова, А.В. Лапин, Д.А. Пратына и др. — Благовещенск: Амур. гос. ун-т; Библиотека журн. «Религиоведение», 2012. — 208 с.
- 4 I'm Halal: search engine. (n.d.). <http://www.imhalal.com/brand.php>
- 5 World-muslim: социальная сеть для мусульман. — Электронный ресурс. — Режим доступа: <http://worldmuslim.com>
- 6 Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы: іздеу жүйесі [Электрондық ресурс]. — Кіру жүйесі: <https://www.muftayat.kz/kk/>.
- 7 «Қазақстан Республикасындағы діни ахуал туралы» және «Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалауы» тақырыбындағы әлеуметтік зерттеулер [Электрондық ресурс]. — Кіру жүйесі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/projects/details/729?directionId=141&lang=kk>.
- 8 Городилова Т.С. Исламская культура в цифровом измерении [Электронный ресурс] / Т.С. Городилова // Современный мусульманский мир: электрон. журн. — 2018. — № 1. — Режим доступа: <https://islamjournal.ru/wp-content/uploads/2018/01/ID22.pdf>.
- 9 Махонин С.В. Особенности религиозности в глобальном информационном обществе / С.В. Махонин // Научные ведомости. Сер. Философия. Социология. Право. — 2019. — Т. 44, № 1. — С. 166–171.
- 10 Соловьева Е.С. Религия в глобальном информационном обществе / Е.С. Соловьева // NovaInfo 111. Философские науки. — 2020. — С.39, 40.
- 11 Каргина И.Г. Концепция «религиозных ниш» как инструмент анализа разнообразия современной религиозности / И.Г. Каргина // Право и управление. XXI век. — 2013. — № 4. — С. 78–86.
- 12 Белоруссова С.Ю. Киберэтнография: методология и технология / С.Ю. Белоруссова // Этнография. — 2021. — № 3 (13). — С. 123–145.

Ғ. Хафиз, С.С. Аубакирова, З.С. Искакова

## Состояние религиозного сознания на информационной площадке (на примере Интернета)

В статье представлено религиозное сознание в информационном обществе через призму Интернета. Интернет рассматривается как средство трансформации форм выражения религиозности, способствующее повышению религиозной грамотности населения, на примере анализа различных онлайн-сервисов, сайтов и приложений. По мнению многих авторов, представители религиозных конфессий, особенно ислама, претерпевают изменения относительно некоторых информационных элементов в Интернет-среде. Трансформации, приводящие к увеличению направлений и ответвлений традиционных религий, которые появляются и часто обсуждаются в Интернете, могут носить как идеологический, так и дискурсивный характер. Если говорить о контент-анализе религиозных страниц социальных сетей, в целом, основные тематические направления — это различные аспекты культуры (рассказы об исторических личностях, рецензии на книги и фильмы, образовательные и экспертные материалы об искусстве, культуре, современных явлениях и течениях), а также семейная жизнь и моральные вопросы, благотворительность и др. Таких примеров достаточно, и во всех говорится, что широко представленные в Интернете религиозные конфессии используют возможности сети в своих обрядах все чаще. В результате такого взаимодействия Интернета и религии наблюдается, как влияние религии на Интернет, так и влияние Интернета на религию. Хотя Интернет существует давно, широкое его использование началось чуть более десятилетия назад, а в такой консервативной среде, как религия, это произошло совсем недавно. Под изучение попадают Интернет-источники, информация об исламе, вопросы о целях, задачах и функциях этих ресурсов. В связи с этим данный вопрос на сегодня весьма актуален.

*Ключевые слова:* религия, религиозная грамотность, Интернет, информационное поле, ислам, цифровая площадка, диалог, социальные сети, инстаграм, социологические исследования, официальные страницы.

G. Khafiz, S.S. Aubakirova, Z.S. Iskakova

## The state of religious consciousness on the information platform (on the example of the Internet)

The article presents religious consciousness in the information society through the prism of the Internet. The Internet is considered as a means of transforming the forms of expression of religiosity, contributing to the increase of religious literacy of the population. On the example of the analysis of various online services, websites and applications. According to many authors, representatives of religious denominations, especially Islam, are undergoing changes regarding some information elements in the Internet environment. Transformations that lead to an increase in the directions and branches of traditional religions that appear and are often discussed on the Internet can be both ideological and discursive in nature. If we talk about the content analysis of religious pages of social networks, in general, the main thematic areas are various aspects of culture (stories about historical figures, reviews of books and films, educational and expert materials about art, culture, contemporary phenomena and trends), as well as family life and moral issues, charity, etc. There are enough such examples, and all of them say that religious denominations widely represented on the Internet use the possibilities of the Internet in their rituals more and more. As a result of this interaction, the Internet and religion, both the influence of religion on the Internet and the influence of the Internet on religion are observed. Although the Internet has existed for a long time, its widespread use began just over a decade ago, and in such a conservative environment as religion, this happened quite recently. Internet sources of information about Islam, questions about the goals, objectives and functions of these resources fall under the study. In this regard, this question is very relevant today.

*Keywords:* religion, religious literacy, Internet, information field, Islam, digital platform, dialogue, social networks, instagram, sociological research, official pages.

### References

- 1 Habermas, J. (2006). Religion in the Public Sphere. *European Journal of Philosophy*, 14, 1–25. <http://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/j.1468-0378.2006.00241.x/pdf>.
- 2 Sinelina, Yu.Yu. (2013). Religii v sovremennom mire [Religion in the modern world]. *Ekspert — Expert*, 1, 14–20. Retrieved from: <https://www.academia.edu> [in Russian].



- 3 Zabiako, A.P., Voronkova, E.A., Lapin, A.V., & Pratyina, D.A. et al. (2012). Kiberreligiia: nauka kak faktor religioznykh transformatsii [Cyberreligion: Science as a factor of Religious Transformations]. Blagoveshchensk: Amurskii gosudarstvennyi universitet; Biblioteka zhurnala «Religiovedenie» [in Russian].
- 4 I'm Halal: search engine (n.d.). <http://www.imhalal.com/brand.php>.
- 5 World-muslim: sotsialnaia set dlia musulman [World-muslim: social network for muslims]. *worldmuslim.com*. Retrieved from: <http://worldmuslim.com> [in Russian].
- 6 Qazaqstan musulmandary Dini basqarmasy: izdeu zhuiesi [Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan: search system]. *muftyat.kz*. Retrieved from: <https://www.muftyat.kz/kk/> [in Kazakh].
- 7 “Qazaqstan Respublikasyndagy dini akhual turaly” zhane “Qazaqstan khalqynyn din salasyndagy memlekettik saiasatty bagalauy” taqyrybyndagy aleumettik zertteuler [Social studies on the topic “Religious situation in the Republic of Kazakhstan” and “Evaluation of state policy in the field of religion by the people of Kazakhstan”]. *gov.kz*. Retrieved from: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/projects/details/729?directionId=141&lang=kk> [in Kazakh].
- 8 Gorodilova, T.S. (2018). Islamskaia kultura v tsifrovom izmerenii [Islamic culture in the Digital dimension]. *Sovremennyi musulmanskii mir: elektronnyi zhurnal — Modern Muslim world: electronic journal*, 1. Retrieved from: <https://islamjournal.ru/wp-content/uploads/2018/01/ID22.pdf> [in Russian].
- 9 Mahonin, S.V. (2019). Osobennosti religioznosti v globalnom informatsionnom obshchestve [Features of religiosity in the global Information society]. *Nauchnye vedomosti. Seriya Filosofii. Sotsiologiya. Pravo — Scientific statements. Series: Philosophy. Sociology. Law*, 44, 1, 166–171 [in Russian].
- 10 Soloveva, E.S. (2020). Religiia v globalnom informatsionnom obshchestve [Religion in the Global Information Society]. *NovaInfo 111. Filosofskie nauki — NovaInfo 111. Philosophical sciences*, 39, 40 [in Russian].
- 11 Kargina, I.G. (2013). Kontseptsiiia «religioznykh nish» kak instrument analiza raznoobraziia sovremennoi religioznosti [The concept of “religious niches” as a tool for analyzing the diversity of modern religiosity]. *Pravo i upravlenie. XXI vek — Law and Administration. XXI Century*, 4, 78–86 [in Russian].
- 12 Belorussova, S.Yu. (2021). Kiberetnografiia: metodologiiia i tekhnologiiia [Cyberethnography: methodology and technology]. *Etnografiia — Ethnography*, 3 (13), 123–145 [in Russian].

---

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ INFORMATION ABOUT AUTHORS

- Abdrakhmanova, K.Zh.** — Assistant professor of the Department of history of Kazakhstan and socio-political disciplines, Medical University of Karaganda, Karaganda, Kazakhstan.
- Abdukarimova, Zh.K.** — PhD, senior lecturer of the Department of archeology, ethnology and history of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Abikenov, Zh.O** – PhD, Senior Lecturer of the Department of Philosophy and Social Sciences and Humanities, Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan.
- Abil, Ye.K.** — Candidate of economic science, professor, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
- Adambek, B.K.** — Candidate of historical sciences, professor of the Department of world history and international relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Adibayeva, A.M.** — Candidate of political sciences, professor's assistant, KIMEP University, Almaty, Kazakhstan.
- Adilbayeva, A.S.** — Doctor of historical sciences, professor, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.
- Akhatova, A.A.** – Assistant Professor of the department of Kazakhstan history and social and political disciplines, NCJSC Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan.
- Akhatova, A.A.** — Assistant professor of the Department of history of Kazakhstan and socio-political disciplines, Medical University of Karaganda, Karaganda, Kazakhstan.
- Akhmetov, S.S.** — master student, UNESCO Chair in Journalism and Communication, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Akhmetova, D.M.** — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.
- Aki, M.** — MSc, Indiana University, USA.
- Aliakbarova, A.P.** — PhD, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan.
- Alzhanova, G.B.** – PhD student, Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Amrina, M.S.** — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of history of Kazakhstan and Assembly of Peoples of Kazakhstan, Karaganda, Kazakhstan.
- Anisimova, I.Yu.** — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.
- Aralbay, S.M.** — PhD, Assistant professor of the Department of history of Kazakhstan and socio-political disciplines, Medical University of Karaganda, Karaganda, Kazakhstan.
- Arinova, O.T.** - Candidate of Philosophical Sciences, Assistant Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University. Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Aubakirova, K.A.** — PhD, researcher of the Research Center “Abaitanu”, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.
- Aubakirova, Zh.S.** — Candidate of historical sciences, associate professor, Director of the Research Center “Altaitanu”, S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.
- Azi, E.A.** – PhD student, Department of philosophy, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

- 
- Baishuakova, A.D.** — PhD student, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan.
- Bazarbay, A.K.** — Master's student of the Department of international relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Beissenova, A.A.** — PhD, associate professor of the department political sciences and sociology, Karaganda University named after Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan
- Bodeyev, K.T.** — PhD, Assistant professor of the Department of archeology, ethnology and history of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Bülent Şenay** – PhD in History of Religion and Culture, Professor, Department of Philosophy and Religious Studies, Uludag University, Bursa, Turkey.
- Bumagina, E.L.** – Candidate of Philosophy, Associate Professor of the Department of Political Science and Political Philosophy, Diplomatic Academy of the Ministry of Foreign Affairs of the Russian Federation.
- Buteyev, B.O.** — Visiting researcher, doctor of philosophy, Ege University Institute of “Turkish World Studies”, Izmir, Turkey.
- Bykov, A.Yu.** — Doctor of history sciences, professor, leading researcher, Institute of Oriental Studies of the Russian Academy of Sciences, Moscow, Russia.
- Dagarova, Zh.U.** – PhD student, Department of philosophy and theory of culture, Karaganda University named after Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Dzhaambaeva, B.A.** — Candidate of Philosophical science, docent, Department of Philosophy, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Goncharov, Y.M.** — Doctor of historical sciences, professor, Altai State University, Barnaul, Russia.
- Ilyassova, G.S.** — PhD student, Department of history of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Issabek, K.Zh.** – Master degree student, Department of philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Issayeva, A.U.** — Candidate of historical science, associate professor of the Department of international relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Kapyshev, A.K.** — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of international relations and history, A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.
- Karimkhan, Z.T.** — Master of philological sciences, researcher of scientific research center “Abaitanu”, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.
- Karimov, M.K.** — Candidate of historical sciences, associate professor, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.
- Karipbayev, B.I.** – Doctor of Philosophical Science, Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Kasbayeva G.S.** – PhD student, Department of philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Kemberbay R. A.** – PhD, Department of philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Kenzhegali, Zh.M.** — PhD, associate professor of the Department of world history and international relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Khasenova, Zh.O.** — Senior lecturer of the Department of history of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Klishina, M.V.** – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Social and Political Disciplines and the Assembly of the People of Kazakhstan, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan.
- Koblandin, K.I.** — Doctor of historical sciences, professor of the Department of regional studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Kumekov, B.E.** — Doctor of historical sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

- 
- Kuntuov, N.Zh.** — Master student, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
- Makhmetova, N.A.** — PhD student, S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.
- Manasova, M.M.** — PhD, Assistant Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Mendikulova, G.M.** — Doctor of historical sciences, professor of the Department of public disciplines, Satbayev University, Institute of Project Management named after E. Turkebayev, Almaty, Kazakhstan.
- Mukanova, A.K.** — PhD student, Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Mukhamadeyeva, I.A.** — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of international relations, history and social work, A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.
- Mukhamadeyeva, R.M.** — Candidate of technical sciences, associate professor of the Department of vocational training, A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.
- Mussayeva, E.A.** — PhD student, senior lecturer of the Department of world economy and international relations, Karaganda University of Kazpotrebooyuz, Karaganda, Kazakhstan.
- Nabiyev, S.T.** — Senior lecturer of the Department of history of Kazakhstan, L.N. Gumiliyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Nurlanova, S.E.** — Director of the National archives of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
- Ozkan, A. R.** — PhD, professor, Ankara University, Faculty of Divinity, Department of Philosophy and Religious Studies, Ankara, Turkey.
- Prokhorov, I.R.** — Candidate of historical sciences, special correspondent, Republican newspaper “Kazakhstanskaya Pravda”, Astana, Kazakhstan.
- Ramazanova, F.S.** — Candidate of historical sciences, Alikhan Bokeikhan University, Semei, Kazakhstan.
- Razumov, V.I.** — Doctor of philosophical science, professor, department of philosophy, Omsk State University named after F.M. Dostoevsky, Omsk, Russia.
- Saari, D.B.** — MSc, Almaty Management University, Kazakhstan, Almaty.
- Sadykov, T.S.** — Doctor of history sciences, professor of the Department of history of Kazakhstan, L.N. Gumiliyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Saken Aralbay** — PhD, Assistant Professor of the department of Kazakhstan history and social and political disciplines, NCJSC Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan.
- Saktaganova, Z.G.** — Doctor of history sciences, professor of the Department of archeology, ethnology and history of Kazakhstan, Director of the Center for Ethnocultural, Historical and Anthropological Research, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Seifullina, G.R.** — Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University. Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Smagulov, N.B.** — PhD student, senior lecturer of the Department of archeology, ethnology and history of Kazakhstan, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Sugirbayeva, G.D.** — Candidate of historical sciences, associate professor, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan.
- Svinarchuk, A.I.** — Master of pedagogical sciences, senior lecturer of the Department of international relations and history, A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.
- Tashagil, A.** — Professor, Department of history, Yeditepe University, Istanbul, Turkey.
- Tashkaraeva, A.M.** — PhD student, M.H. Dulaty Taraz regional university, Taraz, Kazakhstan.
- Tuleuova, B.T.** — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of world history and international relations, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Tumabayev, T.S.** — Master of history, teacher of the Department of public disciplines, Satbayev University, Institute of Project Management named after E. Turkebayev, Almaty, Kazakhstan.

- 
- Turkhanova, A.Zh.** — Candidate of political science, associate professor of the Department of international relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Yelkey, N.N.** — PhD student, Department of history of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Yelzhanova, Ye.T.** — Senior lecturer of the Department of international relations, history and social work, A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.
- Zhagypar, A.B.** — Master of historical sciences, senior lecturer of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Zherebtsov, I.L.** — Doctor of historical sciences, professor, Director of the Institute of language, literature and history of the Komi scientific center of the Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, Syktyvkar, Komi Republic, Russia.
- Toleuova, M.O.** — Senior lecturer of the Department of the Assembly of the People of Kazakhstan and Social and Humanitarian Sciences of the Karaganda Technical University named after A.Saginov, Karaganda, Kazakhstan.
- Raissov, A.M.** — master's student, the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.
- Zhussupova, B.Zh.** — PhD, assistant professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.